

**В.Ю. НОВИКОВ, А.И. ИЛЬЯНКОВ**

# МАШИНА ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**ОҚУЛЫҚ**

**ЕКІ БӨЛІМДІ**

**2 бөлім**

*«Машина жасау технологиясы» мамандығы бойынша орта кәсіби білім бағдарламасын іске асыратын оқыту мекемелерінің оқыту барысында пайдалану үшін оқулық ретінде «Білімді дамытудың федералдық институты» Федералдық мемлекеттік мекемесімен ұсынылған*

*Рецензияның тіркеу нөмірі 439, 2010 ж. 28 қараша күні «*

4-ші басылым, стереотиптік



Мәскеу  
«Академия» баспа орталығы  
2014

ӘОЖ 621(075.32)  
КБЖ 34.4ші723  
Н731

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір беруші -

Мәскеу қаласының «Кеңес Одағының екі мәрте Батыры И.Ф.Павлов атындағы  
№8 политехникалық колледж» МБОМ оқытушысы,  
техникалық ғылымының кандидаты *Н.М. Твердынин*

**Новиков В. Ю.**

Н731 Машина жасау технологиясы: 2 б. - 2 Б.: орта кәсіби білім беру студ. ұйымдарына арналған оқулық / В.Ю. Новиков, А.И. Ильянков. - 4-ші басылым, стер. - М.: «Академия» баспа орталығы, 2014. - 432 б.

ISBN 978-601-333-037-2(каз.)

ISBN 978-5-4468-1527-2(рус.)

Машина бөлшектерін дайындау барысында дайындамаларды өңдеудің көптеген әдістері қаралады, бөлшектерді дайындаудың технологиялық процестерін құру принциптері мен тәсілдері, машина жинаудың және жинау бірліктерінің негізгі қазіргі заманғы технологиялары жазылған, ұсақ сериялы және жаппай өндіріс жағдайында іске асатын технологиялық процестерді автоматтандыру экономикалық тиімділігінің негіздемесі және ЖӨБ білдектердің әртүрлі типтерін, соның ішінде автоматтандырылған өндіріс жағдайында жөнге келтіру бойынша ұсынымдар көрсетілген.

Оқулықты «Машина жасау технологиясы» мамандығы үшін ОКО ФМОС сәйкес «Машина жасау технологиясы» жалпы кәсіби сабағын оқыту кезінде пайдалануға болады.

Орта кәсіби білім мекемелерінің студенттері үшін арналған. Жоғары оқу орындарының және өндірістік кәсіпорындардың мамандарына пайдалы болуы мүмкін.

ӘОЖ 621(075.32)  
КБЖ 34.4ші723

ISBN 978-601-333-037-2(каз.)  
ISBN 978.5.4468.1527.2 (2-б.)(рус.)  
ISBN 978-5-4468-1525-8(рус.)

© Новиков В.Ю., Ильянков А.И., 2012  
© «Академия» оқыту-баспа орталығы, 2012  
© Ресімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2012

## Құрметті оқырман!

Осы оқулық «Машина жасау технологиясы» оқыту-әдістемелік жинағының бөлігі болып табылады.

«Машина жасау технологиясы» жалпы кәсіби пәнін оқытуға арналған оқулық.

Жаңа заманның оқыту-әдістемелік жинақтары жалпы білім және жалпы кәсіби пәндер мен кәсіби модульдерді оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған дәстүрлі және жаңартылған оқыту материалдарынан тұрады. Әрбір жинақ жалпы және кәсіби құзыреттерді игеру үшін қажет, соның ішінде жұмыс берушілердің талаптарын есепке алатын оқулықтар мен оқу құралдарынан, оқыту мен бақылау құралдарынан тұрады.

Оқыту басылымдары электронды оқыту ресурстарымен толықтырылады. Электронды ресурстар интерактивті жаттығулары мен жаттығу құрылғылары бар теориялық және тәжірибелік модульдерден, мультимедиялық нысандардан, Интернеттегі қосымша материалдар мен ресурстарға сілтемелерден тұрады. Оларға оқыту барысының негізгі параметрлері: жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік тапсырмаларды орындаудың нәтижелері жазылған терминологиялық сөздік және электронды журнал кіреді. Электронды ресурстар оқыту барысына жеңіл енгізіледі және әртүрлі оқыту бағдарламаларына бейімделген.

«Машина жасау технологиясы» пәні бойынша оқыту-әдістемелік жинағы «Машина жасау технологиясы. Машина жасаудағы технологиялық үдерістерді дайындаудың негізгі әдістері», «Машина жасау технологиясы. Машина жасау технологиялық үдерістерін жобалау принциптері» атты электронды оқыту ресурстарынан тұрады.

«Машина жасау технологиясы» оқулығының екінші бөлігінде бірінші бөлігінде көрсетілген машина жасау технологиялық үдерістерін дайындау әдістерін тәжірибелік есептерді орындау үшін түйіндерді құрастыру және бөлшектерді дайындаудың нақты мысалдарында пайдалану көрсетілген.

Бұл әдіс кез-келген машиналар мен бұйымдарды дайындау технологияларын әзірлеудің жалпы тәсілі болып табылады және мамандарды дайындауда технологияларды салалар бойынша бөлуден кетуге мүмкіндік береді, себебі бұйымдарды дайындау технологиясының мазмұны салалық қажеттілігіне қарай анықталмайды, бұйымдардың қызметтік міндетіне, дәлдігі мен сандық шығарылымына тәуелді.

Кез-келген машинаны дайындаудың технологиялық үдерісін әзірлеуді дәлдік нормалары мен техникалық талаптарын сараптаудан бастау қажет.

Одан кейін белгіленген жүйелілікпен және сандық шығарылымды есепке ала отырып, машина мен оның түйіндерін жинаудың технологиялық үдерісін дайындау қажет. Машинаның әрбір бөлшегін дайындау технологиясы жалпы ережелер мен тәртіптерді есепке ала отырып, қатаң белгіленген жүйелілігін көздейді, ол технологиялық үдерісті дайындаудың әртүрлі кезеңдерінде шешімдердің келісімділігін қамтамасыз етеді.

Корпус бөлшектерін, біліктерді, тісті берілістердің бөлшектерін жасаудағы технологиялық үдерістерді дайындауға арналған тараулар бөлшектерді дайындаудың технологиялық үдерістерін дайындау әдістеріне сәйкес бірыңғай жоспар бойынша жазылған және конструкция ерекшеліктері мен сандық шығарылымға қарай қолданылады.

Оқулықта икемді өндірістік жүйелерді (ИӨЖ) пайдалана отырып жаппай және ұсақ сериялы өндірістегі өндірістік үдерістерді автоматтандыру жолдары мен құралдары сипатталған, отандық және шетелдік машина жасайтын кәсіпорындардың үдемелі технологиялары көрсетілген.

«Машина жасау технологиясы» курсы бастау алдында студенттер металл кесетін білдектердің негізгі типтерінің, соның ішінде - сандық бағдарламалық басқарылатын (СББ) білдектердің құрылымы мен пайдалану сипаттамаларын, сонымен қатар материалдарды өндеудің әртүрлі әдістерінің технологиялық мүмкіндіктерін, типтері мен кесетін құралдардың пайдалану мүмкіндіктерін білу қажет.

# МАШИНА БӨЛШЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ БЕТТЕРІН ӨНДЕУ ӘДІСТЕРІ

### 1.1. АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІНІҢ (БІЛКТЕРДІҢ) СЫРТҚЫ БЕТТЕРІН ӨНДЕУ

**Өңдеу әдісі** - бөлшекті дайындаудың технологиялық үдерісінде пайдаланылатын бетін өңдеу үдерісінің шартты атауы. Бұл атау өңдеу жүргізілетін нысанның ерекшелігін көздейді. Өңдеу әдісі туралы жалпы түсінікті өңдеу үшін пайдаланылатын білдек пен кесетін құрал береді. Өңдеудің әрбір әдістің белгіленген мүмкіндіктері мен шектеулері бар. Дайындаманың нақты бетін өңдеу әдісін таңдаған кезде алдымен дайын бөлшекке берілетін талаптар мен өндіріс жағдайларына көңіл бөлінеді:

- бетін өңдеу дәлдігі;
- беттің бұдырлығы;
- бетті өңдеу уақыты (өнімділік);
- өңдеуге қалдырылатын әдіп шамасы және т.б.

**Жалпы ережелер.** Айналу денелерінің беттері дайындамалардың беттерін өңдеудің ең көп таралған түрі болып табылады, олардың кесіктерін тегістейді немесе фрезермен өңдейді, ал егер технологиялық үдеріс бойынша дайындаманы одан әрі ортасынан өңдеу көзделген болса, ортаға дәл келтіреді.

**Жоңғыш білдекте өңдеу.** Жоңғыш білдекпен өңдеу кезінде дайындаманы:


- ортасында;
- ортаға жылжитын оқтар мен цангаларға;

- артқы ортаны пайдаланатын ортаға жылжитын оқтарда;
- ортада орналастырылатын оправкаларда;
- арнайы қысатын құралдарда және т.б. орналастыруға болады.


4 дайындаманы 1 және 5 ортасында орналастыру кезінде (1.1, а сурет) ортадағы саңылауды пайдаланады. Білдектің айналдырғысынан дайындамаға айналмалы сәтін жеткізу үшін дайындаманың шетіне бекітілген 2 жетегі мен 3 қамытынан тұратын жетектегіш құралды пайдаланады.

4 дайындаманы 7 өзін-өзі ортаға орналастаратын патронға (1.1, б сурет) құрған кезде, оның бос шетін 8 артқы ортасымен қолдан тұрған жөн. Бойлық беріс  $S_{\text{бой}}$  кезінде 6 кескісі А әдібін дайындаманың радиусына түсіреді.

1 және 6 ортасында орналастырылған ұзын 4 дайындаманы  $S_{\text{бой}}$  бойлық берісі бар 7 кескімен (1.2-сурет) өңдеу кезінде дайындаманың  $P_{\text{кес}}$  кесу күшінен майысуын азайту үшін, майысуын шектеп, дайындаманы қолдайтын 5 люнетін пайдаланады.



1.1-сурет. Жоңғыш білдекте дайындаманы қондыру схемасы:  
а - ортасында; б - өзін-өзі ортаға орналастаратын патронда



1.2-сурет. Жону кезінде люнетті пайдалану схемасы

Білдектің айналдырғысынан дайындамаға айналмалы сәтін жеткізу 2 жетегі мен 3 қамытының көмегімен іске асырылады. Жылжымалы люнеттің жұдырықтары дайындаманың осыған дейін өңделген (тегістелген) А бетімен орналастырылады, ал люнеттің корпусын білдектің суппортының белгіленген жеріне қозғалыссыз орнатады немесе люнет қозғалып тұрып, әдібін түсіру кезінде кескіштің алдына келеді.


Сыртқы беттерді қаралтым өңдеуді кәдімгі және көпкескішті жону (өндіріс түріне қарай) білдектерінде орындайды.

Машина уақытын азайту үшін келесі үш негізгі технологиялық тәсілді пайдалануға болады:

- өңдеу ұзындығын бөлу;
- ең жоғарғы сатының ұзындығын бөлу;
- әдіп көлемін бөлу.

Үш сатылы біліктің сыртқы бетін әмбебап жону білдегінде өңдеу кезінде (1.3-сурет, а) жұмыс қадамының  $I$  есептік ұзындығы осы сатылардың ұзындықтарының қосындысын құрады ( $I' + I'' + I'''$ ), оған кескішті ойып орнату және асқынотуі үшін қажет ұзындықты қосу қажет.

Технологиялық жабдықпен тиісінші қамтылған көпкескішті жону білдегінде (көпкескішті ұстағыш және бірнеше кескіштер),



1.3-сурет. Сатылы біліктің сыртқы бетін жөндеу схемасы: а - әмбебап жону білдегінде; б - көпкескішті жону білдегінде; в - бірнеше жұмыс қадамымен; г - бірнеше кескішті пайдаланып



осы жұмысты жұмыс қадамының ұзындығын 3 есе азайтып жүргізуге болады, бұл жерде әрбір кескіш тек өзінің сатысын ғана өңдейтін болады (1.3, б сурет). Бұл негізгі өңдеу уақытын үш есе азайтуға мүмкіндік береді. Өңдеу ұзындығы көбірек бөлікке бөлінген болса (жұмыс барысында бір уақытта пайдаланылатын кескіштер санына байланысты), сонша уақытқа негізгі уақыт қысқарады. Негізгі уақыттың қысқаруымен қатар, бұл өңдеу әдіс қосалқы тәсілдердің уақытының қысқаруына мүмкіндік береді, себебі біліктің әрбір сатысын өңдеу кезінде кескішті икемдеуге (кескіштер білдектің көпкескішті ұстағышында жонылатын сатылардың цилиндрлік беттерінің радиустарының айырмасымен анықталған өзгерумен орналастырылады) қажеттілік болмайды.

Сатылы біліктің дайындамасын сыртқы бетімен үлкен әдіппен кескіштің беріктігі мен әмбебап жону білдегінің күштілігімен анықталатын жағдайлар бойынша бірнеше жұмыс қадамдары арқылы (1.3, в суретте көрсетілген жағдайда  $t_1$ ,  $t_2$  және  $t_3$  кесу тереңдіктерімен үш жұмыс қадам арқылы) өңдеуге болады.

Сол білдекте бірнеше кескіштерді пайдалана отырып өңдеу кезінде жұмыс қадамдарының санын бірге дейін азайтуға болады. Мысалы, үш кескішті орналастырғанда (1.3, г сурет) барлық әдіпті бір жұмыс қадамымен, ұзындығын шамалы ғана ( $l + a$ ) ұзарту арқылы шешуге мүмкіндік береді.


Кескішке барынша жүктеу кезінде бір өтіп әдібін шешу жағдайларында әдіпті бөлу әдісін пайдалану жұмыс істеп тұрған кескіштердің әрқайсысының жеңілдетуге, кесу режимдерін қайта қарауға және машина уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

Айнарудың сыртқы беттерін өңдеуде ең көп үлес салмағын револьверлі жону тобындағы білдектерде өңдеу алады, олар машина жасау кәсіпорнының жалпы білдектер паркінің 25...50% құрайды.

**Револьверлі жону білдектерінде өңдеу** көбінесе шыбықты материалдардан бөлшектерде дайындау кезінде пайдаланылады. Бұл білдектер, қатаң белгіленген күйінде жөндеу амалдарын жасау кезінде әртүрлі құралдарды бекіту үшін 6 немесе 8 бағдары бар, тік және көлденең айналу осьтері бар револьверлі бастиектермен қамтылған.

Сонымен қатар, револьверлі білдектерінің көптеген түрлерінде суппорт бар, ол бөлек уақыт өткелдерін қиыстыруға мүмкіндік береді.

Револьверлі білдектерде қысқа біліктерді немесе төлке сияқты, біркелкі күрделі сипаты бар бөлшектерді өңдеген дұрыс, ол



1.4-сурет. Револьверлі жону білдегінде жөндеу схемасы

амалдарды барынша шоғырландыра отырып, револьверлі бастиектің барлық позицияларын іске қосуға мүмкіндік береді. Жонудан бөлек сыртқы бұранданы кесуді жүргізеді.

1.4 суретінде А дана дайындамасын В револьверлі бастиегі 5 бағытына тік осьпен айналған револьверлі білдекте өңдеу үшін жөндеу амалының мысалы көрсетілген. Осыған дейінгі амалда бір жағынан өңделген дайындама (С, D, К беттері),  $\omega$  бұрыштық жылдамдығымен айналып тұрған 10 тетігінде бекітілген. Амал келесі негізгі өтулерден тұрады:

1. е жазық бетін 8 кескішпен тегістеу.
2. f цилиндрлі бетін 9 кескішпен өңдеу.
3. 1 қысқа бұрғысымен бұрғылау үшін ортаға дәл келтіру.
4. 7 бұрғысымен с және а өтпелі тесігімен бұрғылау.
5. 6 кескішпен с және а тесіктерін тегістеу.
6. 5 ұңгімен цилиндрлі бетті ұңгілеу.
7. 4 жазбасымен цилиндрлі бетті жазу.
8. Қол қималы 2 суппортын пайдалана отырып, 3 кескішпен b бетін қашау
9. 10 кескішпен d жүзін өңдеу.

Саңылауларды бұрғылау, үңгілеу және жазу кезінде револьверлі білдекте өңдеу дәлдігі жонғыш білдекте өңдеумен салыстыруға болады, ал жөрмеу және кеулей жону кезінде жонғыш білдекпен салыстырғанда 1-2 квалитетке дәлдігі төмен.


Шеткі беттердің өзара орындарының дәлдігі бойлық жылжуды автоматты түрде айырып тастайтын таяныштарды жөнге салудың дәлдігі мен кезектілігіне тәуелді. Таяныштарды жөнге салу кезінде негіздерді қиыстыру принциптерін сақтау қажет. Нақты өңделетін беттің орнын анықтайтын таянышты амал көлемімен байланысқан өңделетін беттен бастап жөндеу қажет.

1.5 суретінде негіздерді қиыстыру принциптерін сақтай отырып таяныштарды жөндеуді кезектеу мысалы көрсетілген, мұнда шеткі беттердің өзара орындарының қателіктері ең аз болады.

А (2 шыбығын келтіру шамасы) шеткі бетінің орнын анықтайтын таянышты жөнге келтірген соң, 1 (көлемі  $K$ ) және 5 (көлемі  $M$ ) кескіндері үшін таяныштарды жөнге келтіру қажет. 3 (көлемі  $C$ ) кескіні үшін таянышты 1 кескін үшін таянышты жөнге келтірген соң жөнге келтіреді, ал 4 (көлемі  $B$ ) кескін үшін таянышты 3 кескін үшін таянышты жөнге келтірген соң жөнге келтіреді. Негіздерді қиыстыру принципінен тайынса, көрсетілген көлемдерде негіздердің келіспеуі себебінен кемшіліктердің пайда болуына алып келеді.

Револьверлі білдек арнайы жөндеулерді: қайталанатын жөндеуді, қос немесе тұрақты жөндеуді пайдалана отырып, одан әрі ұтымды пайдалануға болады.

Қайталанатын жөндеу кезінде револьверлі бастиектердің бос ұяшықтарына кесетін құралдың екінші жинағын салады.



1.5-сурет. Таяныштарды жөндеу кезектілігінің схемасы


Бұл тәсіл жайғасымдар ауысымы үшін бастиектердің бос айналуын жояды және кесетін құралдың қайта қайрауға дейінгі уақытын екі есеге дейін ұзартады.

Қос жөндеу кезінде револьверлі бастиектердің ұяшықтарына кесетін құралды екі түрлі дайындаманы өңдейтін кесетін құралды орналастырады. Бұл нұсқа бөлшектерді азғантай партиямен дайындау кезінде қолданылған жөн.

Тұрақты жөндеу кезінде белдікке бірнеше ұқсас амалдарды бекітеді, сонда екінші дайындаманы өңдеуге көшкен кезде тек кейбір кескіштерді ғана ауыстырып, кескінді ұстағышты ауыстырмауға болады.

Жонғыш белдіктерінде айналу денелерінің сыртқы беттерін өңдеудің ең тараған түрі суппорттың кесуші құралмен бойлық орын ауыстыру кезінде жөрмеу болып табылады (1.6, *а* сурет).

Бір қалыпты жөрмеу, яғни күрделі (сфералық, сатылық, конустық және т.б.) кескіндемесі бар бөлшектердің беттерін өңдеу кесуші құралдың бір уақытта бойлық және көлденең орын ауыстыру арқылы (1.6, *б* сурет), сонымен қатар, бір қалыпты кескішпен өңдеу арқылы іске асырылады. Өңделетін дайындаманың контурына контуры сәйкес келетін көшіргішпен бір қалыпты жөрмеу (1.6, *в* сурет) дайындаманы өңдеуді бірнеше есе жеңілдетеді.



1.6-сурет. Жонғыш белдіктерінде айналу денелерінің сыртқы беттерін өңдеу схемасы:

*а* - жөрмеу; *б* - бір уақытта бойлық және көлденең орын ауыстыру арқылы бір қалыпты жөрмеу; *в* - көшіргішпен бір қалыпты жөрмеу; *г* - ойманы тілу

Ойманы тілу де (1.6, 2 сурет) кең тараған амалдардың бірі болып табылады. Қазіргі заманғы жонғыш белдіктерінде метрикалық, дюймдік және басқа да оюларды, сонымен қатар, әртүрлі пішінді көпкірмелі оюларды кесуге болады.

Жонып өңдеу қаралтым (сыдыру) және тазарту амалдарынан тұрады. Бірнеше жағдайларда жартылау тазалайтын және тазалай (жұқалай) өңдеуді пайдаланады. Қаралтым амалдарды орындау кезінде дайындамаға бөлшектің пішініне келетін пішін келтіру үшін көп бөлігінің әдібін шешеді. Осы кезде жететін беттің бұдырлығы **Ra** 2,5 мкм аспайды. Жартылай ұштау кезінде өңделетін беттің бұдырлығын **Ra** 2,5...1,25 мкм дейін көтеруге мүмкіндік береді және өңдеудің жоғары дәлдігіне жетеді. Тазалау амалдарында дайындаманы **Ra** 1,25...0,63 мкм бетінің бұдырлығы бар соңғы пішінге келтіреді. Жұқалай өңдеу тегістеуді ауыстыра алады және тазалай өңдеу болып табылып, өңделетін беттің **Ra** 1,25...0,63 мкм бұдырлығын алуға мүмкіндік береді.

Бір қалыпты жөрмеудің қарапайым түрі конустық бетті өңдеу болып табылады. Тар конустық беттерді, мысалы жүздерді белгіленген бұрышқа кескіштің тура сызықты кесетін шетімен орналастыру жолымен өңдейді. Конусты суппорттың жоғарғы жылжымалы бөлшегін конустың жоғарындағы бұрыштың жартысына тең бұрышқа айналдыру кезінде өңдеуге болады.

Конустың шыңындағы бұрыштың шамасы кішкентай болса, артқы қысқышты көлденең жылжыту әдісімен өңдеуге болады. Бірақ, бұл әдіс жақындатылған болып табылады, себебі артқы қысқышты жылжыту кезінде онымен бірге дайындама да жылжиды, нәтижесінде оның ұзындығы білдектің ортасындағы сызық арқылы жазықтыққа қате нұсқаланады.

Ірі сериялық және жаппай өндірісте әртүрлі жонғыш жартылай автоматтар мен автоматтар кеңінен пайдаланылады. Бұл білдектердегі өңдеудің негізгі технологиялық схемалары келесідей:

- **параллельді** - өнімді өңдеу кезінде әрбір позицияда бір уақытта жұмыс істейтін бірнеше құралдар қатыстырылады: кейбір құралдардың жұмысының басы мен аяғы келіспеуі мүмкін, бірақ бірнеше уақыт бойы барлық құралдар бір уақытта жұмыс істеу қажет;
- **жүйелі** - өнімді өңдеу кезінде қызмет барысына жүйемен кірісетін бірнеше құралдар қатыстырылады; алдыңғы құрал жұмысын бітірген соң келесі құрал жұмысқа кіріседі;


- **параллельді-жүйелі** - өнімді өңдеу кезінде бірнеше топ құралдар қатыстырылады; топтарда құралдар параллелді жұмыс істеп, ал топтардың өздері жүйелі жұмыс атқарады;
- **ротациялық** - өнімді өңдеу кезінде дайындамалар мен құралдардың бір уақытта ротациялық қозғалысы барысында бір құрал немесе құралдардың тобы қатысады; әрбір бөлшек басқа бөлшектерді өңдеуге қатыспайтын құралдармен өңделеді;
- **үзіліссіз** - өнімді өңдеу кезінде дайындамаларды үзіліссіз беріп тұру арқылы бір немесе бірнеше құралдар қатысады.

Ротациялық және үзіліссіз технологиялық өңдеу схемалары өзара бір бірінен көп өзгеше: ротациялық схемаларда құралдарды бұру және жеткізу (қайтымды ілгерілеме қозғалыс) орын алса, үзіліссіз қызмет істеу білдектерінде тасымалдау бағыты жеткізу бағытымен сәйкес келеді. Қолайлы жағдайларда үзіліссіз қызмет істейтін білдектерде құралдың өңделетін бөлшекпен байланысы үзіліссіз қолданады, ротациялық түрлерде ондай мүмкіндік жоқ.

Жоңғыш жартылай автоматтар мен автоматтар технологиялық белгілерінің негізінде келесі түрлерге бөлінеді:

- бір қалыпты-кеспелі және бір қалыпты-бойлап тіліп жөрмеу автоматтары;
- жоңғыш-револьверлі автоматтары;
- бір айналдырғысы бар жоңғыш автоматтар;
- көп айналдырғысы бар жоңғыш автоматтар және жартылай автоматтар;
- көшіргіш автоматтандырылған білдектер.

***Бір қалыпты-кеспелі жөрмеу автоматтарында өңдеуді*** қысқа бір қалыпты дайындамаларды, сыртқы оюларды жону үшін, сонымен қатар, орталық саңылауларды бұрғылау үшін пайдаланады. Бір қалыпты беттерді жонуды және дайындаманы шыбықтан кесуді саны екіден беске дейінгіні құрайтын көлденең суппорттарда бекітілген кесуші құралмен іске асырады. Көлденең суппорттан саңылау бұрғылайды және ою кеседі. 1.7, а суретте бір қалыпты-кеспелі жөрмеу автоматтарында өңделетін типтік бөлшектер көрсетілген, ал 1.7 б суретінде - ортаға дәл келтіруге, бұрғылауға және жазуға арналған қосымша құрылғылармен қамтылған белдікте бөлшектерді өңдеудің технологиялық схемасы.




1.7-сурет. Бір қалыпты-кеспелі жөрмеу автоматтарында бір қалыпты беттерді жону схемасы:

*a* - типтік бөлшектерді өңдеу; *б* - ортаға дәл келтіруге, бұрғылауға және жазуға арналған қосымша құрылғылармен қамтылған белдікте бөлшектерді өңдеу

**Бойлап тіліп жөрмеуге арналған бір қалыпты** жонғыш автоматтарда өңдеудің бір қалыпты-кеспелі жөрмеу автоматтарынан айырмашылығы өңделетін шыбықты бойлап беру арқылы көлденең жылжып тұрған кескіштермен дайындаманы жонуды болып тұр. Бойлап жіберу айналдырғы қысқыштың жылжуымен іске асырылады. 1.8-суретте бір қалыпты-бойлап тілетін автоматтарда өңделетін типтік бөлшектер көрсетілген.

**Жонғыш-револьверлі автоматтарда өңдеудің** қарапайым жонғыш-револьверлі білдектерде өңдеуден айырмашылығы, олардың барлық жұмыс органдарының қызметтері толық автоматтандырылған болуда. Мұндай автоматтар айналдырғының айналу осіне тік орналасқан көлденең айналу осі бар алты позициялы револьверлі бастиекпен және алдыңғы, артқы, жоғарғы - үш тік суппортпен қамтылған.



1.8-сурет. Бір қалыпты-бойлап қайрау автоматтарда өңделетін типтік бөлшектер



1.9, *а* суретінде жонғыш-револьверлі автоматтарда өңделетін типтік бөлшектер көрсетілген, ал 1.9, *б* суретінде - шыбықты материалдан жасалған бөлшекті (қалпақша) өңдеу үшін білдекті жөнге келтірудің технологиялық схемасы. Тиеуші I кезеңі суретте көрсетілмеген. Шыбықты тірелгенше жіберіп бірінші үш ұяшықта орналасқан құралдармен бекіткеннен кейін, дайындаманы бұрғылау жүргізледі, одан кейін **4** және **5** ұяларда бекітілген құралдармен дайындаманы жоғарыдан жону мен саңылауын жазу жүргізледі, ал **6-8** ұяларда да сол дайындаманы кесумен. Содан кейін, **9** және **10** ұяларында орналасқан құралдармен тесікті соңғы дайындалған көлеміне қарай жону жүргізледі, ал **11** ұяда - **12** ұяда орналасқан тірелуден қолдаумен кесу. Револьверлі автоматтарда револьверлі бастиектердің және көлденең суппорттардың қозғалысымен тұрақты және ауыстырмалы жұдырықшалары бар үлестіруші білік басқарады.

Револьверлі автоматтарда бойлап және көлденең жіберумен жонуды, ойып кесуді, тесіктерді бұрғылау және басқа да амалдарды жүргізуге болады.

Көп кескішті жонғыш біліктерді ауысуларды қосарлау есебінен, яғни амалдарды шоғырландыру есебінен өнімділігін көтеру үшін қолданады. Бұл білдектер бір бірінен тәуелсіз, әрқайсысы бірнеше кескіш таси алатын суппорттармен қамтылған. Алдыңғы суппорт тек тіке бере алады, ал артқы суппорт- тек көлденең.


Әрбір суппортты әртүрлі тәсілдермен пайдалануға болады. Мысалы, А бойлық суппорты «әдіпті бөлу» әдісімен пайдаланылса, 1, 2 және 3 кескіштер (1.10-сурет) жұмысқа бірінен соң бірі кіріседі. Әрбір кескішті белгіленген диаметрге орналастырады ( $d_1, d_2, d_3$ ) және әрбір кескіш  $S_{өнім}$  тіке беріліс кезінде жалпы әдіптен өңдеуге белгіленген бөлігін ( $b_j, b_2, b_3$ ) алады.





1.9-сурет. Типтік бөлшектер (а) және (б) шыбықты материалдан жасалған бөлшекті өңдеу үшін жонғыш револьверлі автоматты жөнге келтірудің кезеңдері:  
 1 -12 - ұялар нөмірлері; II-VIII - жөнге келтіру кезеңдері

В көлденең суппортын тар жыраларды немесе жүздерді егеу үшін пайдаланады. Дайындаманы өндеуді 5 және 6 бір қалыпты кескіштермен үлгісі берілген беттің үлгісіне сәйкес келетін көлденең берілісті  $S_{\text{өнім}}$  пайдалана отырып жүргізеді.



1.10-сурет. Көп кескішті білдекте өңдеу схемасы

Амалдарды жөнге келтіру кезінде 8 дайындама 7 және 4 ортасында орналасқан, ал кескіштердің өзара орындары дайын бөлшектің геометриясымен анықталады. Бойлық суппортың жұмыс қадамының  $L_{p.x}$  ұзындығы өңделетін сатылардың ұзындықтарының қосындысына тең:

$$L_{p.x} = L_1 + L_2 + L_3.$$

Өңдеу схемасын сараптағанда, бұл тәсілді диаметрлері ортасындағы диаметрлерден үлкен, сатыларының диаметрлері бірте-бірте кемитін бөлшектерді дайындау кезінде пайдаланған жөн екені көрініп тұр.

**Жонғыш бір айналдырғы жартылай автоматтарды** патрондық және орталық шептегіге бөледі. Олардың арасында қатты құрылмалы айырмашылық жоқ, себебі орталық білдектер көп өзгеріссіз патрондыққа және керісінше өзгере алады. Барлық нысандарда бір айналдырғы жартылай автоматтар екі немесе үш суппорттан тұрады, бірақ ұзын бөлшектерді өңдеу кезінде суппорттардың саны көбеюі мүмкін. Суппорттардың көлденең, бойлық және күрделі түзусызықты немесе қисықсызықты жылжымалары болады.


Патрондық жартылай автоматтарда кейде ішкі конустар мен қырнауларды өңдейді, оларды кесуші құралдың бір мезгілде немесе жүйелі бойлық және көлденең жылжып отыруы арқылы алады. Мұнай білдектерде 75-тен 1000 мм-ге дейін диаметрлі бөлшектерді өңдейді.

Ірі сериялы және жаппай өндірістерде бір айналдырғы көп кескішті орталық шептегі жартылай автоматтар ең көп тараған.

1.11, *а* суретінде бір айналдырғы орталық шептегі жартылай автоматта дайындаманы өңдеудің технологиялық схемасы көрсетілген. Бойлық (жоғарғы) суппорттың *1* ұстағышында екі *2* және *6* өткізгіш кескіштер орналастырылған; дайындаманың *A* конустық бетін жонитын *2* кескіші *7* көшіргішімен жұмыс атқарады. Көлденең *4* (төменгі) радиалды берлісі бар суппортта *3* және *5* бір қалыпты кескіштері орналастырылған.

1.11, *б* суретінде бір айналдырғы жартылай автоматта конустық аунақша мойынтіректің сыртқы сақинасын патронда өңдеудің технологиялық схемасы көрсетілген.

**Жонғыш көп айналдырғы автоматтар** және жартылай автоматтарды айналмалы немесе қозғалмайтын дайындамасы бар жазық және үзіліссіз немесе жүйелі қызметті деп бөледі.



1.11-сурет. Бір айналдырғы орталық шептегі (*а*) және патрондық (*б*) жартылай автоматта өңдеудің технологиялық схемалары

Дайындаманы айналмалы өңдейтін жазық көп айналдырғы жартылай автоматтар өндірісте кең тараған; қозғалтпай өңделетін дайындамасы бар және айналмалы кесуші құралдары бар жартылай автоматтар сирек кездеседі.

Үзіліссіз қызметтегі (ротациялық) тік көп айналдырғы жартылай автоматтар оталық шепте орналастырылған немесе патронда бекітілген дайындамаларды өңдеу үшін арналған. Бекітушіден басқа әрбір позицияда бір амалды орындайды. Барлық суппорттарда орналастырылған кесуші құралдар бірдей жөнге келтірілген. Осыдан, білдек бірнеше бір айналдырғы тік көпкескішті, айналдырғылары айналмалы айналмашақта орналасқан, жартылай автоматтарды құрайды. Суппорттардың айналдырғыларын жүктеу үзіліссіз айналып тұрған үстелде жүргізіледі, бұл кезде, жүктелген позицияда орналасқан айналдырғысы айналмайтын суппорттан басқа барлық суппорттар үзіліссіз жұмыс істей береді.

Жүйелі қызмет істейтін көп айналдырғылы тік жартылай автоматтар алты, сегіз және одан да көп айналдырғымен дайындалып, негізінен патрондық жұмыстар үшін арналған.


Дайындамаларды білдектің айналдырғыларының оқтарында бекітеді. Бес позицияда технологиялық өтпелерді жүйелі орындауда бір уақытта бес дайындама өңделеді, әрқайсысы бір позициядан екіншісіне жылжу барысында өңдеудің толық кезеңінен өтеді.

Өңдеу кезеңі аяқталған соң дайындама алтыншы позицияға келеді, яғни жүктемелі-жүк түсіретін аймаққа шығады, мұнда айналдырғының айналуы тоқтайды, өңделген дайындаманы шешіп, жаңа патрон орнатуға мүмкіндік береді.

Көп айналдырғы жартылай автоматтарда бір уақытта екі түрлі немесе бірдей дайындаманы екі жақтан өңдеуге болады. Бұл жағдайларда екі позиция да жүктемелі-жүк түсіретін болып табылады, ал айналдырғылар әрбір позиция сайын ауысып тұрады (айналдырғының қос индекстеуі).

1.12-суретте көп айналдырғы алты позициялы тік жартылай автоматта дайындаманы өңдеудің технологиялық схемасы көрсетілген. I позицияда дайын бөлшекті шешеді және жаңа дайындаманы орналастырады. Келесі позицияларда (II-VI) бөлшектің сыртқы және ішкі беттерін өңдейді.

Көп айналдырғы жону автоматтарында негізінен шыбықты бөлшектерді өңдейді. Автоматтар арнайы жүктемелі құрылғылармен қамтамасыз етілген болса, оларда даналы дайындамалардан бөлшектер дайындауға болады.




1.12-сурет. Көп айналдырғы алты позициялы тік жартылай автоматта дайындаманы өндеудің технологиялық схемасы

Көп айналдырғы жартылай автоматтарда төрт немесе алты айналдырғы болады, сирек - бес және сегіз.

1.13-суретте көп айналдырғы автоматта шыбықтан жасалған дайындаманы өндеудің мысалы көрсетілген. 1.13, а суретінде төрт айналдырғы автоматта дайындаманы параллельді әдіспен өндеу көрсетілген. Схемда көрсетілгендей, әрбір автоматта амалдардың ауысуы қайталанады және кезең аяқталғанда автомат бір уақытта төрт дайындама жасайды.

1.13, б суретінде төрт айналдырғы автоматта дайындаманы жүйелік әдіспен өндеу көрсетілген. Схемда көрсетілгендей, әрбір айналдырғыда бөлек ауысым орындалады және кезең бойы автомат бір дайындаманы өңдейді.

Сегіз айналдырғы автоматта дайындаманы параллельді-жүйелі әдіспен өндеу 1.13, в суретте көрсетілген. Схемдан екі параллель топтағы айналдырғының әрқайсысында бөлек ауысым орындалады



1.13-сурет. Көп айналдырғы автоматта шыбықтан жасалған дайындаманы өндеудің мысалдары (а) параллельді, (б) жүйелі және (в) параллельді-жүйелі әдістер:  
I-VIII - позиция нөмірлері


кезең аяғында автомат екі дайындаманы бір мезгілде жасайды.

Көп айналдырғы автоматтарда өңдеу кезінде ауысымдарды барынша қосарлауға және барлық позицияларды шашамен бірдей өңдеу ұзақтығына жетуге тырысады; оған ең ұзақ ауысымдарды бірнеше позицияларға сәйкес беріліс шамасын таңдай отырып, көп құралды жөнге келтіру, біріктірілген құралдарды және т.б. пайдалана отырып мүшелерге бөлу арқылы жеткізіледі.

1.14-суретте бір қалыпты сомынды жасау үшін төрт айналдырғы автоматты жөнге келтіру мысалы көрсетілген. Мұндай жөнге келтіруде материал таянышқа жеткенше екі сомынның ұзындығы бойымен беріледі. I және III позицияларда бір қалыпты кескіштер сомындарды үлгі бойынша егейді және бір уақытта бастапқы жырашықты кесілген кескіштің астымен ұштайды. II және IV позицияларда сомындарды кеседі. Бұрғылауды біріктірілген (сатылы) бұрғылармен іске асырады.

**Айналдырғы білдектерде өңдеу** диск және сақина типті ірі габаритті және ауыр бөлшектерді дайындау кезінде пайдаланылады. Дайындама жазық орында негізделеді, басқалай амал білдекте немесе үлкен револьверлі білдектегідей орындалады. Айналдырғы білдектің жоғары қаттылығы кескіштің бір өтімінде үлкен әдіп шешуге мүмкіндік береді.

Айналдырғы білдектерде бірнеше суппорттардың және револьверді бастиектің болуы жоғары дәрежеде (бірнеше негізгі ауысымдар) шоғырланатын амалдарды жобалауға мүмкіндік береді, бұл ауыр ірі габаритті дайындамалардың орын ауыстыруларын азайтады.



1.14-сурет. Бір қалыпты сомынды жасау үшін төрт айналдырғы автоматты жөнге келтіру мысалы

*Ажарлағыш білдекте өңдеу* дайындама материалының жоғары қаттылығы бар бөлшектерді дайындау кезінде қолданылады. Өңдеу қажакты, кесуші элементі түрпілі материалдардың уақ бөлшектері (түйіршіктер) болып табылатын құралмен жүргізіледі. Ажарлау кезінде өңделген беттердің жоғары дәлдігін және беттің жоғары класты тазалығын (аз бұдырлығын) алады. Бөлшектің геометриясына қарай (беттің ұзындығы, қаттылығы) әртүрлі ажарлау әдістерін қолданады.

Ажарлағыш қажакты шарықтастар қажакты материалдардың, бір бірімен байланыстырушы зат - біріктірмемен цементтелген ұсақ түйіршіктерінен тұрады. Түрпілі материалдардың қаттылығы шындалғаннан болаттың қаттылығынан жоғары.

Қажакты құралды дайындау үшін пайдаланылатын материалдарды табиғи және жасандыға бөледі. Табиғи қажактарға алмаз, корунд, зімпара, гранит, кварц, кремний, дала шпаты, кеуектас және т.б. жатады.

Ажарлағыш шарықтастарды дайындау үшін негізінен жасанды қажакты материалдарды қолданады, олар табиғимен салыстырғанда біртектілігі мен тазалығы жағынан жоғары сапалы және арзан.

Ажарлағыш шарықтастарды мына жасанды қажакты материалдар: нормалы және ақ электркорунд, қара және жасыл кремний карбидінен дайындайды.

*Электркорунд* - дегеніміз алюминийдің кристаллданған оксиді ( $Al_2O_3$ ), ол боксит кенінің электр пештерінен балқыту арқылы алынады. *Ақ электркорунд* құрамында алюминий оксиді көбірек, оның кесу қабілеті қалыпты электркорундтен жоғары. *Кремний карбиді* - дегеніміз кварц құмы мен көмір ұнтағының электр пештерінен қоспа қылып шығару жолымен алынатын кремний мен көміртектінің химиялық қосылысы. *Жасыл кремний карбидінің* қаттылығы жоғары және жалпы қара кремний карбидімен салыстырғанда жоғары сапалы қажак болып табылады. Қатты қоспалы құралдарды егеу үшін негізінен жасыл кремний карбидін пайдаланады.

Айтылған қажактар қазіргі уақытта машина жасауда кең тараған.

Стандартты ажарлағыш шарықтастар үшін алты түрлі: керамикалық, бакелитті, вулканисті, силикатты, глифталды және металлды біріктірмелерді пайдаланады. Машина жасауда ең көп тарағаны *керамикалық біріктірме*, оны отқа берік саздан, дала шпатынан және кварцтан жасайды. Керамикалық біріктірменің құндылығы - отқа және суға беріктігі, жоғары өнімділігі.



**Бакелитті (органикалық) біріктіріме** - синтетикалық шайыр. Бакелитті біріктірімедегі шарықтастар мықты және иілгіш, бірақ майлап суыту сұйықтығының (МСС) әсерін шамалы көтереді.

Органикалық біріктіріменің екінші түрі - **вулканитті біріктіріме**, ол каучук пен күкірттен тұрады. Вулканитті біріктірімегі шарықтастар мықты және суға берік, жоғары жылдамдықты айналымда жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бірақ салыстырмалы шапшаң майланып қалады.

**Силикатты біріктіріме** салқындатусыз жұмыс істейтін, шарықтастар үшін арналған, яғни өңделетін бет қызбау керек. Бұл шарықтастар суға және сілтiге берік.

**Глифталды біріктіріме** шыңдалған болаттан жасалған бөлшектерді жіңішкелеп және әрлеп ажарлау кезінде талшықты иілгіш шарықтастар үшін пайдаланылады.

**Металлды біріктіріме** вольфрамкобальтты, темірникельді, мыс-қалайылы болады және алмаз жасалған шарықтастар үшін пайдаланылады. Шарықтастар тозыққа берік және жоғары өнімді болады және жоғары температурада жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ажарлағыш шарықтастың кесуші қасиеттерін анықтайтын маңызды параметр **түйіршіктілік** (нөмірмен белгіленеді) болып табылады, яғни шарықтасты құрайтын қажакты материалдардың түйіршіктерінің көлемі (басқаша айтқанда, түйіршіктің ірілігі).

Ажарлағыш шарықтастың қаттылығы біріктірімедегі түйіршікті жұлып алу үшін, оған түсірілетін күшпен сипатталады. Күш көп болған сайын шарықтас қатты болады. Өте жұмсақ шарықтастар тез тозады, егер шарықтас тым қатты болса, алынатын жоңқамен бітеліп қалады да нәтижесінде өңделетін бет қатты қызып кетеді. Сондықтан, қатты болаттарды ажарлау үшін жұмсақ шарықтасты пайдаланады, себебі мұқалып қалған түйіршіктер біріктірімеден жеңіл жұлып алынады да, астындағы өткір ұштары ба түйіршіктерді ашады - шарықтас өзі қайралғандай болады; керісінше, жұмсақ болатты ажарлау кезінде қатты шарықтастарды пайдаланады, себебі олардың беріктігі жоғары. Мыс пен жезді ажарлау үшін жұмсақ ірі түйіршікті шарықтасты пайдаланады, өйткені ұсақ түйіршікті шарықтастар тез майланып қалады. Р 52587-2006 «Қажакты құрал. Қаттылықтың белгілері және өлшеу әдістері» МемСТ бойынша ажарлағыш шарықтастардың сегіз класы көзделген және әрбір класс қаттылық дәрежесіне қарай бөлінеді (1.1 кесте).

Пішіні бойынша ажарлағыш шарықтастар шарықтасты (1.15, *а* суреті), тостаған конустық шарықтас (1.15, *б* сурет), тостаған цилиндрлі (1.15, *в* сурет), табақшалы (1.15, *г* сурет), конустық бір


1.1. кесте. Өртүрлі қаттылықты шарықтастардың атаулары

Шарықтастың қаттылық класы	Қаттылық кластарының атаулары
Өте жұмсақ	F, G
Жұмсақ	H, I, J
Орташа жұмсақ	K, L
Орташа	M, N
Орташа қатты	O, P, Q
Қатты	R, S
Өте қатты	T, U
Тым қатты	V, W, X, Y, Z

қалыптымен (1.15, *д* сурет) және тіке бір қалыпты (1.15, *е* сурет). Бұрандаларды ажарлау үшін арнайы бір қалыпты шарықтастарды қолданады. Р 52781-2007 «Ажалауыш және қайрағыш шарықтары. Техникалық шарттар» МемСТ бойынша қажақты шарықтастардың 22 түрі көзделген.

Тозған шарықтасты геометриялық пішінін түзету және ажарлау білдегінде орнатқаннан кейін айналу осіне қатысты жұмыс бетіне дұрыс орналастыруды қамтамасыз ету үшін майланудың және мұқалудың нәтижесінде жойылған кесуші қасиеттерін қайта қалпына келтіру үшін ажарлаушы шарықтастар түзетілуге ұшырайды.

Шарықтасты *түзету* дегенді оның бетінен тозған қажақты түйіршіктердің қабатын алып тастау үдерісін түсінеді. Қажақты шарықтастарды түзетуді техникалық алмаздармен: болат жиектемемен дәнекерленген алмазды-металлды қарындаштармен немесе алмаз кристалдарымен жүргізеді; сонымен қатар, алмазды ауыстырғыштар: қатты қорытпалы дискілер, арнайы қажақты дискілер, металлды дискілер және жұлдызшалар пайдаланылады.



1.15-сурет. Ажарлағыш шарықтастардың пішіндері (*а-е*)


Сыртқы беттерді сыртқы шарық ажарлау кезінде өңдеудің әртүрлі әдістерін қолданады:

- бойлап беру әдісімен ажарлау;
- тереңнен ажарлау;
- кірекесу әдісімен ажарлау;
- центрсіз ажарлау және басқалары.

Ажарлау кезінде металлдың азғантай қабаты алынатындықтан, беттерді тазалап жонғаннан кейін ажарлайды. Ажарлауға бөлінетін әдіптің көлемі оған дейінгі механикалық өңдеудің сапасына, мысалы ажарлауға дейінгі жонуға және бөлшектің ажарлауға дейінгі жылумен өңдеуден өңін айналдыруына тәуелді. 1-қосымшада әдіптердің ұсынылған нормалары мен шарық ажарлау білдектерінде өңдеу кезіндегі дәлдік параметрлері көрсетілген.

Ажарлаудың барлық түрлерінде қажактастың ең көп жылдамдығына (кесу жылдамдығы) жетуге тырысады, бірақ оны қажактастың өзінің беріктігі шектейді. Қарапайым ажарлау кезінде шарық жылдамдығы 30...35 м/с болса, жеделде (аса берік шырақ) - 75м/с дейін.

**Сыртқы цилиндрлі беттерді бойлап беру әдісімен ажарлау.** Бұл ажарлау әдісінде 6 дайындаманы көбінесе 1 және 7 ортасында орналастырады (негіздейді) (1.16 сурет). Айналу сәті  $M_{кр}$  2 білдектен дайындамаға 4 қамытша және 3 жетектеме арқылы берілуі мүмкін. Дайындама  $\omega_{дайын}$  айналмалы берілісімен айналады. Бұрыштық  $\omega_{дайын}$  жылдадығымен айналып тұрған ажарлау 5 шырағының  $B$  енін өңделу бетінің  $L$  ұзындығынан кем алады.




1.16-сурет. Бойлап беру әдісімен ажарлау схемасы

Ажарлауды кесудің аз тереңдігімен (0,05...0,2 мм) жүргізеді, ал ажарлауға әдіпті жұмысшы және бос (тегістеу) жүрістерден тұратын бірнеше өтпеден шешеді. Бойлық берісті  $S_{өнім}$  ажарлау шырағының  $B$  енінің үлестерімен ( $S_{өнім} = (0,3...0,8)B$ ) дайындаманың бір айналымына береді.


Бір уақыт бірлігінде шешілетін материалдың көлемі ең үлкен шамасы ажарлау шарығының майлануымен шектелетін дайындаманың айналу жылдамдығына да тәуелді. Әдетте, дайындаманың айналу жылдамдығын кіру және беру тереңдігін есепке ала отырып, 15...60 м/мин шегінде таңдайды. Ажарлау кезінде металдан алынатын қабаттың қалыңдығы дайындаманың өзгеру (иілу) шамасымен өлшенеді, ол кесу күшімен ажарлау шарығынан алынады. Сондықтан, ажарлау кезінде жұмысшы және тереңге бермей дайындаманы ажарлайтын бос жүрістерді бөледі. Ажарлауға есептелген уақытты, жалпы жүріс санының жұмысшы жүрістер санына қатынасымен анықталатын жетілдіру коэффициентіне көбейтеді (1,2...1,5).

**Тереңнен ажарлау әдісі** бойлап беріп ажарлаудың түрі болып табылады. Тереңнен ажарлау кезінде **1** дайындама ортада да орналастырыла алады (1.17-сурет). Кесу тереңдігін  $h$ , ажарлауға әдіпті бір өтпемен шешу жағдайында 0,3 мм-ге дейін бөледі. Азғантай бойлап беруді  $S_{өнім}$  **2** қажақтастың  $B$  енінің үлесімен береді ( $S_{өнім} = (0,1...0,15)B$ ). Дайындама  $\omega_{дайын}$  айналмалы берілісімен айналады, ал шырақ  $\omega_{дайын}$  бұрыштық жылдамдықпен айналады. Ажарлаудың бұл әдісінде қажақтас қатты тозады, сондықтан ажарлау шарығының алдыңғы  $C$  шетін, шарықтың тозуын кеміту үшін арнайы үлгімен түзейді.

**Сыртқы цилиндрлі беттерді кірекесі әдісімен ажарлау (көлденең беру).** Бұл әдіспен ажарлау кезінде **6** дайындаманы **1** және **7** ортасында орналастыруға болады (1.18-сурет). Қажақтастың  $B$  енін өңделетін беттің  $L$  ұзындығынан үлкенірек таңдайды.



1.17-сурет. Тереңнен ажарлау схемасы



1.18-сурет. Кірекесу әдісімен ажарлау схемасы

Дайындама  $\omega_{\text{дайын}}$  айналмалы берілісімен айналады, қажақтас  $\omega_{\text{дайын}}$  бұрыштық жылдамдықпен айналады. Көлденең беріліс  $S_{\text{кр}}$  (кірекесу)  $\delta$  дайындаманың бір айналымына 0,001...0,005 мм құрайды. Әдіп тереңдігіне металл қабатын алу кезінде көлденең беріліс тоқтатылады.

Бөлшектің бетінің, ажарлау шарығының кейбір ұсақ кемшіліктерін көшіріп алуын алып тастау үшін, дайындаманың және ажарлау шарығының кішкентай бойлық қайтпалы- ілгерілмелі салыстырмалы орын ауыстыруын  $S_{\text{терб}}$  (тербелуші қозғалыс) іске асырады. Бұл қозғалыс бөлшектің өңделген бетінде көлденең сызықтардың пайда болуын жоққа шығарады және өңделген беттің сапасын арттырады.

Бойлап беретін сыртқы шарықты ажарлауды өте ұзын дайындаманы өңдеу үшін қолданады, көлденең беріліс ажарлаумен өңделетін беттің ұзындығы шарықтың енін жабатындай, кішкентай бөлшектерді өңдейді, тереңнен беріліспен ажарлаумен қысқа, бірақ қатты бөлшектерді өңдейді.

Шарықты ажарлау білдектерінде конустық беті бар дайындамаларды өңдеу мүмкіндігі бар. Еңкіш конусты өңдеу кезінде білдек үстелінің жоғарғы бөлігі шарықты ажарлау айналдырғысының осіне қажетті бұрышқа бұралған болуы мүмкін. Үлкен бұрышты конусты дайындамаларды шарықты ажарлаудың қысқышы белгіленген шамасына бұрылған жағдайда ажарлайды.

Шырақты бұрыштық орнастыруды білік пен қапталдың мойнын бір уақытта ажарлау кезінде ұсынылады. Мұндай технологиялық схемада дайындаманың қапталы шарықтың шетімен ажарланады,

ол кезде дайындаманың шарықпен байланысын азаяды, өңделетін беттің сапасының жақсаруын қамтамасыз етеді және күйік мүмкіндігін жояды.


1.19-суретте 3 дайындамасын 1 ажарлау шарығын бұрыштық орналастыру арқылы өңдеу схемасы көрсетілген. Тісті дөңгелектің өңделетін дайындамасын 2 жақтауға 5 жетектемелі патронына орналастырады және тістердің тесіктері мен ойымдары бойымен негіздейді. Тістерді 4 кішкене шарларына қапталдық қысу 7 пневматикалық цилиндрінің 6 соташығымен қамтамасыз етіледі.

Бағыттайтын пышақта жатқан, өңделетін дайындаманы сыртқы центрсіз ажарлау кезінде екі қажақтастың: ажарлаушы (жұмысшы) және жетекшінің ортасынан өткізеді. Жетекші шарықтың осінің тік жазықтықта белгіленген бұрышқа айналымы өңделетін дайындаманың ажарлаушы шырақтың осінің бойымен жылжуымен бір уақытта дайындаманың өз осінен айналдыруды қамтамасыз етеді.


Сонымен қатар, ажарлаушы шырақтың көлденең берілісінде центрсіз ажарлау әдісін қолданады. Бұл жағдайда ажарлаушы және жетекші шырақтың осьтері қатаң жазық.

Центрсіз ажарлаудың бағалылығы, орталық шептегі ажарлаудың өнімділігін бірнеше есе асыратын, жоғары өнімділігі болып табылады. Дегенмен, осымен қатар басқа көлемді бөлшектерді ажарлау үшін центрсіз білдекті жөнге келтіруге көп уақыт кетеді, сондықтан, центрсіз ажарлауды ірі сериялық өндіріс жағдайында пайдаланған жөн. Бұдан басқа, өңделген тесіктері бар бөлшектерді сыртқы центрсіз ажарлау кезінде сыртқы беттің ішкіге центрлестігіне жетуге болмайды.

1.20-суретте центрсіз ажарлау білдегінің жалпы түрі берілген.



1.19-сурет. Дайындаманы ажарлау шарығын бұрыштық орналастыру арқылы өңдеу схемасы



1.20-сурет. Центрсіз ажарлау білдегінің жалпы түрі


Центрсіз ажарлау кезінде 2 өңделетін дайындаманы 4 тіреу пышағында, бір бағытта айналып тұрған, бірақ әртүрлі айналу жиілігі бар, екі - 1 ажарлаушы және 3 жетекші шарықтардың ортасында орналастырылады. Өңделетін дайындаманың айналу жылдамдығы жетекші шарықтың айналу жылдамдығына жақын. Ажарлаушы шырақтың айналу жылдамдығы 30...40 м/с құрайды. Жетекші шырақ пен ажарланатын дайындаманың арасындағы ( $\alpha = 1...7^\circ$  бұрышына айналады) қажалу дайындама мен ажарлаушы шырақтың арасынан үлкен болғандықтан, дайындама жетекші шырақпен өңделеді.

Центрсіз ажарлау білдектерінде цилиндрлі және бір қалыпты, сонымен қатар қысқа конустық беттері бар дайындамаларды ажарлайды.

1.21-суретте белдемелері бар жазық цилиндрлі бөлшектерді: қақпақ өзегін (1.21, *a* сурет) және қақпақ итергішін (1.21, *b* сурет) центрсіз ажарлау білдектерінде өңдеу схемасы көрсетілген. Белгіленгендей, буылтықтары бар цилиндрлі бөлшектерді өңделетін 2 дайындаманың ортасына қарай қыса отырып, 4 таянышқа дейін ажарлайды. Дайындаманың тірек шеті таза және жапырылусыз болу керек.

Егер дайындаманы (бір қалыпты немесе сатылы) шарықтастардың ортасымен қозғауға болмайтын болса, кірекесу әдісі бойынша ажарлауды пайдаланады. Өңделетін дайындаманы жетекші шарықтасты ажарлаушыдан бұрғаннан кейін тірек пышағына қояды. Содан соң, жетекші шарықтасты дайындамаға жылжыта отырып, оны ажарлаушы шарықтасқа қысады. Ажарлағаннан кейін жетекші шарықтасты дайындаман бұрып, оны шығарып жібереді.

Егер ажарланатын дайындама жетекші және ажарлаушы шарықтастардың арасымен толық өткізілетін (яғни, оның кемершігі



1.21-сурет. Белдемесі бар центрсіз-ажарлау білдегінде жазық цилиндрлі бөлшектерді өңдеу схемалары:

а) қақпақ өзегін; б) қақпақ итергішін; 1 - колдаушы конус; 2 - дайындама; 3, 5 - ажарлаушы шарықтастар; 4 - таяныш

мен ойықтар) болса, оны бойлап беру арқылы ажарлайды (өткізу). Мұндай жағдайларда, білдекке автоматты жүктемелі құрылғыны орналастырып, оны автоматтандыру жеңіл іске асады.

Қажакты өндірісте жоғары берікті кеуек, керамикалық біріктірілген, ажарлау барысында шарықтастың 50 м/с және одан да көп айналу жылдамдығына жеткізетін шарықтастарды жасап шығаруы, өндіріске жоғары өнімді *жедел ажарлауды* енгізуге мүмкіндік берді. Шарықтастың мұндай айналу жылдамдығында бір түйіршікке кесу тереңдігі азаяды, сондықтан, шарықтастың тозуы да азаяды, оның беріктігі жоғарылайды және өңделген беттің бұдырлығы бір-екі сыныпқа жақсарады. Жедел ажарлау кезінде дайындаманың айналу жылдамдығы 50 м/с дейін өсіп қоймай, бойлап және көлденең берілісі де күшейеді.

Жедел ажарлау үшін жазық тіке бір қалыпты, қарапайым ажарлау кезіндегідей қаттылығы бар шарықтастарды пайдаланады. Бір бөлшекке шарықтастың шығындалуы шамамен 40%-ға азаю кезінде бір уақытта өнімділігі 1,5-2 есеге өседі.

Ажарлаумен өңдеу кезінде, тікелей амалдау барысында өңделіп жатқан бөлшектің диаметрлік шамасын өлшей алатын құрылғыларды пайдалану мүмкіндігі бар.

1.22-суретте ажарлау барысында біліктің диаметрін бақылайтын құрылғының схемасы көрсетілген. Өлшеу құрылғысы үш негізгі бөліктен: майлы амортизатор 1, индикаторлы ұстауыш 4 және 4 ұстағышта орналастырылған 7 ауыстырмалы тоғыннан тұрады. Ауыстырмалы тоғынның 6 және 8 ұштары тіреуші болып табылады; жылжымалы 5 ұшы 9 бұйымның ажарланатын мойнының кемшіліктерін қабылдайды да 3 индикаторға жібереді. Төменгі тіреуіш 8 ұшы бұйымның 5 ұштығының диаметрды жазығында




тимей, ажарланатын біліктің айналу бағытынан шамамен  $15^\circ$  ауысып тиеді, бұл барлық индикаторлы тоғынды бұйымға отыруын берік және тиянақты етеді. Өлшеуіш құрал **10** ажарлаушы шарықтасының **2** қаптамасында орналастырылады.

Егер **3** индикаторының орнына немесе оған қосымша электр түйіспелі сезгішін бекітсе, білдекті басқаруды автоматтандыруға болады.

Соңғы кезде көбінесе беттерді **қажакты таспалармен ажарлап** өңдеу қолданылуда.

Қажакты таспалармен ажарлаудың құндылығы мынада:

- қажакты таспаның беріктігін күшейтетін және өңделетін бөлшектің шалыстануын толық жоятын жылу шығаруды азайтуында;
- электрстатикалық өріске тұндыру әдісімен түйіршіктерді таспа бетіне тік орналасуымен біркелкі түсіру нәтижесінде ажарлаушы шарықтасың бетімен салыстырғанда қажакты таспа бетінің көбірек біртектілігінде;
- ажарлаушы шарықтасымен салыстырғанда бет бірлігіне кесуші түйіршіктердің көптігі, нәтижесінде өнімділіктің күшейю;
- тербелу мен соққы жүктемесінің жоқтығы өңделетін беттің жоғары сапалығын қамтамасыз етеді.



1.22-сурет. Ажарлау кезінде біліктің диаметрін бақылайтын құрылғының схемасы

Қажакты таспалармен қара және түрлі-түсті металлдарды, және де металл емес материалдарды өңдеуге болады.

Қажакты таспаларды матадан (мысалы, саржадан) немесе бетіне қажакты: бола өңдеу үшін нормалы және ақ электркорунд, сұр шойынды, жезді және алюминий қорытпаларын өңдеу үшін кремний карбидін және қола мен қақталған шойын түйіршіктерін желіммен (шел желімі және т.б.) жағылған қағаздан дайындайды.

Көп қабатты таспаларды, дайындалуының күрделілігі мен жоғары құндылығына қарай сирек қолданады.

Таспаның қалыңдығы (қажактың қабатымен бірге) 21 мм-ден аспайды. Таспаның енін өңделетін беттің ұзындығына қарай, соның ішінде айналу денелерінің (біліктердің) бетін ажарлау кезінде, соның ұзындығына тең енімен тандайды. Қажакты таспаның ұзындығы өңделетін дайындаманың көлеміне және ажарлау процесінің өнімділігіне берілетін талаптарға тәуелді, себебі қажакты таспаның ұзындығы мен еніне қаншалықты үлкен болса, таспаның бір айналымында кесу үдерісіне соншалықты көп түйіршік саны қатысады. Өндіріс тәжірибесінде ені 10-нан 3 000 мм-ге дейін және ұзындығы 500-ден 7000 мм-ге дейін қажакты таспалар қолданады.

Қажакты таспамен ажарлау тәсілдерін, оның өңделетін бетке бастырылуына байланысты бөледі.


1.23-суретте қажакты таспамен ажарлау әр түрлі тәсілдерінің схемасы көрсетілген.

Өңделетін беттің пішініне қарай, таспаның бос бөлігімен жетекші түйіспелік шарықтаста немесе үлгісінің қажаты таспа көшіріп ала алатын, өтпелі түйіспелік шарықтаста ажарлауға болады.

Таспаның бос бөлігімен өңдеу көбірек өнімді болып табылады, себебі бұл жағдайда қажакты таспа түйісудің үлкен бетін алып, өңделетін дайындаманың көп бөлігін қамтиды, нәтижесінде цилиндрлік және аз радиуста қисайған қисық сызықтыдан басқа барлық беттерді ажарлауға мүмкіндік береді.

Түйіспелі шарықтаста өңдеу кезінде сондай өнімділікті қамтамасыз ету үшін көбірек жұмыс жасау керек. Мұндай жағдайда ажарлаудағы өнімділік түйіспелі шарықтастың диаметріне кері пропорционалды, бірақ диаметрі 150 мм кем шарықтастар қолданылмайды.

Кейде түйіспелі шарықтастың орнына, өңделетін дайындаманың екі жағына орналастырылған екі тірек пайдаланады, бұл жағдайда, дайындаманы қажакты таспамен орау бұрышы, содан түйіспенің



1.23-сурет. Қажакты таспамен ажарлау схемалары:  
 1 - қысу; 2 - қажакты таспа; 3 - өңделетін дайындама

ауданы да үлкейеді. Қажакты таспаның созылуы созатын аунақшалармен реттеледі.


Қажакты таспаға өңделетін беттің қысымын болат пен шойыннан дайындамаларды өңдеу кезінде 0,05...0,2 МПа шегінде, ал түрлі-түсті қоспалар мен алюминийден - 0,04 МПа артық емес.

*a* - қысық беріліспен кескішпен; *б* - тікелей беріліспен кескішпен;  
*в* - тарақпен


жүрісінің дайындаманың бір айналымына тең  $S_{\text{оним}}$  бойлап берілісі кезінде кеседі. Дәл кескінді кесу кезінде тарақ тек қаралтым өңдеу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, тарақ бөлшектің бортына жабысып тұрған кескінді кесуге пайдасыз. Бөлшектерді технологиялыққа қарау кезінде конструктор технологпен бірге кескінді кесу әдістерін іске асырудың әртүрлі мүмкіндіктерін қарайды.

**Бұранданы бұранда кескіштермен кесуді** дәлдігі төмен сыртқы кескінді алу үшін қолданады. Кескінді өңдеу бір жүріспен жүргізілетіндіктен, бұл әдіс ірі жүріспен кескін кесу үшін пайдасыз.

Кейбір жағдайларда жоғары дәлдікпен дайындау бұранда кескіштерді пайдаланады, олардың кесуші жиектері ысқылана жоғары дәлдікке алып келеді. Мұндай бұранда кескіштермен дәл кескіндерді кесу және калибрлеуге болады. Бірақ, бұл кескінді кесудің әдісі тиімсіз және соның салдарынан аз қолданылады.

Дөңгелек бұранда кескіштер түрлі-түсті металлдардан дайындамаларда кескіндерді кесу үшін, сонымен қатар, аз диаметрлі (2 мм-ден кем) кескіндерді кесу үшін, оны кесуші немесе диаметрі бойынша **реттелетін** және **кеспейтіндермен** дайындайды. Кеспейтін бұранда кескіштер, кесетіндерге қарағанда, мықты және дұрыс және таза кескіндерді алуды қамтамасыз етеді.

Бұранданы бұранда кескіштермен қолмен және білдекте кеседі. Бұранданы қолмен кесу кезінде бұранда кескіштерді ұстағышқа орнатады, оларға кескінді кесуге қажет қозғалысты жұмысшы береді.




1.43-сурет. Дөңгелек тарақты бұранда кескіштері бар бұранда кесуші бастиектермен метрлік кескінді кесу схемасы

Бұранданы машинамен кесу кезінде бұранда кескішті өтемелі оқтарда бекітеді. Сериялы өндірісте өзін өзі ашатын, дөңгелек тарақты бұранда кескіштері бар 1 кескін кесуші бастиектерді (1.43-сурет) пайдаланады. Кескінді кесу үдерісінде бастиектің бойлап берілісі кесілетін кескіннің бұранда кескіштерінің өзін өзі тартуымен қамтамасыз етеді. Кескінді,  $\omega$  бұрыштық жылдамдықпен айналып тұрған 2 дайындамада кесуді аяқтағаннан кейін бастиек арнайы тежегіштің әсерімен автоматты түрде ашылады және артқы дүріспен бастапқы орнына қайтып келеді, сол жерден келесі дайындаманы өңдеу басталады.

Бұранда кескішпен кесу 7-9-шы қвалитетті дәлдікті, ал кескін кесуші бастиепен - 7-ші қвалитетті дәлдікті қамтамасыз етеді.

Бұранданы револьверлі білдектерде және автоматтарда кесу үшін дөңгелек бұранда кескішпендердің түрі - **құбырлы бұранда кескіштерді** (1.44-сурет) пайдаланады, олар кәдімгі дөңгелек бұранда кескішпендерден жақсырақ жұмыс істейді, салдарынан жоңқалар бос жойылады, кесуші жиектерді ұштаудың мүмкіндігі, патронда бұранда кескіштерді мұқият ортаға дәлдеу және жинайтын сақина арқылы реттеу мүмкіндіктері болады.

Сыртқы бұранданы бұрғылау, револьверлі, бұрандама кесуші білдектерде және автоматтарда **бұранда кескіш (бұрама жасайтын)** бастиектермен кесу көбірек дәлденген, өнімді және дәл әдіс болып




1.44-сурет. Дөңгелек құбырлы бұрандама кесуші

табылады. Тарақтардың орналасуына байланысты бұранда кескіш бастиектердің келесі түрлерін бөледі: дәл кесу үшін тарақтардың радиалды орналасуымен (1.45, *а* сурет), дәлсіздеу кескіндерді тарақтардың тангенциалды орналасуымен (1.45, *б* сурет).

Тарақтардың конструкциясы бойынша әртүрлі бастиектері жазық (призмалық) (1.45, *а, б* суреттер) және дөңгелек (дискілі) (1.43-сурет) тарақтары бар болуы мүмкін.

Бұранда кескіштің өнімділігін арттыратын тиімді әдіс кескінді айналып тұрған кескіштермен, яғни **бұранданы құйынды кесуі** болып табылады. Бұл әдіс келесідей: өңделетін дайындама 30-дан 300 мин<sup>-1</sup> (өңделетін материалына, диаметріне және кесу жүрісіне байланысты) айналу жиілігімен айналады, ал кескіштің біреуі кескішті бастиектерде бекітіліп, 1000-нан 3000 мин<sup>-1</sup> дейін айналу жиілігімен айналып тұрып, мерзім сайын (бастиектің әрбір айналымына бір рет) өңделетін бетпен үйкеліседі. Кескіш бастиегі айналдырғыда орналасқан, ол өңделетін дайындаманың осіне қатысты әдеттен тыс орналасқан (1.45, *в* сурет). Бастиектерге бір, екі немесе төрт кескіш бекітеді. Бұл әдіспен 50 мм-ден астам диаметрлі, 6-шы, 7-ші квалитетті дәлдікті және  $Ra\ 1,25...0,63$  мкм беттің бұдырлығымен кескіндерді кесуге болады. Т15К6 маркалы қатты қоспалардан жасалған пластиналары бар кескіштерді пайдаланған кезде кесу жылдамдығы 400 м/мин жылдамдыққа жетеді.

**Бұранданы қажақты шарықтастармен ажарлауды** белгілеуштерді, бұрандалы фрезаларды, бүрлейтін аунақшаларды өңдеу, сонымен қатар, алдын ала кесілген кескішпен термиялық өңделген кескін, жауапты бөлшектердегі бұранданы және жоғары дәлдікті алу үшін өңдеу жүргізеді. Қазіргі уақытта, өндіріс тәжірибесінде бұранданы ажарлаудың келесі негізгі әдістері қолданылады.




1.45-сурет. Сыртқы бұранданы кесу (*а-в*)

**Бұранданың бір ойымының пішінімен сәйкес пішінделген бір жіпті қажакты шарықтаспен ажарлау.** Қажакты шарықтастың 1 айналу осі (1.46-сурет) дайындаманың осіне, кескіннің бұрандалы сызығының көтерілімінің бұрышына тең  $\alpha$  бұрышпен орналастырады. Қажакты шарықтастың пішіні ажарланатын кескіннің ойымының пішініне сәйкес келу қажет. Өңдеу кезінде қажакты шарықтас  $v_{\text{доп}}$  шеңберлі жылдамдықпен айналады, 2 дайындама 3 артқы орталықпен қолданып отырып,  $S_{\text{доп}}$  шеңберлі беріліспен жәй айналады және осьтің бойымен дайындаманың бір айналымындағы кескіннің бір жүрісіне тең  $S_{\text{өнім}}$  бойлап беріліспен жылжиды.


Өңдеу режимі кесу тереңдігі мен өңделетін бөлшектің шеңберлі жылдамдығының қатынасымен сипатталады. Үлкен кесу тереңдігі мен аз шеңберлі жылдамдығы кезінде «тұтастан» кішкене жүрістермен, яғни алдын ала кескілеусіз кескінді ажарлауға болады. Бұл әдіс өте жоғары дәлдікті кескін, мысалы  $\pm 3'$  шегіндегі кескіннің пішінінің бұрышының жартысы бойынша кемшіліктермен кескін алуға мүмкіндік береді.

**Сақиналы жіптері бар көп жіпті ажарлаушы шарықтаспен ажарлау** ұзындығы шарықтастың енінен кіші, қысқа кескіндерді ажарлауға мүмкіндік береді, Кескінді көп жіпті шарықтаспен ажарлауды бойлап беріліспен де, радиалды кіре кесумен де орындайды.

**Кірекесін ажарлау** қысқа бұранданы өңдеу үшін қолданады. Қажакты шарықтастың осін, ені кесілетін кескіннің ұзындығынан үлкен, өңделетін дайындаманың осіне қатарласып орналастырады. Өңдеу кезінде 1 қажакты шарықтас (1.47-сурет) кесудің  $v_{\text{доп}}$  шеңберлі жылдамдығымен айналады, ал 2 дайындама  $S_{\text{доп}}$  шеңберлі беріліспен жәй айналады және өзінің осімен  $S_{\text{өнім}}$  бойлық беріліспен жылжиды.



1.46-сурет. Бір жіпті қажакты шарықтаспен бұранданы ажарлау схемасы




1.47-сурет. Көп жіпті қажақты шарықтаспен бұранданы ажарлау схемасы

Айналып тұрған қажақты шарықтас  $S_{к\text{ірек}}$  радиалды беріліспен бұранданың пішінінің толық тереңдігіне дайындаманың жарты айналымына кіреді. Бұл кезде дайындама өзінің осінің бойымен кесілетін кескіннің жүрісіне тең  $S_{\text{өнім}}$  өлшеміне бір айналыммен жылжиды. Бұранданы өңдеу дайындаманың 1,5 айналымында аяқталады.

Сипатталған әдіс жоғары өнімділікпен ерекшеленеді және «тұтастан» кішкене жүріспен, яғни (алдын ала кескілеусіз) кескінді ажарлауға мүмкіндік береді, бірақ, бұл кезде жететін бұранданың дәлдігі бір жіпті шарықтаспен жұмысы кезіне қарағанда төмен - пішіннің бұрышының жартысы бойынша кемшіліктер  $\pm 6'$  құрайды.

**Бойлап берілісті** көп жіпті шарықтаспен кескінді ажарлауды ұзын кескінді өңдеу кезінде қолданады. Бұранданың пішінінің толық тереңдігіне орналастырылған 1 қажақты (1.48-сурет) шарықтасқа  $v_{\text{дөң}}$  шеңберлі кесу жылдамдықпен басты айналу



1.48-сурет. Бойлап берілісі бар кескішті ажарлау схемасы

қозғалысын хабарлайды. 5 және 6 центрлерінің ортасында орналастырылған 2 дайындама (3 қамытшасы мен 4 шылбырын пайдалана отырып) кішкене айналу  $S_{\text{оң}}$  берілісімен айналады және осьтің бойымен дайындаманың бір айналымындағы бұранданың бір жүрісіне тең  $S_{\text{өнім}}$  бойлап беріліспен жылжиды. Қажақты шарықтастың бірінші жүрісте тұрған жіптер алдын ала жарлауды орындайды, ал соңғы жіптері - соңғы ажарлау.

Қаралған әдістерден бөлек, бұранданы қосымша арнайы құрылғылармен қамтылған, көп жіпті ажарлау шарықтасын пайдалан отырып, центрсіз ажарлау білдегінде **центрсіз ажарлауды** қолданады. Центрсіз ажарлаудан алынған бұранданың дәлдігі басқа әдістермен салыстырғанда төмен, бірақ кәдімгі бөлшектерді дайындауға жарайды. Осы жағдай мен жоғары өнімділік бұл әдістің жоғары дәлдікті қажет етпейтін, кескін бөлшектерінің жаппай өндірісінде пайдаланылады.

**Ішкі бұранданы кесу.** Ішкі бұранданы негізінде таңбалаушымен кеседі. Онымен қатар, кескішті, тарақты және бұрандалы фрезаны пайдаланады. Бұранданы кесу әдісіне қарай таңбалаушыны білдекте бұранданы кесетін машиналы және бұранданы қолмен кесуде пайдаланылатын қол немесе слесарлы болып бөледі.

**Машина таңбалаушыны** пайдалану кезінде бұранданы бір жүрісте бір таңбалаушымен кеседі. Білдектерде бұранданы бір жұмыс жүріспен және тек ұзын бұрандаларды кесу кезінде немесе терең тесіктерде екі таңбалаушыны пайдаланады. Білдекте кесілген соң дәл бұранданы калибрлі таңбалаушымен білдекте немесе қолмен жасалады. **Қол таңбалаушымен** бұранданы екі немесе үш жұмыс жүрісімен, бұранданың өлшеміне қарай жиынтыққа кіретін әртүрлі таңбалаушылармен кеседі. Машина таңбалаушыларымен бұранданы өтпелі және бітеу тесіктерде бұранда кескіш, бұрғылаушы, револьверлі білдектерде, жонғыш автоматтар мен жартылай автоматтарда кеседі.

Бітеу тесіктерді кесудің алдында кішкене терендікке (шамамен 3-4 жіпке) бұрғылайды. Бұл кескінді кесуді жеңілдетеді, қажетті терендікте кескін кесуге мүмкіндік берелі және таңбалаушының сынуының алдын алады.

Таңбалауыштармен білдекте (беруші таңбалауыштардан бөлек) бұранданы кесу кезінде қажетті жағдай, кескінің қажетті ұзындығына жеткен кезде таңбалаушы қажетті орнына жеткенде жұмысшы жүрістен айналым шапшаң кері қосу (керіқимылдау) болып табылады. Бітеу тесіктерде бұранданы кесу үшін білдектер жұмыс жүрісінің шектеуіштерімен, соңғы орнына жеткен кезде таңбалауыштың кері қосылуымен қамтылу қажет. Берілісті тоқтату

және таңбалауыштың айналымын тоқтату өзін өзі сөндіретін оқтармен іске асырылуы мүмкін.

Айналдырғының айналуын кері қосу өзін өзі сөндіретін оқтарды пайдалану кезінде де, сомындарды кесетін арнайы білдектерден бөлек, қажет.

Бұранданы таңбалауышпен кесу үшін әртүрлі типті оқтарды пайдаланды: қатты, жылжымалы, тіреуден өзі сөнетін, айналушы сәтімен жүктелуден өзін өзі сөндіруші.


**Қатты оқтар** таңбалауышқа арналға кәдімгі ұстағыш болып табылады. Бұл оқтар, тесік пен таңбалауыштың остестігі қамтылатын, тек револьверлі білдектерде және автоматтарда пайдаланылады.

**Жылжымалы оқтар** кесілетін тесіктің осі бойынша таңбалауыштың өзін өзі құрылуын қамтамасыз етіп қана қоймай, айналдырғының жүрісінде таңбалауыштың тез ауысуын орындайды. Жылжымалы оқтардың орнына, кішкентай өлшемді таңбалауыштар үшін, таңбалауышқа өзін өзі бекітуге мүмкіндік беретін, оны қатты патронға кейбір саңылаумен отырғызады. Таңбалауышты патронмен көбінесе таңбалауыштың төртбұрышты құйрығының көмегімен қосады.

**Тіреуден өзі сөнетін оқтарды** таңбалауышпен бұранданы кесу үшін револьверлі білдектерде және автоматтарда, сонымен қатар, көп айналдырғылы кескінкесуші білдектерде пайдаланады. Білдектің айналдырғысының бойылап беру тоқтаған соң, таңбалауышты одан әрі кесілетін тесікке енгізілуі патронның жылдымалы бөлігінің (1.49, а сурет) 2 қатты түзеткішпен қатты байланысып тұрған 3 жартылай муфта 4 патронның бөлігімен итерілген 1 жартылай муфтамен бірге байланыстан шыққанша суырылуын мәжбүр етеді.

**Жүктелуінен өзін өзі сөндіретін патрон** 1.49, б суретте көрсетілген. Білдектің айналдырғысындағы конустық құйрығы патронды бекіту үшін қызмет ететін 1 білік шеткі жұдырықшалары бар 4 жартылай муфтаның шпонкасына орнатылып, ол тап сондай, білікті бос орнатылған екінші 5 жартылай муфтаға іліктірілген. 4 жартылай муфта бойлай бағытпен 3 серіппенің қысымымен, остік күші 2 сомынмен реттеле отырып, жылжиды. Таңбалауыштың айналуын 5 жартылай муфтадан 7 ауыстырылмалы төлкесі арқылы береді.

Егер айналуы сәті алдын ала бекітілген шамадан асатын болса, 6 төлке жылжып кетеді. Таңбалауыштың айналуы тоқтаған кезде айналдырғының айналуы қайта басталады.



1.49-сурет. Тіреуден (а) және жүктелуінен (б) өзін өзі сөндіретін бұранданы таңбалауышпен кесу оқтары

Сомындарды кесу үшін, ұзын сомынды таңбалауыштармен немесе ұзын қысық құйрықшасы бар таңбалауыштармен жұмыс істейін сомын кесуші білдектерді пайдаланады.

Кескінді АӨС пайдалана отырып кеседі: болатты - осер майы (сульфофрезол), шойында - керосин немесе құрғақтай.

Бір және көп жүрісті стандартсыз бұранданы кесу кезінде таза кесу үшін бұрандалы кескіштерді пайдаланады. Бір қалыпты бұрандалардың негізгі кемшіліктері төмен өнімділігі болып табылады, себебі олар қалың жоңқа болса және кесудің жоғары жылдамдықтарында өнімді жұмыс істей алмайды. Бұл әдіспен өңдеу кезінде бірнеше жұмыс жүрістері қажет: мысалы, орта өлшемді бұранда кесу үшін 12-ден 20-ға дейін жұмыс жүрістері, ал ірі жүрісті, трапециялық және тік бұрышты бұранданы үшін - 50 және оданда көп жұмыс жүрістеріне дейін.




Ішкі бұранданы кесу үшін тарақты сирек пайдаланады, себебі, таңбалауыштың өзі бірнеше бұранданы кесуші, бірге қосылған тарақтардан тұратын жинақ болып табылады. Сонымен қатар, тараққа қарағанда жеңіл дайындалады.

**Ішкі және сыртқы бұранданы фрезерлеу.** Ішкі және сыртқы бұранданы фрезерлеу келесі жағдайларда пайдаланады:


- ұзын жүрісті бұрамаларда бұранданы алдын ала өңдеу кезінде;
- қатты болаттан дайындамалардан бұранданы өңдеу кезінде;
- ірі жүріспен бұранданы кесу кезінде;
- үлкен диаметрлі бұранданы өңдеу кезінде.

Бұрандалы құрал дискілік немесе тарақ фреза болып табылады. Өңдеуді бұранда фрезер білдегінде жүргізеді.

Бұранданы  $1$  дискілі фрезамен  $L$  фрезаның ені (1.50-сурет) ойықтың  $N$  ұзындығынан кесілетін кескіннен 2-3 жүріске үлкен болу керек. Дайындаманың  $2$  осіне  $1$  фрезаны бұрыштап орналастырады, ол кесілетін бұранданың бұрандалы сызығының көтерілу бұрышына тең болады. Кесуші құрал  $v_{\text{кес}}$  кесудің айналмалы жылдамдығымен 60 м/мин дейін айналып тұрады. Дайындама жай  $S_{\text{доң}}$  жылдамдықпен айналып, 0,02...0,08 мм/тіс шенберлі берілісін қамтамасыз етеді. Дайын бұранда (M36) дайындаманың 1,3 айналымында пайда болады. Бұранданы фрезерлеу әдіс ретінде өнімдірек, ал бұранданы кесетін кескішпен кесумен салыстырғанда сапалы болып шығады.



1.50-сурет. Бұранданы дискілі фрезамен кесу схемасы



1.51-сурет. Топтық фрезамен сыртқы (а) және ішкі (б) бұранданы кесу

Ірі жүріспен трапециялық және тік бұрышты бұранданы алдын ала дискілі фрезалармен фрезерлейді, тазалау ауысымдарын бірнеше жұмыс жүрістермен бұрандалы жонғышпен жасайды.

Қысқа сыртқы және үшбұрышты пішіні бар ішкі бұранданы тарақ фрезасымен немесе топтық фрезамен фрезерлейді. **Тарақ бұрандалы фреза** дегеніміз бір бірімен шеттерімен қосылған дискілі бұранда фрезалардың жиынтығы. Мұндай фрезаларды топтық деп атайды. Бойлаған жырашықтар, тиісінше бұрандалы жиектер мұндай фрезаларда олардың осіне қатарлас орналастырылған. Фрезаның тістері, оларды ұштау жеңіл болу үшін шүйделенген етіп орындалады. Топтық фрезаның ұзындығын кесілетін бұранданың ұзындығынан 2-3 жіпке көбірек алады.

**Топтық фрезамен** бұранданы кесілетін дайындаманың 1,25 айналымында шығарады, бұл фрезаның кіру жерін жауып тастау үшін жасалады. Дайындаманың бұрандасын кесу кезінде әрбір айналымда кесілетін бұранданың бір жүрісіне осінің бағытымен жылжу қажет. Мұндай фрезалармен жұмыс жасау схемасы 1.51-суретінде көрсетілген.

Фреза тістерінің пішіні кесілетін бұранданың пішінімен тең болу тиіс. Тарақ фрезаның осі кесілетін дайындаманың осіне қатарлас орналастырады.


Бұрандалы тарақты фрезаны пайдалану ойықтардың, белдемелердің қасындағы бұрандаларды, сондай-ақ бітеу тесіктердің түбіне дейін жететін бұрандаларды кесу кезінде пайдаланған жөн, себебі бұл жағдайларда тек фрезерлеудің көмегімен толық кесуші жіптің белдемге немесе тесіктің түбіне жетуі мүмкін.

Тарақты фрезамен фрезерлеуді тұтқыр және қатты болаттан жасалатын бөлшектерді кесу кезінде қолданады, бұл кезде бұранда кескіштерді немесе бұранда кесуші бастиектерді пайдалану кезіндегі қажетті бұдырлықты қамтамасыз етпейді немесе құралдың тез мұқалуына алып келеді.

**Бұранданы бүрмелеу.** Ішкі және сыртқы бұранданың пайда болу принципі дайындама екі қатарлас, бірі бірінен белгіленген қашықтықта орналасқан призмалық (жазық) бұрандалы бұранда кескіштердің ортасымен немесе цилиндрі айналып тұрған аунақшалардың ортасымен домалатады.

Құрал - бүрмелеу плашкаларды Х12М және Х6ВФ болатынан дайындайды. Бұранда кескіштердің жұмыс бөліктерінің қаттылығы 57...60 HRC. Бұранда пішінінің бетінің бұдырлығы 7-ші кластан төмен болмау керек. Бұранда кескіштердің әрбір жиынтығында бұранданың бір бұранда кескішінің екіншісіне қатынасы 0,5 жүріске жылжыту қажет.

1.52, *a* суретте бұранданы жазық бұранда кескіштермен бүрмелеу көрсетілген. Бұранда кескіш 1 қозғалыссыз, ал бұранда кескіш 2 ілгері-мелі-кері қозғалып тұр. Бір біріне қарап тұрған бұранда кескіш беттерінде бүрмеленетін бұранданың жазықтыққа бұрандалы бетінің қимасы.



1.52-сур. Бұранданы бүрмелеу схемалары (а-г)

Үдерістің басында дайындама өзінен өзі 1 және 2 бұранда кескіштердің ортасымен (суретте көрсетілмеген), кесілген дуалды бөлігі бар итергішпен және 3 серіппелі тіреумен беріледі. Содан соң итергіш кері кетеді және бұранда кескіш бұранда кескіш 2 бастиекті ала отырып нұсқармен көрсетілген бағытқа жылжи бастайды. Бұранда кескіштің сол жақ шетіне жеткен соң бұрмеленген дайындама қабылдаушыға түседі.

Бұл әдіс жоғары өнімділіктен бөлек, кесуші бұрандалы құралмен өңдегенге қарағанда, мықты және тозыққа берік бұранда алуға мүмкіндік береді, себебі бұранданың жібіндегі материал бұрмелеу кезінде бекітіледі және металдың талшықтары қиылмай, пластикалық күйін өзгертеді. Бұранданы бұрмелеу алған кезде жоңқа алынбайды, соның себебінен металл 25%-ға тиімді пайдаланылады.

Стандартты метрлік бұранданы бұрмелеу үшін дайындаманың  $d_{дайын}$  диаметрі келесі формуламен анықталады:

$$d_{дайын} = \sqrt{(d^2 + d_1^2)/2},$$

мұнда  $d$  - бұранданың сыртқы диаметрі, мм;  $d_1$  - бұранданың ішкі диаметрі, мм.

Цилиндрлі айналмалы аунақшаларды пайдалану кезінде бұранданы үш түрлі беріліспен бұрмелеуге болады: тангенциал қыйғаштап, радиалды, остік.

1.52, б суретте бұранданы екі бұрмелегіш радиалды беріліспен цилиндрлі аунақшалармен бұрмелеу көрсетілген. Бұрмелеуді бір немесе екі аунақшамен орындауға болады. Бұл бұрмелеу әдісі ең көп тараған. Екі 1 және 3 аунақшалар үзіліссіз айналады; айналу кезінде біреуі (1.52, б суретте 1 аунақша) радиалды беріліс алады (механикалық немесе гидравликалық желіден). Бұранданың қажетті тереңдігіне жеткен соң, орта аралық қашықтықта тоқтайды, содан соң аунақшалар бір бірінен кері кетеді. Бұрмелеу үдерісінде цилиндрлі 2 дайындаманы аунақшалардың ортасында орналастырылған 4 пышақ ұстап тұрады. Кескінің пішіні аунақшалардың шетінде бұйымның бұрандасының айналы кескіні болып табылады.

Бұранданы аунақшалармен үзіліссіз бұрмелеу бірдей айналу жиілігі бар ( $n_j = n_2$ ), 1 және 3 әртүрлі диаметрлі ( $D_1 > D_2$ ) екі аунақшамен тангенциал қыйғаштап беріліспен жүргізуге болады, бұл жерде аунақшалардың орталарының арасындағы қашықты тұрақты болып қалады. Бұл әдісте 2 дайындаманы ұстап тұратын пышақтың қажеттілігі жоқ.

1.52, *г* суретте бұранданы, екі шүйделенген 1 және 3 аунақшалармен тангенциал қыйғаштап беріліспен бүрмелеу көрсетілген. Әрбір мұндай аунақшаның жүктемелі-жүктеусіз 4 бөлігі бар, олар бұранданың ішкі диаметрімен төмен радиус бойынша кесу жолымен жасалған. 1 және 3 аунақша білдекте орталарынан тұрақты қашықтықта орналастырады және берілген диаметрлі бұранда алуға есептелген. Аунақшалардың айналуы синхронды. 2 дайындама, 4 аунақшалардың қималары бір біріне қарама қарсы орналастырылған кезде өзінен өзі беріледі. Бұранданы бүрмелеу аунақшалардың бір айналымынан пайда болады.

Мұндай аунақшалар кейде көп циклды болады: бір аунақшада бірнеше жүктемелі-жүксіз 4 бөліктерді жасайды және тиісінше қалған көрсетілген бөліктер саны (екінші аунақша бұл жағдайда цилиндрлі, кәдімгі пішінді). Дайындаманы жұмысшы орнына арнайы сепаратормен бірітіндеп, 4 қималардың екінші аунақшаға келуіне қарай орнатады. Аунақшаның бір айналымында 1-7 дайындама бүрмеленуі мүмкін. Бұранданың бетінің бұдырлығы шүйінделген аунақшалармен бүрмелеу кезінде өседі.

Қарапайым бұранда кесуші аунақшалардың 3...4,5 мм диаметрлі метрлік бұрандаларды бүрмелеу үшін негізгі өлшемдері стандартты. Жоғары дәлдікті аунақшалардың бұрандасының пішінінің бұдырлығы  $Ra$  0,16 мкм кем болмау керек, кәдімгі дәлдікті аунақшаларда -  $Ra$  0,32 мкм.

Бүрмелеумен 120...340 НВ қаттылығы бар болаттан, сондай-ақ 6-шы, 7-ші квалитетке дейінгі дәлдігі бар және бетінің бұдырлығы  $Ra$  0,32...0,16 мкм түрлі-түсті металдар мен қоспалардан бөлшектерде 0,3-тен 150 мм-ге дейінгі диаметрлі, бұранданы бүрмелеумен алуға болады. Болаттан бөлшектерде бұрандаларды бүрмелеу жылдамдығы созудағы беріктігі дәлдігі  $\sigma_b = 400...800$  МПа болғанда 40...80 м/мин шегінде болады.


## 1.4. ЖАЗЫҚ БЕТТЕРДІ ӨНДЕУ

**Жазық беттерді өңдеу әдістерін таңдаудың технологиялық алғышарттары.** Жазық беттерді жону, сүргілеу, ұңғылау, фрезерлеу, ажарлау және созу арқылы өңдейді.

Жазық беттерді **жону** таза түрінде сирек кездеседі, мысалы, А шетін (1.53, *a* сурет) 4 бұранда ұстағышта бекітілген бұрандамен 3 көлденең беріліспен  $S_{көлд.}$  жонады. Бұл жерде дайындама 2 құрылғыда 1 орналастырылады және бұрыштық жылдамдықпен  $\omega$  айналып тұрады. А жазықтығының жонуын оған жабысып тұрған қысқа В цилиндрлі беттің (1.53, *б* сурет) өңдеуімен бірлесуі мүмкін, сол кезде осьтің бетінің берілген бетке көлденеңдігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда А жазықтығы мен В цилиндрлі бетін өңдеу бір кескішпен 3 бойлап береліспен  $S_{бой.}$  жүргізіледі, ал жазықтық жону бойынша ауысымдар амалда, бұйымның геометриясына қарай, басты немесе қосалқы болуы мүмкін. Жазықтықты жону цилиндрлі бетті жонумен бір ауысуда жүргізілуі мүмкін, мысалы, жіңішке бұрандамен жырашықты жону кезінде.

Жазық беттерге, жазық еместік шегінде пішіннің дәлдігі (ойыстық немесе дөңестік) бойынша талаптар қойылады, ол сызбаулгілік сызғышпен немесе бояуы бойынша анықталады. Жазық беттің бұдырлығы цилиндрлі беттің бұдырлығы сияқты өңдеу режимдеріне байланысты. Жазық беттің орналасуы бойынша дәлдігі көбінесе білдектің жұмыс аумағында орын алуымен, дайындаманың негіздеу дәлдігімен анықталады.

**Фрезерлеу** жаппай өндірісте бұрын пайдаланылған сүргілеу мен жартылай ұңғылаудың орнын басты. Фрезерлеумен өңдеу кезінде, сүргілеуге қарағанда көбірек өнімділікке жетуге болады, себебі бір уақытта көп жүзді құралмен, бір жүзді құрал - бұрандамен салыстырғанда көп бетті өңдеуге болады.



1.53-сурет. Жазық беттерді жону схемалары:  
*a* - ашық жазықтықтың (шетжағының); *б* - цилиндрлі бетке жабысып тұрған жазықтығың

Фрезерлеу кезінде өнімділікті көтеру бір уақытта өңделетін дайындамалар мен бір уақытта жұмыс істеп тұратын кесетін құралдар санының өсуімен, өңделетін дайындама мен құралдың жұмысшы және бос жүрістерінің ұзақтығын қысқартудан жеткізіледі.

Өңдеудің өнімділігін қамтамасыз ететін фрезерлеудің негізгі тәсілдері мыналар болып табылады:

- **параллелді**, яғни бір дайындаманың бірнеше бетін немесе бірнеше дайындаманы бір уақытта фрезерлеу. Бұл бір түзеткіште сәйкесінше цилиндрлі, дискілі және үлгілемді фрезалардың санын немесе дөңбек фрезаларды әр айналдырғыларда орналастыру арқылы, сонымен қатар үлкен диаметрлі бір дөңбек фрезамен немесе ұзын ұзындықты бір цилиндрлі фрезаның көмегімен іске асырылады. Мұндай фрезерлеу кезінде, кейбір ауысымдардың машиналық уақытымен қосалқы уақыттың азаюын сәйкестендіру салдарынан өңдеудің еңбек сыйымдылығы қысқарады;
- **біртіндеп** фрезерлеу дегеніміз білдектің үстелінде қатарлап орналасқан бірнеше дайындаманы (немесе бір дайындаманың бірнеше беттерін) білдектің үстелінің жұмысшы қозғалысының үдерісінде фрезаға келуіне байланысты біртіндеп фрезерлеу. Бұл жағдайда, қосалқы уақыт қысқарады, себебі ол машина уақытымен жабылады;
- **параллельді-біртіндеп** фрезерлеу, мұнда білдектің үстелінде қатарлап орналасқан бірнеше дайындаманы бір уақытта (немесе бір дайындаманың бірнеше беттерін) өңдеуді біртіндеп өңдеумен құрамдастырады. Бұл тәсілді пайдаланғанда еңбек сыйымдылығы қысқаруымен қатар, қосалқы уақыт қысқарады, сондықтан машина уақыты да қысқарады;
- **бұрылатын үстелдерде және құрылғыларда** фрезерлеу. Бұл жағдайда, өңдеудің еңбек сыйымдылығы көп қосалқы уақыттың машина уақытымен қиыстыруы салдарынан қысқарады, себебі өңделген дайындаманы алған кезде үстелдің немесе құрылғының басқа позициясында бөлшекті фрезерлеу кезінде жаңасын орнатады;

- **екі жақты беріліспен** (маятниктік беріліс) фрезерлеу. Бұл өңдеу тәсілі алдыңғының бір түрі болып табылады, оны бұрылатын құрылғыларды пайдалану қиын, ұзын дайындамалардың қысқа беттері үшін пайдаланады;
- **үзіліссіз** фрезерлеу дегеніміз, өңделетін дайындамаларды дөңгелек үзіліссіз айналып тұрған үстелге немесе барабанды құрылғыға орнатып, білдектің айналдырғыларында орналастырылған дөңбек фрезалармен фрезерлейді. Мұндай фрезерлеуде даналық уақыт машина уақытына жақын немесе тең болуы мүмкін.


Жазық беттерді **фрезерлен** өндеуді цилиндрлі немесе дөңбек фрезалармен жүргізеді. Дайындаманың 1 жазық А бетін цилиндрлі фрезамен 2 (1.54, а сурет) өңдеу кезінде, көлденең-фрезерлі білдектерді пайдаланады, оларға дайындаманы көлденең орнатады. Фрезаның ұзындығы  $L$  бұл кезде өңделетін беттің енінен  $B$  үлкен болу керек. Фреза 2 бұрыштық жылдамдықпен  $\omega$  айналып тұрады, ал дайындаман 2 білдектің үстелімен 3 бірге  $S_{\text{өнім}}$  бойлық беріліспен жылжиды. Осы кезде  $H$  әдібі шешіледі.

Жазық беттерді дөңбек фрезамен 4 (1.54, б сурет) өңдеу цилиндрлі фрезамен салыстырғанда дәлірек және өнімдірек. Кең жазықтықтарды фрезерлеу үшін салынбалы кескіштері бар, ірі дөңбек фрезаларды пайдаланады. Түрлі-түсті металлдардан дайындамаларды (алюминий және оның қоспалары) өңдеу кезінде бір тісті дөңбек фрезаларды пайдаланады. Мұндай фрезерлеу амалдары бір жүріспен орындалады. Дайындама 1 берілісінің қозғалысы үстелмен 3 қатты байланысқан, білдектің түрі мен үстелге байланысты түзу сызықты және шеңберлі болуы мүмкін.

Бөлшектерді көптен шығару кезінде бір уақытта бірнеше бөлшектерді өндеуді қолданады, бұл кезде білдектің үстелінң барлық ауданын және оның үлкен жүрісін пайдаланады. 8-қосымшада өндеуге қажетті әдіптердің өлшемді ұсынылған, олар дайындаманың бекітілуінің беріктігімен, дайындаманың төзімділігімен және фрезерлеу білдегінің қуаттылығымен шектеледі.

Фрезерлеу білдектерінде жазық беттерді цилиндрлі фрезамен білдек үстелінің бекітілген дайындамамен бірге қозғалысы кезінде фрезаның айналымы бағытына қарсы, яғни **қарсы фрезерлеумен** (1.54, в сурет) немесе сол бағытпен, яғни (1.54, г сурет) **бағыттас фрезерлеу** әдісімен өндеуге болады.





1.54-сурет. Жазық беттерді фрезерлеу схемасы:

*а* - цилиндрлі фрезамен; *б* - деңбек фрезамен; *в* - қарсы; *г* - бағыттас; *д*, *е* - тік жазықтықты және дискілі үш жақты фрезамен ою; *ж* - саусақты фрезамен ою; *з* - екі деңбек фрезаның бүйірлі беттерімен; *и* - күрделі пішінді фрезалар жиынтығымен

Екі жағдайда да фрезаның әрбір тісімен алынатын жоңқа үтір түрінде болады, бірақ бірінші жағдайда жаңқаның қалыңдығы кескен сайын үлкейе береді, ал екіншіде кішіреді.

Қарсы фрезерлеудің құндылығы тіске жүктеменің өсуінде және тістердің металдың қабатының астына кіркесуінде. Бұл әдістің кемшілігі фрезаның дайындаманы үстелден жұлып алу қауіпінде.


Фрезерлеудің дәлдігі білдектің, құралдың типтеріне, кесу режимдеріне және басқа да факторларға байланысты. Фрезерлеу кезінде 8-ші, 11-ші квалитетті дәлдікке жеткізу мүмкін, ал жедел және жіңішке фрезерлеу кезінде 6-шы, 7-ші квалитетке жеткізу мүмкін. Тазалық фрезерлеу кезінде беттің бұдырлығы 4-6 класты болуы мүмкін.

1.54, *д-и* суретте фрезерлеу білдектерінде әр түрлі өңдеу түрлері көрсетілген.

Фрезерлеудің дәлдігі білдектің түріне, кесетін құралға, кесу режимдеріне және басқа да факторларға байланысты. Фрезерлеудің күнделікті жағдайында, өңдеу дәлдігі жедел фрезерлеуде 7-ші, 8-ші квалитетті дәлдікке, ал жіңішке фрезерлеу кезінде 6-шы квалитетке жеткізілуі мүмкін.

**Жазықтықтарды ажарлауды** тазалап жонудан немесе тазалап фрезерлеуден кейін жүргізеді. Дайындаманың 2 жазықтығын А және оған жабысып тұрған сыртқы цилиндрлі бетін В дөңгелеп ажарлау білдегінде ішіне енгізе отырып, 3 қажақты шарықтаспен бір амалмен ажарлайды, өйткені, бұл беттер алдын ала тап солай бір амалмен жонылған. С жазықтығы және дайындаманың жабысып тұрған ішкі цилиндрлі бетін D ішкі ажарлау білдегінде қажақты шарықтаспен 4 бір амалмен ажарлайды. Дайындаманың 2 деңбек бетін М (1.55, *в* сурет) көп жағдайларда тап солай ішкі ажарлау білдегінде ажарлауға болады.

Барлық қаралған мысалдарда дайындама ортасында 1 немесе құрылғыда 5 дәл орналастырылған және  $v_{\text{дайын}}$  шеңберлі жылдамдықпен айналып тұрады, ал қажақты шарықтас кесудің  $v_{\text{айн}}$  айналып тұрады.




1.55-сурет. Жазық беттерді ажарлау:

- а* - жазықтығын және оған жабысып тұрған сыртқы цилиндрлі бетін;
- б* - жазықтығын және жабысып тұрған ішкі цилиндрлі бетін;
- в* - ашық деңбек бетін (шетжағы)

**Ашық жазықтықтарды** ажарлау үшін жазық ажарлағыш білдектерді пайдаланды. Бір жазық ажарлағыш білдектерде, мысалы магнитті үстелде 1 орналасқан дайындаманы 2 қажакты шарықтастың қапталымен 3 ажарласа (1.56, *а* сурет), екіншілерінде - шарықтастың шетімен 3 (1.56, *б* сурет). Кейбір білдектердің үстелдері 1 - бұрыштық жылдамдықпен  $\omega$  айналып тұрған, дөңгелек (1.56, *в* сурет), оларға бірнеше дайындамаларды 2 бір уақытта орнатады, олар қайтымды ілгерілеме қозғалыс  $S_{\text{прод}}$  жасап тұрған, қажакты шарықтастың 3 шетімен өңдейді. Кейбір білдектерде, (1.56, *г* сурет) үстелдері 1 тік бұрышты, түзу сызықты қайтпалы-ілгерілімелі  $S_{\text{прод}}$  қозғалысымен. Дайындамалар 2 арнайы құрылғыға немесе магнитті үстелге 1 бекітіледі. Магнитті үстел жұқа бөлшектердің жазықтықарын екі жақты ажарлау үшін ыңғайлы.

Жазықтықтарды шарықтастың дөңгегімен ажарлаған өнімділеу, бірақ, шарықтастың шетімен ажарлауға қарағанда аз дәлдікті береді. Қаралтым ажарлаудың дәлдігі 10-шы, 11-ші квалитетке, ал



1.56-сурет. Ашық жазықтықтарды ажарлау:

*а* - шарықтастың дөңгегімен; *б* - шарықтастың шетімен; *в* - бірнеше дайындамаларды шарықтастың шетімен; *г* - бірнеше дайындамаларды қажакты шарықтастың шетімен тік бұрышты үстелде.

тазалап ажарлауда - 8-9-шы квалитетке тең. 9-қосымшада жазықтықтарды ажарлауға ұсынылған әдіптердің өлшемдері көрсетілген.

**Жазықтықтарды ажарлауды** жазықтықтарды ажарлау немесе сүргілеуден кейін тазалау амалы ретінде, жоғары дәлдікке жету және өңделетін беттің бұдырлығының класына жету үшін, және де шындалған болаттан дайындамалардың беттерін соңғы өңдеу үшін пайдаланады. Көп жағдайларда, жазықтықтық ажарлау фрезерлеуге қарағанда үнемділеу болуы мүмкін, әсіресе қатты металдарды, қатты қабықтың немесе өңдеуге кішкене әдіп болған кездегі өңдеу кездерінде.

**Жазықтықтарды созу** ажарлау немесе сүргілеуге қарағанда, өнімдірек және өңдеудің дәлірек әдісі. Өңдеуге үлкен әдіп болған кезде (2...6 мм), созу қаралтым және таза фрезерлеуді алмастыра алады, сонымен қатар, ажарлау жазық беттің ( $Ra$  1,25...2,5 мкм) бұдырлығының жоғары класын қамтамасыз етеді.

Кесілген контурды **созу** ажарлау немесе сүргілеуге қарағанда, бір уақытта өңделетін беттің жоғары дәлдігіне және бұдырлығының жоғары класына жетуін қамтамасыз еткен кезде, өнімдірек әдіс болып табылады.

Жазық беттерді барлық енімен созады, сондықтан созу тісі, созылатын бетке қарағанда бірнеше кең болады. Жазықтықтарды созу схемасы тесіктерді созу схемасымен бірдей. Созуды бір уақытта бірнеше созу тістерімен, металдың барлық әдібі созудың бір жұмысшы жүріспен түсетіндей етіп орындайды, бұл кезде әдіп созбаның барлық тістерінің арасымен біркелкі таралу қажет. Бұл аз машина уақытында жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді.

Өңделмеген беттер мен шындалғандарды кәдімгі жазық созбамен созу кезінде, олардың кесуші жиектері тез мұқалады және бояуы кетеді. Бұл жағдайларда кесетін жиектері созбаның қозғалысының бағытына қатысты еңкейіп орналасқан созбаны пайдаланады, металды өңделетін беттің барлық енімен емес, жіңішке қиықтармен кеседі, бір уақытта бір тіске 0,4...0,8 мм жоңқаларды алады, ал калибрлеуші тістер, яғни үдемелі кесу созбаларымен өңделетін беттің барлық енін тазалайды.


Сыртқы созу кезінде әдіптің шамасы, созып өңдеу өңделмеген бетпен ба (күю, шындау) немесе алдын ала өңделген бетпен (фрезерлеу, сүргілеу) жүргізілгеніне байланысты болады. Бірінші жағдайда, бір жаққа әдіп 2-ден 6 мм-ге дейін, ал екіншісінде - 0,25-тен 1 мм-ге дейін алынады. Сыртқы созу кезінде беттің бұдырлығы  $Ra$  2,5...0,63 мкм сәйкес келеді. Кейбір жағдайларда,  $Ra$  0,63 мкм және  $Ra$  0,32 мкм сәйкес беттің бұдырлығы болуы мүмкін.

Созу кезінде өңделетін беттің дәлдігі мен бұдырлығы негізінен кесу процесіне серпімді өзгерудің өте аз әсер етуімен, жоңқаның аз қалыңдығы және кесудің төмен жылдамдықтарымен түсіндіріледі. Өңдеудің бұл түрін таңдаған кезде созу жұмыстарының өздік құны көп деңгейде созбаларды дайындау мен қайрауға, созу құрылғысын алуға шығындардың өлшеміне сәйкес келетінін ескеру қажет.

Созу бір біріне жанасқан бірнеше жазық беттердің сәйкестенуін алу үшін кеңінен пайдаланылады. Мұндай созудың сипаттық мысалы дайындамада 1 шпондық оймаларды М алу (1.57-сурет) болып табылады. Дайындама 1 өзінің тесігімен адаптерге 2 киіледі. Созба ойманың 3 бойымен кесу жылдамдығымен  $v_{кес}$  жылжиды. Созбаның К әрбір тісі металдың жұқа қабатын алады. Адаптер дайындамадан төрткілдеш созбаны 3 қысуына қарсы болады.

Жазық беттерді өңдеу үшін созбаларды тұтастай 500 мм-ге дейін ұзындықта дайындайды, ал үлкен ұзындықта (2000 мм дейін) оларды құрамдас түрінде орындайды. Бұл жағдайларда созбаның құрамдас бөліктерін өзара қосады және созу білдектің ұзын қатты үстеліне бекітеді.

Әрлеу үшін қажақтарды пайдалану арқылы өңдеуді - *жетілдіру, сылау және әрлеу* қажақтарын пайдаланады. Сонымен қатар, беттерді толық өңдеу үшін *қыруды* пайдаланады. Жазық беттерді қажақтарды пайдалана отырып өңдеу, айналу денелерінің сыртқы беттерін өңдеуге сәйкес жүргізеді.



1.57-сурет. Үш жазықтықтың үйлесімін алу үшін созу (шпондық ойма)

Сылау, беттің өте дәл алдын ала өңделуін қажет етеді, өйткені сылауға көп әдіп қалдырылса, өңдеу уақыты созылады және сылағыш тез тозады. Жазық беттерді сылау үшін қалдырылатын әдіп 8... 18 мкм шегінде болған жөн.

Қыруды қырғыштың көмегімен қолмен немесе механикалық әдіспен орындауға болады. Бірінші әдіс орындаушының жоғары кәсіптілігі бола тұра, көп шығынды қажет етеді, бірақ жоғары дәлдікті қамтамасыз етеді. Екінші әдіс, қырғыш қайтымды ілгерілме қозғалыс алатын, арнайы білдектер арқылы іске асырылады. Бұл әдісте аз уақыт жұмсалады, бірақ күрделі беттерді өңдеу үшін қолдануға болмайды.

**Сүргілеу және қашау** көбінесе сериялы, аз сериялы және бірлікті өндірісте пайдаланылады, өйткені сүргілейтін және қашайтын білдектерде жұмыс істеу үшін күрделі құрылғылар мен құралдар қажет емес. Бірақ өңдеудің бұл түрлері өнімсіз. Бір немесе бірнеше кескіш санымен кері бос жүрістерге уақыт босқа жоғалып өңделгендігінен, өнімділік төмен болады.

**Сүргілейтін және қашағыш білдектерде өңдеуді** жонғыш білдектерге ұқсас, сүргілеу білдегінде кескіштермен жүргізеді. Бірақ, жонғышпен өңдеуге қарағанда, сүргілеуді үзік-үзік жоңқаларды ала отырып, дайындаманың немесе кескіштің ілгерілмелі түзу сызықты қозғалысында орындайды.

Әмбебап сүргілеу білдектері бойлап және көлденең сүргілеу болып бөлінеді. Бойлап сүргілеу білдектерінде басты жұмыс қозғалысы дайындамаға хабарланады, көлденең сүргілеу білдектерінде - кескішке. Арнайы сүргілеу білдектері - жиекті сүргілеу, көшіргіш сүргілеу және басқа білдектер болады. Бойлап сүргілеу білдектері бір, екі бағанды және порталды болып бөлінеді.

Бойлап сүргілеу білдектері үстелдерінің ұзындықтары олардың қызметіне байланысты 12...15 м жетеді. Үстел төрткілдеш берілістердің немесе гидравликалық құрылғылар арқылы қозғала алады. Соңғы жағдайда, механикалық жетекке қарағанда, үстелдің жоғары жылдамдық жүрісіне және баяу керікімылдауға жеткізуге болады.


Бойлап және көлденең сүргілеу білдектерінде кескішті ұстағыш кескішпен бірге кері жүріс кезінде тік жазықтықта айнала алады. Кескішті суппорттың биіктігі бойынша орнату үшін кескіш ұстағыш тік бағытта жылжи алады. Көлбеу беттерін өңдеу үшін суппорт қажетті бұрышқа бұрылуы мүмкін.

Сырғақтың қозғалысы сужүйеден немесе жықпыл механизммен іске асырылады. Сырғақтың ілгерілеме қозғалысының жылдамдығы жүрістің ұзындығы бойынша айнымалы көлемі болып табылады, және де өнімділікті арттыру үшін кері жүрістің жылдамдығы жұмысшы жүрістің жылдамдығынан 1,5-2 есе жоғары.

Қашағыш білдектерде қашау кезінде кескіш тік бағыттағы қайтымды ілгерілемелі қозғалыс жасайды, ал беріліс қозғалысы дайындамамен іске асады, ол бойлап және көлденең бағытта жылжиды, сонымен қатар тік ось айналасында айналу қозғалыс жасауы мүмкін. Қашайтын білдектерді көбінесе, бірнеше жазықтықтардың үйлесімі болып табылатын шпондық ойымды, жырашықты, пішінді тесіктерді қашау үшін пайдаланады.

Сүргілейтін және қашайтын білдектерде орындалатын жұмысқа тән түрлері 1.58-суретте көрсетілген.

Бұл өңдеу түрлерінде кесу жылдамдықтары үлкен емес. Мысалы, қаралтым жүріске шойын дайындамаларды сүргілеу кезінде 15...20 м/мин жылдамдықта кесу қажет, таза үшін - 4...12 м/мин жылдамдығымен, тиісінше 0,5...0,8 және 0,08 мм тереңдікпен кесу ұсынылады. Мұндай сүргілеуде беттің бұдырлығы  $Ra$  1,25 мкм жетеді.



1.58-сурет. Сүргілейтін және қашайтын білдектерде орындалатын жұмыс түрлері:

*a* - жазықтықты сүргілеу; *б* - ойымды сүргілеу; *в* - Т-түрлі ойымды сүргілеу; *г* - бұрыштық пішінді қашау; *д* - төртбұрышты тесікті қашау

Сүргілеу және қашау кезінде кескіштерді шама бойынша «өлшеммен» немесе үлгілер бойынша және сирек «үлгілі жоңқалар» арқылы орнатады.

Өңделетін дайындамаларды білдектің үстеліне орнатады, түзетеді және ұстағыштармен немесе басқа да қалыптанған қысқыштармен бекітеді.

Сүргілейтін және қашайтын білдектерде жұмыс жасау кезінде, осы білдектердің өнімділігін төмендететін қосалқы уақыт біршама көп. Бойлап сүргілеу білдектерінде ұзын және жіңішке жазықтықтарды өндеген тиімді, мысалы болат беттер мен плиталардың жиектері, металкесуші білдектердің бағыттайтын тұғырлары және т.б.

Сүргілеу білдектерінде өнімділікті мыналарды пайдалана отырып арттырған жөн:

- бір ұстағышта бір мезгілде бірнеше кескіштерді пайдалану, мұнда жұмыс жүрістердің санын қысқартады және бір уақытта бірнеше суппорт жұмыс істеп тұрғанда бір жұмыс жүрісінде ең көп әдіп шешуге мүмкіндік береді, нәтижесінде өңдеу уақытында бірнеше беттерді өңдеу біріктіріледі;
- таза сүргілеу кезінде кең кескіштер мен үлкен берілістерді пайдалану;
- үлгілемді сүргілеу кезінде кескіштерді бекіту үшін арнайы бекіткіш қысқыш құрылғыларды және үлгілерді пайдалану, мысалы білдектердің V-түрлі бағыттаушы тұғырларын сүргілеуде және т.б.

Өңделетін дайындаманы сүргілеу білдегінде бекіту және қысу кезінде, қысқыштар дамытатын күштермен дайындаманың пішіні өзгеріп кетпеуін бақылау қажет, бұл үлкен габаритті көлемді дайындамаларды тазалап сүргілеу кезінде маңызды. Сондықтан, мұндай дайындамаларды қаралтым сүргілеуден кейін, барлық қысқыштарды босатып және қайтадан дайындаманы, пішіні өзгермейтіндей етіп қысу қажет.

Тазалап өңдеу кезінде сүргілеу білдегінің жай жүретінін ескеріп, 15-тен 40 мм-ге дейін кең кесуші жиегі кең кескіштерді және өңделетін беттердің қажетті дәлдігі мен бұдырлығына байланысты үлкен берілістерді (10-нан 25 мм/қ. жүр) пайдаланады.

**Қашаумен** басқа білдектерде амалды орындау мүмкін емес немесе қиындық тудыратын болса, ішкі контурлы беттерді өңдейді.



**Күрделі беттердің түрлері және олардың жіктеуі.** Қазіргі заманғы турбиналарда, автокөліктерде, металл кесуші білдектерде, ұшақтарда, механизмдерде күрделі пішінді бөлшектерді қолданады. Күрделі пішінді беттерді пайдалану, энергетикалық және күшті құрылғылардың (мысалы, су және пар турбиналарының қалақтарының пішіндері, ескіш винттер және с.с.) пайдалы қозғалысының коэффициентін (ПҚК) көтеру қажеттілігімен және машина мен механизмде берілген қозғалысты іске асыру (қозғалтқыштың таратушы біліктерінде, білдектердің кинематикалық шынжырында жұдырықшаларды пайдалану) қажеттілігімен бөлшекпен, жинақ бірлігімен немесе машинамен (мысалы, турбинаның жұмысшы дөңгелегінің қимасына тең қарсылық беру) орындалатын, жұмысшы үдерістің тағайындалуы мен талаптарымен түсіндіріледі.


1.59-суретте күрделі беттері бар бөлшектердің тән түрлері көрсетілген.

Техникада бөлшектерді әртүрлі беттермен жасайды, дегенмен, ең көп тарағаны үш түрі:

- алгебралық деп аталатын, нақты пішінді және кеңістіктегі нақты орналасқан математикалық теңдеулерге негізделген беттер;
- сандық белгілері бар беттер деп аталатын, беттерінің пішіні бөлек нүктелермен анықталған, ал сол нүктелердің координаттары, әдетте кестеге салынған сандық белгі ретінде берілген беттер;
- конструктивті деп аталатын, формалары конструктивті қажеттілікпен анықталатын беттер.

**Күрделі беттерді өңдеу әдістері.** Күрделі беттерді әртүрлі әдістермен өңдеуге болады: көшіргіштермен, икемделген кинематикалық тізбектерді, құрастырғыш деп аталатынды пайдаланып, сонымен қатар, әртүрлі өңдеу әдістерін үйлестіре отырып.

**Көшіргіштер** көшіргіш құралының жетекші бөлшегі болып табылады, оның кескіні кесетін құралдың қозғалысының траекториясын анықтайды, ол өңделетін беттің үлгілеміне сәйкес болу керек.



1.59-сурет. Күрделі беттері бар бөлшектердің тән түрлері:

*a* - ескіш винт; *б* - қалақты аспап; *в* - сорғының дөңгелегі; *г* - ауыспалы жүрісті винт; *д* - су турбинасының дөңгелегі; *е* - дискілі жұдырықша; *ж* - цилиндрлі жұдырықша; *з* - жұдырықшалардың блогы.


Көшіру үдерісін басқару жүйесін тікелей және тікелей емес әрекетке бөлінеді. **Тікелей әрекет** ету кезінде көшіргіш аунақшаның (саусақтың) және көшіргіштің контактын жүктің салмағымен, гидравликалық қысымның күшімен немесе серіппені қысу күшімен қамтамасыз етіледі. **Тікелей емес** әрекетті жүйесі кезінде көшіру аунақшасы көшіргішпен, жүздеген немесе ондаған граммен есептелетін азғантай күшпен жанасады. Бұл жүйеде көшіру аунақшасы аралық жылжымалы элементі болып табылады, оның азғантай жылжулары миллиметрдің жүздік немесе ондық үлестерімен өлшенеді, команда түрінде арнайы күшейткіш құрылғыларға беріледі, олар атқарушы механизмдерге әсер етеді, кесетін құралды жылжытады және дайындаманы өңдейді.

1.60, *a* суретте механикалық басқарылатын тікелей әсер етіп басқарылатын жүйесі бар көшіріп өңдеу схемасы келтірілген. Үстел 9 редуктордан 7 қозғалғыш бұрандадан 8 жылжиды. Үстелде 9 көшіргіш 1 және дайындама 10 орналастырылған. Үстел қозғалған кезде саусақ 2 қысқышпен 3 бірге көшіргіштің 1 әсерімен 4 серіппені қысады және 5 бағанаға қарай тік бағытта жылжиды. Саусақтың 2 түрі мен өлшемдері бар фреза 6 жылжып келе

жатырғанда қысқышпен бірге, көшіргіштің түрін бере отырып, дайындаманы өңдейді. Күші фрезада кесу күшінің тік қосындысына қарағанда көп серіппенің 4 жұмысы саусақ пен көшіргіштің арасында тұрақты контакт қамтамасыз етеді.

1.60, б суретте гидравликалық, пневматикалық немесе электронды басқарумен тікелей емес әсер етіп басқарылатын жүйесі бар көшіріп өңдеу схемасы көрсетілген. Үстел 12 көшіргіш 14 пен дайындамамен 13 бәсеңдеткіштен 10 қозғалғыш бұранданың 11 ортасымен жылжиды. Бұл жерде саусақ 1 көшіргіштің 14 әсерімен, қысқышпен 5 қосылып, корпуста 2 жылжиды. Серіппе 3 саусақ пен көшіргіштің арасында тұрақты контакт қамтамасыз етеді. Саусақтың шамалы жылжуын қарапайым басқару командасы ретінде, гидравликалық, пневматикалық, электронды немесе басқа құрылғыларды пайдалан отырып, өсіруге болады. Мұндай өсіру аппаратта 4 жүреді, ол содан кейін команданы қозғалтқышқа 6 хабарлайды, соңғы бәсеңдеткіш және қозғалғыш бұранда 7 арқылы қысқышты 5 бағана 8 бойымен жылжытады. Сәйкесінше фреза 9 дайындаманы көшіргіштің үлгілемімен өңдейді.

Тікелей әрекет ету жүйесін көбінесе механикалық немесе қолмен басқарылатын көшіргіш білдектерінде пайдаланады, ал тікелей емес әрекетті жүйені гидравликалық, пневматикалық немесе электронды басқарылатын көшіргіш білдектерінде пайдаланады.



1.60-сурет. Тікелей (а) және тікелей емес (б) әсер етіп басқарылатын жүйесі бар көшіріп өңдеу схемалары

*Икемделген кинематикалық тізбегін пайдалану* кесетін құрал немесе өңделетін дайындаманың айналымын басқа құралдың немесе дайындаманың жылжуымен байланыстыратын кинематикалық тізбектің нақты пішінді дайындама алуды қамтамасыз ететініне негізделген.


Икемделген кинематикалық тізбегі арқылы өңделетін мысалдар, бұранданы кесу, бұрамдықты, серіппені және тіскесушіні өңдеу болып табылады.

Күрделі беттерді *икемдеу әдісімен* және *жүргізіп бейімдеу әдісімен*, икемделген кинематикалық тізбегін пайдалана отырып, өңдейді.

Икемделген кинематикалық тізбекті пайдалану қарапайым құрылғының арқылы, әсіресе, шыңында кішкене бұрышты конустарды өңдеуге мүмкіндік береді (1.61-сурет). Ол үшін көлденең берілісті суппорт винтіне 7 сермердің орнына барабан 5 орнатады және оның бетіне иілімелі металл тросын 2 бекітіп, тросың бір шетін барабанның бетіне тағады, екінші шетін, білдектің станинасына бекітілген қозғалыссыз тіреуге 1 орнатады.

Суппорттың 4 бойлап берілісі кезінде солдан оңға қарай, бойлап берілістің әсерінен (қозғалғыш бұрандадан) барабан тросың созылуына қарай бұрыла бастайды және көлденең берілістің жүрісті винтін айналдырады. Кескіш 6 дайындамада 3  $\alpha$  бұрышты конусты өңдейді.

Жүргізіп бейімдеу әдісімен өңдеу кезінде, кесуші құрал немесе өңделетін дайындаманың үйлесімі іске асырылады. Бұл жағдайда, қалыпқа келтірілген кесетін құралдың нақты айналу жылдамдығын қамтамасыз ету қажет, оның орташа шеңберінің ұзындығы бейімделетін бөліктің ұзындығын, мысалы ұштау кезінде, құрайды.



1.61-сурет. Икемделген кинематикалық тізбегі әдісімен конусты өңдеу

Жүргізіп бейімдеу әдісі көбінесе жонғыш, фрезерлі және қашайтын білдектерде кеңінен пайдаланылады.

Жүргізіп бейімдеу әдісімен жұмыс істеу барысында айналу денесінің бастапқы тіке пішіні бойымен құралдың пішінінің бастапқы шеңбері сырғусыз жылжиды. Өңделуге жататын дайындама айналып тұрады, ал кесуші құралдың осі дайындаманың осі бойымен біркелкі қозғалады. Мұндай жұмыс схемасында кескіш құралдың пішіні, құралдың бастапқы шеңберінің бойымен теңселуі кезінде өңделетін дайындаманың пішінінің жүйелі орындарының жасаушысы ретінде көрсетіледі.

Бұл өңдеу әдісінің келесі құндылықтары бар:

- оны пайдалану өңделетін дайындаманың жасаушы пішінімен шектелмейді;
- құралдың кірекесу жағдайы жақсарады (құралдың кесуші жиегі ілінісу уақыты аз);
- дайындаманың үлгілемі білдекті күрделендіру жолымен емес, кесуші құралдың формасы есебінен қалыптасады;
- білдекті күту және жөнге келтіру жеңілдейді.

Бұл әдістің кемшіліктері жобалау және құралды дайындау күрделілігі, көп жағдайларда үлгілемдердің өзара үйкелісу орындарында ауыспалы қисықтарды өңдеу қиындығы.


Жүргізіп бейімдеу әдісімен өңдеу кезінде пайдаланылатын бір қалыпталған кескіштер пішін түрінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, өңделетін дайындамалардың өлшемдерінің дәлдігін және көп қайта қайрауды қажет етеді.

Қалыпқа келтірілген кескіштің кесуші жиегі өңделетін дайындаманың пішінінің формасындай, бұл бір өткенде бірнеше өтулер мен амалдарды біріктіріп, беттің түқуысыздықты және қисықсыздықты бөліктерін өңдеуге мүмкіндік береді.

Қалыпқа келтірілген кескіштерді конструкциясы, осьтерінің орындары, бетті қалыптастыратын түрі және құрылғысы бойынша бөледі. Конструкциясы бойынша қалыпқа келтірілген кескіштер дискілі (1.62, *a* сурет), призмалық (1.62, *b* сурет) және өзекті (1.62, *в* сурет) болады. Дайындамаға қатысты кескіштерді, дайындаманың осінің кескіштің осіне қатысты параллелді және еңкішті орналасуымен, радиады және тангенциалды бағытта орналастырады.

Бетті жасаушы түрі бойынша келесі қалыпқа келтірілген кескіштерді бөледі: сақиналы немесе винтті жасаушысы бар дөңгелек және жазық жасаушысы бар призмалық.

Қалыпқа келтірілген кескіштің пішінін графикалық немесе талдамалы әдістермен есептейді. Графикалық әдіс қисық түрлі төмен дәлдікті дайындамаларды өңдеу үшін арналған қалыпқа




1.62-сурет. Дискілі (а), призмалық (б) және өзекті (в) қалыпқа келтірілген кескіштермен өңдеу

келтірілген кескіштерді есептеу кезінде пайдаланады, талдамалыны - дәл дайындамаларды өңдеу үшін арналған кескіштерді есептеу кезінде.

**Құрастырғыштар** деп, бөлек механизмдер түрінде орындалған көшіргіштерді айтады, олар кәдімгі көшіргіштермен жаңғырту дәлсіздеу немесе өте қымбат болатын, кескіндерді немесе тұйықталған дәл қисықтарды алуға көмектеседі. Құрастырғыштарды түрлері бойынша үш топқа бөледі: көшіргіш құрылғыға әсер ететін механизмдер түріндегі құрастырғыштар; атқарушы құрылғыға тікелей әсер ететін механизмдер түріндегі құрастырғыштар; электр құрастырғыштар.

1.63-суретте қарапайым құрастырғыштар арқылы көшіргіш фрезерлі білдектерде үлкен диаметрлі тесіктерді өңдеу схемасы көрсетілген. Білдектің үстеліне 1 дайындаманы 2 орнатады. Құрылғының корпусында 3 бекітілген осі 4 жылжымалы сызғыш 5 айналып тұр, мұнда бөліктерімен бойлық ойық бар. Сызғыштың бір шетінде, көшіргіш саусағы 6 енгізілетін тесік орнатылған, екіншісінде - «өлі» орындардан өтулерді қамтамасыз ететін қарсы салмақ (суретте көрсетілмеген). Қарсы салмақтың әсерімен сызғыш айналу ортасынан айналып бұрылуға тырысып, сызғыштың тесігіне енгізілген саусаққа әсер етеді. Қарсы салмақтың әсерімен саусақтың ауытқулары білдектің байқаушы басқару механизмдеріне белгі ретінде беріледі де, фрезамен қайталауды саусақтың қозғалысымен шақырады. Фреза айналып тұрып, сызғыштың шығып тұрған бөлігіне тең радиусты қисық сызықты ойықты кеседі.



1.63-сурет. Қарапайым құрастырғыштар арқылы көшіргіш фрезерлі білдектерде үлкен диаметрлі тесіктерді өңдеу схемасы

Шеңберді бөлігі көрсетілген құрастырғышты пайдалана отырып өңдеу үшін өңделетін дайындаманың бетіне белгі қояды. Фреза бастапқы нүктеге келтіреді, көшіргіш саусағын сызғыштың тесігіне енгізеді, ол қажетті радиус қашықтығына жылжиды. Ойықты өңдеу, фреза бастапқыдан соңғы нүктеге жеткен кезде аяқталады. Сызғышты корпус 3 бойымен орнын ауыстыруы өңдеудің радиусын өзгертеді, содан айналып тұрған сызғыш нақты тереңдікті тұйық ойықтың өңделуіне көмектеседі.


## 1.6.

## ТІСТІ БЕТТЕРДІ ӨНДЕУ

**Тісті дөңгелектердің түрлері, олардың қолданылуы және сипаттамасы.** Қазіргі заманғы машиналардың берілістерінде түрі, көлемі және пішіні бойынша әртүрлі дөңгелектер - құралдар жасау үшін кішкене тісті дөңгелектерден ауыр машина жасау үшін арнайы пішінді тісті дөңгелектерге дейін, кеңінен пайдаланылады. Ең көп тарағаны тік және қисық тісті цилиндрлі тісті дөңгелектер.

1.64, *а* суретте - **тік тісті цилиндрлі** тісті дөңгелектер, 1.64, *б* суретте **қисық тісті цилиндрлі** тісті дөңгелектер көрсетілген. Қарама-қарсы еңкею бұрыштары бар екі қисық тістерді цилиндрлі дөңгелектердің жигінде қосылысы шырша (шыршалы) тісі бар тісті берілісін көрсетеді.

1.64, *в* суретте **осьтері қиыстырылған конустық беріліс** көрсетілген, мұнда осьтері кездесетін жеріндегі бұрыштың белгісі кез келген болады. Конустық дөңгелектердің тік, қисық және қисық сызықты тістері бола алады.



1.64-сурет. Тісті іліністер түрлері (а-е)

1.64, *г* суретте, **винтті тстері бар** екі тісті дөңгелектерден тұратын, **тоғыспалы осьтермен** тісті беріліс көрсетілген. 1.64, *д* суретте, **тоғыспалы осьтермен** тісті берілістің тағы бір схемасы - **кәдімгі бұрамдықты беріліс** көрсетілген, оның басқа саналғандардан айырмашылығы мынада: берілістің бір элемент винт (бұрамдық) болса, екіншісі винттің айналымдарымен ілініскен қалыпқа келтірілген тісі бар тісті дөңгелек.

1.64, *е* суретте, кәдімгі **төрткілдеш беріліс** көрсетілген, оның бір элементі тік немесе қисық тісі бар тісті дөңгелек болып табылса, екіншісі - тісті төрткілдеш, оны шексіз көп санды тістері бар тісті дөңгелек ретінде көрсетуге болады. Төрткілдеш жұп қозғалысына тісті дөңгелектен төрткілдешке және кері қарай береді.

Қазіргі заманғы машина жасауда бастысы, тістің эвольвенталды пішіні бар тісті дөңгелекті қолданады.

МемСТ 9178-81 «Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Тісті цилиндрлі ұақ модульді берілістер. Шектер» және МемСТ 1643-81 «Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Тісті цилиндрлі ұақ модульді берілістер. Шектер» бойынша дәлдіктерінің кемуі тәртібімен деңгейлері аталған, тісті дөңгелектердің дәлдіктерінің және берілістерінің деңгейі 12 анықталған. Дәлдіктің әрбір деңгей үшін дөңгелектің кинематикалық дәлдіктерінің, дөңгелектің жұмысының жатықтығының, тістердің, бүйір саңылауы ұштасуының нормалары анықталған.

**Кинематикалық дәлдіктің нормасы** дәл дөңгелекпен бір пішінді ілінісу кезінде айналымдағы тісті дөңгелектің бұрылу бұрышының ең көп кемшілігінің өлшемін анықтайды. Бұл кемшіліктер тісті дөңгелекті кесу кезінде, өңделетін дөңгелектің дайындамасының және кесуші құралдың өзара орналасуының кемшіліктерінің салдарынан, сонымен қатар, тіс кесуші білдектің кинематикалық кемшілігі салдарынан пайда болады. Кинематикалық дәлдіктің көрсеткіші **шекті кинематикалық кемшілік  $AF_f$**  (1.65, *а* сурет) болып табылады.




Кинематикалық кемшілікті, дөңгелектің бір шеңберіндегі екі кез келген бір атаулы 1-8 пішінді тістердің өзара орналасуындағы ең көп кемшілік болып табылатын,  $F_f$  шеңберлі жүрісінің шекті жинақтаушы кемшілігімен бағалауға болады (1.65, б сурет).

Кинематикалық кемшілік  $v_w$  белгіленеді, көрсеткіші болып, жалпы нормал ұзындығының ауытқуы, яғни бір дөңгелектегі жалпы нормалы ең үлкен  $L_{нб}$  және ең қысқа  $L_{нм}$  ұзындықтардың арасындағы ара қашықтықтың қобалжуы болып табылады (1.65, в сурет).

Тісті дөңгелектің жұмысының бірқалыптылығы нормасы дөңгелектің айналымында бірнеше рет қайталанатын, тісті дөңгелектің бұрылу бұрыштарының толық кемшілігінің құрамдастарының өлшемін анықтайды.

Дөңгелектердің жұмысының жатықтығының көрсеткіші  $f$  белгіленетін және микробұдырлықтардың биіктігіне  $a_1-a_n$  байланысты циклдык кемшілік (1.65, г сурет), ол дөңгелектің айналымында барлық циклдер бойынша тісті дөңгелектің кинематикалық кемшілігінің бірқалыптылығы сілтемінің орташа өлшемін көрсетеді.



1.65-сурет. Тісті дөңгелектерді кесу кезіндегі кемшіліктер түрлері (а-ж)

Дөңгелектің жұмысының бірқалыптылығы  $f_{рв}$  негізгі қадамның шекті ауытқуымен қамтамасыз етіледі, ол дөңгелектің екі өзара параллелді жанама екі қатарлас тістерінің бір атаулы пішіндеріне қатысты нақты  $t_d$  және номинал қашықтықтарының айырмасы болып табылады (1.65,  $\delta$  сурет).

$f_f$  пішінінің кемшілігін дөңгелектің екі теориялық пішінінің арасындағы нормаль бойынша, нақты пішінді оның жұмысшы учаскесінің шегінде шектейтін қашықтықпен сипатталады (1.65,  $e$  сурет).

**Тістердің түйісу нормалары** берілістегі қатарлас тістердің орындалу дәлдігін анықтайды.

**Түйіспе дағы** деп, дөңгелектің тісінің жанындағы беттің бөлігі аталады, оның үстінде жеңіл тежеу кезінде берілістің айналымынан кейінгі қос дөңгелектің тістеріне жанасудың іздері орналасады (1.65,  $ж$  сурет).

Дәлдік нормасы түйіспе дағының қатынасты өлшемдерімен (пайызбен) анықталады:

■ тістің ұзындығы бойынша - жанасу іздерінің шеткі нүктелерінің арасындағы  $a$  қашықтығының модульдің өлшемінен асатын үзілу айырмасының (миллиметрмен) тістің толық  $B$  ұзындығына қатынасы:

$$n_d = (a - c/B) \cdot 100;$$

■ тістің биіктігі бойынша - тістің барлық ұзындығы бойынша жанау дағының  $L_{cp}$  орташа биіктігінің тістің  $L_3$  орташа биіктігіне қатынасы:

$$n_v = (h_{орт}/h_3) \cdot 100;$$

1.2-кестеде дәлдік деңгейіне байланысты түйіспе дағының өлшемі бойынша дәлдік нормалары көрсетілген.

**Бүйір саңылауы** деп, берілістегі түйіндес дөңгелектердің тістерінің арасындағы саңылауды айтады, ол екінші дөңгелек қозғалмай тұрған кезде, бірінші дөңгелектің еркін бұрылуын қамтамасыз етеді. Бүйір саңылауы негізгі цилиндрлерге қатысты жазықтықтағы тістерге тік бағыттағы қимамен анықталады.

Кепілді бүйір саңылауын  $c_{II}$  -мен белгілейді. МемСТ 1643-81-нда пайдалану талаптарына сәйкес әртүрлі бола алатын бүйір саңылауларының нормалары көрсетілген.

Саңылаудың қажетгі өлшемін негізінен бастапқы контурдың қозғалуы нәтижесінде алады.

Тісті дөңгелектер үшін берілісте алты түрлі түйіндесулер орналастырылған:  $A$ ,  $B$ ,  $C$ ,  $D$ ,  $E$  мен  $H$ , және өсу тәртібімен көрсетілген сегіз түрлі бүйір саңылауына жіберулер  $h$ ,  $d$ ,  $c$ ,  $b$ ,  $a$ ,  $z$ ,  $y$ ,  $x$  әріптерімен белгіленген. 1.3-кестеде тісті берілістің кинематикалық дәлдіктер деңгейлерінің диапазонына байланысты

**1.2-кесте. Цилиндрлі дәлдікті түйспе дағының өлшемі бойынша дәлдік нормалары**

Өлшеу тәсілі	Дәлдік деңгейі						
	3	4	5	6	7	8	9
	Түйіспе дағы, %, кем емес						
Биіктігі бойынша	65	60	55	50	45	30	20
Ұзындығы бойынша	95	90	80	70	60	40	25

түйіндесулерді түрлері көрсетілген. Цилиндрлі тісті дөңгелектерді және берілістерді дайындау дәлдігі дәлдік деңгейімен беріледі, ал бүйір саңылауына талаптар - бүйір саңылауына нормалар бойынша түйіндесу түрлерімен беріледі.

Конусты дөңгелектердің дәлдігін сипаттайтын элементтер, негізінен цилиндрліге жататындай, кейбір ерекшеліктері бар. Мысалы, конусты дөңгелектердің көп элементтері бөлінетін конустың деңбек қимасында, яғни, жүргізіп бейімдеу әдісімен дөңгелекті кесу үдерісінде, бейімделетін конусқа қатысы бойынша бастапқы болып табылатын, бетінде анықталады.

Деңбек қима - сфералық бетті дөңгелектің қимасы, ортасы бөлінетін конустың шыңымен сәйкес келеді.

Дәлдік деңгейіне байланысты түйіспе дағының өлшемі бойынша МемСТ 9368-81 «Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Тісті конусты ұақ модульді берілістер. Шектер» және МемСТ 1758-81 нормалары 1.4-кестеде көрсетілген.

**Бұрамдықтар және бұрамдықты дөңгелектер** үшін дәлдік нормалары мен шектер МемСТ 9774-81 «Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Бұрамдылық цилиндрлі ұақ модульді берілістер. Шектер» және МемСТ 3675-81 белгіленген. Цилиндрлі дөңгелектердіндегідей дәлдіктерінің 12 деңгейі анықталған. 3, 4, 5

**1.3-кесте. Өртүрлі дәлдік деңгейлері үшін кепілді бүйірлі саңылаулардың түйіндесу түрлері\***

Түйіндесу түрлері	A	B	C	D	E	H
Кинематикалық дәлдік деңгейлері	3-12	3-10	3 - 9	3-8	3-7	3-7

\* Кинематикалық дәлдіктің бірінші және екінші деңгейлері үшін шектер мен шекті кемшіліктер реттелмейді.

## 1.4-кесте. Конустық дөңгелектер үшін түйіспе дағының өлшемі бойынша нормалары

Өлшеу тәсілі	Дәлдік деңгейі						
	5	6	7	8	9	10	11
	Түйіспе дағы, %, кем емес						
Биіктігі бойынша	75	70	60	50	40	30	30
Ұзындығы бойынша	75	70	60	50	40	30	30

және 6 деңгейлер, бұрамдық пен дөңгелектің өзара реттелетін орналауы бар кинематикалық бұрамдықты берілістер үшін белгіленген, 5, 6, 7, 8 және 9 деңгейлер - бұрамдық пен дөңгелектің өзара реттелмейтін орналауы бар күшті бұрамдықты берілістер үшін. 1, 2, 10, 11 және 12 деңгейлер үшін шектер мен кемшіліктер қарастырылмаған.

Дәлдік деңгейіне байланысты келесі нормалар белгіленген:

- бұрамдық элементтерінің кемшіліктері;
- бұрамдықты дөңгелектің элементтерінің кемшіліктері;
- берілістің кинематикалық дәлдігі;
- берілістің циклдық дәлдігі;
- дөңгелектің тістерінің бүйірлі беттерінің және бұрамдық айналымының түйіспесінің толықтығы.

Кинематикалық дәлдіктің, циклдық дәлдіктің және түйіспе толықтығының нормаларын бұрамдықты дөңгелек бойынша анықтайды.

**Цилиндрлі және конустық дөңгелектердің тістерін өндеудің негізгі әдістері.** Тісті дөңгелектерді өндеу әдістерін таңдау, олардың элементтерінің белгіленген дәлдік нормаларына, сонымен қатар, қолданылуына сәйкес пайдаланудағы берілістердің негізгі талаптарына тікелей байланысты.

Бұл көзқарастан, тісті берілістерді келесі топтарға бөлуге болады:

- ірі қуаттардың және жоғары жылдамдықтардың күшті берілістері; талаптар - ДБК жоғары мәндерін қамтамасыз ету;
- орташа жылдамдықтағы күшті өндірістік және көліктік берілістер; талаптар - беріктік және бірқалыпты жүріс;
- білдек жасаудағы күшті берілістер; талаптар - берілісті қатынастың және бірқалыпты жүрістің тұрақтылығы;
- автокөлік жасаудағы берілістер; талаптар - бірқалыпты және жеңіл жүріс, шудың жоқтығы;
- дәл аспаптардағы кинематикалық берілістер; талаптар - берілісті қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету; «өлі» жүрістің жоқтығы.


МемСТ-пен белгілеген нақтылық деңгейлері, техникалық талаптардың даралығын және нақтылықтың аралас деңгейін заңдастыра отырып, бір бағыттағы жоғары техникалық көрсеткіштерге де, басқадағы төменге де рұқсат бере отырып, осы талаптарды ескереді.

Тісті дөңгелектерді әртүрлі тіс өңдеуші білдектерде өңдейді. Дөңгелектердегі тістерді екі тәсілмен: көшіру арқылы (1.66 а, б сур.) және жүргізу (айналдыру) арқылы (1.66 в, з сур.) кеседі.

**Көшіру** барысында кесетін аспаптың тістер арасында ойығы болатындай етіп жасайды, содан кейін аспап бейіні өңделетін жерге көшірілетіндей етіп өңдейді.

Тісті кесуді көшіру арқылы келесідей орындауға болады:

- дөңгелектің әрбір тісін әмбебап жонғыш білдегіндегі модульді дискілі немесе саусақты жонғышпен дәйекті кеседі;
- дөңгелектің барлық тістерін бір уақытта қашайды;
- дөңгелектің барлық тістерін бір уақытта тарту арқылы;
- шеңберлетіп тарту арқылы.



1.66-сурет. Тісті дөңгелектердің тістерін көшіру (а, б) және жүргізу (в, з) арқылы кесу

Көшіру тәсілін ең бастысы нақтылығы онша жоғары емес тісті дөңгелектер жасау барысында қолданады.

Тісті дөңгелектерді жасаудың заманауи, нақты және өнімді тәсілі тістерді **бұрамдық жонғышпен**, дөңгелек қашауышпен, төрткілдешлық қашағышпен (тарақпен), тіс сүргеу кескішпен **жүргізу**, тістерді айырмен бүрлемдеу арқылы кесу болып табылады.

Жүргізу тәсілі дегеніміз, тісті дөңгелекте тістер кескіш аспап пен дайындама бірлесіп, келісімді айналған (жүрген) кезде пайда болуы. Мысалы, тісті жонғыш арқылы кесу барысында, осьтік қимасындағы түрі трапеция тәрізді бұрамдық жонғыш тістерінің тік түзу кескіш бүйіржақ шеттері кесетін тіске кезекпен тиіп отырады.

1.66 суретіндегі жонғыш тістерінің (1-6) дәйекті қалыбын қарай отырып, біз ойық бейіні біртіндеп пайда болатынын және жонғыш тістері құраған көптеген тік түзу учаскелерден тұратынын көреміз. Осы тік түзу учаскелер келесісінің үстіне салынып, іс жүзінде тістің сынған емес, қисық жолақты (эвольвентті) бейінін құрайды.

Нақтылық деңгейлері 3-8 тісті дөңгелектерді жүргізу тәсілімен кеседі, содан кейін нақтылық деңгейі 3-5 «шикі» дөңгелектерді мұқият тісқыру, жылтылдату арқылы өңдейді, және үйкеліс білдектерінде өңдеп, бетін майыстырмайтын жиілігі жоғары токпен (ЖЖТ) шыңдайды. 6-8 нақтылық деңгейімен жасалған тісті дөңгелектерді әдетте түрін әжептәуір өзгертіп жіберетін шынықтыру пештерінде шыңдайды. Содан кейін нақтылық деңгейі 6, 7 дөңгелектердің түрін сақтау үшін, тіс қуысындағы тесікке негізделе отырып, тістердің шеткі бейіндерін жылтылдатады. 8-10 нақтылық деңгейімен жасалған тісті дөңгелектерді аз сериялық өндірісте жонғыш білдектерде бөлетін басшамен кеседі, және 8 нақтылық деңгейімен жаалған дөңгелектер үшін жонғышты дөңгелек тістерінің түрі бойынша мұқият бейіндейді.

10-11 нақтылық деңгейімен жасалған тісті дөңгелектерді нақты құю арқылы және соңынан тістерді қалып бойынша өңдеу арқылы алуға болады.

Цилиндрлі дөңгелектер мен төрткілдештердің жонғыш тістерін дискілік және саусақты модульді жонғыштар арқылы жону дегеніміз, фасонды жонудың бір түрі болып табылады. Дискілі және саусақты жонғыш тістердің кескіш шеттерін дөңгелек тістері арасындағы ойық түрі бойынша жасайды (1.66 а, б сур. қараңыз).

Жұмыс үрдісінде жонғыш, екі көршілес тістер бейіндерінің екі жартысын құрай отырып, өз бейінін тістердің ойықтарына ауыстырады (көшіреді). Бір ойықты кескеннен кейін, дайындама бөлгіш механизм көмегімен бір тіске қарай бұрылады, ал жонғыш қайтадан кіріп, тістер арасындағы жаңа ойық бойымен өтеді.

Осындай тәсілді жеке және шағын сериялы өндірісе, жөндеу жұмыстары барысында бөлгіш тасшалары бар көлденең-жонғыш білдектерде қолданады. Осы тәсілдің кемшіліктері:

- тісті өңдеудің нақтылық деңгейінің төмендігі, себебі дискілі модульдік жонғыштарды тістер бейіндеріне жақын етіп жасайды, және жонғыштың әрбір тип-мөлшері кесілетін дөңгелектердің тістері белгілі бір интервалда бірнеше аралас санға есептелген;


- өнімділігінің төмендігі және өңдеудің өз құнының жоғары болуы (үлкен машиналық және қосымша уақыт). Төмен өнімділік әрбір кезекті тісті жонғышқа кіргізуге кететін өңдеу үрдісінің үздіксіздігіне, дайындаманы индекстеуге (тіске бұру), дайындаманы жонғышқа әкелу, сондай-ақ бір уақытта жұмыс істейтін жонғыш тастарының салыстырмалы түрде санының аз болуы.

Әдетте әр модуль үшін тістердің барлық сандары мен кесілетін дөңгелектердің диаметрін қамтитын дискілі жонғыштар жинағын дайындайды. Стандарт бойынша рұқсат шегіне сиятын біраз кемшілігі бар 8; 15 және 26 дискілі үш жонғыш бар, тістерінің саны әртүрлі тісті дөңгелектерді кесуге болады. Дөңгелек модулі қаншалықты көп болса, нақтылық еместік соншалықты күштірек болады. Сондықтан нақтырақ жұмыстар үшін 15 дискілі жонғыштарды, ал ең нақтыларға - 26 дискілі жонғыштарды қолданады.

Сонымен, кесудің осы тәсілі барысында кесілетін дөңгелекте тістердің тек жақын бейіні ғана алынады.

Ірі модельді тісті дөңгелектерді (20 мм артық), әсіресе шевронды дөңгелектерді көшіру тәсілімен кесу үшін, модульдік саусақты жонғыштарды қолданады, өйткені дискілі жонғыштар қарама-қарсы иіліс тістерін кеседі. Тісті төрткілдештерде тістерді сондай-ақ дискілі модульді жонғыштармен, ал ұзын төрткілдештерде - төрткілдештерді бойлап қозғалтуға арналған механизмі бар арнайы мақсаттағы білдектерде кеседі. Бір немесе екі (және тіпті үш) қатар орналасқан жонғыштармен жонады.

1.67-сурет. Тістерді қашауышпен кесу схемасы



Бірнеше жонғыш бір уақытта жұмыс істеп тұрған кезде дискілі жонғыштардың жинағынан біреуі (немесе сәйкес екеуі) алдын ала кесу үшін, ал екіншісі - тістерді соңғы бейіндеу үшін қызмет етеді.

Заманауи машина жасауда *тіс қашауыш білдектерді* қолданады, олардың өнімділігі алдында сипатталған жонғыш білдектерге қарағанда айтарлықтай жоғары. Жоғары өнімділікке, жұмысқа дайындамада қанша тіс кесу керек болса, сонша кескіштер (қашауыштар) қатысатындықтан қол жеткізіледі, және кескіштердің түрі тісті дөңгелек ойығындай болып келеді.

Көп кесетін өңдеуді 1.67-сур. көрсетілген схема бойынша жүргізеді. кескіштер 1 дайындамаға 2 қатысты радиалды орналасқан. Жоңқаны дайындама 2 қайтымды ілгерілеме қозғалыс кезде алады. Кескіштерді 1 бір уақытта радиалды беру, дайындама кескіштермен ілінген жерден шыққан кезде, дайындаманың 2 төменгі қалпында жүреді.

*Цилиндрлі дөңгелектер тістерін бұрамдық жонғыштармен жону тәсілі* ең кеңінен тарағандардың бірі болып табылады. Бұрамдық жонғыш дегеніміз, тісті төрткілдеш немесе төрткілдешнің кесетін тістерін құратын бойлық жырашықтар түріндегі бұрандалы жіптердің осьтік қимасының бейіні бар бұралым болып табылады (1.66, в сур. қараңыз).

Тісті төрткілдеш тістердің кез келген санын эвольвентті дөңгелектерге ілінуін қамтамасыз етеді, сондықтан бұралым жонғышы тістерінің саны кез келген дөңгелектерді (сол модуль мен іліну бұрышында) бірдей нақты кесе алады. Дөңгелектер тістерін бұрамдық жонғышпен кесудің үлкен артықшылығының бірі осы болып табылады.

Кесу кезінде бұралым жонғышы мен кесілетін дөңгелек беру санымен бірге бұралымдық берумен сәйкес ілу қозғалысына қатысты жағдайда болады.




$$i = n_{\phi} / n_3 = z_3 / z_{\phi 1}$$

онда  $n_{\phi}$ ,  $n_3$  - жонғыш пен тісті дөңгелектің айналым жиілігі;  $z_{\phi 1}$ ,  $z_3$  - бұралым жонғышының кіріс саны мен кесілетін тісті дөңгелек тістерінің саны.


Кесу барысында бұралым жонғышы айналады да, кесілетін тісті дөңгелектің айналымына сәйкес тура қозғалады (1.68-сур.). Бұралым жонғышының осін 1, жонғыштың бөлу цилиндріндегі жонғыштың жібін көтеру бұрышына тең кесілетін дөңгелек сыртындағы шетінің жазықтығына 2 бұрыштап орнатады. Бұрылым жонғышы айналымнан басқа кесілетін дөңгелектің бүйірлік цилиндрлі бетін құраушы бойымен тура қозғалысы болады. Бұл ретте кесу үрдісі үздіксіз жүреді, және оған бір мезетте бірнеше кесетін тіс қатысады, соның арқасында тістерді кесу тәсілі ең өнімділердің бірі болып табылады.

Бір жұмыс жүрісі ішінде тістерді кесу барысында бұралым жонғышын тістердің толық биіктігіне (яғни кесу тереңдігіне) орнатады, екі жұмыс жүрісінде 8 мм артық модульмен тістерді кесу барысында - бірінші жұмыс жүрісінде тістің 0,6 биіктігіне, ал екінші жұмыс жүрісінде 0,4 орнатады. Таза жұмыс жүрісі үшін тістің бастапқы шеңбері бойынша (8...15 мм модуль мөлшері үшін) тістің жуандығына 0,5-тен 1 мм дейін әдіп қалтырылады. Қалыпты бұралым жонғышымен қалыпты да, сондай-ақ корригирленген бейіндермен де тістерді кеседі. Соңғы жағдайда, жонғышты орнату барысында корригирлеудің талап етілетін шарттарына сәйкес жонғыш, дайындамаға жақындау немесе одан алыстау үшін, қосымша орнынан қозғалу керек.

Тіс жону білдектерінде тістерді ілеспе (1.69 а сур.) немесе қарама-қарсы (1.69 б сур.) кесуге болады, бұл ретте ілеспе жону қарама-қарсыдан тиімдірек, өйткені ол жоңқа құылу үшін жағымдырақ жағдайды, кесудің аз ауытқу күшін, кесу барысында азырақ дірілді қамтамасыз етеді, ол аспаптың төзімділігін мен өңделген жердің сапасын арттырады.



1.68-сурет. Тістерді бұралым фрезамен кесу схемасы




1.69-сурет. Тістерді ілеспе (а) және қарама-қарсы (б) жону схемалары

Тіс жону уақытының айтарлықтай бөлігі кіргізуге, әсересе диаметрі үлкен бұралым жонғыштарын қолданған кезде кетеді, сондықтан жонғыш диаметрі ұлғайған сайын оны кіргізу ұзындығы да өседі. Тура тісті орта модульді дөңгелектер үшін кіру уақыты тісті жонудың машиналық уақытының 30... 40% құрайды.

Кіргізу үзікті үрдіс болып табылады, сондықтан остік кіргізу барысында әдетте кесу кезінде кезеңді бойлық берумен салыстырғанда беруді біраз азайтады. Келесі бойлық беруді сақтай отырып, II осьтік кіргізуді (1.70-сур.) радиалды I ауыстыру арқылы кіргізу қиындығын шамамен 30% -ға азайтуға болады. Бұл жағдайда өңдеу үрдісінің барлығында білдек мен аспап тегісірек кіреді.


Бұралым жонғыштарымен цилиндрлі дөңгелектердің түзу тістерін де, қисық тістерін де кеседі. Соңғы жағдайда, жонғыш осін жонғыштың бұрандалы жібінің және кесілетін дөңгелектің бұрандалы жібін (тіс иілісінің бұрыштарына) жонғыш пен дөңгелектің бұранда линияларының бағыттар әртүрлі болғанда) көтеру бұрыштарының сомасына тең бұрышқа орнатады немесе Егер жонғыштың бұранда сызықтарының бағыты бірдей болса, оны осы бұрыштардың айырмасына орнатады.



1.70-сур. Жонғышты радиалды I және осьтік II кіргізу схемасы

### 1.71-сур. Тістерді тісті қашау білдегінде кесу схемасы

Ең көп тараған тіс өңдейтін білдек түзу және қисық тістері бар дөңгелектерді кесуге арналған тістерді жону білдегі, сондай-ақ бұралым дөңгелектерін бұралыммен жүргізіп кесу әдісі болып табылады. Білдек үш қозғалысты орындайды: бұралым жонғышын айналдыру, жонғышты тігінен беру, дайындаманы айналдыру.




**Цилиндрлі тісті дөңгелекті дөңгелек қашауыш арқылы жүргізу арқылы кесу тәсілі** дегеніміз, дөңгелекті өңдеу үрдісінде екі цилиндрлі дөңгелек тісті ілінуі пайда болады, олардың бірі кескіш аспап, ал екіншісі - дайындама болып табылады.

Дөңгелекті өңдеу үшін, дөңгелектердің *1* біреуі немесе тіс жұбы *2* (іс жүзінде - қашауыш *1*) жүргізу барысында кері-бастау қозғалысын орындайтындай болу керек (1.71-сур.), соның нәтижесінде дайындамада тістер пайда болады.

Білдекке орнатылған тіс жұбы кинематикалық түрде өзара байланысқан және жүргізу үрдісінде тістер ілінеді. Дөңгелек *1* кесетін аспап (қашауыш) қызметін атқарады және сол уақытта, тістерімен дайындама *2* материалын дәйекті кесе отырып, тігінен қайтымды ілгерілеме қозғалысын жасайды. Қашауыш дегеніміз, сырт жағында қайрау арқылы кесетін шеттер пайда болған тісті дөңгелек болып табылады. Түзу тістері бар қашауыш (1.72 а сур.) тістері түзу дөңгелектерді кесуге, ал дискілі қисық тісті қашауыш (1.72 б сур.) - тістері қисық тісті дөңгелектерді кесуге арналған.

Цилиндрлі тісті дөңгелекті төрткілдешлы қашауышпен (тарақ) кесу барысында, цилиндрлі дөңгелек төрткілдешмен іліседі, және төрткілдеш (тарақ) кесетін аспап, ал дөңгелек - дайындама болып табылады.

Бұл ретте тістерді екі тәсілмен кесуге болады: тісті дөңгелекті тарақ бойымен жүргізу арқылы (дөңгелек тарақ қозғалмай тұрған кезде айналу және бастау қозғалысын орындайды) немесе тісті дөңгелек бойынша тарақпен (дөңгелек айналдыру қозғалысын, ал тарақ - бастау қозғалысын орындайды). Бірінші тәсіл ең көп тараған тәсіл болып табылады.




1.72-сурет. Түзу (а) және қисық (б) тістері бар тостағанды және дискілі қашауыштар геометриясы

*Түзу тісті конусты дөңгелектерді* өңдеу үшін бір уақытта екі кескішпен жұмыс істейтін түзу тісжонғыш білдектерді қолданады.

Кішігірім түзу тісті конусты дөңгелектерді өңдеу үшін арнайы білдектердегі шеңберлеп тартуды қолданады, онда кескіш аспап *шеңберлі тартқыш* болып табылады. Шеңберлі тартқыш тарту перифериясы бойынша өзгерту тәртібімен орналасқан бірнеше қалыпқа келтірілген кескіштерден тұрады (әдетте әрқайсысында бес кескіштен).

1.73-сур. алғашқы кескіштер 1 (1-11), таза кескіштер 2 (12-15) мен дайындаманы бір тіске бұру зонасы 3 көрсетілген. Кескіш ұштарының бейіні белгілі бір заң бойынша өзгереді.



1.73-сурет. Тістерді шеңберлі тарту арқылы кесу

Шеңберлі тарту, тұрақты жылдамдықпен айнала отырып, бір уақытта өз жолының жекелеген учаскелерінде әртүрлі жылдамдықпен ілгерілемелі қозғала отырып ауысады. Шеңберлі тартымның ілгерілемелі қозғалысының жылдамдығы мен сипаты өңделетін тісті дөңгелекке 4 қатысты таңдалатын білдектің көшірім бейініне байланысты. Демек, әрбір қалпына келтірілген кескіштің жұмыс қозғалысының траектория тартымының айналмалы және ілгерілемелі қозғалысының жиынтығы болып табылады.

Алғашқы тарту барысында шеңберлі тартым тісті дөңгелектің бастапқы конусының жоғарғы ұшынан оның негізіне қарай, ал таза тарту кезінде - негізден ұшына қарай қозғалады.

Тартымның бір айналымында конус тәрізді тісті дөңгелек тісінің бір ойығы толығымен өңделеді. Тіс ойығын тартқан кезде дөңгелек дайындамасы қозғалыссыз болады, дайындаманың келесі ойығын өңдеу үшін дайындама шеңберлі тартым секторынан бос кескіш өту кезінде өз осі жанында бір тіске бұрылады.

Түзу тісті конус тәрізді тісті дөңгелек конструкциясы жетілдірілмегендіктен заманауи машиналардың тез жүріс беру талаптарына сәйкес келмейді (шу, жұмыс тегіс емес, ПЭК төмен).

**Тістері қисық сызықты конус тәрізді дөңгелектерде** осы кемшіліктер айтарлықтай жоқ деуге болады. Конус тәрізді дөңгелектер тістерінің қисық сызықты бейіндерін алудың ең көп тараған тәсілі **тістерді кескіш бастиектерімен кесу** болып табылады. Тісті дөңгелектерді осы тәсілмен кесуге арналған білдектер өте өнімді және дөңгелектер жасаудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

1.5 және 1.6-кестелерде ірі сериялы және көптеп өндірудің конус тәрізді және цилиндрлі дөңгелектерінің тістерін кесудің технологиялық нұсқалары берілген. Осы нұсқалар еңбектің жоғары нақтылығы мен өнімділігін қамтамасыз етеді. Жекелеген жағдайларда өндірістік талаптар осы ұсыныстардан ауытқуы мүмкін, бірақ осындай ауытқулар жекелеген жағдайлар болуы керек.

**Бұралым жұптарының тістерін өңдеудің негізгі әдістері.** Бұралымды беру жұбының элементтері бұрам мен бұралым дөңгелегі болып табылады, олардың осьтері әдетте  $90^\circ$  бұрышта қиылысады (ауыр білдектердің кейбір механизмдерінде осьтері  $45^\circ$  бұрышта қиылысатын берілістерді қолданады).

Бұрамдар цилиндрлі (1.74 а сур.) және глобус тәрізді (1.74, б сур.) болады. Цилиндрлі бұрамның орам қиылысы ось бетімен бүйір жақтары түзу сызықты немесе қисық сызықты төрткілдеш болып табылады. Глобус тәрізді бұрамның осьтік қиылысы түзу бүйірлі дөңгелек төрткілдештің түрі сияқты болады.

1.5-кесте. Конус тәрізді тісті дөңгелектердің тістерін кесудің технологиялық нұсқалары

$m = 3$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі	$m = 4...10$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі
<b>Түзу тістілер</b>			
Түзу сызықты арнайы кескіштермен тіс жону	7, 8	Алғашқы жону Мүлдем жону Тіс бейінін тегістеу	7, 8
Екі дискілі жүргізгіш фрезалармен тіс фрезерлеу $m = 1,5$ мм	7, 8	Күрделі бейінді фрезамен бір жұмыс жүрісінде жону ( $m = 8$ мм дейін)	6, 7
		Екі жүргізгіш дискілі жонғыштармен жону (10 мм модульге дейін)	8
<b>Қисық сызықтар</b>			
Шеткі дөңгелек бастиектермен фрезерлеу	7, 8	Шеткі бастиектермен алғашқы өңдеу	7, 8
		Шеткі бастиектермен алғашқы және тазалап өңдеу. Тіскыру немесе тегістеу	6, 7
Конус тәрізді бұрамдық фрезарлармен $m = 2,5$ мм дейін жону	7, 8	Конус тәрізді бұрамдық жонғыштармен алғашқы және тазалап $m = 7$ мм дейін жону	7, 8
Соңғы бейінді фрезалармен жону (жүргізу әдісімен)	7, 8	Соңғы бейінді фрезалармен жүргізу әдісімен алғашқы және тазалап жону	7, 8

**Цилиндрлі бұрамдар** арасында жауапты емес беріліс үшін ең көп тарағаны **бұрандалы** бұрам (*архимед* бұрамы). Осы бұрамның бұрандалы беті бұрам осі арқылы өтетін жазықтықты қиып өту барысында біраз бұрыштап оське қарай еңкейген және бұрам осі арқылы өтетін түзу осі (әр айналымда) бойымен бір уақытта ауысу және осьті айналу арқылы пайда болады.

Орамдар бейіні трапеция тәрізді болады. (1.75, а сур.). Осындай бұрамы бар бұрамдық жұптың ПӘК төмен болады және тез тозады, сондықтан оны жауапты емес, баяу жүретін және әлсіз жүктелген берілістерде қолданады.

1.6-кесте. Түзу және қысық тісті цилиндрлі дөңгелектердің тістерін кесудің технологиялық нұсқалары

$m = 1 \dots 2$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі	$m = 2,5 \dots 10$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі	$m = 11 \dots 20$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі
<b>Бір тәжді тісті дөңгелектер</b>					
Тістерді бүрлемдеу	7 - 9	Дискілі жонғышпен алғашқы жону $m = 7$ мм дейін бір жұмыс жүрісінде және $m = 8$ мм екі жұмыс жүрісінде Дискілі жонғышпен тазалап жону	9 - 11	Дискілі жонғышпен алғашқы жону $m = 15$ мм дейін екі жұмыс жүрісінде және $m = 16$ мм $m = 20$ мм дейін үш жұмыс жүрісінде Дискілі жонғышпен тазалап жону. Бұрамдық жонғышпен тазалап жону	9 - 11  7, 8
Модульдік дискілі Жонғышпен жону	9 - 11	Бұрамдық жонғышпен $m = 4$ мм дейін бір жұмыс жүрісінде алғашқы жону. Алғашқы тіс қашау	6, 7  7 - 9	Бұрамдық жонғышпен жону $m = 15 \dots 20$ мм дейін бір-екі жұмыс жүрісінде және Бұрамдық жонғышпен $m = 20$ мм екі-үш жұмыс жүрісінде. Прециозды бұрамдық жонғышпен тазалап жону	6, 7
Төрткілдешлі қашауышпен тіс қашау	6 - 9	Бұрамдық жонғышпен бір жұмыс жүрісінде алғашқы жону	6 - 8	-	-

$m = 1 \dots 2$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі	$m = 2,5 \dots 10$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі	$m = 11 \dots 20$ мм модульді тісті дөңгелектер	Нақтылық деңгейі
Дөңгелек қашауышпен тіс қашау	07.сен	Бұрамдық біркiрiстi жонғышпен тазалап жону	6 – 8	-	-
Бiр рет кiретiн бұрамдық жонғышпен жону	06.авг	Тiс кыру үшiн әдiп қалтыра отырып, бiр рет кiретiн бұрамдық жонғышпен (бiр-екi жұмыс жүрiсiнде) жону	06.авг		
Қашақты бұраммен термиялық өндеуден кейiн (алдын ала кертiккесусiз) $m =$ 1 мм тiстi тегiстеу	5, 6	Тiстердi ыстық қалпында бүрлемдеу	09.янв	-	-
		Қашау үшiн бұрамдық жонғышпен жону	06.авг	-	-
		Тiс қашау	5, 6	-	-



### Блокты тісті дөңгелектер

Бір жұмыс жүрісі барысында тіс қашау:	7, 8	Бір-екі жұмыс жүрісінде тісті алғашқы қашау	7, 8	-	-
төрткілдешті қашауышпен дискілі қашауышпен	7 - 9	Тіс қашау	7 – 9	-	-
-	-	Тіс қыру	6, 7	-	-


Ескертпелер: 1. Өндеуден кейінгі тіс қыру нақтылықты бір-екі деңгейге көтереді.

2. Термиялық өндеуден кейін тістерді тегістеу  $c_{ш} > 1$  мм таңдап алған әдіске байланысты нақтылық деңгейі 4-5 тістер алуға мүмкіндік береді.

3. Термиялық өндеуден кейін тістер бейінін шойын (шаржыланған) немесе қажқты дөңгелектермен үйкелісі термиялық өндеуге дейін алынған нақтылық деңгейін қалпына келтіреді, бірақ оны көтермейді.


4. Модулі 12 мм дейінгі тісті дөңгелектерді жонудан кейін қыру нақтылық деңгейін бір-екі деңгейге көтереді.

5. Егер тісті жону барысында технологиялық жүйе айтарлықтай қатты болса, модулі 24 мм дейінгі тісті дөңгелектердің бір жұмыс жүрісінде тісті қыру үшін үшкір қайралған бұрамдық жонғыштармен жонуға болады.



1.74 сурет. Бұрамдық берілістің цилиндрлі (а) және глобидті (б) бұрамдар

Цилиндрлі бұрамның басқа түрі **эвольвентті бұрам** (1.75, б сур.) болып табылады, ол беті эвольвентті бұрандалы болып келетін цилиндрлі тісті дөңгелек болып табылады. Бұрам жазықтықтармен, перпендикулярлармен қиылысқан кезде, негізгі цилиндр осінде эвольвенттер пайда болады, осы бұрам осыдан осындай атқа ие болған.



1.75-сурет. Бұрандалы (а), эвольвентті (б) және конволютті (в) бұрамдарды кесу тәсілдері

Эвольвентті бұрамдары бар бұрамдық жұптарын үлкен жүктемелер мен жылдамдықта, жауапты берілістерде жиі пайдаланады, бірақ осындай берілістерді жасау арнайы жабдық пен күрделі өңдеу әдістерін талап етеді.

Цилиндрлі бұрамның келесі түрі орамның қалыпты қиылысындағы *түзу сызықты бейіні* бар және оське көлденең қиылыста орамның бүйір жағы эвольвентті ұзартылған бұрам болып табылады (1.75, в сур.). Осындай бұрамды *конволютті* бұрам деп атайды, ол эвольвентті бұрамның бір түрі болып табылады. Осы бұрамдарды өңдеу біршама қарапайым және бұрамдық беріліс ілінісінің жеткілікті нақтылығын қамтамасыз етеді, ПӘК жоғары және тез тозбайды.

*Глобидті бұрамдардың* бұрам орамының тісті бұрамдық дөңгелекпен түйісу беті үлкен, ал ол қысымды төмендетуге негіз болады, демек, бұрамдық жұп тістерінің беті тозады. Осы бұрамның орам жібi бейіннің цилиндр бетімен емес, глобид бетімен бұрандалы қозғалыс барысында пайда болады.

Өндіру қиындығына қарамастан, оларды үлкен қуаттар үшін берілістерді кеңінен қолданады.

*Бұрамдарды кесуді* қарастырып көрейік. Бұрамдарды өңдеудің ең қарапайым түрі оларды түзу сызықты бейінмен қырнаушы білдегінде кесу болып табылады. Орамның дұрыс бейінін алу үшін, кескіш бейінінде бұрам тістері арасында ойық контуры болу керек және ол белгілі бір қиылыста кесу барысында осы қиылыс жазығымен қиылысу керек.

Архимед бұрамын алу үшін, жиегі түзу сызықты кескіш бейіні бұрам осі арқылы өтетін жақыздықпен қиылысу керек (1.75, а сур. қараңыз). Алайда орамды көтеру бұрышы ұлғайған сайын, бұрамды бір кескішпен кесу бұрыштың ұлғаюына байланысты қиындайды, ал ол кесетін жиектің үгілуі салдарынан кескіш аспапты істен шығарады. Сондықтан архимед бұрамдарын орамдарды көтерудің бұрышы үлкен болған кезде, эвольвентті немесе конволютті бұрамдармен ауыстырады.

Эвольвентті бұрамды екі 1 және 2 кескіштермен кеседі, олардың кескіш жиектерінің бейіндері екі жағынан негізгі цилиндр бетіне қатысты орналасқан екі жазықтықпен қиылысады (1.75, б сур. қараңыз). Негізгі цилиндрдің диаметрі үлкейген сайын, кескіштерді ортадан жоғары және төмен орнату кесу бұрыштарының өзгеруі салдарынан белгілі бір қиындықтар туғызады, сондықтан эвольвентті бұрамдарды кесу барысында, бейін жазықтығын оның осіне перпендикуляр орната отырып, бұрам орамының қалыпты қиылысының контурын сәйкес бейінді қолданады.


Конволютті бұрамды, кескіш бейінінің симметрия осін бұрам осімен қиылыстыра отырып, оның белгілі бір шамасына немесе оған еңкіш бұрам осіне параллель жазықтықта жоғары немесе одан төмен өз бейінімен жазықтыққа орнатылған кескішпен кеседі. Жұмыс бейіні түзу сызықты конволютті бұрамдарды екі кескішпен өңдейді (1.75, в сур.).

Глободіті бұрамды кескіш жиегі түзу сызықты кескішпен кеседі, бұл ретте бұрам тісінің бейіндері мен іліністегі бұрамдық дөңгелектің салыстырмалы қозғалысын қайта өндіру үшін кескіш осі синхронды түрде кесілетін бұраммен айналады. Бұрамның осы түрін тіс жону білдегінде кескішпен өңдейді.


Бұрамдарды қырнаушы білдегінде кескішпен өңдеуден басқа, сондай-ақ жонғыш және бұрандалы жону білдектерінде бейінді кескішпен және жонғыштармен кесуді де қолданады.

Бұрамдарды дискілі жонғышпен кесу - өңдеудің өнімдірек тәсілі, бірақ бұл жағдайда негізі мен жоғарысында орамды көтеру бұрышында айырмашылық болу салдарынан бұрам бейіні бұзылады, әсіресе, көпкірмелі бұрамдықтарда. Сондықтан осындай тәсілді әдетте бұрам бейінін алдын ала өңдеу үшін қолданады. Түзу сызықты бейіннің кескіш жиектерімен дискілі жонғышпен кесу барысында (1.76-сур.) А жонғышының айналу осінің бейіні бұрамдық орамын көтеру бұрышына тең бұрышта орналасады.

Бұрамдықтарды дискілі жонғышпен кесумен қатар, әртүрлі бұрамдықтарды қарапайым тіс жонғыш білдектерде өңдейді. Мысалы, тістің түзу сызықты кескіш жиектері бар бұрамдық жонғышпен өңдеу барысында, эвольвентті бұрамдықты кесуге болады.



1.76-сурет. Бұрамдықты дискілі жонғышпен кесу схемасы



1.77-сурет. Бұрамдықты қашауышпен кесу схемасы


Архимед және конволютті бұрамдықтарды кесу үшін, тістің кескіш бейінінің қисық сызықты бейіні бар арнайы бұрамдық жонғыштарды қолданады. Осы өңдеу тәсілі өнімділік жоғары болған кезде, күрделі аспаптың болуын талап етеді; өйткені ол бұрамдық орамдарының бет бейінін бұзуға әкеліп соғады, оны алдын ала өңдеу үшін қолданады.

Жоғары нақтылықты қамтамасыз ететін өңдеудің өнімді әдісінің біреуі бұрамдықты арнайы білдектерде («Корнелис» типті және т.б.) қашауышпен кесу болып табылады (1.77-сур.). Кесілетін бұрамдықтың осьтік бетіне қатысты орнатылған 1 қашауышта бұрамдық осі бойымен беру қозғалысы болады. Бұдан басқа, қашауыш пен бұрамдыққа жүргізудің айналым қозғалысы беріледі. Осы қозғалыстардың қиылысу нәтижесінде бұрамдықтың барлық орамдары кесіледі.

Осы өңдеу әдісі барысында (қашауыш дәлдеп жасалған жағдайда) бұрамдық бетінің бейіні бұзылмайды және бұрамдықты қашауышпен кесу нақтылығы жоғары және өнімді болып табылады. Алайда, кесілетін бұрамдықтардың орамдарын көтерудің әрбір бұрышына қашауыштар әзірлеу өндірісті дайындау шығынын арттырады, сондықтан осы әдісті тек ірі сериялы немесе көптеп шығаратын өндірісте қолданған ғана үнемді болып табылады.

**Бұрамдық дөңгелектерді кесуді** қарастырайық. Бұрамдық дөңгелектерді бұрамдық жонғыштармен тіс жону білдектерінде үш әдіспен кеседі: радиалды және тангенциалды беру әдістері және аралас әдіс.

**Радиалды беру әдісі** барысында (1.78, а сур.) дайындама 1, үнемі бұрамдық жонғышпен 2 іліне отырып, жонғышқа белгіленген  $A$  мөлшеріне дейін радиалды беруді орындайды, бұл ретте жонғыш тек айналым қозғалысын ғана орындайды. Бұрамдық дөңгелекте бұрамдық жонғыш дайындамамен толық ілескен жағдайда тістердің дұрыс бейіні алынады.



1.78-сурет. Бұрамдық дөңгелектерді радиалды (а) және тангенциалды (б) беру әдістерімен кесу схемалары

Аталмыш әдістің кемшілігі, бұрамдық жонғыш барлық кескіш жиектерімен жұмыс істемейтіндігінде, сондықтан дайындамамен үнемі байланыста болатын жонғыштың ортаңғы бөлігіндегі тістер ғана тозады. Осы әдіспен бұрамдық дөңгелектердің тістерін қалыпты тіс жону білдектерінде қосымша арнайы суппортсыз кеседі. Бұл ретте білдектің бөлу тізбегін икемдеу тұзу тісті цилиндрлі тісті дөңгелектерді кесу кезіндегі икемдеуге ұқсас. Үстелді радиалды ауыстыру үшін қосымша икемдеу радиалды беруге байланысты болады.

**Тангенциалды беру әдісі** барысында (1.78, б сур.) бұрамдық дөңгелектің дайындамасын 1 ортааралық қашықтық мөлшеріне А орнатып, жонғышты 2 дайындамамен ілініске осьтік ауыстыру арқылы енгізеді. Жонғышта 2 конустық алу бөлігі болады және ол, өзінің барлық кескіш жиектерімен жұмыс істей отырып, тегіс тозады. Кесу үрдісінде жонғыш тек айналып қана қоймайды, сонымен қатар ол ось бойынша ілгерілемелі ауысады. Бұл ретте дайындамада 1, ілініспен байланысты негізгі айналым қозғалысынан басқа, жонғышты 2 осьтік ауыстыруға тәуелді қосымша айналым қозғалысы болу керек, әйтпесе бұрамдық жонғыш тістері бұрамдық дөңгелек тістерін кеседі. Жонғыштың 2 осьтік ауысуы мен бұрамдық дөңгелектің дайындамасының 1 қосымша айналымын арнайы суппорт орындайды, оны бұрамдық дөңгелектерді кесу кезінде тіс жонғыш білдектерге орнатады.

Бұрамдық дөңгелектерді кесудің **аралас әдісі** дегеніміз, радиалды және тангенциалды беру әдісінің дәйекті қосылуы болып табылады, және біріншіні тістерді алдын ала кесу үшін, ал екіншісін - соңғы өңдеу үшін қолданады. Соңғы өңдеуге сәйкес әдіп қалдырады, оның мөлшері алдыңғы өңдеудегі кемшілікті өтеуі тиіс.


Аралас әдіс барысында бұрамдық жонғыштарды да, бейінді кескіштерді де қолданады, және соңғыларды қолдану әсіресе бұрамдық дөңгелекті соңғы өңдеу үшін қолданады, ең жоғары нақтылықты қамтамасыз етеді.

**Тісті дөңгелектерді өңдеудің әрлеу түрлері.** Тісті дөңгелектерді өңдеудің әрлеу түрлерін жоңқаны ала отырып өңдеуге: тіс қыру, жылтылдату, жаншуыштау, үйкеу түрі және жоңқаны алмастан өңдеуге - таптауға бөледі. Жоңқаны ала отырып жүргізілетін әрлеу жұмыстарына сондай-ақ тісті тісті жұмырлауды, жүзі мен қылауларды алуды жатқызады.


Тістерді **қыруды** шынықпаған дөңгелектер үшін қолданады, тістерді қыру дегеніміз, арнайы аспап арқылы оны тісті дөңгелек бойынша жүргізе отырып, тіс бетінен шамасы 0,1...0,25 мм әдіпті алу болып табылады. Аспап ретінде дискілі тісқырғышты - тістерінің бетінде жиек құрайтын жіңішке кесіктері бар тісті дөңгелек немесе қарапайым тісқырғыш - балама тістері бар төрткілдешті қолданады.

Түзу тісті дөңгелектерді өңдеуге арналған тісқырғышта көтеру бұрышы  $15^\circ$  дейінгі бұрандалы тістері, ал қисық тістілер үшін - түзу тістері бар. 1.79-суретте тістердің бүйір жақ шеттерінде кескіш жиектері бар дискілі тісқырғыш көрсетілген.

Тыс қырудың екі тәсілінің ішінде ең көп тарағаны дискілі тісқырғыш арқылы тістерді қыру болып табылады. Тіс қыру арнайы білдекте (1.80-сур.) орындалады. Өңделетін тісті дөңгелектің 5 осінің бұрышына орнатылған қысқырғыш 4 жиілігі  $250 \text{ мин}^{-1}$  мәжбүрлі айналдырылады, сол арқылы жіберілімінің 6 ортасына бос орнатылған тісті дөңгелекті айналдырады. Осы тердің қиылысуы тісқырғыш тістері мен тісті дөңгелектің бойлық салыстырмалы сырғанауына әкеліп соғады.



1.79-сурет. Дискілі тісқырғыш



1.80-сур. Тісті дөңгелектердің тістерін дискілі тіскырғыш арқылы қыру схемасы

Тіс бетін тіскырғышпен кесу үшін үстелге 8 тісті дөңгелектің бір айналымына 0,1...0,3 мм бойлық беріліс беріледі. Жүріс соңында үстелге көлденең (тік) 0,02.0,04 мм беріліс беріледі, содан кейін үстел кері бағытқа қайтады. Үстелдің жүріс саны әдіп шамасына байланысты. Тісті берілістердің заманауи конструкцияларында кеңінен тараған тістердің бөшке сияқты түрін алу қажет болған жағдайда, білдекте көзделген кронштейні 3 бар тербелмелі плитаны 7 және оған орнатылған саусақты 1 пайдаланады. Саусақты кронштейнге орнатылған көшірмеге тиянақтайды, ол көшірмемен сырғанап отырып, үстел жүрісінің соңында плитаны еңкейтеді, соның нәтижесінде тіскырғыш, тістерді ортасымен салыстырғанда шетінде өте жіңішке етіп қалыптастыра отырып, тісті дөңгелекке кіреді.

Тісті дөңгелекті өңдеу үстелдің 12-14 қос жүрісі барысында жалғасады, дөңгелектің бір тісін өңдеуге 2...3 с. кетеді. Тіскыру арқылы тісті дөңгелекті өңдеу нақтылығы қадам мен бейін бойынша шамамен 0,005 мм, бастапқы шеңбер соғысы бойынша 0,03 мм дейінгіні құрайды.

**Тісті жылтыратуды** негізінен екі әдіспен: жүргізу (таптау) және фасонды жылтылдату шеңберінің көмегімен бейінді көшіру әдістерімен орындалады. Жылтылдату арқылы қалтырылатын әдіп шамасына қарамастан, 11-ші, 12-ші квалитет шегінде тісті дөңгелектің негізгі параметрлерінің нақтылығымен бет бұдырлығының  $Ra$  0,63...0,32 мкм жеткізіледі.




Жүргізу (таптау) әдісі арқылы тістерді жылтылдату дегеніміз, жылтылдату үрдісінде жұптың тісті ілінісін қалпына келтіреді төрткілдеш - аспабы төрткілдеш болып табылатын тісті дөңгелек болып табылады. Осы әдісті, әртүрлі жылтылдату шеңберлерін пайдалана отырып, заманауи білдектерде қолданады.

1.81, *а* сур. цилиндрлі дөңгелектің тісін төрткілдеш - тісті дөңгелек тісін жылтылдату схемасы бейнеленген. Екі жылтылдататын шеңбер *1*, олардың сүмбіге қаратылған шеттері *3* дайындамамен іліністегі елестетілетін өндіруші төрткілдештің *2* тістерінің бүйір жақтарына сәйкес келетіндей етіп орнатылады. Айналатын дайындама *3* бойынша жүре отырып, жылтылдатқыш шеңберлер өзінің сырт жағымен дөңгелек тістерінің бетін жылтылдатады.

Қашақты бұрамдықпен тегістеу ең өнімді тәсіл болып табылады (1.81, *б* сур.). Диаметрі 300 мм бір немесе екі кірісті бұрамдық түрінде жасалған жылтылдатқыш шеңберге өңдеу барысында екі қозғалыс: айналдыру I - 20...30 м/с жылдамдықпен осьті айнала және ілгерілемелі II - дөңгелектің бір айналымында 0,6 мм жылдамдықпен дайындама осі бойымен (беру қозғалысы) беріледі. Тісті дөңгелек қашақты бұрамдықтың айналымымен келістірілген өз осін айнала III айналдыруды алады, және кезеңді радиалды беру қозғалысы IV. Бір кірісті бұрамдықпен өңдеу нақтылығы нақтылық деңгейінің 6-шы деңгейіне, екі кірісті - нақтылықтың 7-ші деңгейіне сәйкес. Өңделген тістер бетінің қол жеткізілген бұдырлығы  $Ra$  1,25.0,32 мкм.

1.81, *в* суретте тісті көшіретін қалпы келтірілген тегістеу шеңберімен тегістеу схемасы көрсетілген.



1.81-сурет. Тегістеу схемалары (а-в)

Тіс бейіні бетінің бұдырлық класын көтеру және беру жұмысы барысында шуды азайту үшін, термиялық өңдеуден кейін дөңгелек тістерін **жануыштауды** қолданады. Тісті жануыштауды қырғанға ұқсас білдекте, жану осі мен өңделетін дөңгелек қиылысу барысында, бірақ радиалды беру механизмінсіз орындайды. Бұл ретте орталыққа орналастырылған тісті дөңгелек, айналдырудан басқа, өз осі бойымен қайтымды ілгерілеме қозғалыс жасайды.

Тісті жануыш дегеніміз, пластмассадан жасалған және қажақпен шаржылған, түйіршіктілігі әдіп шамасына (0,025...0,05 мм) және бет бұдырлығы класының талаптарына байланысты геликоидті дөңгелек болып табылады.


Жаншуыштауды өңделетін дөңгелек тістер мен жануыш арасындағы тұрақты қысым кезінде керіп немесе орталық арасындағы арақашықтық өзгеріссіз болғанда дөңгелек пен жануышты саңылаусыз ілу тәсілімен орындайды. Бірінші тәсіл нақтылығы жоғарырақ тісті дөңгелектерді өндіреді. Тісті жануыштауды тіс бейінінің өңделетін бетінен металл шаңын тиімді кетіру үшін, 1,25.6 мм модульді түзу тісті және қисық тісті дөңгелектерді, сондай-ақ оны екі жақтан қорғалған және бөшке тәрізді тістері бар дөңгелектерді өңдеу үшін, қатты суыта отырып орындайды.

Тісті жануыштау жылдамдығы (бір тістің) 1.5 м/с, ұзақтығы 1...1,2 с, бет бұдырына қол жеткізетін класс 10, 11, тісті жонуышының төзімділігі 18-20 мың тісті дөңгелектерді құрайды.

Тісті дөңгелектердің тістерін **ысқылауды** термиялық өңдеуден кейін арнайы білдектерде орындайды, онда ысқылағыштар - өңделетін тісті дөңгелекпен іліністегі шойын дөңгелектер аспап қызметін атқарады. Ысқылағыштарды ұсақ қажақты ұнтақтың маймен қоспасымен майлайды.

Ысқылау әдісі арқылы тісті дөңгелектерді әрлеу дегеніміз, өңделетін дөңгелекті осьтері өзара қиылысқан үш ысқылағыш арасында жүргізеді (1.82-сур.). Ысқылағыш білдек сүмбісіне орнатылған өңделетін тісті дөңгелек 3 сонымен бірге 1, 2, 4 шойын ысқылағыштарымен іліністе болады. Шиыршықты немесе түзу тісті 1 және 4 екі ысқылағыш осьтері өңделетін тісті дөңгелекке 3 иілген. Үшінші ысқылағыштың 2 осі өңделетін тісті дөңгелектің осіне параллель, осы ысқылағыш тісті екі жағынан тегіс өңдеуді қамтамасыз ету үшін, әртүрлі бағытта 30...60 м/мин жылдамдықпен кезек-кезек айналдырылады. Айналдырудан басқа ысқылағыштарға минутына 60-70 мин барысында 25 мм осьтік бағыттағы қайтымды ілгерілемелі қозғалыс беріледі. Өңделетін тісті дөңгелектің айналым жылдамдығы 30...60 м/мин.

1.82-сурет. Тісті дөңгелектерді  
ысқылау әдісімен өңдеу




Тіс бетіне түсетін ысқылағыш қысымы сүмбілерді тежеу арқылы екі ысқылағышты реттейді. Өңдеу нақтылығы бастапқы шеңбер ұзындығы бойынша 0,02 мм, қадам бойынша - 0,01 мм және бейін бойынша - 0,08 мм, бет бұдырлығына қол жеткізу класы 10-шы. Бір тісті өңдеу уақыты шамамен 3...6 с кұрайды.

Заманауи машиналарда қозғалысты тоқтатпастан машина жұмысының үрдісі кезінде ауыстыратын тісті дөңгелектерді жиі қолданады (білдек, автомобиль жылдамдығының қорабы және т.б.). Тісті дөңгелектерді ауыстыру барысында ұруларды жою мен жиектерінің үгілісін болдырмас үшін *тісті жұмырлайды* - тістерді тіс жұмырлайтын білдектерде арнайы жонғыштармен жұмырлайды. Өңдеу кезіндегі тісті дөңгелектегі жұмырланатын тіс бейіні 1 мен аспаптың қозғалыс траекториясы 1.83, а сур. көрсетілген. 1.83, б суретінде дөңгелек тістерін жұмырлауға арналған жонғыш конструкциялары берілген: саусақ жонғыштары 1 мен басты жонғыш 2.

**Жүзін алу және қылауларды жоюды** өңделетін дөңгелек тісінің түріна сәйкес бейіндері бар қажакты шеңберлері бар білдектерде орындайды. Айналу тістерді шеңбер орамдары бар ілісімге кіргізу арқылы орындалады. Өндіріс ауқымы үлкен болған кезде, қылауларды алу көп позициялы білдектерде орындалады.

Мөлшері кіші тісті дөңгелектерден қылауларды ультрадыбыс көмегімен алады. Осы тәсіл барысында қылауларды алып тастаудан басқа, тістің өңделген бетіне әсер етпестен, үшкір жиектерді тегістейді. Қылауларды атанақта жұмырлау арқылы алу тәсілі кеңінен тарап келеді, және, сәйкес толтырғыш пен атанақ айналымының жиілігін таңдай отырып, тістер бейінін бұзбастан тістерді жақсылап тазалауға қол жеткізеді.



1.83-сур. Тісті жұмырлау (а) схемасы және тістерді жұмырлауға арналған жонғыштар конструкциялары (б)

Шыныққан тісті дөңгелектерді *таптауды (жүргізуді)* қажакты ұнтақсыз, жоғары нақтылықпен жасалған бір немесе бірнеше шыныққан дөңгелек-эталондармен бір жұпта майлы ортада орындайды. Дөңгелек-эталондар тістерін қысу нәтижесінде өңделетін тістер беті мен осы ретте пайда болатын тойтарыстан өңделетін беттердегі тегіс емес жерлер тегістеледі. Таптау барысында бейін мен тіс қадамы түзелмейтін болғандықтан, ал кейбір жағдайларда тіпті бейін бұзылып, термиялық өңдеу барысында бейіннің бұзылуын ұлғайтатын ішкі қосымша кернеу пайда болады, әрлеудің осы тәсілін жоғары нақтылықты талап етпейтін тісті дөңгелектер, сондай-ақ термиялық өңделмеген дөңгелектер үшін қолданады.

## 1.7. ОЙМАКІЛТЕК БЕТТЕРДІ ӨНДЕУ

**Оймакілтек қосылыстардың түрлері мен мақсаты.** Оймакілтек қосылыстарды әртүрлі мақсаттағы бөлшектерді (тісті дөңгелектер, тегершік, төлкелер және т.б.) тарту немесе саңылау арқылы білікке орнату үшін қолданады. Кілтектілермен салыстырғанда оймакілтек қосылыстардың бірқатар артықшылықтары бар:

- оймакілтек біліктерде бөлшектер жақсырақ орталықтандырылады және білік бойымен қозғалған кезде бағытталады;

- оймакілтектер шетіндегі майысу кернеуі кілте бетіндегілерден азырақ;

- оймакілтек біліктерінің нақтылығы кілтекті біліктермен салыстырғанда, динамикалық және ауыспалы жүктемелерде жоғарырақ.


Тік бұрышты, тік бүйірлі (1.84 а сур.), эвольвентті (1.84 б сур.) және үш бұрышты (1.84 в сур.) оймакілтек түрлерімен оймакілтек қосылыстары ең көп кеңінен тараған.

**Тік бұрышты оймакілтек қосылыстарды** (дайындау және пайдалану үшін) оймакілтек білігі мен төлкесін орталықтандырудың (базалаудың) үш тәсілін қолданады: оймакілтектердің бүйір жақтары бойынша; оймакілтектердің сыртқы диаметрі бойынша; оймакілтектердің ішкі диаметрі бойынша.


Оймакілтектердің бүйір жақтары бойынша орталықтандыруды, төлкені орталықтандыру нақтылығы онша маңызды болмаған және сонымен қатар пайдалануда қосылыстың жеткілікті төзімділігін қамтамасыз ету керек болған кезде, сыртқы диаметрі 20...90 мм қосылыстар үшін қолданады.

Негізгі назар берілістердің кинематикалық нақтылығына назар аударылатын механизмдерде, мысалы, металл кесетін білдек, автомобильдер, тракторлар механизмдерінде оймакілтектердің сыртқы диаметрі  $D$  немесе ішкі диаметрі  $d$  бойынша орталықтандыруды қолданады (1.85, а сур.).

Орталықтандыру ретінде сыртқы немесе ішкі диаметрді таңдау оймакілтек ойықтары беттерінің қаттылығымен және қосылыс мөлшерлерімен анықталады. Егер оймакілтек ойықтарын термиялық өңдемесе немесе олардың беттерінің қаттылығы термиялық өңдеуден кейін тартумен калибрлеуге жол беретін болса, сыртқы диаметрі бойынша орталықтандыруды қолданады. Егер тесік беттерінің қаттылығы калибрлеуге жол бермейтін болса, онда ішкі диаметрі бойынша орталықтандыруды қолданады. Ішкі диаметрі бойынша орталықтандыруды сондай-ақ термиялық өңдеуге ұшыраған ұзын біліктер үшін де қолданады, өйткені бұл жағдайда бір уақытта оймакілтек тістерінің бүйір жағын (дөнестерін) және біліктің ішкі диаметрін жылтылдатады.



1.84-сурет. Тік бұрышты тік бүйірлі (а), эвольвентті (б) және үшбұрышты (в) оймакілтек түрлі оймакілтек



1.85-сурет. Оймакілтек қосылыстары (а) және оймакілтек қосылыстарын орталықтандыру (б, в)

Кейінгі операциялардың көбінде технологиялық базалар ретінде қолдану үшін арналған өңделетін бір немесе бірнеше беттердің дұрыс орнатуына қол жеткізуге ұмтыла отырып, бірінші операцияларда дайындаманы өңделмеген жазықтыққа орнатады. Осы операцияда кейінгі операцияларда өңдеуге жататын беттерді өңдеу үшін әдіптердің дұрыс бөлуін қамтамасыз етуге ұмтылады. Екі негізгі құйылған тесік жеткілікті диаметральді мөлшерге ие болған жағдайда, алғашқы операцияда дайындаманы ол тесіктер бойынша базалайды. Базалаудың сондай тәсілі негізгі тесіктердің кейіннен өңдеуі кезінде біркелкі әдіптің шешуін қамтамасыз етеді. Базалау үшін өзіцентрленетін түзеткіш немесе арнайы құрылғылар қолданылады.

**Корпустық бөлшектің өңдеу бағыты** келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:

- кейіннен өңдеу технологиялық база ретінде беттердің өңдеуін;
- өзара байланысты тегіс беттердің өңдеуін;
- негізгі және бекітпе тесіктердің өңдеуін;
- тегіс беттердің тазадай өңдеуін;
- негізгі тесіктердің өңдеуін.

Әр кезең өңделетін беттердің түрінен және дәлдік бойынша талаптарға байланысты бірнеше операциялардан тұрады. Кейбір жағдайларда қаралтым және тазадай өңдеу арасындағы бағыт ескіруді қамтиды.

Білдек үстеліндегі немесе жерсеріктегі дайындаманың орнатуын және тексеруін арнайы айлабұйымдар арқылы іске асырады.


**Корпустық бөлшектің сыртқы жазықтықтарын өңдеу** үшін жону, фрезерлеу, ұштату, тегістеу және тарта жону қолданады. Өңделетін беттердің сипаты мен орналасуына, бөлшек шығаруының ауқымына қарай консоль-жоңғылау, бойлай жону (көп айналдырғылы), айналмашақты жону, барабан жону білдектерді, СББ бар білдектерді және көп мақсатты білдектерді қолданады.

Автоматты желілерде агрегаттық жону білдектерді қолданады. Жалпы мақсаттағы бойлай жону білдектері қаралтым және тазадай жону үшін шағын-сериялы өндірісте қолданады.


Ірі сериялық және ортасериялық өндірісте өңдеуді мамандандырылған көп айналдырғылы бойлай жону білдектерде үлгілем немесе стандартты жонғыштың жиынтығымен орындайды. Барабан жону білдектерде (2.1-сур.) бір мезгілде алдын ала және түпкілікті 1 және дайындамалардың 2 екі параллельді жазық беттерін өңдейді.

Бөлшектерді екі-екіден ауыстырумен үстелдің үздіксіз айналуы кезінде беттерді айналмашақты жону білдектерде жасайды (2.2-сур.). Қаралтым және тазадай өңдеу дәйекті түрде екі жонғышпен орындайды. Автоматты желілерде агрегатты бойлай жону автоматтарын қолдану арқылы жазық беттерді бір уақытта бір немесе екі жағынан қапталдық жонғышпен өңдейді. 4 екіайналдырықты жону бастиектері (2.3-сур.) жұмыс тұрғыда бекітілген дайындамалардың 3 қаралтым және тазадай өңдеуін дәйекті түрде орындап тіреуішке 1 дейін солға қарай жылжытады. Конвейер 2 келесі дайындаманы жібереді, бұл ретте бастиектер 4 бастапқы қалыпқа түседі. Содан кейін өңдеу циклі қайталаынады. Екі жұмыс жағдайындағы жылдамдық кезіндегі жону арқылы (қаралтым және тазадай) 10-ші квалитеттің  $Ra\ 3,2...1,6$  мкм кедір-бұдырлық дәлдіктерге қол жеткізіледі.

Ажарлау жазық ажарлағыш білдектерде дөңгелек шеттігімен, табақшалы және құрама бунақты дөңгелектің жағымен орындалады. Құйма қабыршығы және кідірмелі беттер үшін тегісті күштік ажарлау аса сезілмейді, сондықтан дайындаманы жонумен алдынала өңдеуінсіз және салыстырмалы түрде шағын әдіптер (3...5 мм) кезінде сүргілеу арқылы ажарлауға болады.




2.1-сур. Барабан жону білдектерде екі жазықтықтарды өңдеу схемі



2.2-сур. Дайындамаларды қайта орнатумен дайындаманың екі беттердің айналмашақты жону білдекте өңдеу схемасы:  
 1 - дайындаманың орымы; 2 - дайындаманы А қалыптан Б қалыпқа қайта орнату; 3 - өңдеуге жататын дайындаманың қайта орнатылуы

Жаппай өндірісте қатты бөлшектердегі сыртқы беттердің тартажонуы кеңінен пайдаланады, оны қаралтым және тазадай өңдеу үшін, сондай-ақ, тазалау және калибрлеу үшін қолдады. Тартажону жоғары өнімді, және оны қатты қорытпалардан құрылған тартажонумен, кесу жылдамдығы 60 м/мин жететін қуатты және жүрдек тарту білдектерде орындайды. Көлденең және тік типтегі тартажону білдектерді, біртұрғылы және көп тұрғылы білдектерді автоматты желінің ішіне енгізеді. Беттердің дәлдік және кедір-бұдырдығына деген жоғары талаптар кезінде әрлеу операциясын, жете ажарлау және жонуды енгізеді. Шағын-сериялы өндірісте базалық беттерді қырады.



2.3-сурет Автоматты желіде корпусық бөлшектердің өңдеу схемасы


**Негізгі тесіктерді өңдеу** үшін бұрғылар, кескіштер, үңгілер, қашау басы, кеулейжону бастиектер, кеулейжону тілімше және қашаулар қолданылады. Өрлеу жұмыстары үшін шарикті және аунақшалы домалатуларды қолданады. Бұрғыларды тұтас материалдағы тесіктерді алдын-ала бұрғылау үшін қолданады. Диаметрі 30 мм ден астам құрайтын тесіктер әдетте балқыту арқылы алады. Кондуктор бойынша бұрғылаған кезде диаметральді өлшемнің Н11, Н12 квалитет бойынша дәлдікке қол жеткізіледі.

Құймалардағы тесіктер жеке және ұсақ сериялы өндіріс жағдайлары кезінде кескішпен кеулей жонады; бұл жөндеу тесік өсінің дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді. Тісті кескіш бастиектерде және кескіш блоктарда үлкен диаметрлі тесіктерді өңдеу үшін қолданады. Үңгілерді құйма тесіктердің қаралтым өңдеуі, кескіш арқылы бұрғылаудан және кеулей жонғаннан кейін тесіктердің жартылай таза өңдеуі үшін қолданылады. Дәлдігі Н10 квалитетінен аспайтын тесіктердің түпкілікті өңдеу үшін үңгіні қолдануға болады. Үңгілеу кезінде жазықтықтың бұдырлығы  $Ra$  1,6 мкм және оданда артық құрайды.

Үлкен диаметрлі негізгі тесіктерді (100 мм және оданда артық) қатты қорытпадан жасалынған тілімшелермен жабдықталған көпкескішті кеулейжону бастиектермен өңдейді. Жоғары режимдері кезінде олар жұмыс жағдайындағы жылдамдықтың ең аз саны ішінде үлкен әдіпті шығаруға мүмкіндік береді және ең өнімді құрал болып табылады. Диаметрі 400 мм-ге дейінгі тесіктердің Н6 - Н10 квалитеттер бойынша таза өңдеуі көптеген жағдайларда жазу арқылы іске асырылады. Қатты қорытпадан жасалынған тілімшелермен жабдықталған қашауларды қолданады.

Н8 және Н9 квалитеттегі тесіктер бірреттік жазу арқылы, ал Н7 квалитеттің тесіктері - екі реттік жазу арқылы алады. Жазу арқылы Н6 квалитеттегі тесіктердің өңдеуін қолмен жеткізілген кесу ернеулері бар қашаумен және МСС-мен іске асырады. Бұл ретте  $Ra$  0,8 мкм және оданда артық кедір-бұдырлығын алады.

Қаралтым жазудың астындағы әдіптерді 0,5 мм дейінгі диаметрге қалдырады, таза жазуға - 0,07...0,15 мм қалдырады. Сериялық және жаппай өндірісте кеулейжону блоктар және жылжымалы тілімшелер 600 мм дейін диаметрлі тесіктердің өңдеуі үшін (қаралтым және таза кеулей жону) кеңінен пайдаланады. Біркескішті қашаумен салыстырғанда кеулейжону блоктармен немесе тілімшелермен өңдегенде кесу күшінің радиалды құрамдастары теңдестірілген, бұл өз кезегінде түзеткіштердің иілімін жоққа шығарады. Өңдеудің дәлдігі Н7 квалитет және  $Ra$  0,63 мкм және одан астам бұдырлық бойынша қамтамасыз етіледі.



2.4-сурет. Көлденең кеулейжону білдектерде тесіктердің түзеткішпен (а), борқарнақпен (б) және арнайы құрылғылармен (в) кеулей жону схемасы

Тесіктердің шетжак беттердің тілікшелі кескішпен немесе шетжак үңгімен өңдейді. Шетжак беттердің кесуін кескішпен немесе жонғышпен орындайды.

Негізгі тесіктердің өңдеуін көлденең кеулейжону, тік кеулейжону, координаталы кеулейжону, айналмашақты, агрегаттық, көп мақсатты білдектерде және СББ бар білдектерде орындайды. Өзікаралық қашықтықтың дәлдігін, осьтердің параллельдігін және перпендикулярлығын, тесіктердің өстестігін оның бір құрылғылардан өңдеуі арқылы қамтамасыз етілед.


Жеке және шағын-сериялы өндірісте көлденең кеулейжону білдектерде негізгі тесіктерді кеулей жонған кезде негізгі үш тәсіл қолданылады:

- 1 консоль түзеткіштермен өңдеу (2.4, а сур.);
- тіректің 2 артқы тіреуін қолданып борқарнақпен өңдеу (2.4, б сур.);
- кеулейжону түзеткіштердің 4 білдектің айналдырғысымен топсалы қосылысы арқылы арнайы құрылғыларда 3 өңдеу (2.4, в сур.).

Осы тәсілдердің әрбірі кезінде беріс айналдырғымен іске асырылады. Консоль өңдеуі оңай, бірақ басқа екі тәсілге қарағанда аз дәлдікті қамтамасыз етеді.


Консоль кеулейжонуы кезінде түзеткіштің ұзындығы және айналдырғының шығыңқы бөлігінің ұзындығы (5...6)  $d$  аспау керек, мұндағы  $d$  - түзеткіштің диаметрі. Консоль қашауы кезінде берісті білдек үстелінің жылжытуымен іске асырғаны артық көрінеді, өйткені айналдырғымен беріс берілген кезінде түзеткіштің ұшуы арттады және технологиялық жүйенің қаттылығы төмендейді, өз кезектен бұл тесіктің пішіні мен мөлшері қателіктерінің пайда болуына әскеледі. Тіректің артқы тіреуін қолданып борқарнақпен кеулей жону ірі бұйымдардың ұзын тесіктердің кеулей жонуы үшін қолданады, бұл борқарнақтың орнатуы және түзетуі үшін көмекші уақыттың үлкен шығындарымен байланысты.

Базаға қарасты ост аралық қашықтардың дәлдігі және осьтес тесіктер тұрғысының дәлдігі кеулей жону арқылы орындалады. Көлденең кеулейжону білдектерде координаталы кеулей жону дайындаманың бір қондырғы ішінде іске асырады. Жону кезінде алдын-ала есептелген координаттарға сәйкес айналдырғы осінің әрбір өңделетін тесіктері өсімен қиылыстыруы тік тұрғыда айналдырғы қыспағының, ал көлденең тұрғыда үстелдің жылжуымен жүзеге асырады (2.5-сур.). Бұл әдісті қолмен басқарылатын білдектерде және СББ бар білдектерде өңдеген кезде қолданады. Мұндай өңдеу кезінде  $\pm 0,02$  мм құрайтын осаралық қашықтықтардың дәлдігіне қол жеткізіледі. Координаталы әдіспен тесіктердің жонуын сондай-ақ координаталы жону білдектерде жасайды. Бұл білдектер жоғары дәлдікпен ерекшеленеді, есептеу-өлшеу жүйелерге ие, 1...8 мкм шегінде тесіктердің осаралық қашықтардың және мөлшерлердің жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді.



2.5-сурет. 1-5 корпустық бөлшектегі тесіктердің осы координаттар бойынша өңдеуі:

$x, y$  - өңдеуге жататын тесіктер осьтерінің координаттары



2.6-сурет. Тесіктерді жонуға арналған құрылғылардың бағыттаушы элементтерінің орналасуы:

*а* - алдыңғы; *б* - артқы; *в* - алдыңғы және артқы; *г* - қос алдыңғы; *1* - дайындама; *2* - қашауға арналған құрылғы

Сериялық өндірісте кезеулеткіштердегі жону кеңінен қолданылады. Саңылаулаудың дәл орналасуы құрылғының бағыттау төлкелері арқылы анықталады. Құрылғылар бағыттаушы элементтердің әртүрлі орналасуына ие (2.6-сур.). Айналдырғысы бар түзеткіштің топсалы қосылыспен жонған кезде білдектің геометриялық қателіктері өңдеу дәлдігіне мүлдем әсер етпейді. Бұл жағдайда өңдеудің дәлдігі құрылғының дәлдігімен, түзеткіш пен төлкелердің арасындағы саңылаулардың үлкендігімен анықталады.

Көлденең бұрғылау білдектерде жону бағыттаушы элементтерге ие бұрылыс айлабұйымдарда орындалады. Жону үшін құрылғылардың табанында немесе дайындамаларда бекітілетін бастырма кезеулеткіштер қолданылады. Кезеулеткіштердегі тесіктерді координаталы жону білдектерде тұрғысына қарасты жоғары дәлдікпен кеулей жонады. Олар корпустық бөлшектерде өңдеуге жататын тесіктерге сәйкес болады.


Кеулей жону білдектерде 4 көп айналдырғылы жону бастиектердің қолдануы (2.7-сур.) өңдеудің өнімділігін жоғарылатады. Бастиекті топсалы 5 айналдырғымен қосады. 3 бастиектің айналдырғысы кондуктор *1* бойынша дайындамада *б* параллельді осьтері бар бірнеше тесіктерді кеулей жонатын *2* жону борқарнақтарға бұраушы кезенді жібереді.



Ірі сериялық және жаппай өндірісте негізгі тесіктерді өңдеу үшін автоматты желілерде жұмыс істейтін немесе жеке пайдаланылатын көп айналдырғылы агрегатты жону білдектері қолданады. Агрегаттық жону білдектер түрлі құрастыруларға ие; олардың күштік бастиектері тік, көлденең немесе еңкіш бағытта қозғалуы мүмкін. Осы білдектердегі жұмыс циклы автоматталған. Агрегаттық білдектерде цилиндрлі және конусты тесіктердің бұрғылауын, үңгілеуін, жонуын, жазуын, шетжақтардың кесуін, жүздің шешуін, түрлі жырашықтардың жонуын және бұранданың кесуін орындайды.

Шағын-сериялы өндірісте негізгі тесіктерді өңдеу үшін құрылғының автоматты ауысуы үшін қораппен жабдықталған СББ бар көпмақсатты білдектерді қолданады.

**Бекіткіш және басқа саңылаулардың өңдеуін** тік-, радиалды-бұрғылау және агрегаттық білдектерді орындайды.



2.7-сурет. Көп айналдырғылы бастиекпен тесіктерді кеулей жону схемасы

Корпустық бөлшектердің мөлшеріне және құрылымдық пішіндерге, шығу сериясына қарай қорап типтегі кондукторларды, жапсырмалы бұрылыс кондукторларды қолданады немесе белгілер бойынша өңдеуді жасайды.

Шағын диаметрлі бекіткіш және басқа да саңылаулардың өңдеуі бұрғылауды, үнгілеуді, шенжоңғыны, жүздің шешуін, бұранданың кесуін және жонуын қамтиды. Жеке және шағын-сериялы өндірісте қолмен басқарылатын білдектерде өңдеуді белгілер бойынша орындайды. Шығу сериясы көп болса, көп айналдырғылы және бұранда кескіш бастиектерді қолданады, сондай-ақ, өңдеуді агрегаттық білдектерде жасайды.

**Негізгі тесіктердің өңдеуі** жете жонуды, планетарлы ажарлауды, жануыштауды және аунақшамен домалатуды қамтиды. Алмас-кеулейжону білдектердегі жете кеулей жону Н6 және Н7 квалитеттері бойынша тесіктер мөлшерінің жоғары дәлдігі, олардың геометриялық пішінінің дәлдігі (сопақтық және конус тәрізділікке шақтама 3...4 мкм) және тесіктер остерінің турашылдығы үшін қолданады. Алынатын беттің кедір-бұдырлығы -  $Ra$  1,25...0,63 мкм. Осындай өңдеуді орта және шағын мөлшеріндегі бөлшектерді шағын диаметрлі дәл тегіс тесіктер үшін қолданады.

Кеулей жонуды қатты қорытпалардан жасалынған тілімі бар біржүзді кескімен, сондай-ақ аса қатты кесетін материалдармен жасақталған кескімен және алмас кескімен жасайды. Диаметрі 150 мм асатын тесіктерді өңдеу үшін ішкі планетарлы ажарлауды қолданады.


Ажарлауыш шарық планетарлы қозғалысты, яғни тесік осіне қарасты айналысын жасап, айналдырғы осіне қарасты айналады. Бойлық берісті дайындаманың қайтымды ілгерілеме қозғалысымен, көлденең берісті - ажарлауыш шарықтың жылжуымен іске асырады. Бұл ретте Н6 квалитет бойынша тесіктердің жоғары дәлдігіне және  $Ra$  0,32 мкм не одан артық болатын беттің кедір-бұдырлығына қол жеткізіледі. Алайда бұл процесс өнімсіз.

Жануыштауды бір немесе көпайналдырғылы жануышты білдекте орындайды. Жануыштаумен 15...200 мм диаметрлі тесіктерді өңдейді және Н6 квалитет бойынша жоғары дәлдікке және  $Ra$  0,08...0,04 мкм құрайтын беттің кедір-бұдырлығына қол жеткізіледі. Жануыштау өнідіруші әрлеу операциясы болып табылады және жазу мен ажарлаудан кейін қолданылады.

Тесіктердің болат корпустық бөлшектерде дөңгелету арқылы  $Ra$  0,08,0,04 мкм құрайтын беттің кедір-бұдырлығына қол жеткізіледі, бұл ретте беткі қабаттың қаттылығы 20...25% ұлғаяды. Бұл тәсілдің өнімділігі жануыштау өнімділігімен салыстырғанда 5 есе артық.


Жеке және шағын-сериялы өндірісте тесіктердің минималды кедір-бұдырлығын қамтамасыз етуі үшін жұмсақ және қатты түрпілі материалдарды қолданып, сылауды жасайды.

**СББ бар білдектерде корпустық бөлшектердің өңдеуі.** Корпустық бөлшектерді өңдеудің өнімділігін арттыру үшін құралдың автоматты ауысымына ие СББ бар көпоперациялық білдектер (2.8-сур.) қолданылады. Көп операциялық білдектер бір қондырғы жүзінде дайындаманы төрт-бес жақтардан автоматты түрде өңдеуге мүмкіндік береді (2.9-сур.). Бұл білдектерде консоль құралын қолданады және пішін мен жазық бет бойынша фрезерлеуді, координаталы бұрғылау мен кеулей жонуды, тесіктердің үңгілеуін және жазуын, бұранданың шенжоңғуын және кесуін жасайды. Осындай білдектердің негізінде КАЖ индексіне (корпустық бөлшектерді өңдеудің автоматты жүйесі) ие, автоматты көліктік құрылғылармен және роботтармен жабдықталған ИӨЖ құрылады.



2.8-сурет. Корпустық бөлшектерді өңдеуге арналған СББ бар көп операциялық білдек:

1 - СББ бар көп мақсатты бұрғылау-фрезер-кеулейжону білдек; 2 - басқару құрылғысы; 3 - СББ шкафы; 4 - дайындамалардың айналмалы жинақтауышы; 5 - жерсерік құрылғысы; 6 - дайындама; 7 - тоқ үстелі; 8 - аспаптық қорап



2.9-сурет. Тік орналасқан көпмақсатты білдекте бір қондырғы жүзінде корпусық бөлшектерді өңдеу кезінде орындалатын технологиялық өтпелдердің сұлбасы:

1 - бетті фрезерлеу; 2 - ұсақ тесіктердің бұрғылауы; 3 - пішін бойынша фрезерлеу; 4 - тесікті аунала фрезерлеу; 5 - басты тесіктің кеулейжонуы; 6 - жазуы; 7 - бұранда тесіктердің бұрғылауы; 8 - жырашықтың фрезерлеуі; 9 - Т-бейнелі саңылаудың фрезерлеуі; 10 - бұранданың белгімен кесуі; 11 - тесіктердегі дөңгелек жырашықтың фрезерлеуі

Бұл ИӨЖ-де корпусық бөлшектердің кең номенклатурасын өңдейді және қаралы, жартылай таза және таза жонғышты, кеулейжонғышты, бұрғылау, бұранданы кесу және басқа да операцияларды үш-төрт жақтан дайындаманың қайта орнатуынсыз жасайды.


Орындалуы тиімсіз немесе СББ бар білдектерде мүмкін емес базалық беттер мен операциялардың алдын-ала өңделуі (мысалы, жоғары дәлдікті координаталы кеулейжонғыш, ажарлағыш немесе қашағыш жұмыстары) ИӨЖ-ден тыс жасайды. Кейбір кезде ИӨЖ-дің құрамына соңғы операциялар үшін қосымша құрал-жабдықтарды енгізуге болады. СББ бар білдектерден басқа КАЖ типтегі автоматтандырылған учаскінің құрамына дайындаманың алдын ала өлшеуі және белгілеу үшін координаталы белгі қою машина және түпкілікті өңделген корпустық бөлшектердің өлшеуі үшін бақылау-өлшеу машинасы енгізіледі. ИӨЖ-де корпустық бөлшектерді өңдеген кезде әдетте дайындамаларды тасымалдауда жерсеріктік тәсіл қолданылады. ИӨЖ-де бағдарлы технологиялық үрдісті құру ерекшеліктерінің бірі операциялардың бір білдекте максимал шоғырлануының қамтамасыз етуі, яғни бір қондырғы жүзінде технологиялық өтпелердің ең көп санын орындау мүмкіндігі болып табылады.

**Корпустық бөлшектердің бақылауы.** Әдетте корпустық бөлшектерде мынадай сипаттамаларды бақылайды:

- негізгі (базалық) беттер орналасуының турашылдығын және дұрыстығын;
- негізгі тесіктердің мөлшерлері мен пішіндерін;
- тесіктер осьтерінің осьтестігін;
- осьаралық қашықтарын;
- осьтердің параллельдігін және перпендикулярлығын;
- негізгі беттерге қарасты тесіктердің дұрыс орналасуын;
- тесіктердің осьтеріне қарасты шетжақтық беттердің перпендикулярлығы.

Беттердің турашылдығын деңгеймен немесе индикатормен бақылайды. Тесіктердің диаметрін өлшеу үшін әмбебап өлшеу құрылғыларды қолданады: индикаторлық және микрометрлік іш өлшеуіш, штангенциркуль, калибр-тығынды. Тесіктердің осьтестігін тегіс немесе сатылы бақылау түзеткіштермен бақылайды. Бұл түзеткіштерді h5 қвалитет бойынша және  $Ra$  0,63...0,16 мкм кедір-бұдырлықпен орындайды.

Үлкен диаметрлі тесіктерді бақылаған кезде өтпелі төлкелерді қолданады (2.10, *a* сур.). Параллельдіктің осьаралық қашықтық және ауытқуларды индикатормен, микрометрмен және штангенциркульмен тексереді. Тесіктердің негізі бетке қарасты дұрыс орналасуын (параллельдік) индикатор арқылы тексереді (2.10, *б* сур.). Тесіктер осьтерінің перпендикулярлығынан ауытқуын



2.10-сур. Корпустық бөлшектің бақылау схемасы (а-в):  
 1 - корпус; 2 - төлке; 3 - түзеткіш; 4 - индикатор; 5 - калибр

индикаторлары бар түзеткіштермен бақылайды. Беттердің шетжақтары перпендикулярлығының оське қарасты бақылауын қуыс бұрғы және калибр көмегімен индикатор арқылы орындайды (рис. 2.10, в сур.).

СББ бар арнайы бақылау-өлшеуіш құрылғылар корпустық бөлшектердің параметрлер кешенінің дәлдігін бақылауға мүмкіндік береді.

**Ірі сериялық өндірісте қораның құрамдық корпусын өңдеудің типтік үрдісі келесі операцияларды қамтуы мүмкін:**

- 05 - жазық ажарлағыш: жазық ажарлағыш білдекте жалғағыш жазығын алдын ала ажарлау;
- 10 - бұрғылайтын: кейінгі операцияларда екі саусақтарда бөлшекті базалау үшін қолданылатын 7 қвалитеттің дәлдігімен жалғағыш жазығында екі тесікті өңдеу;
- 15 - фрезерлеу: пневможетегі бар қысқыш төрторындық айлабұйымдарда төртайналдырғылы бойлай жону білдекпен бүйір жақтарды түпкілікті фрезерлеу (дайындаманы жалғағыш жазығы және екі тесіктер бойынша базалау);

- 20 - фрезерлеу: пневможетегі бар қысқыш төрторындық айлабұйымдарда сегіз айналдырғылы бойлай жону білдекпен корпустың қалған беттерін түпкілікті фрезерлеу (дайындаманы жалғағыш жазығы және екі тесіктер бойынша базалау);
- 25 - агрегаттық: қысқыш төрторындық айлабұйымда агрегаттық 32-айналдырғылы төрт позициялық білдекпен тесіктерді екіжақтан өңдеу (жалғағыш жазығы және екі тесіктер бойынша базалау);
- 30 - агрегаттық: агрегаттық төрт позициялық көпайналдырғылы білдекте тесіктерді екіжақтан түпкілікті өңдеу;
- 35 ажарлағыш: жалғағыш жазығын магнитті плитада жазық ажарлағыш білдекпен түпкілікті ажарлау (негіз жазықтары бойынша базалау);
- 40 - алмас-кеулейжону: қысқыш құрылғыда алмас-кеулейжону білдекпен жануыштауға деген әдіппен тесіктерді айналдырғының мойынтіректерінің астына кеулейжону (жалғағыш жазығы және екі тесіктер бойынша базалау);
- 45 - жануыш; тесіктерді мойынтіректердің астына жануыштау.

## 2.2. БІЛІКТЕРДІ ЖАСАУ

**Құрылмалық ерекшеліктері және жасау дәлдігі.** Кез-келген машинаның білігі оның ең жауапты тетіктерінің бірі болып табылады, себебі ол үлкен жүктемемен және көбінесе, үлкен айналымдармен жұмыс істейді. Осы себептерге байланысты біліктерді біршама жеңіл, бірақ берік, дәлірек айтсақ, қуыс және қабырғалары жұқа етіп жасауға ұмтылады. Турбиналардың, компрессорлардың, редукторлардың біліктерінің сыртқы үстіңгі беттері тегіс тегіс қылта, оймакілтек, бұранды, тісті доңғалақтардың тістері, ернемек, радиалды және осьті саңылаулар және басқаларының түрлі үйлесімін білдіреді.

Біліктердің жұмыс істейтін ауыр жағдайлары олардың үстіңгі беттерін дәлдеп өңдеуге және құрылмалық базасы болып табылатын

үстіңгі беттерінің өзара орналасу дәлдіктеріне қойылатын жоғары талаптарды айқындайды. Көптеген жауапты біліктердің дәлдігі келесі мәндермен сипатталады.

1. Мойынтірек қылтасына дәлдігі - 7-8-інші квалитет.
2. Жұмыс беті емес үстіңгі беттің дәлдігі - 9-10-ыншы квалитет.
3. Жұмыс бетінің геометриялық пішінінің дөңгелектен ауытқуы - 0,005...0,02 мм.
4. Жұмыс беті емес үстіңгі беттердің геометриялық пішінінің ауытқуы - 0,01...0,04 мм.
5. Осьтік саңылаулар дәлдігі - 9-10-ыншы квалитет.
6. Түйісетін үстіңгі беттерінің дәлдігі - 7-9-ыншы квалитет.
7. Бұрандының дәлдігі - бұрандыға арналған 6-8-інші квалитет.
8. Оймакілтектердің дәлдігі - 8-інші квалитет.
9. Жұмыс беттерінің өзара соғылуы - 0,05...0,2 мм.
10. Жұмыс бетінің кедір-бұдырлығы - 7- 10-ыншы класс.
11. Жұмыс беті емес үстіңгі қабаттардың кедір-бұдырлығы - 5-7-нші класс.

**Міндетті статикалық немесе динамикалық теңгерілім.** Төмен көміртекті болаттардан жасалатын біліктердің үстіңгі жұмыс беттерін 0,7...1,2 мм тереңдікке цементпен жабады. Кейбір біліктердің үстіңгі жұмыс беттерін 0,6...0,9 мм тереңдікке азотпен жабады. Жарықшақтар, қажамалар, сынықтар мен басқа да үстіңгі бет ақаулары болмауы керек.

Біліктерді 35, 40, 45, 40X, 40Г және басқа болаттан жасайды. Біліктер үшін дайындамаларды ыссы илемнен және калибрленген илемнен алады. Дара және ұсақ сериялы өндірісте, негізінен, илемнен алынған дайындамаларды оны келесі механикалық өңдеумен кесу арқылы алады. Салмағы 15 кг артық білік дайындамаларын еркін сомдау (қалыпсыз) әдісімен алу мақсатқа сәйкес.


Орта сериялы өндірісте біліктерге арналған дайындамаларды илемнен төсемелі немесе топтастырылған қайта бапталатын қалыптарда келесі механикалық өңдеумен немесе сомдаумен кесу арқылы алынады. Бағдарламамен жүргізілетін сомдаушы машиналарда айналмалы сомдауды кеңінен қолданады. Ірі сериялы және жаппай өндірісте біліктер үшін дайындамалар үшін негізінен, илемді кесу (кестерге) арқылы алады, ол келесіде минималды әдіптерді (1,5...2 мм) және дайын біліктің пішіндемесіне дайындаманың пішіндемесінің максималды жақындауын қамтамасыз ететін қымбат қалыптарға сомдалады.



Біліктердің дайындамаларын дайындама цехтарының механикалық цех бөлімшелерінде жасайды, мұнда ұста-баспақ жабдықтарынан басқа түзетуші-калибрлеуші, кескіш, жонғыш-центрлеуші, центрлеуші, жону-сыдырушы және басқа да білдектер орнатылады. Бұл жабдықтарда илемді кесуді және оны соғылмалар мен қалыптаманы (ұста-баспақ жабдық) алу үшін сомдауды орындайды, илемді түзетуші-калибрлеуші білдектерде орнындағы және жалпы қисықтықты түзету, түзетуден кейін илемді кесу мақсатында орындайды.

Кесуді кескіш білдектерде орындайды, олар дискілі сегментті аралармен, резеңкелі біріктірмелердегі және соғылма кенептердегі ажарлаушы дөңгелектермен жұмыс істейді. Илемді кесу әдісін таңдау өндіріс түріне, дайындама диаметріне және материалдың қаттылығына байланысты болады. Илемнен даналы дайындамаларды алудың ең өнімді әдісі баспақтарда кесу болып табылады. Бұл әдіс өндіріс тиісті түрде ұйымдастырылғанда барлық өндіріс түрлерінде қолданылуы мүмкін. Біліктердегі орталық саңылауларын ұңғылау мен шеттерін өңдеу сериялы өндірісте атаңқты үлгідегі МР77 және МР78 мод. Жонғыш-центрлеуші жартылай автомат білдектерде орындайды.

2.11-суретте, *a* сериялармен жасалатын тетіктерді өңдеуге арналған МР77 мод. жонғыш-центрлеуші жартылай автоматтарындағы баптау схемасы көрсетілген. Позиция 1 (көрсетілмеген) - тиегіш, дайындаманы орнатуға және босатуға арналған. Позиция 2 екі жағынан да шеттерін жонады, позиция 3




2.11-сурет. Білікті өңдеуге (*a*) және центрлі тесіктердің конструкциясын (*б*) өңдеуге арналған жонғыш-центрлеуші жартылай автоматты баптау схемасы

- центрлі саңылауларды ұңғылау.  $120^\circ$  сақтандырғыш жүзі бар және жүзі жоқ центрлі тесіктердің конструкциясы 2.11-суреттің *б* нұсқасында көрсетілген. Бір позициядан екінші позицияға дайындаманың орнын ауыстыру атанақты  $120^\circ$  бұрумен жүзеге асырылады.

Шетжақтарын жеке жону мен центрлі тесіктерді бұрғылауды кеңінен қолданады. Бұл операцияларды 73С1 мод. және басқаларының бір және екі жақты центрлі білдектерінде және жону білдектерінде жүргізеді. Жеке-дара және ұсақ сериялы өндірісте шетжақтарын өңдеу мен центрлі тесіктерді бұрғылауды екі рет жонғыш-бұрама кескіш білдектерде жүзеге асырады.

Автоматты желілерде шетжақтарды жону үшін А981 мод. білдектерді және центрлеу үшін А982 мод. білдектерін қолданады. Жонғыш-центрлеуші білдектердің басты артықшылығы шетжақтарды дәлдеп өңдеу мен бір рет өткенде қайта тесіктерді өңдеу мен минималды қатесі бар технологиялық базаларды құру болып табылады. Осы білдектерде призмалы пішініндегі өзі центрленетін еріншесі іскенжелерді қолданғанда (2.11-суреттің, *а* іскенжелерді орнату МемСТ 3.1107-81 «Бірыңғай технологиялық құжаттама жүйесі. Тіреулер, қысқыштар және орнатушы құрылғылар. Графикалық атаулары» бойынша көрсетілген) бұрғылау айналдырғы осінің дайындама диаметріне байланысты дайындама центрінің күйін орнығуы қамтамасыз етілген. 2.12-суретте жону-центрлеуші білдектерде және центрлеуші білдектерде қолданылатын призмалы пішіндегі еріншелері бар өзіцентрлеуші іскенжелер көрсетілген. 2.12.-суреттің *а* көрсетілген іскенжелер ұшынды бүрлі бағытталған бұрандысы бар бұрамамен 1 жабрақталған. Іскенженің бұрамасы (электр қозғалтқышымен немесе қолмен) айналғанда 2 және 3 бірігеді де, дайындаманы бекітеді немесе ашылады. 2.12-суреттің *б* көрсетілген іскенженің жетегі пневматикалық. Цилиндрдің оң жақ қуысына 4 қысылған ауа



2.12-сурет. Призмалы еріншелері бар өзі центрлеуші іскенже (*а*, *б*)

келіп түскенде піспек 5 пен соташық 1 еріншемен 3 бірге сол жаққа жылжиды да, ал ерінше төрткілдеш 2 берілістің арқасында - оң жаққа жылжиды да, қысу болады. Бұл іскенжелер центрлі тесіктердің орнатылатын біліктің диаметріне байланысты емес күйінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.


**Біліктерге қойылатын техникалық талаптар, оларды қамтамасыз ету және бақылау әдістері.** Жылдамдықтар, редуكتورлар мен қалыпты дәлдіктегі өзге механизмдердің қораптарында орнатылатын біліктерге келесі талаптар қойылады:

- тербеліс мойынтірекеріне қылта дәлдігі және тісті доңғалақтар 6-ншы квалитет шегінде болуы тиіс (қондырма h6, js6, k6 және т.б.), кедір-бұдырлығы  $Ra\ 0,8 \dots 0,4$  мкм;
- мойынтірекерге қылта цилиндрлеріне және дөңгелектілігіне рауасы шамамен  $0,25 \dots 0,5$  рұқсат жасауға;
- тісті доңғалақтарға қылтаның радиалды соғу рауасы мойынтірекердің қылтасына қарай  $0,01 \dots 0,03$  мм;
- мойынтірекерге қылта осі рауасы  $0,01 \dots 0,02$  мм;
- қылта мойынтірекерінің жалпы осімен салыстырғанда оймакілтек беттерінің тістері мен тартажонғыш бунақтарының бүйір жақтарының симметриялы рауасы  $0,03 \dots 0,05$  мм.

Техникалық талаптарды қамтамасыз ету үшін келесі әдістер қолданылады. 6-ншы квалитет қылтасының диаметрлерінің дәлдігі және кедір-бұдырлығы  $Ra\ 0,8 \dots 0,4$  мкм H класты дөңгелекті ажарлаушы білдектердің центрлерінде жетеді. Бұл операцияны тазартып жонудан кейін орындайды. Цилиндрлік пен дөңгелектен ауытқуға қатты рұқсат дөңгелектеп ажарлаумен қамтамасыз етіледі, ол түзету кезінде дірілді болдырмайтын дәлдеп өлшеуге түседі.

Үстелді оның бойлық орнын ауыстырудың бағыты үлкен дәлдікпен білік центрінің осі бағытымен сәйкес келетіндей орнату керек. Бұл мақсат үшін дөңгелекті ажарлаушы білдектерде микронды дәлдіктегі дайындамасымен үстелді бұру механизмі бар. Радиалды соққыны болдырмас үшін олардың ажарлануына қылта осьтілігін бір реттен орындау керек. Алайда, дөңгелектеп ажарлаушы білдектерде центрлер айналмайтындықтан, қылтаны ажарлауды бір және одан көп орындалады, ось жоғары дәлдігін қамтамасыз ете отырып, радиалды соққыға рұқсат беріледі.

Кілтекті бунақтардың бүйір жақтарының симметриялылығы бунақты жону кезінде призмадағы біліктің айлабұйымдарын қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда жонғыш білдекті



2.13-сурет. Цилиндрлік пен дөңгелектіктен (а) және осьтілігінен ауытқуды өлшеу схемасы

баптаған кезде жонғыштың осі мен бірінші тетіктегі біліктің осінің сай келуіне қол жеткізу керек. Оймакілтекті үстіңгі беттердің тістерінің бүйір жақтарының симметриялылығы оймакілтекті жону және оймакілтекті ажарлау білдектерінде баптау кезіндегі білік мен құралдың өзара орналасуымен қол жеткізіледі.

**Білік элементтерінің дәлдігін бақылау.** Орта сериялы өндірісте дәлдікті бақылауды әмбебап өлшеу құралдарымен және калибрлермен жүргізеді. 6-ншы және 7-нші квалитет дәлдігінің қылталарын иіңтіректі қапсырмаларымен немесе 0,002 мм иіңтіректі шкалаларға бөлінген микрометрлермен және калибр-қапсырмалармен өлшеуді, не болмаса цилиндрлік пен дөңгелектілік рауасын өлшеуді (2.13-сурет, а). 8-інші, 9-ыншы квалитет қылталарын 0,01 мм бөлу мөлшері бар микрометрлермен өлшейді. 10-ыншы квалитет қылтасын және одан үлкендерін 0,1...0,05 мм нониус бөлу мөлшері бар штангерциркульмен өлшейді.

Радиалды соғу мен қылта осьтілігінен ауытқуды берілген рауасына байланысты 0,01...0,002 мм бөлу мөлшері бар индикатордың көмегімен призмаларда немесе центрлері бар айлабұйымда өлшейді (2.13-сурет, б), кілтекті бунақтың бүйір жақтарының симметриялылығы және оймакілтекті үстіңгі беттерін кешенді калибрлеуші-сақиналармен және басқалармен тексереді.

**Білікті жасаудың үлгілік технологиялық процесі** (2.1-кесте).

Беру: білік - білік топтарының өкілі (2.14-сурет); материал - болат 45; өндіріс түрі - орта сериялы; дайындама - қалыптама.


Білікті жасаудың үлгілік технологиялық процесі келесі операциялардан тұруы мүмкін:

- 05 - жону-центрлеуші (код 4269): шетжақтарын жону және центрлі тесікті қорытынды бұрғылау. Білдек - жону-центрлеуші мод. МР76М (код 381825).

2.1-кесте. Сериялы өндірісте біліктердің түрлі үстіңгі беттерін өндеудің үлгілік технологиялық операциялары

Біліктің үстіңгі беті	Квалитет	Кедір-бұдырлығы Ra, мкм	Операцияларды орындау сипаттамасы мен бірізділігі (өтулер)
Цилиндрлі және конусты шынықпаған	11 және одан үлкен	25 және одан үлкен	Н класты білдектерде қаралтым жону
	9 және одан үлкен	3,2 және одан үлкен	Н класты білдектерде қаралтым және таза жону
	6 - 8	1,0...0,4	Н класты білдектерде қаралтым, таза жону және дөңгелектеп ажарлау П класты білдектерде қаралтым және таза жону
Цилиндрлі және конусты шыныққан	6 - 8	1,6...0,4	Н класты білдектерде қаралтым және таза жону, шыңдау, дөңгелектеп ажарлау
			П класты білдектерде қаралтым және таза жону
			Н класты білдектерде қаралтым, таза жону, шыңдау, дөңгелектеп ажарлау
			Бор нитриді (композит 01), карбонад (мысалы, АСПК маркасы) және басқаларының негізінде тым қатты кескіш материалдарды қолдана отырып, П класты білдектерде қаралтым және таза жону
Оймакілтекті шыныққан	6 сыртқы диаметрі үшін	1,6... 0,4	Қаралтым, таза жону, дөңгелектеп ажарлау және оймакілтекті ажарлау

Біліктің үстіңгі беті	Квалитет	Кедір-бұдырлығы Ra, мкм	Операцияларды орындау сипаттамасы мен бірізділігі (өтулер)
Оймакілтекті шыныққан	6 сыртқы диаметрі үшін	1,6...0,4	Қаралтым, таза жону, оймакілтекті жону, шынықтыру және оймакілтекті шынықтыру
Шынықтырылатын оймакілтекті үстіңгі беттер	6, 7 ішкі диаметрі үшін	1,6...0,4	Қаралтым, таза жону, оймакілтекті жону, шынықтыру және оймакілтекті ажарлау
			Таза жону, оймакілтекті жону, шынықтыру және оймакілтекті жону
Цилиндрлі кілтекті бунағымен	8, 9 бунақ еніне арналған, 6 - 8 сыртқы диаметрі үшін	0,4; 1,6; 0,8	Қаралтым, таза жону, кілтекті жону және дөңгелектеп ажарлау
			Таза жону, кілтекті жону және дөңгелектеп ажарлау
Қалыпты және ұсақ адымды бекіту бұрандысы	8h-8g	1,6	Қаралтым, таза жону, бұрандыны бұранкескішпен немесе бұрандыны жонумен кесу
			Таза жону, бұранкескішпен немесе кескіштермен кесу
			Жартылай таза жону және бұрандыны бүрлеу
Қалыпты және ұсақ адымды бұрандылы	4h - 6g	0,8	Қаралтым, таза жону және бұрандыны кескіштермен кесу
			Қаралтым, таза жону, бұрандыны бүрлемдеу және бұрандыны ажарлау



2.14-сурет. Үлгілік білік

Өлшемдердің шекті көрсетілмеген ауытқулары:  
біліктердің h14, тесіктердің H14, қалғандардың ±  
IT14/2

Айлабұйым - призма пішініндегі өзі центрленетін еріншелері бар іскенжелер, жетегі пневматикалық (код 396131). Базалау - сыртқы үстіңгі беттері мен дайындаманың бір шетжағы бойынша. Құралдар - шетжақ жонғыштары диаметрі 100 мм, тістерінің саны 12, кесетін бөлігінің материалы Т14К8 (код 381855), центрлеуші бұрғы диаметрі 5 мм, материалы Р6М5 (код 391242). Өлшеуші құрал - штангенциркуль ШЦ-I, өлшеу диапазоны 400 мм, нониус бөлу мөлшері 0,1 мм (код 393310 баптау үшін), ұзындықты бақылау үшін шаблон 286±0,6 (код 393610 жұмыс істеу үшін);

- 10 - жону-көшіру (код 4117): 50к6; 55h6; 52; 62 және 65 мм диаметрлі үстіңгі беттерін қаралтым қайрау. Білдек - жону-гидрокөшіргіш жартылай автомат мод. 1Н713 (код 381115). Айлабұйым - пневможетегі бар центрлер (код 382840) мен жетектемелі патрон (код 396115). Құрал - өткіш кескіш, оң жақ қимасы 25^20 мм, кесу бөлігінің материалы Т14К8, сызбадағы бас бұрышы  $\phi = 45^\circ$ , артқы бұрышы  $a = 8^\circ$  және алдыңғы бұрышы  $u = 2^\circ$  (код 392101). Өлшеу құралы - штангенциркуль ШЦ-I, өлшеу диапазоны 125 мм, нониус бөлу мөлшері 0,1 мм (код 393310 баптау үшін), калибр-қысқыштар - 51; 5h14; 53; 5h14; 56; 5h14; 63, 5h14 (код 393120 жұмыс істеу үшін);
- 15 - жону-көшіру (код 4117): үстіңгі бетті 40js6 және 65 мм диаметрінде қаралтым қайрау (басқа деректер 10 операцияда берілген);

20 - бағдарламалық басқарумен жону: үстіңгі бетті 50к6, 55h6, 40js6 диаметрімен жонып, ажарлауды 65; 60a11; 52 диаметрінде түсіру, жону диаметрі 38; 48; 53; 58 мм және жүзі 1 x 45° қорытындылау. Білдек - жону 16К20Т мод. ЧПУ (код 381021). Айлабұйымы - жетектеуші қалқымалы центр қалқымалы бөлігінің диаметрі 36 мм (код 392840). Дайындаманы базалау - центрлі тесіктер мен сол шетжағы бойынша диаметрі 10 мм. Құралдар - өткіш кескіштер, оң және сол жақ қимасы 20 x 25 мм, кескіш бөлігінің материалы Т14К8;  $\phi = 90^\circ$  (код 392101), кескіш , кескіш бөлігінің ені 3 мм, кескіш бөлігінің материалы Т14К8 (код 392112); сол және оң үлгілемді кескіштері  $\phi = 45^\circ$  (код 392114). Өлшеу құралы - штангенциркуль ШЦ-I баптау үшін, калибр-қысқыштар жұмыс істеу үшін - 40, 3h9; 50, 4h9; 60a11; 65<sub>0,3</sub>;



- 25 - кілтекті-жону (код 4272): ойық кілтекті 16S9 ақырғы жону. Білдек - кілтекті жонғыш жартылай автомат мод. 692A (код. 381610). Айлабұйымы - призмалы негіздемесі мен пневматикалық жетегі бар іскенже (код 396131). Базалау - үстіңгі бетінен диаметрі 58h6 және шетжағынан диаметрі 62 мм. Құрал-сайман - кілтекті жүзінің диаметрі 16 мм, кескіш бөлігінің материалы Т14К8 немесе Р6М5 (код 391826 немесе 391856). Өлшеу құралы - штангенциркуль ШЦ-I (код 393310), калибр-тығын 16S9 (код 393110);
- 30 - ойма кілтекті жонғыш (код 4260): оймакілтектерді ажарлауға орын қалдырып жону. Білдек- ойма кілтекті жонғыш мод. 535013 (код 381630). Айлабұйым - жетектемелі құрылғы (код 39615), центрлері (код 392840). Базалау - центрлі тесіктерінен. Құрал -Р6К5 маркалы бұрамдық оймакілтекті жонғыш,  $d-8 \times 56 \times 7 \times 62a11 \times 10js7$  (код 391810). Өлшеу құралы - кешенді калибр-төлке (код 393180);
- 35 - оймакілтекті ажарлағыш (код 4142): оймакілтектерін ақырғы ажарлау. Білдек - оймакілтекті ажарлаушы мод. 3Б450 (код 381315). Айлабұйымы - центрлері (код 392840), жетектемелі құрылғы (код 396115). Базалау - центрлі тесіктерінен. Құрал - ажарлаушы бейіндік шарықтас ПП250 х16 х7624А25ПСМ15 К435М/С2КЛА (код 397111). Өлшеу құралы - кешенді калибр-төлке (код 393180), тегіс микрометр өлшеу диапазоны 50...75 және 0...25 мм және де бөлу мөлшері 0,01 мм (код 393310) ішкі диаметрін және тістердің (оймакілтектердің) қалыңдығын өлшеу үшін;
- 40 - дөңгелектеп ажарлаушы (код 4131): үстіңгі бетін 50k6, 55h6, 40js6 диаметрінде ақырғы ажарлау. Білдек - дөңгелектеп ажарлаушы (код 381311) мод. 3М150А. Айлабұйым - центрлер (код 393840), жетектемелі құрылғы (код 396155). Базалау - центрлі тесіктері бойынша. Құрал - ажарлаушы шарықтас ПП350 х 50 х 12724А25ПСМ15К435М/С2КЛА (код 397111). Өлшеу құралы - иінтіректі қапсырмалары өлшеу диапазоны 25.50 және 50.75 мм бөлу мөлшері 0,002 мм баптау үшін (код 394240), калибр-қапсырмалар 40js6, 50К6 (код 393120);

- 45 - бұранды жонғыш (код 4271): бұранды жону М52 х 1,5 - 8g ақырғы. Білдек - бұранды жонғыш (код 391632) мод. 5Б63Г. Айлабұйымдары - центрлер (код 392840), жетектемелі құрылғы (код 396115). Базалау - центрлі тесіктері бойынша. Құрал - бұранды тарақты жонғыш маркасы Р6М5 (код 391810). Өлшеу құралы - бұранды калибр-сақиналар М52 х 1,5 - 8g (код 393140).

Берілген топтың нақты біліктеріне жұмыс маршрут процестерін құрған кезде операциялардың бір бөлігі түсірілуі мүмкін (мысалы, білікте бұранды, оймакілтектері, кілтекті бунақтары немесе басқалары болмағанда). Келтірілген процестің кейбір операцияларында білікті өңдеуге және өлшеуге қажетті кескіш және өлшеу құралдарының барлығы аталмаған.

Біліктерді жону өңдеуі кезінде цилиндрлі, конусты, оймакілтекті, бұранды және өзге үстіңгі беттерді жөрмелейді. Бұл ретте алынатын үстіңгі беттердің дәлдігі мен кедір-бұдырлығы 2.2-кестеде келтірілген. Біліктерді жонып өңдеу кезіндегі технологиялық базалар білік білдегіне орнатылған сол шетжағы мен центрлі тесіктер болып табылады. Бұл шетжақтан осьтік және сызықтық өлшемдердің дәлдігін қамтамасыз етуге ыңғайлы, себебі құралкүймешіктердің бойлық жылжуын шектейтін тірек жүйелері айналдырғы белдемесімен байланысты. Жонып өңдеу өндіріс үлгісі мен біліктердің құрылымына байланысты түрлі білдектерде орындайды: жеке-дара және ұсақ сериялы өндірісте - жонғыш-бұрама кескіш және ЧПУ жону білдектерінде, орта сериялы өндірісте - көп кескіштерде және басқаларында.

2.15-суретте, *a шлемнен алынған дайындаманы өңдеу кезінде* көп кескішті білдекті баптау схемасы. Бұл жағдайда баптауды әдіпті бөлу әдісі бойынша өткізеді. Кескіштермен 2 және 3 алынатын әдіптер тым үлкен, және олардың бір жұмыс барысында кетіру қиындатады. Сондықтан кескіш 1 жұмысын оң шетжағынан бастайды, әдіпті I кеседі, ал кескіштер 2 және 3 әдіптің қалған бөліктерін II және III кеседі. Бұл жағдайда кесудің қосынды қуаты кескіштің қайрайтын сатысына келетін әдіпті кесуден кем болады. Бұл әдісті қозғалтқыштың қуаты жетпегенде де қолданады.

Машина уақыты

$$t_{\text{маш}} = (I_1 + I_2 + I_3 + I_{\text{кпр}})/(nS),$$

**2.2-кесте. Болаттан және сұр шойыннан жасалған дайындамаларды өңдеу кезіндегі орташа экономикалық дәлдік пен кедір-бұдырлылық**

Операция	Квалитет	Ra, мкм
Сыртынан жону және кеулей жону:	12 және одан үлкен	12,5
алдын- ала	10 және одан үлкен	3,2...1,6
таза	5 - 6	0,6...0,4
II класты білдектерде жұқа		
Жонғылау:	12 және одан үлкен	6,3
алдын-ала	8	3,2... 1,6
Бұрғылау	11, 12	6,3.3,2
Үңгілеу	10 және одан үлкен	3,2. 1,6
Жаймалау:	8 және одан үлкен	1,6...0,8
алдын-ала		
таза	7	0,8...0,4
Тесікті тартау жону	8, 7	0,8...0,4
Сыртқы және ішкі ажарлау:		
таза	7	0,4.0,2
II класты білдектерде жұқа	5, 6	0,1.0,05
Ысқылау	5 және дәлірек	0,1.0,25
Бабына жеткізу	4 және дәлірек	0,05 және кемірек
Жануыштау	5 және одан үлкен	0,05.0,025
Аса ажарлау	5 және одан үлкен	0,05 және кемірек

мұндағы  $I_1$ ,  $I_2$ ,  $I_3$  - білік сатыларының ұзындықтары, мм;  $I_{кiр}$  - кіреkesу шамасы, мм;  $n$  - айналу жиілігі, мин<sup>-1</sup>;  $S$  - берілісі, мм/айн.

**Қалыпталған сатылы дайындамаларды өңдеген кезде** баптауды өңдеу ұзындығын бөлу әдісі бойынша орындаған дұрыс (2.15-сурет, б). Бұл жағдайда кескіш 1 сатыны ұзындығымен  $I_1$  қайрайды, ал кескіш 2 - ұзындығы  $I_2$  сатысы және т.б.


Машина уақыты

$$t_{\text{маш}} = (l_1 + l_{\text{кр}}) / (nS),$$

мұндағы  $l_1$  - ең үлкен ұзақтықтың ұзындығы, мм.

Кейде көп кескішті білдекті баптаған кезде қарастырылған екі әдісті қолданады, яғни өңдеуді бөлу және алынатын әдіптің ұзындығын бөлу арқылы өңдейді.

Ұсақ және орта сериялы өндірісте біліктерді қайрау үшін гидрокөшіру автоматтары мен жартылай автоматтарын қолдану мақсатқа сай болады. Гидрокөшіру қайрау ұзындықты бөлу әдісімен өңдеуге болмайтын үстіңгі бетіне қойылатын жоғарғы талаптардың қылта ұзындықтарымен біліктерді таза жону келеді. Бұдан басқа, көшіріп таза өңдеу кезінде біршама жоғары дәлдік қамтамасыз етіледі. Көп кескішті және гидрокөшіру жартылай автоматтарының центрінде біліктерді өңдеген кезде сызықтық өлшемдердің тұрақты



2.15-сурет. Білікті өңдеу кезінде көп кескішті білдекті баптау (а, б)

тұрақты базасынан ұстау үшін қалқымалы алдыңғы центрлерді қолдану ұсынылады.

Жонып өңдеу үшін гидрокөшіргіш жартылай автоматты 1708, 1Н713, 1Б732 және 1Б732Ф3 мод. қолданады. Гидрокөшіргіш жартылай автоматтарда біліктерді қайрау даярлау-аяқтау уақытының уақытының шығындарын және техникалық қызмет көрсету уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Ірі сериялы және жаппай өндірісте ұзындығы шағын және үлкен диаметрлі біліктерді қайрау үшін көп шпиндель жонушы жартылай автоматтар 240-6П, 11А261П мод. және басқалары қолданылады. Жартылай автоматта алты немесе сегіз позицияның болуы бүкіл жонып өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әрбір позицияда өңдеуді бір немесе екі кескішпен жүргізеді. Бұл ретте дайындама центрінде немесе патронына бекітіледі.

**ЧПУ жону білдектерінде біліктерді өңдеу.** Ұсақ сериялы өндірісте экономикалық жағынан мақсатқа сәйкес сатылы біліктерді 16К20Т, 16К20Т1, 16К20Ф3С5, 1713Ф3 ЧПУ және басқаларында өндегенде қолданады.

Басқарушы бағдарламаны (ББ) әзірлеген кезде құралдардың қозғалу траекториясын айқындайды және траекторияның тірек нүктелерінің координаттарын есептейді. Құралдың қозғалыс траекториясы ЧПУ білдектерінде оның бірізді орнының (тірек нүктелерінің) қатары түрінде беріледі, олардың әрқайсысы сандармен анықталады. Алынған ақпаратты операциянды есептеу-технологиялық картасына (ЕТК) енгізеді де, содан кейін белгілі түрде геометриялық және технологиялық параметрлерін бағдарламалау картасына, сондай-ақ білдектің жұмыс циклдарын басқаруға қажетті командаларды жазып алады. Алынған деректерді белгіленген кодында бағдарлама тасымалдаушысына жазады. Дайындалған ББ қолданар алдында тексереді де, және егер қажет болса, түзетеді.


ЧПУ жону білдектерінде орнатудың екі дәстүрлі схемасы ең көп қолданысқа ие болды: центрінде (біліктердің дайындамалары үшін) және патронда (дискілер мен төлкелердің дайындамалары үшін).

Центрлер, өзіцентрлейтін патрон немесе цанговый қысқыш автоматты түрде білдектің Z осінің координатымен дайындаманың осінің бағытын үйлестіреді. Құралдың орнын ауыстыруды бсанауды бастаудың орналасқан жерін анықтау үшін (тетіктің ноі) дайындаманың базалық шетжағы болуы керек, ол жеткілікті дәлдікпен және тұрақтылығымен дайындаманың Z осі бойынша санау басталатын жерден бірдей қашықтықта болатындай қамтамасыз етуі керек.

2.16-суретте,  $a$  сатылы білік көрсетілген, технологиялық базасы өңделген цилиндрлі қылта 030js6, шетжағы А және центрлі тесігі (артқы бабка жағынан) болып табылады. Шетжақтан А қашықтықта ( $200 \pm 0,1$ ) мм тетік нолінің күйінің нүктесі ( $O$ ) көрсетілген. Қандай қашықтықта  $z_0$  білдек нолінен  $Z$  осімен патрон жұдырықтарының Б беті орналасқандығын білу керек (2.16-сурет, б).

Тетіктің базалық шетжағынан А өлшемін берілген рұқсат шегінде алу үшін оны орнатуға және оның салыстырмалы түрде орналасуына санауды бастау үшін рауалы ауытқудың жартысынан артық болмауы керек. Осі  $X$  бойынша санаудың басталуы дайындаманың максималды диаметрі мен ең мүмкін өңдеу диаметрі арасындағы аймақта орналасады. ЧПУ жону білдектерінде құралдың автоматты ауысуымен негізінен, құрал бастиектердің бірнеше позицияларын өңдеу үшін қолданылады. Тетіктің ноль координатасын ең үлкен кескіштің кесуші кесектерінің шығының күйінен тағайындайды. Басқа құралдардың ББ бастапқы күйіне шығуы үшін құралдың бос жүруін қарастырады.

ЧПУ жүйесі бар білдектерді жонып өңдеу үшін мини-ЭЕМ (микропроцессорлық жүйелер) базасында шығарады. Бұл жүйелерде оператор ББ қолмен пернелердің көмегімен енгізе алады, олар басқару панелінде орналасқан, ББ жүйенің жадында сақталады. ЧПУ жүйесінің бұл класы «Электроника НЦ-31» 16K20T1 мод.білдегімен жарақталған, оның алты позициялы револьвер бастиегі бар. Нөлдік нүктені  $X$  осі бойынша білдек центрлерінің осінде, ал  $Z$  осі бойынша - патрон жұдырықшаларының немесе шпиндель шетжағының бетінен кейбір арақашықтықта (4...5 мм) (2.17-сурет, а). Бастапқы нүкте күйі  $BH) 0_1$ , одан құралды дайындамаға өңдеудің (басында әкеледі



2.16-сурет. Бөлшектің нолін анықтау сызбасы


де, оған өңдеуден кейін құралды ауыстырғанда соңғысы дайындамаға немесе білдектің тораптарына тимейтіндей таңдап алынады, ал тетіктерді алған кезде соңғысы құралға тимеуі керек. БН құралдың позициясының ауысуы болады.

Құралдың қозғалу траекториясын құру үлгілері екі цилиндрлі бетті өңдеу үшін екі өткенде бір кескішпен кесілуі 2.17-суретте көрсетілген. Құралдың қозғалу бағыты нұсқармен көрсетілген, құралдың жұмыс барысы тұтас сызықпен, ал бос жүруі - үзік сызықтармен белгіленген.

БН күйін тетіктің ноліне қарай таңдап аламыз ( $x = 26$  мм,  $y = 66$  мм). БН (2.17-сурет, а қараңыз) жылдам жүрісінде кескішті нольдік тірек нүктеге  $O$  ауыстырамыз. Нольдік тірек нүктесінің күйі тетіктің координаттар жүйесінде келесі өрнектер таңдап алынады:  $X$  осі бойынша - тетіктің сызбасын есепке алғанда, аралық өту өлшемі мен цилиндрлі беттің диаметрінің рұқсаты (мысалы, 38 мм диаметрінде);  $Z$  осі бойынша - тетіктің базалау нүктесіне байланысты (тірек нүктесінің күйінің дәлдігі 5) нольдік тірек нүктені тетіктің шетжағынан белгілі бір арақашықтықта орналастыру қажет (мысалы, 1 мм арақашықтықта). Тетіктің ұзындығын есепке ала отырып ( $l=55$  мм) және тетіктің шетжағынан таңдап алынған арақашықтыққа байланысты ( $I_1 = 1$  мм) нольдік тірек нүктесі тетіктің ноліне қарай 56 мм арақашықтықта болады. Нольдік тірек нүктенің мұндай күйі кескішті жеделдетілген жүрісте тетікке бұрғылаудан сақтандыруға мүмкіндік береді.


Нольдік тірек нүктеден тірек нүктеге 1 кескіш жұмыс жүрісінде ауысады (цилиндрлі беттің өңделуі). Тірек нүкте 1 келесі координаттарда болады:  $X$  осі бойынша - алдыңғы тірек нүктенің мәні, яғни диаметрі 38 мм тең;  $Z$  осі бойынша - 0 мм, себебі ноль тетіктің сол шетжағында орналасқан. Тірек нүктеден 1 тірек нүктеге 2 кескішті жұмыс барысында (тетіктің бірінші шетжағының өтуі) орнын ауыстырады. Тірек нүктенің 2 координаттары  $X$  осі бойынша 43 мм диаметрге тең (дайындама өлшеміне рұқсат есебі мен 100%-тік кесу кепілдігін тірек нүктенің 2 бойымен  $X$  координаттары цилиндрлік беттен кейбір қашықтықта беріледі - 42 мм, мысалы 0,5 мм арақашықтықта);  $Z$  осі бойынша - алдыңғы тірек нүктесінің мәні.

Тірек нүктеден 2 тірек нүктеге 3 кескіш жеделдетілген жүріспен жылжиды. Тірек нүктенің 3 координаттары  $X$  осі бойынша - 43 мм;




Бірінші өткел

Тірек нүктенің номері	Тірек нүктелердің координат мәндері (мм) және дискрет			
	ОсьX		ОсьZ	
0	52	5200	66	6600
1	38	3800	56	5 600
2	43	4300	0	0
3	43	4300	56	5600
4	32	3200	56	5600



Екінші өткел

Тірек нүктенің номері	Тірек нүктелердің координат мәндері (мм) және дискрет			
	ОсьX		ОсьZ	
4	32	3200	56	5600
5	32	3200	32	3200
6	39	3900	32	3200
ИТ	52	5200	66	6600



2.17-сурет. Сатылы білікті өңдеуге 16K20T1 мод. жону білдегін баптау схемасы:

а, б - кескіштің қозғалу траекториялары және тірек нүктелердің координат мәндерінің кестесі; в - иінді білік



Z осі бойынша - 56 мм. Тірек нүктеден 3 тірек нүктеге 4 кескіш те жеделдетілген жүріспен ауысады. Тірек нүктенің 4 координаттары X осі бойынша - 32 мм (радиалды бағытта кескіштің жүрісі басқа тетіктің иінін өңдеу үшін); Z осі бойынша - алдыңғы тірек нүктенің мәні 56 мм. 2.17-суретте, б кескіштің қозғалу траекториясы екінші иінді біліктің өңделуі кезінде көрсетілген: кескіштің жұмыс жүрісіндегі бойлық жылжуы тірек нүктеден 4 тірек нүктеге 5 (цилиндрлі үстіңгі бетті өңдеу 032 мм); жұмыс жүрісінде кескіштің радиалды қозғалуы тірек нүктеден 5 тірек нүктеге 6 (тетіктің екінші шетжағының өтуі) және кескіштің жеделдетілген орын алмасуы бастапқы нүктеге. Бірінші және екінші өту эскиздерінде бастапқы және тірек нүктелердің координаттары миллиметрлерде көрсетілген, ал тиісті өту кестелерінде - миллиметрлер мен дискреттерде.

Ступенчатый білікті өңдеуге арналған ББ құруды қарастырайық, ол 2.17-суретте, в көрсетілген. Технологиялық процесс мына өткелдерден тұрады:

- үстіңгі бетті 074 мм ұзындығы 100 мм кесу тереңдігі  $t = 3$  мм; берілісі  $S = 0,3$  мм/айн; айналу жиілігі  $n = 500$  мин<sup>-1</sup> шпиндельдің тура айналу кезінде қайрау;
- үстіңгі бетті 069 мм ұзындығы 50 мм  $s t = 2,5$  мм;  $S = 0,3$  мм/айн;  $n = 500$  мм<sup>-1</sup> шпиндель тура айналған кезде қайрау;
- үстіңгі бетті 065 мм ұзындығы 25 мм  $s t = 2$  мм;  $S = 0,3$  мм/айн;  $n = 500$  мм<sup>-1</sup> шпиндель тура айналған кезде қайрау.

Құралды таңдап алып, оны білдектің револьверлі бастиегіне орнатады. Құралды байланыстыру үшін нольдік нүктені  $z = 5$  мм бастиектің шетжағынан және  $x = 0$  (яғни, білдек центрлерінің осінде) таңдайды. Бастапқы нүктесін 150 мм ұзындығында нольдік нүктеден бастап және 120 мм диаметрінде (яғни,  $x_{ит} = 15\ 000$  және  $y_{ит} = 12\ 000$ ) таңдайды, ББ келесі кадрлар жиынтығымен берілетін болады:

- № 0 M3 - шпиндельдің тура айналуы берілген;
- № 1 M39 - шпиндельдің орташа айналу жиілігі берілген;
- № 2 S5 - шпиндельдің айналу жиілігі берілген  $n = 500$  мин<sup>-1</sup>;
- № 3 F30 - жұмыс берілісі берілген 0,3 мм/айн;
- № 4 71 - құралдың номері берілген (қаралтым жону үшін кескіш);

№ 5 Z10100 ~ - жеделдетілген жүрісінде кескіштің ұзындығы бойынша 101 нүктесіне келеді, яғни тетікке дейін 1 мм жетпей (бұл арақашықтық X осі бойынша жылдам жеткенде кескіш

дайындамаға тимеуі керек;

№ 6 X7400 ~ - кескіштің жеделдетілген жүріспен нүктеге 074 мм келуі;

№ 7 Z0 - кескіштің жұмыс берілісінде Z осі бойынша жылжуы (өңделетін беті 074 мм);

№ 8 X8100 - кескіштің жұмыс берілісінде білік дайындамасынан X осі бойынша 081 мм дейін (бұл кескіштің кері жеделдетілген жүрісінде тозуын болдырмау үшін жасалады);

№ 9 Z10100 ~ - жеделдетілген жүрісте кескіштің Z осы бойынша өңдеудің басына бұрылуы және 1 мм арақашықтықта Z осі бойынша дайындамадан оны тоқтату;

№ 10 X6900 ~ - кескіштің 069 мм өлшемді нүктеге жеделдетілген жүрісте кескішті бұру (біліктің келесі иіні);

№ 11 Z5000 - кескіштің жұмыс берілісінде Z осі бойынша 50 мм нольдік нүктеден жылжуы, өңделетін беті - 068 мм;

№ 12 X7500 - кескіштің жұмыс берілісінде білік дайындамасынан X осі бойынша 075 мм нүктеге дейін шығуы;

№ 13 Z10100 - кескіштің жеделдетілген жүрісте Z осі бойынша біліктің дайындамасына дейін 1 мм бұрылуы;

№ 14 X6500 - кескіштің жеделдетілген жүрісте біліктің соңғы иінінде 065 мм нүктесіне бұрылуы;

№ 15 Z7500 - кескіштің жұмыс берілісінде Z осі бойынша 75 мм ұзындығына дейін біліктің дайындамасының келесі иінін өңдеумен орын ауыстыруы;

№ 16 X7000 - кескіштің жұмыс берілісінде білік дайындамасынан X осі бойынша 070 мм нүктесіне дейін шығуы;

№ 17 X12000 ~ - кескішті жеделдетілген жүрісте бастапқы нүктеге X осі бойынша бұрылуы;

№ 18 Z15000 ~ - кескіштің жеделдетілген жүрісінде бастапқы нүктеге Z осі бойынша бұрылуы;

№ 19 M5 - шпиндельдің автоматты түрде тоқтауы;

№ 20 M30 - бағдарламаның соңы.

«~» белгісі жеделдетілген жүрісте осьті бойлай жылжып өңдеу дегенді білдіреді.

ЧПУ білдектеріндежонғылаушы контурлы кескіштермен жүзеге асыруға болатын тетіктердің үстіңгі беттерін бас бұрышымен  $\phi = 93^\circ$  және қосымша  $\phi_1 = 27...32^\circ$  бұрышында жүзеге асыруға болады, **негізілерге** - шетжақты, цилиндрлік және конусты беттер жатады, сондай-ақ қисық сызықтарды түзуші және 1 мм дейінгі терең емес бунақтардың үстіңгі беттері. Кескіш құрал қажет болатын пішінін құру үстіңгі беттері **қосымшаға** жатқызылады.

ЧПУ жону білдектерінде келесі технологиялық схема бойынша дайындамалардың өңделуін жүзеге асырады:

- центрлеу, егер бұрғылау диаметрі 20 мм кем болса;
- бұрғылау;
- шетжағын кесу;
- негізгі үстіңгі беттерді қаралтым өңдеу;
- қосымша үстіңгі беттерді қаралтым өңдеу;
- қосымша беттерді таза өңдеу;
- қаралтым өңдеуді қажет етпейтін қосымша үстіңгі беттерді таза өңдеу;
- негізгі үстіңгі беттерді таза өңдеу (центрлерде өңдеу кезінде алғашқы үш өткелде алып тастау керек).


ЧПУ жону білдектерінде көп қырлы қатты балқымалы тілімді (үш қырлы, ромбы, бес қырлы және табақшалы) механикалық бекітпесі бар кескіштерді қолданады. Титан карбиді мен алюминий оксидінен қапталған тілімдерді қолдану олардың беріктілігін бірнеше ретке арттырады. Бұл білектерде қатты балқымадан (кесілген, бунақты және жоңғылы) дәнекерленіп жасалған кескіштерді де қолданады. Қосалқы құрал кескіш құралдың жылдам және дәл ауысуын, оның білдектен тыс өлшемін баптауды және кесілетін кесектің күйір реттеуді қамтамасыз етеді.

**Білік қылталарын ажарлау.** Біліктің нақты дәлдігіне ықпал ететін біршама жауапты операциялар біліктің негізгі базалаушы қылталарын өңдеу операциялары болып табылады, сондай-ақ ондағы тетіктерде орналасқан және біліктің күйін айқындайтын қылталарының шетжақтарын өңдеу операциялары. Аталған үстіңгі беттердің дәлдігі центрлерде сияқты, центрлеусіз ажарлауда қол жеткізіледі. Біліктер 3К12 үлгісінегі дөңгелектер 25П-32П түйіршікті, СМ1-СМ2 қаттылығымен дөңгелектеп ажарлау білдектерінің центрлерінде ажарлайды.

Біліктің диаметріне  $D$ , оның ұзындығына  $L$  және олардың өрнегіне бавйланысты біліктерді бойлық беріліс, тереңдетіп ажарлау әдісімен және ою әдісімен, яғни бойлық беріліс әдісімен ажарлайды.

**Бойлық беріліс әдісімен** үлкен ұзындықтағы біліктерді  $t = 0,03...0,1$  мм кесу тереңдігімен немесе үстелдің екі рет жүрісімен ажарлайды (2.18-сурет, а).

**Тереңдетіп ажарлау әдісі** (2.18-сурет, б) қатты біліктердің қылталарын  $L/D < 10$  өңдейді. Тереңдетіп ажарлаудың ерекшелігі жоғары кесу тереңдігі  $t = 0,1...0,4$  мм және беріліс  $S = 1.6$  мм/айн. болып табылады, бұл тетікті бір-екі жұмыс жүрісінің ішінде өңдеуге мүмкіндік береді. Осының негізінде тереңдетіп ажарлау әдісі біршама үнемді.



2.18-сурет. Бойлық берілісі (а) мен тереңдетіп ажарлау (б)

центрлерінде сыртқы дөңгелектеп ажарлау схемалары:

$O_3$  - ажарлауға дейінгі дайындама диаметрі;  $D$  - тәдіпті алғаннан кейінгі тетіктің диаметрі;  $S_{\text{прод}}$  - бойлық беріліс;  $u_3$  - дайындаманың айналуының шеңберлі жылдамдығы;  $u_k$  - дөңгелектің шеңберлі жылдамдығы

Кесу әдісін ажарланатын үстіңгі беттің ұзындығы дөңгелектің енінен  $B$  кем болғанда қолданады. Бойлық беріліспен ажарлау және кесіп ажарлауды центрлі-ажарлау білдектерінде жүзеге асырады. Ажарлаумен салыстырғанда центрлі емес ажарлаудың ерекшелігі өңдеудің үлкен дәлдігі болып табылады, себебі бұл жағдайда жону-центрлі операцияларының қатесі болмацды (центрлі тесіктерді жасау қатесі), бірақ біліктің жеке қылталарының шоғырлануы (осьтілігіне) жету мүмкін емес.


**Біліктердің қылталы, кілтекті және бұранды үстіңгі беттерін өңдеу. Оймакілтекті үстіңгі беттерін өңдеу.** Конструкциялары жағынан оймакілтектер тура, эвольвентті және басқа пішіндерде болады. Тура оймакілтектері бар оймакілтекті қосылыстар центрлеумен ішкі  $d$  немесе сыртқы  $D$  диаметрлермен және оймакілтектердің  $b$  ені бойынша орындалады (2.19-сурет, а). Эвольвентті оймакілтектерде центрлеу оймакілтектің бүйірлік пішіні жағынан жүзеге асырылады. Оймакілтекті біліктің сапасы иіндердің диаметрлі өлшемдерінің дәлдігімен, оның осьтілігімен, оймакілтектердің ені мен қадамының дәлдігімен, центрлеуші және өзге үстіңгі беттердің қаттылығымен анықталады. Бұл элементтерге дәлдік нормаларын белгілейді.

Біліктерде оймакілтектерді жонумен, сүргілеумен, тарта жонумен және суық бүрлеумен кеседі. Оймакілтектерді өңдеу оймакілтектерді қосуды центрлеумен, термиялық өңдеу тәсіліне, термиялық өңдеу түрлеріне және өндіріс сериясына байланысты болады. Сериялы өндірісте оймакілтектер әдетте оймакілтеке немесе тісті жонғыш білдектерде дөңгелету әдісімен бұрамдық жонғыштармен кеседі. Осындай тәсілмен талап етілетін дәлдігіне

байланысты бір-екі жұмыс жүрісінің ішінде оймакілтектерді кеседі. Технологиялық базалар ретінде біліктің центрлі тесіктерін қолданады. Шынығатын біліктерде оймакілтектерді алдын ала сыртқы ажарлаудан кейін жонады, ал шынықпайтын біліктерде - біліктің сыртқы үстіңгі бетін таза ажарлаудан кейін жонады.

Ірі сериялы өндірісте біліктерде тура оймакілтектерді кесу үлгілемдік дискілі жонғыштармен жону арқылы жүзеге асырылады, кейіннен оймакілтектердің үстіңгі беттерін ажарлайды. Өңдеуді механикаландырылған көлденең жонғыш білдектерде жасайды. Дайындаманы білдектің үстеліне орнатылған бөлгіш бастиектің ортасына бекітіп салады. Оймакілтектерді бұлай кесу әдісі 3-4 есеге өнімдірек, ол оймакілтекті және тіс жонғыш білдектерде өңдеуге қарағанда өнімдірек.

Оймакілтектерді алудың прогрессивті тәсілі бастиектің корпусына 5 жиналған үлгілемдік кескіштердің 3 жиынтығымен көшіру әдісі арқылы оймакілтекті ойып контурлап салу болып табылады (2.19-сурет, б), олардың саны мен пішіні біліктердің арасындағы ойымдардың пішіні мен оймакілтектердің санына сәйкес келеді. Соңғы жағдайда біліктің конструкцияларында жоңқаның шығуы үшін 6...8 мм өлшемді бунақты қарастыру керек. Бұл ретте өңделген үстіңгі беттің кедір-бұдырлығы  $Ra\ 2,5.1,25\ \mu\text{m}$ .



2.19-сурет. Үлгілемдік кескіштері (а) мен оймакілтекті сүргілеуші білдектің кескіш бастиегінің (б) біліктерінде оймакілтектерді кесу схемасы:

1 - дайындама; 2 - жонғыш; 3 - кескіш; 4 - бағыттаушы; 5 - бастиектің корпусы

Тарта жонуды біліктегі қарама-қарсы екі диаметрлі ойымдармен бір уақытта екі блокты тартумен жүргізіледі, біліктің келесі бұрылу бұрышы  $\alpha = 360^\circ/x$ , мұндағы  $x$  - оймакілтектердің саны. Тарту блогы тәуелсіз радиалды жылжитын кескіштер жиынтығынан тұрады. Бұл әдіс өтпелі және өтпелі емес оймакілтектерді өңдеуге мүмкіндік береді.

Өнімділігі жағынан оймакілтектерді ою мен оймакілтектерді тарту 5-8 есе (оймакілтектердің өлшемдеріне байланысты) оймакілтектерді жонудан артық болады. Оймакілтектерді суық бүрлеу әдісі перспективалы, мұнда олардың пішіні жоңқа алусыз аунақшалы, рейкалы және көп аунақшалы пішінді бастиектерсіз пластикалық пішін өзгертуімен түзетеді. Бүрлеу кезінде металл қабатын нығыздау оймакілтекті біліктердің беріктілігін арттырады. Кейде, суық бүрлеу біліктердің термиялық өңделуінен және оймакілтектердің механикалық өңделуінен бас тартуға мүмкіндік береді. Негізінде суық бүрлеумен эвольвентті оймакілтектерді жасайды.

Эвольвентті пішіндегі оймакілтектер 2,5 мм дейінгі модульмен екі немесе үш аунақшаларды суық бүрлеумен алады, олар технологиялық жүйесіне байланысты икемді деформацияны есепке ала отырып, алдын ала өңделген дайындаманың бөлу шеңбері бойынша орнатады. Бүрлеу аунақшаларын Х122ФН және Х6ФН маркалы жоғары шынықтырылған болаттан жасайды. Белгілі бір модульдегі бір аунақшамен оймакілтектерінің саны әртүрлі біліктерді өңдеуге болады. Бүрлеуге 220 НВ артық емес қаттылықтағы дайындамалар түседі. Алынатын дәлдік қадам бойынша 0,01...0,03 мм, жиналған қатесі 0,05.0,1 мм қадамы бойынша, кедір-бұдырлығы  $Ra$  0,63...0,32 мм. Оймакілтектердің ұзындығына байланысты өнімділік бүрлеу кезінде оймакілтекті жону кезіне қарағанда 10 есеге артық.

Ішкі диаметрдің үстіңгі беті бойынша центрленетін оймакілтекті термоөңделген үстіңгі беттердің көбі оймакілтектерді кесуден кейін бұдан әрі оймакілтекті жонуға түседі. Біліктерде оймакілтектердің пішінін түзетін үстіңгі беттері ішкі диаметрінің үстіңгі бетімен центрленеді, бір жүргенде пішінді шеңберлермен ажарлайды. Екі рет өткенде оймакілтектердің бүйір жақ беттерін екі цилиндрлі дөңгелектермен ажарлайды, ал содан кейін ішкі центрлеуші диаметрінің бетін ажарлайды.

Дәлдігі және өнімділігі жағынан ең үздік нәтижелерді бір пішінді дөңгелекпен ажарлау береді. Оймакілтекті біліктер сыртқы диаметрі бойынша центрленгенде дөңгелек-ажарлаушы білдектерде ажарлайды, ал содан кейін оймакілтектерді жонады, бұл бір кешенді калибр-тығынмен жасауға мүмкіндік береді.


**Кілтекті үстіңгі беттерін өңдеу.** Біліктерде кілтекті бунақтар призмалы кілтектерді орнату үшін жабық болуы мүмкін (2.20-сурет, а), тегіс шетжағы бар призмалы және клинді кілтекті қондырғылар үшін ашық (2.20-сурет, б), сондай-ақ, сегментті кілтектер (2.20-сурет, в). Кілтекті ойықтар олардың пішініне байланысты қарапайым жонғыш немесе арнайы білдектерде ұштық немесе дискілі жонғыштармен (кілтекті жонғыш) өңдейді, олар маятникті әдіс бойынша жұмыс істейді, ол әрбір жүрісте металдың аз қатпарларын екі тісті ақырғы жонғыштармен алу.

Бунақ ашық болғанда ең өнімдісі дискілі жонғышпен жону болып табылады. Бунақтар сегментті кілтектерге дискілі жонғышы бар тік және көлденең жону білдектерінде жонылады (2.21-сурет).

**Бұранды беттерін өңдеу.** Сыртқы бұрандыны техникалық шарттарына, бар жабдықтарды шығару масштабына қарай бұранкескіштермен, бұрандалы кескіштермен, тарақтармен, бұранды жонғыштармен, бұран кескіш және бұранды бүрлеуші бастиктермен, бүрлеу аунақшаларымен кеседі.


**Дөңгелек бұранкескіштермен** төмен класты дәлдіктегі бұрандыларды кеседі (8h-8g қвалитеттер). Центрілі қайралатын бұранкескіштермен кесектерді ең жоғары дәлдікте, орта және жоғары класс дәлдігімен (6g-4h қвалитеттер) бұрандыларды калибрлеуге болады.

**Бұранды кескіштермен** бұрандыны жону-бұран кескіш білдектерде кеседі. Себебі бұранды кескіш  $60^\circ$  шыңында бұрышы өту кескішін білдіреді немесе  $55^\circ$  (дюймді бұранды кесуге арналған) және бір бас кескіш кесегі болады, бұрандыны кесуді бірнеше жүріс ішінде жүзеге асырады, бұл үнемді болып табылмайды. Бұрандыны бұранды кескішпен кесу жеке-дара және ұсақ сериялы өндірісте бұранкескіштер, өлшегіштер болмағанда және дәл бұрандыларды өңдеусіз жүзеге асырады.



2.20-сурет. Призмалы (а), клинді (б) және сегментті (в) кілтекті қосылыстар:

1 - білік; 2 - кілтек



2.21-сурет. Сегментті кілткке арналған кілтккті бунақты жону схемасы:

1 - білік; 2 - дискілі жонғыш

Бекіту бұрандасын бұрандалы фрезер білдектерге **тарақты фрезамен**, сонымен қатар ірі бұранданы дискілі фрезалармен фрезерлеу орта және ірі көлемді өндірісте жүргізіледі. Алынған дәлдік біршама төмен, сондықтан дискілі фрезерлеу алдын ала өңдеуді орындайды.

Кіші диаметрлі бұранданы ұстағышқа бекітілген **роликтерді айналдыру** арқылы алады. Дайындама диаметрі кесілетін бұранданың орташа диаметріне сәйкес болуы керек. Бұранданы бүрлемдеу жұмыстары жону-бұрама кескіш білдектерде және арнайы автоматтарда іске асырылады.

Бұранданы тегістеу тәсілімен алу ажарлағыш білдектерде ажарлауыш шарықпен орындайды, оның пішіні кесілетін бұранда ойысының пішініне сәйкес келеді.

**Біліктерді әрлеу жұмысы.** Тегістеуден бөлек біліктердің ең маңызды бөліктері әрлеу жұмыстары жасалады: орау, аса ажарлау, орамаларда илеу және құю.

**Сылауды** сұрту арқылы жүзеге асырады, оның үстіне бет жағынан майлайтын немесе паста араластырылған ұнтақ қолданылады. Ажарлағыш материал ретінде егеуқұм қағазы, электрокорунд, алмас тозаң және т.б. қолданылады. Ысқылау кезінде ажарлағыш ұнтақты



керосинмен сулайды. Сылауды әдіптеу 0,005...0,02 мм құрайды.

*Аса ажарлауды* ең кіші бұдырлықты алумен сыртқы және ішкі цилиндрлік бетті өңдеу үшін пайдаланады, оны айналмалы дайындама беті бойымен жоғары жиілікпен тербелгіш ілгері-кейінді қозғалыс жасайтын ажарлауыш қайрақпен жасап шығарады. Процесс алдыңғы өңдеуден қалған тарақшаны жоюдан тұратындықтан, суперфинишке әдіп қалдырмайды. Бұл ретте өлшемдер 1.2 мкм өзгереді.

*Тегістеу* кезінде бетінің бұзылуы түзіледі, ал металл алу өте аз орын алады немесе мүлдем орын алмайды. Тегістеуден соң үстіңгі беті жылтырап, жарқырауға дейін жетеді.

Тегістеу түйіршіктілігі M20 – M14 электркорунд болатын микроұнтақтарды пайдалану арқылы киіз дөңгелектермен іске асырылады.

Цилиндрлік беттерді аунақшалармен *таптау*, кернеу концентрациясының төмендеуіне алып келеді, ол айныма таңбалы жүктеме кезінде жұмыс жасайтын тетіктердің жұмысын ұзартады. Таптау процесі кезінде сонымен қатар өңделетін беттің бұдырлығы 5-тен 0,32 мкм дейін жақсарады. Дайындама пішінінің ақаулығы таптаумен болмашы қалпына келтіріледі.

**Жонғыш білдекке арналған құралдар.** Жонғыш білдектерде қолданылатын білік дайындамаларын қондыру мен бекіту үшін құрылғыларды айналмалы мезетті беруге арналған центрлік саңылауларда білікті қондыруға арналған құрылғылар және біліктерді тірек мойынға бекітуге арналған құрылғылар деп бөлуге болады.

Бірінші топқа *орталықтар, жетектеме патрондар және люнет жатады*. Орталықтар тіректік, айналмалы, жетектеме, қалқымалы, қалқымалы-жетектеме және т.б. Жұмысшының қосымша уақыты мен физикалық күшін минималды жұмсау кезінде орталықта тетіктерді автоматтық бекітуді қамтамасыз ететін жетектеме қысқының құрылымы жасап шығарылған. Бұл қысқыштарда қысқыштарға арналған жұдырықшалардың орнын ауыстыру, кесу күші, инерциялық күш немесе пневможетек энергиясы көмегімен орындалады. Ұзындығының диаметрге қатынасы 10 жоғары қатты емес білікті өңдеу кезінде жеткізу тіректері ретінде білдек күймешесі немесе тұғырға бекітілетін қозғалмалы және қозғалмайтын люнеттер қолданылады.

Екінші топқа *өздігінен орталықтандырылған және өздігінен орталықтандырылмаған патрондар, қангалы патрондар және сыртқы мойындарды бекітуге арналған біліктер мен консолды жақтаулар жатады*. Біліктерді жонғыш білдектерде сыртқы

жөрмеу үшін көбіне пневмо- және гидрожетегі, сонымен қатар қолдан басқарылатын өздігінен центрлеуші үшжұдырықшалы патрон қолданылады. Бұл патрондардағы дайындама қондырғыларының қателігі 0,1 мм жетеді. Білікті өңдеу кезінде қолданылатын цангалық патрондардың дайындаманы нақтылай центрлеуде (0,04... 0,06 мм) жұдырықшалы қысқыға қарағанда артықшылықтары бар, олар қысылатын бетке зақым келтірмейді және дайындаманы бекіту кезінде деформациялануды қалыптастырмайды.

**Біліктерді икемді өндірістік жүйелер (ИӨЖ) шарттарында өңдеу.** Қазіргі кезде білікті өңдеу кезінде ЭЕМ (электрондық есептеуіш машина) басқарылатын сандық бағдарламалық басқару (СББ) жабдықтарынан құралатын ИӨЖ қолданылады. Икемді өндірістік жүйелер – ол жабдықтардың автоматтық тәртіпте жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құралдар мен жүйелермен қамтамасыз етілген технологиялық жабдықтардың бірнеше бірлігі. Берілген жүйе жаңа бөлшектерді белгіленген номенклатура шамасында өндіруге ауысқан кезде автоматтандырылған қайта жөндеу қасиетіне ие (МемСТ 26228–90 «Икемді өндірістік жүйелер. Терминдер мен анықтамалар, көрсеткіштер номенклатурасы»).

Икемді өндірістік жүйелерде дайындамаларды өңдеумен байланысты негізгі операциялардан басқа қосалқы операциялар да автоматтандырылған: жұмыс орнына дайындамаларды, жабдықтарды, кескіш және өлшеу аспаптарын жеткізу, оларды ауыстыру мен жөндеу; жабдықтар мен құралдардың техникалық күйін диагностикалау, басқару бағдарламаларын (ББ) автоматтық түзету; өндірісті жоспарлау мен басқару және т.б. Икемді өндірістік жүйелерді (ИӨЖ) басқару, сандық бағдарламалық басқару базасында құрастырылған автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ) жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған басқару жүйесі орындайды:

- Автоматтандырылған жобалау жүйесімен (АЖЖ) жасап шығарылатын бөлшектерді және автоматтық жобалау жүйесі арқылы жүзеге асыруға қажетті технологиялық процестер;
- Өндірістің автоматтандырылған басқару жүйесі (ӨАБЖ) арқылы жүзеге асырылатын өндірісті жоспарлау мен жабдықтарды жүктеу;
- Өндірісті технологиялық дайындау (ӨТД), оның ішінде өндірісті технологиялық дайындаудың автоматтандырылған жүйесімен (ӨТДАЖ) іске асырылатын ББ әзірлеу және т.б.

Ұйымдастыру белгісі бойынша ИӨЖ келесі түрлерге бөлінеді:

- Икемді автоматтандырылған желі (ИАЖ);

- Икемді автоматтандырылған телім (ИАТ);
- Икемді автоматтандырылған цех (ИАЦ).

Өндірісте ИӨЖ автоматтандырылған өндірістің ұйымдастыру құрылымының барлық түрлеріне қатысты жалпыланған түсінік болып табылады.

ИӨЖ жоғарғы деңгейі – ИАЖ мен ИАТ құрайтын жеке ИАЦ құралатын икемді автоматтандырылған зауыт (ИАЗ). ИАЗ құрамына автоматтандырылмаған жабдықтар да кіруі мүмкін. Құрамында ӨР бар икемді автоматтандырылған телімдер мен желілерді роботтандырылған технологиялық желілер немесе телімдер деп атайды.

ИАТ және ИАЖ құрамына икемді өндірістік модульдер (ИТМ) немесе технологиялық жабдықтардың жеке бірліктері кіреді. Икемді өндірістік модульдер – СББ жүйесімен немесе бағдарламалық басқарудың қандай да болса басқа құрылғысымен жабдықталған және жекелей және икемді өндірістік жүйелер құрамында қызмет ететін технологиялық жабдықтардың бірлігі. Бұл ретте бөлшекті дайындауға қатысты барлық басқа қызметтер автоматтық түрде орындалуы керек.

Жалпы жағдайда икемді өндірістік үлгіні автоматтандыру құралдарына жатады:

- Дайындамалар, кескіш және өлшеуіш құралдар, технологиялық жабдықтау жинақтағыштары;
- Бөлшектерді автоматтық жүктеу және түсіру құрылғысы;
- Жоңқаны жою құрылғысы;
- Автоматтандырылған бақылау құрылғысы, жабдықтар мен құралдардың күйін диагностикалау.


Технологиялық жабдықтар, ПР және автономды қызмет ететін және бірнеше рет жұмыс циклдерін жүзеге асыратын жабдықтау құралдарының жиынтығын роботтандырылған технологиялық кешен (РТК) деп атайды.

Тұтас алғанда ИАЖ – икемді өндірістік үлгі (ИӨҮ), роботтандырылған технологиялық кешен (РТК) немесе автоматтандырылған басқару жүйесімен біріктірілген басқа технологиялық жабдықтардан құралатын икемді өндірістік жүйелер (ИӨЖ). ИАЖ технологиялық жабдықтар технологиялық операциялардың қабылданған реттілігіне сәйкес орналастырылады (2.22-сурет).

ИАЖ автоматтық желілерге қарағанда, өңдеу технологиясы бойынша бұрында жасалған бөлшектерге ұқсас түрлі құрылымдардың бөлшектерін өңдеуге болады.

Жалпылама жағдайда ИАТ ол – икемді өндірістік үлгі (ИӨҮ), **195**

роботтандырылған технологиялық кешен (РТК) роботтандырылған технологиялық кешен (РТК) немесе ИАЖ қарағанда оңтайлы жүктеуді қамтамасыз ететін жабдықтарды пайдалану ретін өзгерту мүмкіндігі бар автоматтандырылған басқару жүйесімен біріктірілген басқа технологиялық жабдықтардан құралатын икемді өндірістік жүйелер (ИӨЖ) (2.23-сурет).



2.22 сурет. Икемді автоматтандырылған желіні тұтастыру сызбасы:  
1- жабдықтар; 2 – көлік жүйесі (конвейер)


2.22 сурет. Икемді автоматтандырылған желіні тұтастыру сызбасы: 1 - жабдықтар; 2 – көлік жүйесі (конвейер)

Айналу денесін өңдеу үшін қолданылатын Отандық икемді өндірістік жүйелерінің (ИӨЖ) АӨЖ (айналу денелерін өңдеудің автоматтандырылған жүйелері) индексі бар, АӨЖ үлгілі ИАТ орта сериялық өндіріс шарттарында айналу денелері үлгісіндегі (білік, фланец және т.б.) бөлшектерді (жонғыш, фрезер, бұрғылайтын және т.б.) өңдеуге арналған. АӨЖ үлгілі ИАТ құрамына СББ бар жонғыш және көп мақсатты (бұрғылайтын фрезер) білдектер кіреді. Қажеттілік жағдайында икемді автоматтандырылған телімге (ИАТ) ажарлауыш, тісжоңғылау және т.б. білдектер енгізіледі.

Бір технологиялық мақсаттағы білдектерді бір үлгіден таңдап алады, ол технологиялық өзара алмасымдылықты қамтамасыз етеді. АӨЖ сыртқы, ішкі, дөңбек төселген сатылы және қисық сызықты беттерді өңдеудің алдын ала және ақырғы операцияларын, бұрандыю, бұрғылау, үнгілеу, саңылауларды жаймалау, қасқалшаны, ойықтарды, контурларды және т.б. фрезерлеуді орындайды.

АӨЖ үлгілі ИАТ икемді автоматтандырылған телімде диаметрі 250 мм, ұзындығы 1 000 мм (АСВ-20, АСВ-21, АСВ-22, АСВ-23, АСВ-24) дейінгі айналу денесі үлгісіндегі бөлшектерді өңдейді. Өңдеу кезінде технологиялық бағдарды типтендіру, негіздеу мен дайындамаларды бекіту тәсілдері, кескіш құралдарды және жабдықтарды ауыстыруды орындау кезектілігі, СББ бар жабдықтар мен құралдарды кесу режимдерінде негізделген үлгілік процестер қолданылады.

Күрделі бөлшектерді жасау үшін ИАЖ икемді автоматтандырылған желілердің ішіне бұранданы қайрау, қырнау, бұрлеу, қапталдарды фрезерлеу, центрлеу және т.б. орындауға қызмет ететін СББ бар (бір мезгілде жұмыс жасайтын құралдардың




2.23 сурет. Икемді автоматтандырылған телімді тұтастыру сызбасы:

1-6 - жабдықтар; 7 - конвейер; 8 - бағыттаушы жүйе

2.23 сурет. Икемді автоматтандырылған телімді тұтастыру сызбасы: 1-6 - жабдықтар; 7 – конвейер; 8 – бағыттаушы жүйе

Жаңа модификация бөлшектерінің дайындамасын өңдеуге көшкен кезде өндірісті тоқтатады және жабдықтар және басқару жүйесін қайта дұрыстайды. Дайындамаларды ИАЖ икемді автоматтандырылған желіге тасымалдау құралы ретінде бір мезгілде операцияаралық жинақтауыш болып табылатын конвейерлер қызмет етеді.

2.24-суретінде бір ӨР (өнеркәсіптік робот) 4 (жұмыс түрінің тұтастырылымы – білдектер тобы) қызмет көрсетілетін, 1 үш жонғыш білдектен құралатын көп білдекті роботтандырылған технологиялық кешендер көрсетілген. Жинақтауыш конвейер 3 дайындамалары қондырылған қабылдау үстелдерін тасымалдау үшін қолданылады, ҚҮ бір қадамға жылжиды және дайындамаларды ӨР қармау позициясына шығарады, ал ҚҮ бос позициясына робот өңделген бөлшекті қондырады. Ауысымда бір рет оператор жаңа бөлшектерді шешіп алады және ҚҮ жаңа дайындамаларды орнатады. Мұндай конвейер дайындамаларды сақтауға арналған тактілік үстел болып табылады.



Роботтандырылған технологиялық кешендердегі робот, ережеге сай реттеудің кең диапазоны бар әмбебап қармаумен жабдықталған, ол кең номенклатура бөлшектерін кез келген технологиялық реттілікте өңдеуді қамтамасыз етеді. Роботтандырылған технологиялық кешендер басқару кіші ЭЕМ 2 іске асырылады.

### **2.3. ТІСТІ ДӨНГЕЛЕКТЕРДІ ДАИЫНДАУ**

#### **Тісті дөңгелекті типтендіру және топтастыру.**

Цилиндрлік тісті дөңгелектер айналмалы қозғалысты екі параллель немесе айқасқан біліктер арасында беру үшін қызмет етеді.


Біліктің айналу жиілігін өзгертумен айналдыру мезетін беру үшін қызмет ететін күш беретін тісті берілістерді, айналдыру мезетінің шағын мәндерінде біліктер арасында айналмалы қозғалысты беруге қызмет ететін кинематикалық тісті берілістерді ажыратады.

Цилиндрлік тісті дөңгелектерді тік және қисық тістермен орындайды. Айқасқан осьтері бар тісті берілістерде қисық сызықты тістері бар дөңгелектерді қолданады.

МемСТ 1643 — 81 сәйкес тісті дөңгелектер дәлдігінің 12 дәрежесі белгіленген (дәлдіктің кему реті бойынша): 1,2, ..., 11, 12.

Тісті дөңгелек құрылымы қызметтік мақсатына байланысты. Технологиялық белгілері бойынша тісті дөңгелектерді бес үлгіге бөлуге болады:


- I үлгі – біртәжді (2.25, а-сурет) базалық саңылаудың  $I$  ұзындығы үлкен ( $1/D > 1$  қатынасы, мұнда  $D$  — дөңгелек диаметрі). Бұл дөңгелектерді әзірлеу кезінде технологиялық базалар ретінде саңылау беті мен үлкен кесік қолданылады;
- II үлгі – сондай-ақ  $I/D > 1$  қатынасы бар көптәжді (2.25, б-сурет) (I үлгідегі дөңгелектікі секілді дайындау кезіндегі негіздеу);
- III үлгі – диск үлгілі біртәжді (2.25, в-сурет), олардың қатынасы  $I/D < 1$ . Мұндай дөңгелектерді өңдеу кезіндегі технологиялық базаларға үлкен қаптал мен саңылау беті (тірек база) болып табылады;
- IV үлгі – өңдеуден соң дөңгелек күпшегіне қондырылатын және бекітілетін және онымен бірге бір немесе бірнеше тісті дөңгелектерді қалыптастыратын тәждер (2.25, г-сурет).
- V үлгі – үлкен ұзындықты тісті білік-дөңгелектер (2.25, д-сурет). Оларды өңдеу кезіндегі технологиялық базалар центрлік саңылаулардың беттері болып табылады.



2.25-сурет. Тісті дөңгелектердің негізгі түрлері (а-д)

- VI үлгісі – тіске түсетін үлкен жүктемемен (тіс ұзындығынан  $700...800$  Н/мм) жұмыс жасайтын болғандықтан авиациялық қозғалтқыштардың тісті дөңгелектерін ерекше топқа енгізуге болады. Бұл тісті дөңгелектермен жұмыс жасау жеңіл әрі сенімді болуы керек, сондықтан олар жұқа, бірақ жеткілікті беріктік қоры болады. Тістердің эвольвентті беттерін көп жағдайларда цементтейді немесе азоттайды. Цементтеу қабатының тереңдігін  $0,7...1,2$  мм шамасында, ал азоттау қабатының тереңдігін азғантай әдіпті тегістеумен кезекті шешіп алумен  $0,3...0,6$  мм шамасында төзімді келеді.

Тісті дөңгелектерге арналған болат маркалары, жылулық өңдеу түрі мен материалдардың механикалық қасиеттері 2.3 кестесінде берілген.



2.26-сурет. Тістің бөшке тәрізді пішініндегі түйіспе дағы

Авиациялық қозғалтқыштардың барлық дерлік тісті дөңгелектері жасалатын көміртек мөлшері аз цементтелетін хромникель болаттар, цементтеуден, суарудан және жұмсартудан соң цементтелетін беттің жоғары қаттылығы мен өзектің төмен қаттылығына ие болады. Ол тіс бетінің жоғары байланысты беріктігі мен тісті дірілдеткіш жүктеме кезінде жарықтың пайда болуы мен мерзімінен бұрын бұзылуынан сақтайтын өзектің жоғары соқпа тұтқырлығын қамтамасыз етеді.

2.3-кесте. Болат маркасы, жылулық өңдеудің түрі мен материалдың механикалық қасиеттері

Болат маркасы	Жылулық өңдеудің түрі	Болаттың беріктігі, $10^5 \text{ Н/м}^2$	Қаттылық	
			НВ өзегінің	НRC тістің беті
37ХН3А	суару, жұмсарту	115	352.415	
40ХНМА		110	293.375	
18ХНВА		115... 120	321.388	
18ХНВА	Цементтеу, суару, жұмсарту	115... 120	321.388	58.62
12Х2НВФА		100	285.388	60.65
ЭИ712		100	285.388	60.65
20Х3МВФА		Суару, азоттау	90	306.359
ЭИ415	90		306.359	
ЭИ69	72		197.285	
38ХМЮА	100		302.340	



Ең көп таралған 5-8 дәлдік дәрежесіндегі тіс дөңгелектері, олар үшін 2,5...40 м/с шеңберлік жылдамдық ұсынылады. Дәлдік дәрежесі, Ra бұдырлық параметрі, шеңберлік жылдамдық пен тіс түйіспе дағы шамасының ( $h$  және  $l$ ) (2.26-сурет) арақатынасы 2.4-кестесінде көрсетілген.

Тіс дөңгелектерін жасау шегін МемСТ 1643-81 бойынша дәлдік дәрежесіне байланысты береді. Бөлгіш шеңбер диаметрі 80.120 мм және 5-ші дәлдік дәрежесі үшін — 22 мкм, 6-шы дәлдік дәрежесі үшін — 34 мкм, 7-ші дәлдік дәрежесі үшін — 48 мкм, 8-ші үшін — 67 мкм модулі 1.6 мм тісті дөңгелек бойынша  $F_r$  айналымның жинақталған қателігіне рұқсат.

$F_r$  дөңгелектің бөлгіш шеңбер диаметрі 50.125 мм және 5-ші дәлдік дәрежесі үшін — 19 мкм, 6-шы дәлдік дәрежесі үшін — 30 мкм, 7-ші дәлдік дәрежесі үшін — 42 мкм, 8-ші үшін — 53 мкм модулі 3,5.6 мм тісті тәждің радиал ауытқымасына шек қойылады.

Дәлдік дәрежесі жоғары тісті дөңгелектерді жасау кезінде оның центрлік саңылаудан тіскесуге дейінгі осьтің тісті дөңгелегі шетінің перпендикулярлығынан белгіленген ауытқушылықты қамтамасыз ету маңызды.

2.5-кестесінде тісті кесуге дейінгі жонғыш өндеуден кейінгі тісті дөңгелектер дайындамасының қапталдық соққысына қатысты талаптар келтірілген. Диаметрі 50.200 мм дөңгелектер үшін дөңес шеңберінің соққысы 15.30 мкм (6,7 дәлдік дәрежесі) аспауы керек, тістерді соңғы тегістеу алдында дөңгелек шеттеріне соғу 5-ші дәлдік дәрежесі үшін 3 мкм жоғары, 6-шы дәлдік дәрежесі үшін — 5 мкм жоғары болмауы керек.

Тісті кесуге дейін жететін базалық саңылаудың дәлдігі, 7 қвалитетке, ал 5,6 дәлдік дәрежесіне жататын жоғары дәлдікті дөңгелектер үшін 5, 6 қвалитетке сәйкес болуы керек.

2.4-кесте. Дәлдік дәрежесі, айналмалы жылдамдық, бұдырлық және тісті дөңгелектің тіс түйіспе дағының көлемі

айналма жылдамдық, м/с	Дәлдік дәрежесі	бұдырлық Ra, мкм	түйіспе дағы, %, кем емес	
			биіктік бойынша $h$	ұзындық бойынша $l$
2.5 дейін	8	2,5...1,25	40	50
2,5...6	7, 8	1,25...0,63	45.40	50...60
6...16	6, 7	1,25...0,63	45.50	60...70
16...40	5, 6	0,63...0,32	50.55	70...80

2.5-кесте. Кесу үшін өңделетін ілмектердің, мкм, тісті дөңгелектерді дайындауға қойылатын талаптар

Дөңгелек дәлдігінің дәрежесі	Дөңгелек радиусы, мм			
	50	100	50	200
5	10	5	10	5
6	15	6	15	6
7	20	7	20	7
8	25	8	25	8

Тісті дөңгелектер дайындамасын алу әдістері мен материалдары. Тісті дөңгелектерді 45 және 50 маркаларының құрылмалық болаттарынан, 40Х, 18ХГТ, 12ХН3А маркаларының қосындыланған болаттан, синтетикалық материалдар (текстолит, нейлон), сұр шойын және қоладан орындайды.

Тісті болат дөңгелектердің дайындамасы болып таңбаланған шындалған болат пен ыстықтай жәміштелген илем болып табылады. Диаметрі 50 мм дейінгі цилиндрлік дөңгелектер және диаметрі 65 мм дейінгі күпшегі жоқ тегіс дөңгелектерді, ыстықтай жәміштелген дөңгелек илемнен, ал диаметрі 80 мм асатын цилиндрлік дөңгелектерді орташа сериялық өндірісті баспақ пен балғаларда қалыптаумен орындалатын шындалған темірден орындайды.

Ірі көлемді өндірісте тісті дөңгелектерге арналған дайындамаларды прокаттан көлденең соғу машиналарына ыстық түсірумен алады.

**Тісті дөңгелектерді өндеудің негізгі кезеңдері.** Тісті дөңгелектерді дайындау бірнеше кезеңмен орындалады:

- Бірінші кезең – тістердің кесуге дейін тісті дөңгелектің сыртқы және ішкі беттерін өңдеу;
- Екінші кезең – тістерді өңдеу;
- Үшінші кезең – тісті дөңгелектерді қыздырып өңдеу;
- Төртінші кезең – тістерді және басқа беттерді соңғы өңдеу.

Бірінше кезеңде сыртқы және дөңбек төселген беттерді соңғы рет өңдейді. Центрілік саңылауды 7-ші квалитет бойынша өңдейді, өйткені ол тістерді кесу үшін база болып табылады.

Қыздырып өңдеу болмаған жағдайда, тістерді тіс кесетін білдектерде жүргізіп төселту әдісімен немесе фрезерлік білдектерде көшіру әдісімен өңдейді. Бұл ретте қырнау әдіпін қалдыру керек. Қыздырып өңдеу ЖЖТ (жоғарғы жиілікті тоқ) тісті тәжді шындаумен орындалады. Егер қыздырып өңдеу кезінде тістер

деформацияланатын болса, өңдеудің төртінші кезеңі қажет етіледі.

Тістерді кесуге дейінші тісті дөңгелектерді өңдеудің үлгілік технологиялық процестері. Берілген процестер тісті дөңгелектің үлгісі, оның дәлдік дәрежесі және өндірістің сериялығымен анықталады. Тісті дөңгелектердің дайындамаларын жону-револьверлі, көлденең және тік көпайналдырғылы жонғыш, көпкескішті, гидрокөшірме және жонғыш-бұрма жасайтын білдектерде, СББ бар білдектерде, автоматтық желілер, бұрғылайтын, көлденең және тік-созылықты білдектерде өңдейді. Тісті дөңгелектерді әзірлеудің бірінші кезеңін орындаудың үлгілік технологиялық процесінің бірнеше нұсқасын қарастырайық.

**Бірінші нұсқа** – I типті тісті дөңгелекті өңдеу (2.25, а-сурет): диаметрі 80 мм дейінгі бір бекітпелі дөңгелек; центрлік саңылау – оймакілтек сыртқы диаметр бойынша центрлеумен; өндіріс – ірі сериялы; дайындама – қалыптау.


Типтік технологиялық процесс келесі операциялардан құралады:

- 05 – бұрғылайтын: үшжұдырықшалы қысқыда 2A125 үлгісінің тікбұрғылау білдегінде саңылауларды бұрғылау; базалау – сыртқы тәж және үлкен қаптал бойынша;
- 10 – созылықты: оймакілтек саңылауды 7B55 үлгісіндегі көлденең-тарта өңдеу білдегінде тарту;
- 15 – жону: оймакілтекті құралбіліктегі 1H713 үлгісінің жонғыш гидрокөшірме білдегінде қапталдар мен сыртқы бетті қайрау; дайындаманы базалау – саңылау бойынша.

**Екінші нұсқа** – диаметрі 100...250 мм III үлгісіндегі тісті дөңгелек дайындамасын өңдеу (2.27-сурет); өндіріс – орта сериялы; тістер ЖЖТ шыңдауына ұшыратады; дайындама – қалыптау.

Үлгілік технологиялық процесс келесі операцияларды құрайды:

- 05 – жону: центрлік саңылауды 7-ші квалитетке сәйкес келетін дәлдікпен өңдеу, және бір қапталды үшжұдырықшалы өзідігінен центрленетін патронда 1A340 үлгісіндегі жону-револьверлі білдекте өңдеу; дайындаманы базалау – сыртқы бет пен қаптал бойынша;
- 10 – жону: карама-қарсы қапталды құралбілікте 1A340 үлгісіндегі жону-револьверлі білдекте өңдеу; базалау – центрлік саңылау және өңделген қаптал бойынша;



2.27 сурет. III үлгісіндегі тісті доңғалақты дайындаманы өндеу

- 15 – ажарлау: қапталдарды жазықтық ажарлау білдегінде ажарлау;
- 20 – жону: 1A720 үлгісіндегі көпкескітші жону білдегінде тісті тәж бен қиықжиектің сыртқы бетін өндеу.

Тісті дөңгелек білікті құралбілікте немесе центрлерде өндейді, сондықтан бірінші операция фрезерлеу болып табылады. Технологиялық базаларды өндегеннен соң дайындаманы көпкескітші жону білдегінде немесе гидрокөшірме білдектерінде өндейді. Кейін кілтек ойығын, оймакілтекті жонуды, тістерді кесуді және ақырғы өндеуді орындайды.


Тістерді дөңгелетіп және көшіру әдісімен өндейді (2.6-кесте). Көшіру әдісімен өндеу, өндеудің дәлдігінің аздығы үшін дара өндірісті қолданылады. Тістерді дөңгелету әдісімен, кесетін құралдың кесілетін тісті дөңгелегімен өзара ілінісі нәтижесінде алады. Дөңгелету әдісінің дәлдігі, көшіру әдісінің дәлдігінен жоғары. Көшіру әдісімен өндеуді, тістерді бөлгіш бастиекті пайдаланумен көлденең және тікжонғылау білдектерінде дискті және саусақты модульді жонғышпен өндеумен орындайды – 10-шы дәреже және одан долбарлы (2.28-сурет).

Бірнеше дайындаманы бір мезгілде өндеу кезінде артқы басшаны пайдаланады (2.29-сурет). Өндеу кезінде модульді жонғыш айналма қозғалысты орындайды (кесу қозғалысы), ал дайындама үстелмен – ілгерілмелі қозғалыс (беру қозғалысы) орындайды. Жонғыш бір ойымды өндегеннен соң, дайындаманы бөлгіш басша көмегімен  $\alpha = 360/z$  ( $z$  — кесілетін дөңгелек тістерінің саны) бұрышына бұрады, кейін келесі ойымды кеседі.

Тісті дөңгелектерді кесу кезінде жаттықтыру әдісі кең қолданыс алған. / бұрамдық модульдік жонғыны жонғылау кезінде тістердің қозғалысы бұрамдық жонғынын кесілетін тісті дөңгелекпен өзара


2.6-кесте. Тісті дөңгелектердің тістерін өңдеудің типтік тәсілдері

Тістерді өңдеу тәсілі	Кесетін құрал және оның дәлдігі	Білдек	Дөңгелектің дәлдік дәрежесі	Өндіріс түрі
Белгіш бастық кемегімен жонғылау	Дискті және саусақты модульдік жонғылар	Көпденен және тікжонғылау	10 және одан долбарлы	Дара және ұсақ сериялы
	15 данадан тұратын дискті модульдік жонғыштар жинақтамасы		8 және одан долбарлы	
Жонғылау немесе бүрлеу	Бұрамдық модульдік жонғыштар	Н класына жататын тікжонғылау	9	Сериялық және жапшай
Жонғылау	Бұрамдық модульдік жонғыштар	Н класына жататын тікжонғылау	8	
		П класына жататын тікжонғылау	7	
	Жонғыштар	Н класына жататын тікжонғылау	—	
	Бұрамдық модульдік жонғыштар	тікжонғылау	6	
Бүрлеу немесе тартажону	Бүрлеу және тарту	Бүрлейгін созба	7, 8	
Қашау	Қашауыш	Н класына жататын тісқашау	7	
Тегістеу	Ажарлағыш дөңгелек	Тісажарлағыш	6	
	Бұрамдықты ажарлағыш дөңгелектер		—	
			5, 6	
Тарту	Тартажонғыш	Тарғылатын	5, 6	



2.28-сурет. Тісті дөңгелектерді саусақты (а) және дискті (б) модульдік жонғышты жонғылау

Бұрамдықты жонғыштармен тік және шиыршық тістері бар тісті дөңгелектерді кеседі.



2.29-сурет. Цилиндрлік тісті дөңгелекті көшірмелеу әдісімен кесу сызбасы:

1 – бөлгіш бастиек; 2 – құралбілік; 3 – дайындама; 4 – дискті модульдік жонғыш; 5 – артқы басша

Бұл ретте бұрамдық жонғышты, шиыршық орамының бағыты дөңгелек тістеріне сәйкес келетіндей орнатады. Егер  $\gamma$  бұрышы астында тісті алу үшін бұрамдық жонғышы орамының еңіс бұрышы  $\gamma$  болатын болса, оның осіне бұрамдық жонғышты  $\alpha = \omega - \gamma$  бұрыш астына орнату керек.


Тістерді 2 дөңгелек тісқашауыш көмегімен кесуді, тіс және қисық тісі бар сыртқы және ішкі іліністегі тісті дөңгелектерді кесуге болатын тісқашайтын білдектерде орындайды (2.30,б сурет).

Тісті дөңгелектің тістерін қалыптастырудың қалдықсыз технологиясы – тістерді салқындай және ыстықтай бүрлеу процестері кеңінен таралып жатыр. Мұндай тәсілдер 3 дейінгі модуль кезінде 7-ші дәлдік дәрежесіне жататын тісті доңалақтарды алуды қамтамасыз етеді.

Салқындай бүрлемдеуді тістерді өңдеу кезінде тісқырудың орнын алмастыратын соңғы операция ретінде қолданады. Тісжонғылаудан соң салқындай бүрлеу, 7-8 дәлдік дәрежесі бар тісті дөңгелектерді алуға мүмкіндік береді.

Тістерді тазадай өңдеу операцияларын тісқырғыш, ажарлағыш және жануышты білдектерде орындайды. Тісқыруды тіс беттеріндегі бұдырлылықты азайту үшін тіс бетінен 0,005... 0,1 мм жоңқаны қырып тастайтын арнайы құрылғы тісқырғыш қолданылады. Тісқыру дөңгелек тәжінің радиал соққысын, пішін ақаулығы мен тісті жұмыс бетінің бұдырлығын азайтады.

5-7 дәлдік дәрежесіне жататын шыңдалған және шыңдалмаған тісті дөңгелектерінің тістері ажарлауға ұшырайды. Ол үшін қолданылады



2.30-сурет. Тісті дөңгелектерді тісжонғылау білтегінде бұрамдық жонғышпен (а) және тісқашау білдегінде (б) тісқашауышпен жүргізіп төсеу әдісімен кесу сызбасы

- Көшірмелеу, тістер арасындағы әр ойымды үлгілем дөңгелекпен ажарлаған кезде.
- пішіннің түзусызықты бүйір жақтары бар тісті дискті конус тәрізді дөңгелектермен жүргізіп жаттықтыру (7-ші, 6-шы дәлдік дәрежесін алады);
- тісті ажарлағыш дөңгелекпен жүргізіп төселту.


Термиялық өндеуден соң тістерді өңдеу үшін жануыштауды қолданады. Жануыш тісті дөңгелектің пішіндей болады.

Жануыштаумен әдіпі 0,02.0,05 мм аспайтын 1,5...6 мм модулі бар дөңгелектерді өңдейді. Жануыштау беттің бұдырлығын азайтады, оны тісқырғыш тісті дөңгелектерді термиялық өндеуден соң 7-ші дәрежеге жататын тісті дөңгелектерді өңдеу кезінде қолданады.

**I және III типті тісті дөңгелектерді дайындаудың типтік процесі.** Диаметрі 100. 250 мм I типті (2.31 сурет) тісті дөңгелекті өңдеу; өндірісі – орта көлемді; дайындама – тесігі бар қалыптау; материалы – 45 болат; дәлдік дәрежесі – 6.

Типтік технологиялық процесс келесі операцияларды құрайды:

- 5 – жону: диаметрі 65H7 саңылауды, үлкен қапталды және диаметрі 150,12 мм сыртқы бетті және бунаманы үшжұдырықшалы өздігінен центрленетін патронда 16K20Ф3 моделінің білдегінде ақырғы өңдеу; дайындаманы базалау – диаметрі 90f7 бет пен кіші қаптал беті бойымен;



2.31-сурет. I типті тісті



- 10 – тарту: кілтекті ойықты, саңылау бойынша дайындаманы қондыруға арналған құралбілікте 7Б55 моделінің көлбеу тарта өңдеу білдегінде тарту; дайындаманы базалау – саңылауы және диаметрі 90f7 өңделмеген қаптал бойынша;
- 15 – жону: диаметрі 90f7 бетті, диаметрі 150,12 және 90 мм қапталдарды соңғы рет құралбілікте 1722 моделінің гидрокөшірме білдегінде жону;
- 20 – тісжоңғылау: тістерді пневможетегі бар құралбілікте 5К324 моделінің тісжоңғылау білдегінде фрезермен өңдеу; кескіш құрал – бұрамдық жоңғыш; базалау – саңылау және қаптал бойынша;
- 25 – термиялық: ЖЖТ тістерін 52...56 HRC дейін шынықтыру;
- 20 – калибрлі: саңылауды гидравликалық баспақта калибрлеу; жабдықтама – 65Н7 диаметрлі тескіш;
- 25 – ажарлағыш: диаметрі 90f7 бетті центрлік кілтекті құралбілікте дөңгелете ажарлау білдекте ақырғы ажарлау; базарлау – саңылау және үлкен қаптал бойынша;
- 20 – тісажарлағыш: тістерді центрлік құралбілікте 5В833 моделінің тісажарлағыш білдегінде ақырғы ажарлау; базалау – саңылау және үлкен қаптал бойынша; кескіш құрал – ажарлағыш дөңгелек.

Диаметрі 100...250 мм III типті тісті дөңгелекті өңдеу; өндірісі – ірі көлемді; дайындама (2.25, в-суретін қараңыз) – тесумен қалыптау; материал – 45 болат; дөңгелектің дәлдік дәрежесі – 8.

Типтік технологиялық процесс келесі операциялардан құралады:

- 05 – ажарлау: қапталдарды магниттік тақтада 3Б722 моделінің жазық ажарлағыш білдекте ақырғы ажарлау; құрал – ПП200 x 50 x 7624А25 ажарлағыш дөңгелек; базалау – қаптал бойынша;
- 20 – тартып өңдеу: диаметрі 75Н7 саңылауды тартажоңғышты автоматтық қармауы бар патронда тіктартаөңдеу автоматында ақырғы тарту; құрал – тарту; дайындаманы базалау – қаптал бойынша;
- 25 – бұрғылау: қиықжиекті екі жағынан ажыратылмалы құралбілікте тікбұрғылау жартылай автоматта үңгілеу; құрал – диаметрі 90 мм үңгі; дайындаманы базалау – саңылау және кіші қаптал бойынша;


- 20 – тартып өңдеу: ойық кілтекті тарту (жабдықтар 10 операциясындағы сияқты);
- 25 – жону: тісті тәж және қапталдың бетін 1A720 моделінің көпкескішті жартылай автоматта қайрау; дайындаманы базалау – диаметрі 75H7 саңылау пен қаптал бойынша;
- 20 – тісжоңғылау: тістерді құралбілікті тісжоңғылайтын жартылай автоматта жоңғылау; дайындаманы базалау – саңылау және қаптал бойынша;
- 25 – тісқырғыш: тістерді центрлік құралбілікте тісқырғыш білдекте ақырғы қыру.

Тісті дөңгелектерді дайындауға арналған автоматтандырылған бөлікше құрамына термиялық өңдеуге арналған жабдықтар, бөлшектерді автоматтандырылған тасымалдау және қаттау жүйесі, сонымен қатар процесс барысын бақылау және басқару жүйесі кіреді.


2.32-суретте тісті дөңгелектерді орнату мен ағытуды қамтамасыз ететін манипулятор сызбасы көрсетілген. Ұстағыш құрылғы **1** дайындаманы білдек патронына қармау мен орнатуды, ал ұстағыш құрал **2** – дайын бөлшектерді алуды және **3** оларды жинақтағышта орнатады.

2.33-суретінде тісті дөңгелекті даналық дайындамадан өңдеу схемасы көрсетілген. Алдымен центрлеу орындалады (1 құрал), кейін саңылауды бұрғылау (2 құрал) және базалық саңылауды жонып өңдеу (6 құрал) орындалады. H7 квалитеті бойынша саңылау алу үшін саңылаулы ұңғылауды орындайды (7 құрал). Контур бойынша өңдеуді өтпелі кескішпен, ал ойықты бунақ кескішпен кеседі.

Конустық дөңгелектердің тістерін кесу. Конустық тісті дөңгелектер айналма қозғалысты қиылысатын осі бар біліктер арасында беруге арналған, оларды тік, қиғаш және қисық сызықты тістермен орындайды. МемСТ 1758-81 конус тәрізді берілістерге 12 дәлдік дәрежесі белгіленген.




2.32-сурет. СББ бар бунағыш-револьверлі білдекте дана дайындамаларды автоматтық орнату мен ағытуға арналған манипулятор



2.33 сурет. Тісті доңғалақты СББ бар бунағыш-револьверлі білдекті өңдеу сызбасы (кұрал нөмері өңделетін беттің нөміріне сәйкес келеді)

Жоғары дәлдікті білдектерде және көтеріңкі дәлдікті білдектерде 5,6 дәлдік дәрежесіне жататын дөңгелектерді, ал қалыпты дәлдікті білдектерде 7-ші дәрежеге жататын білдектерді пайдаланады. Конус тәрізді дөңгелектерді көміртекті, цементтеп жабылатын және қосындыланған болаттан орындайды. Дайындама ретінде қалыптау (жаппай және ірі сериялы өндіру)мен дөңгелек илемді (дара және ұсақ сериялы өндіріс). Конус пішінді тісті дөңгелектер құрылысы



2.34-сурет. Конус пішінді дөңгелектердің түрлері

I үлгідегі дөңгелектерді тісті дөңгелектің тесігі мен қапталы бойынша базалаумен құралбіліктегі жону білдектерінде, II үлгідегі дөңгелектерді қаптал және саңылау бойымен базалау, III үлгідегі дөңгелектерді центрлерде базалаумен өңдейді.

Берілісте бүйірлік саңылаудың кему реті бойынша *A, B, C, D, E, H* әріптерімен белгіленетін тісті дөңгелек жанасуының 6 түрі бар.

Тісті дөңгелек пен беріліс жұмысының бірқалыптылық нормасының дәлдік дәрежесі арасындағы жанасу түрі арасында тәуелділік бар.

Түйіндесу түрі *A B C D E H*

Дәлдік дәрежесі 4—12 4—11 4—9 4—8 4—7 4—7

Тісті іліністің дәлдік дәрежесіне байланысты түйіс дағының нақты өлшемін қамтамасыз ету керек (2.7-кесте).

Конус пішінді дөңгелек тістерін, үш кезеңде жонғыш жинақтамасы көмегімен көшірмелеу әдісімен кеседі. Бірінші кезеңде аз диаметр де дөңгелек ойымына сәйкес келетін ойымды жонады. Екінші кезеңде өңдеуді пішіні үлкен диаметрдегі пішінге сәйкес келетін, модульдік фрезамен орындайды.

2.7-кесте. Тіс түйіспесінің жиынтық дағының көлемі, %

Дақ көлемі	Дәлдік дәрежесі			
	4,5	6,7	8,9	10—12
Тістің ұзындығынан бастап	70	60	50	40
Тістің биіктігінен бастап	75	65	55	45

Бұл кезеңде тістің бір жағын жонады. Үшінші кезеңде қарама-қарсы жақты жонады, ол үшін бөлгіш бастиекті кері бағытта бұрады.


Кішкентай тік тісті конус пішінді дөңгелектерді өңдеу кезінде кескіш құрал ретінде дөңгелек тартажонғыш болып табылатын білдектерде тартуды пайдаланады. Тартажонғыш, тіс пішінінің өзгеру реті бойынша кескіш *I* (2.35-сурет) және калибрлеу *2* бөліктерінен тұратын бірнеше кескіштен құралады. Тістерді кесу кезінде, тартажонғыштың айналмалы және қайтымды ілгерілмелі қозғалысы болады, оның жылдамдығы мен сипаты көшіргіштің пішініне байланысты.

Жаттықтыру әдісімен конус пішінді тісті дөңгелектерді екі дискті жонғыштармен, сонымен қатар тіс сүргілеуші білдекте түзу сызықты кескіш жиегі бар екі кескішпен сүргілету арқылы орындайды. Жаттықтыру әдісі бойынша екі кескішпен сүргілетуді тіс тістері мен 20 мм дейінгі модулі бар конус пішінді дөңгелектерді кесу үшін қолданады. Модулі 3,5 мм дейінгі тісті дөңгелектерді бір жұмыс жүрісінде орындайды.


Қисық сызықты тістері бар конус пішінді тісті дөңгелектерді кесуді, шеңбер доғасы немесе конус тәрізді бұрамдық жонғыш бойымен тіс пішіні бар кескіш басшамен орындайды. Бұл ретте қиғаш шиыршық тістер, дайындамасы бар өндіруші ойдағы дөңгелекті жаттықтыру нәтижесінде қалыптасады. Тіскесуден соң конус пішінді тісті дөңгелектің тістерін жонады. Бұрамдық дөңгелектерді өңдеу. Бұрамдық берілістің 12 дәлдік дәрежесін ажыратады. Кинематикалық берілістер 3-6 дәлдік дәрежесіне, ал күш бұрамдық берілістер 5-9 дәлдік дәрежесіне сәйкес келеді.

Бұрамдық дөңгелектерді өңдеуді, бұрамдық жонғыштары бар тісжонғылау білдектерінде, сонымен қатар құралбілікте қондырылған және жонғыштың бір тісіне ұқсайтын кескіштер көмегімен орындайды.

Тісжонғылау білдегінде бұрамдық дөңгелектерді өңдеуді,  $S_p$  (2.36, а-сурет) радиал жіберу әдісімен,  $S_T$  (2.36, б-сурет) тангенциал жіберу әдісімен және бұл әдістерді құрамдастырумен жүргізеді.



2.35-сурет. Конус пішінді дөңгелекті шеңберлі тартажонғышпен кесу схемасы




2.36-сурет. Радиал (а) және тангенциал (б) беріліс әдісімен бұрамдықты және шыршалы дөңгелектерді кесу

**Шыршалы тісті дөңгелектерді кесу.** Өңдеуді, қайтымды ілгерілме қозғалысты, құралда тісқашауышпен бірге қондырылған жұдырықшалар арқылы алатын екі шиышрық тісқашауыштармен тісқашау білдектерінде орындайды.

**Тісті дөңгелектерді бақылау.** Тісті дөңгелектерді бақылау кезінде тексереді:

- центрлік құралда индикатор және құралбілік көмегімен базалық қапталдың соққысын (тісті кесуге дейін) (2.37, а-сурет);
- параллель жанамалардың тістердің екі көрші аттас пішіндері арасындағы нақты және белгіленген қашықтықтың айырмасы бойынша негізгі айналымның ауытқуын (2.37, а-сурет);
- дөңгелектің негізгі шеңбері бойынша кез келген шеңберлік қадамдар арасындағы қашықтықтың айырмасы бойынша шеңберлік қадамдардың айырмасы (2.37, б-сурет);
- тістер бойынша тізбекті шеңберлік қадамның өлшемі бойынша барлық шеңберлік қадамның жинақталған ақаулығын;
- пішіннің ақаулығын нақты пішінді эвольвента өлшегіш бойынша теориялық эвольвентамен салыстырумен;
- тістің жуандығын бастапқы шеңбер бойынша штанген өлшегішпен (2.37, в-сурет);



2.37-сурет. Тісті дөңгелекті бақылау схемасы (а-д)

- бастапқы контурды тангенциал тіселшегішпен ығыстыру (2.37, г-суреті);
- тісті тәжді дөңгелек ойымына енгізілген шар немесе аунақша бойынша индикатор көмегімен радиал соғу (2.37, д-сурет).

Іліну дұрыстығын эталондық аспаптар көмегімен тексереді, ол арқылы сонымен қатар түйісетін тісті дөңгелектерді іріктеуді жүргізеді.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Корпустық бөлшектердің міндеті қандай?
2. Білтектердің типтік бөлшектерін өңдеу процесін әзірлеу кезектілігін атаңыз.
3. Жону білдегінің жылдамдық қорабының корпусын өңдеудің типтік процесінің негізгі операцияларын атап өтіңіз.

4. Білікті алудың қандай тәсілдерін білесіз?
5. Білікке қандай техникалық талаптар қойылады?
6. Білікті өндірудің типтік технологиялық процесінің негізгі операцияларын атаңыз.
7. Сатылы біліктерді өндірудің реттілігі қандай?
8. Білік мойнын ажарлаудың қандай әдістерін білесіз?
9. Сыртқы бұрандалды беттерді өңдеу үшін қандай құралдарды қолданады?
10. Жону бірдегіне арналған негізгі құралдарды атаңыз.
11. Тісті дөңгелектердің классификациясын беріңіз.
12. Тісті дөңгелектерді өндіру реттілігін атаңыз.



# МАШИНАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

## 3.1. МАШИНАЛАРДЫҢ САПАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТТАР

---

Машиналарды құрастыру процесі, өндірістік циклінің соңғы кезеңінің бірі болып табылады. Құрастыру процесі кезінде жаңа машинаның ғана емес, сонымен қатар машинаның барлық жұмыс ресурсы уақытында сапаның өзгермейтіндігінің қажетті сапасын қамтамасыз ететін барлық параметрлер қамтамасыз етіледі.

*Машиналар* мен машина жасаудың басқа бұйымдарының сапасы ретінде, міндетіне сәйкес нақты қажеттіліктерге жауап беретін жарамдылықты шарттайтын машинаның қасиеттерінің жиынтығын түсінуге болады. Ол машина конструкциясын, оның құрылымын, бөлшектерді өндірудің технологиялық процестерін, пайдаланудағы үнемділікті, сенімділікті және мүлтіксіздік және т.б. қамтиды. Машинаның сапасы жобалаудан бастап сынауға дейінгі өндірудің барлық кезеңдерінде қалыптасады және қаланады, бірақ негізінен өңдеу кезінде қамтамасыз етіледі.

Дайын машиналардың сапасы сынау стендінен бөлек пайдалану шарттарында расталады. Бұл ретте сапаны анықтайтын көптеген параметрлерді өлшеуді жүргізеді. Сол немесе басқа параметрлерді анықтау дұрыстығы, өлшеу дұрыстығына, яғни сол параметрлерді бақылаудың таңдап алынған құралдарына байланысты.

Дайын бұйымдардың сапасын метрологиялық қамтамасыз ету, дайын бұйымның сипаттамасының қажетті дәлдігін анықтауды қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдық-техникалық шаралардың кешені болып табылады.

Дайын машиналарды шығаратын кәсіпорын деңгейінде, сапаны метрологиялық қамту, келесіні құрайды:

- Өлшеуіш құралдар мен сынау мен өлшеудің толық көлемін қамтамасыз ететін құралдардың рационалды номенклатурасын таңдау;
- Қажеттілік жағдайында өлшеу мен сынаудың арнайы құралдарын әзірлеу;
1 бөлшектерден, мысалы ішінде ойық кілттері мен призматикалық немесе сегментті кілтегі бар тісті доңғалақ. Кілтекті әдетте білік тәжіне тығыз және тартылыспен, ал төлке тәжіне саңылаумен орнатады. Қосылыс дәлдігі өндіру кезінде түйісетін беттерге бекітілген өлшемдермен шартталған. Буатты қосылыстың реттілігі құрылымымен анықталады. Мысалы 3.28 суретінде көрсетілген буатты қосылыс, келесі ретпен құрастырылады. Білікті 3 құрылғыларда, мысалы призмаға қондырады және 2 кілтекті тәжге прстейді. Кілтектің қалпын тексергеннен соң, ойық кілтекті кілтпен біріктіру арқылы біліктің тәжінде оған 1 бөлшекті кигізеді және құрылымда көрсетілген тәсілмен бекітеді. Кейін құрастыратын сызда көрсетілген радиалды және қапталдық соққыны өлшеумен бөлшектің біліктігі қалпын тексереді.

Баспақтау қосылыстарын құрастыру. Кепіл тартылысы бар қосылыстар бөлшектенбейтін механикалық қосылыстарға жатады, өйткені оларды бөлшектеу кезінде түйісетін беттердің күйі нашарлайды, яғни бұл қосылыстың бөлшектері зақымданады. Бұйымдарды сұрыптау кезінде бұл қосылыстар бөлшектенеді.

Құрастыру тәсілі бойынша кепіл тартылысы бар қосылыстар шартты түрде көлденең-баспақ және бойлық-баспақ деп бөлінеді. Көлденең-баспақ қосылыстарды құрастыру кезінде түйісетін беттердің жақындасуы, осы беттерге перпендикуляр бағытта жүргізіледі. Бойлық-баспақ қосылыстар кезінде, бөлшектер түйісетін беттің бойында бағытталған күштің әсерінен баспақталады.

Көлденең-баспақ қосылыстарды құрастыру кезінде, қармайтын тетіктерді қыздырады және (немесе) қамтылатын бөлшекті салқындатады. Түйісетін бөлшектерді жеткілікті қыздыру-салқындату кезінде, саңылау мен білік диаметрлері, қосылыс кезінде  $\Delta R$  саңылау пайда болатындай өзгерту керек




3.28 сурет. Буатты қосылыстың құрылымдық құрамы

1 — төлке және кілтекті тәжі бар бөлшек; 2 — кілтек; 3 — білік

3.29 сурет. көлденең-баспақ қосылыстың құрылымдық сызбасы:

*a* — құрастыру кезінде бөлшектердің өзара қалпы; *б* — температураны теңестіруден кейінгі бөлшектердің қалпы; *1* — қармайтын тетік; *2* — қамтылатын тетік



(3.29, *a*) сурет. Онда білік тетігін түйісетін бөлшектің саңылауына, беттеріндегі бұдырлылықтарды мыжусыз фланецке дейін енгізеді. Кезекті салқындату бөлшектерінің температурасын теңестіруге алып келеді. Саңылау жойылғанмен қатар, біріктірілген тетіктердің беттері бойымен белгіленген тартылысты қалыптастырады (құрылымдаушымен алдын ала есептелінген). Болмашы жаншылу кезінде 1 және 2 бөлшектерінің (3.29,б сурет) беттеріне микротегіссіздіктің өзара енуі жүргізіледі.

Саңылауы бар бөлшектерді қыздыруға қажет температураны  $t_{сб}$  (бөлшектерді қамтитын) келесі формула бойынша есептеп шығаруға болады:

$$t_{сб} = \frac{I_{зад} + i_{сб}}{ad_{дет}} + t_0$$

мұнда  $i_{зад}$  — қосылыстағы белгіленген тартылыс;  $i_{сб}$  — құрастыру кезіндегі қосылыстағы жоспарланатын саңылау;  $a$  — қармайтын тетік материалын сызықтың кеңейту коэффициенті;  $d_{дет}$  — қармайтын тетік саңылауының диаметрі;  $t_0$  — құрастыру кезіндегі қоршаған орта температурасы.

Қармайтын тетікті (білік) салқындатудың қажетті температурасын ұқсас формула бойынша есептеп шығарады. Ірі габаритті тетіктерге қондыру алдында сұққышты, төлкені, бұрандамаларды салқындатады.

Тетіктерді қыздыру үшін индукторлар, қыздыру пештері, газ жанарғылары, майлы ванналар және т.б. қолданылады. Тетіктерді сұйық ауады немесе сұйық азотта, құрғақ мұзда (қатты көмірқышқыл) және т.б. салқындатады. Температураны теңестіруді, құрастырылған қалыпта орындайды, мысалы баспақ астында.


**Бойлық-баспақ қосылыстарды** баспақтанқырау әдісімен қыздыру және салқындатусыз құрастырады. Бұл ретте 1 және 2 қосылатын тетіктердің бетімен бұдырлылықты жапыру орындалады (3.30, *a* сурет). Баспақтанқырау күшін  $R_{зап}$  баспақ көмегімен қалыптастыру оңтайлы,

ол күштің минималдыдан (баспақтаудың бастапқы сатысында) максималдыға (баспақтаудың ақырғы сатысында) ақырын алмасуын қамтамасыз етеді. Тетіктердің ауытқуын болдырмау үшін түрлі құрастыру жарақтарын қолданады. Баспақтауға арналған жабдықтар көбіне құрастырылатын бұйымның құрылымы мен бұйымдарды шығару бағдарламасымен анықталады. Кішкентай тетіктерді салмағы аз жұмсақ балғамен баспақтауға болады. Ірі тетіктерді баспақтаңқырау үшін түрлі қызметтегі баспақтарды қолданады, мысалы гидравликалық, бұрандалы немесе эксцентрикті. Балғамен соғуға қажетті орын жоқ шектеулі кеңістікте бұрандалы жабдықтарды қолданы (3.30, б сурет). Бұранданы 4 кілтпен 5 айналдыру кезінде 2 тетіктің саңылауына баспақтаңқыранатын 1 басқышқа ақырын басу орындалады.

Баспақтаңқыраудан соң радиалды және түйіспелі соққыны, тетіктердің түйіспе бойымен жанасу тығыздығын және басқа геометриялық параметрлерді бақылайды. Баспақтаңқырау қосылысының тығыздығын, қосылысты бұзу арқылы зертхана шарттарында тексереді.

**Дәнекерленетін қосылыстарды құрастыру.** Тетіктерді дәнекерлеумен қосудың басқа қосылыс түрлеріне қарағанда келесі артықшылықтары бар:

- құрылымнан фланец пен бекіткіш құралдарды алып тастау есебінен бұйымның массасы төмендейді;
- қосылатын тетіктер жапсарларының саңылаусыздығы сенімді қамтылады ;
- құрастыру үдерісі жайдақтатылады ;
- құрастыру үдерісінің механикаландыру және автоматтандыру деңгейі артады.



3.30 сурет. Көлденең-баспақ қосылыс:

*а* — құрастыру кезіндегі тетіктердің орналасуы; *б* — әрең жететін орындардағы баспақтаңқырау сызбасы; *1, 2* — жалғасатын тетіктер; *3* — тетіктер қапсырмасы; *4* — бұранда; *5* — сомын кілт

Тетіктер, біріктірілетін бөлшектер металының балқу температурасына дейін жылу көзімен қыздырылатын кезде дәнекерленетін жаспармен біріктіріледі. Шыбықша түріндегі қондырма материалды жиі қолданады, ол балқиды және пісірілетін тетіктер арасындағы кеңістікті толтырады. Балқыған металды салқындатқан кезде өзара өтімді кристалдануды қолданады, және қатып қалған материал тетіктерді қосу орындарында дәнекер жапсарды қалыптастырады, оның тығыздығы бастапқы металл тығыздығына жақын.

Дәнекерлеу қосылыстарының келесі түрлері кеңінен қолданылады: бекітілетін бөлшектер бір-біріне қыспақ бекітілетін жапсарлы; бекітілетін тетіктер өзара бұрыш қалыптастыратын бұрыштық; бекітілетін бөлшектер T әрпін қалыптастыратын таврлы; бекітілетін бөлшектер бір біріне ернеумен тасталатын асата

Дәнекерлеу қосылыстарына келесі талаптар қойылуы мүмкін:

- жоғары беріктік;
- дәнекерлеу жапсарының саңылаусыздығы;
- жарықтардың, шалапісірілімнің, кесіктердің болмауы;
- біріктірілген бөлшектердің шалыстығының болмауы.

Дәнекерлеу түрлері біріктірілетін бөлшектердің металын қыздыруға арналған жылу көзімен анықталады. Пісірудің келесі түрлері кеңінен қолданылады:

- базалық;
- электр-доғалы пісіру;
- аргонмен имектеп пісіру;
- плазмалық-доғалы пісіру;
- электронды-сәулелі;
- лазер;
- нүктелі;
- аунақшалы;
- балқытумен аралық пісіру.

Төмен қоспаланған болаттан жасалған бөлшектерді біріктіру үшін доғалық пісіруді қолданады. Мыстан жасалған тетіктерді газ немесе доғалық пісірумен дәнекерлейді. Жезден жасалған тетіктерді көмір электродтарын пайдаланумен газ немесе доғалық пісірумен дәнекерлейді. Магниттік қоспалардан жасалған тетіктерді пісіру кезінде ең жақсы нәтиже арнайы қосындыларды пайдаланумен аргонмен имектеп пісіру кезінде алынады.

Ыстықберік қорытпалар және болаттан жасалған тетіктерді пісіруді аргонмен имектеп пісірумен орындайды.

Дәнекерленген жапсардың сапасы, бөлшектерді дәнекерлеуге дайындау мұқияттылығы мен біріктірілетін материалдың маркасына байланысты дәнекерлеу әдісін дұрыс тандаумен анықталады. Тетіктерді пісіру алдында құралбіліктерді, жеңіл балғаларды пайдаланумен тегістейді, ол біріктірілетін тетіктердің жиектерінің дұрыс қалпын қамтамасыз ету үшін қажет. Дәнекерлеу орындарынан тотықты, майды, ылғалды, қақты және пісіру жапсарының зақымдануына алып келетін басқа ластануларды тазартады. Тазалауды механикалық тәсілмен немесе сілтілер мен қышқылдарда өңдеумен орындайды. Беттерді зарарсыздандыру үшін бензин, ацетон немесе спиртті қолданады. Қажет болатын жағдайда болашақ дәнекер жапсарының бойында нақты өлшемге арналған фаскалар орындалады.

Дәнекерлеу алдында бөлшектерді, сызбада берілген өзара қалыпты қамтамасыз етумен пісіруге арналған құрылғыда (стапельде) жинайды және бекітеді. Жабдықтарды құрастыру дәлдігі пісіру түрімен анықталады. Мысалы аргонмен имектеп пісіру кезінде табақ отқа төзімді болаттан жасалған бөлшектердің аралығы, дайындамалар қосылысының ақаулығы пісірілетін материалдың қалыңдығынан 0,1 аспауы керек.

Доғалық пісіру кезінде балкитын электродқа біріктірілетін тетіктерге қатысты келесі жұмыс қозғалыстарын хабарлайды:

- электрлік доғаның тұрақты ұзындығын сақтау үшін балқы шамасына қарай өс бойындағы ілгерілмелі қозғалыс;
- бекітілетін тетіктердің барлық ұзындығын байлай дәнекер жапсарды қалыптастыруға қажет тетік жапсарының бойындағы ілгерілмелі қозғалыс;
- дәнекер жапсардың қажет енін қамтамасыз етуге қажет аздаған қарқыны бар тербелгіш қозғалыстар .

Тетіктерді дәнекерлеу кезінде жергілікті қыздыру салдарынан температураның үлкен деңгей айырмасы пайда болады, ал суығаннан соң пайдалану кезінде бұзылуға алып баратын ішкі кернеулер пайда болады. Бұл кернеуді алу пісірілетін қосылысты термиялық өңдеуді орындайды , мысалы босандату. ыстықберік қорытпаларды пісіру кезінде пісіру алдында жеке бөлшектерді босандатуды орындайды, ал дәнекерлеген соң дәнекерленген жаспарды ескіртеді.



Пісірілетін тетіктерде суығаннан соң қалдық деформация қалыптасуы мүмкін. Ол ақаулықтарды түзетумен жояды. Бөлшектерді түзету соққы немесе статикалық жүктеме көмегімен механикалық немесе нақты реттілікпен дәнекерлейтін жапсарды жергілікті қыздырумен орындалатын термиялық болуы мүмкін.

Дәнекерлеу қосылыстарының ақаулықтарын анықтау үшін үш кезеңмен орындалатын бақылаудың түрлі әдістерін қолданады:

- пісіру үшін әзірленетін тетіктерді алдын ала бақылау;
- операциялық бақылау;
- дайын дәнекер қосылысты бақылау.


Көптеген сыртқы ақаулықтарды көзбен шолып анықтауға болады. Ішкі ақаулықтарды анықтау үшін ультрадыбыстық немесе рентгендік дефектоскопты қолданады. Дәнекер жапсарының саңылаусыздығын, тесік іздеуші немесе сығылған ауа немесе қысымды сұйықтық көмегімен саңылаусыздыққа сынаумен тексереді.

**Пісірілген қосылыстарды құрастыру.** Құрастырылған түрде дәнекерді балқыту температурасына дейін қаздыру жолымен, қосымды материалды пайдаланумен екі немесе одан көп бөлшектерді ажырамайтын қосылысты алу үдерісін дәнекерлеу деп атайды. Ерітілген дәнекер, біріктірілген бөлшектер арасында арнайы қалыптастырылған саңылауларға ағады. Дәнекер қатқан соң пісірілген жапсар қалыптасады, ол бөлшектерді қосады.

Жұмсақ және қатты дәнекері бар пісіруді қолданады. **Жұмсақ** дәнекерлер негізінен қалайы мен қорғасыннан тұрады. Олардың балку температурасы 773 К, және механикалық беріктігі төмен. **Қатты** дәнекерлер мыс, мырыш, күміс және никельден тұрады. Олардың балку температурасы 773 К және беріктігі жоғары.

**Жұмсақ дәнекермен пісіру** кезінде дәнекерленетін бетті мұқият қорғайды, кейін қорғалған бетке, тетіктердің бетіне тотыққан қабықшаны ерітетін флюсті жағады. Дәнекерленетін бөлшектерді құрастыру кезінде, сым немесе фольга түріндегі дәнекерді арнайы орындарда орналастырады және пісірумен бекітеді. Флюс қалдықтарын қыздыру, пісіру және салқындатқан соң ыстық ағынды суда жуады.

**Қатты дәнекерлермен пісіру** кезінде беттерді әзірлеу, жұмсақ дәнекерді қолданумен пісіруге ұқсас жүргізіледі, дегенмен дәнекердің бөлшек материалымен жақсылап ілінісуі үшін беттерге бұдырлылықты келтіреді.



3.31 сурет. Тойтармалы қосылыс сызбасы:  
1, 2 — бекітілетін тетіктер; 3 — тойтарманың тұйықтаушы бастиегі; 4 — тойтарма білігі; 5 — тойтарманың төсейтін бастиегі

Пісіру кезінде тетіктерді электр пештерінде немесе тұзды ванналарды, газ жанарғыларымен немесе жоғары жиілікті тоқпен қыздырады..

Дәнеркерлі қосылыстардың негізгі артықшылығы, пісіру кезіндегі тетіктерді пісірудің салыстырмалы төмен температуралары.

**Тойтарма қосылыстарды құрастыру.** Тойтарма қосылыстарды 1 және 2 тетіктері (3.31 сурет) тойтармалармен бекітеді. Тойтарма бір шетінде 5 төсейтін бастиегі бар металл білік, және екінші шетінде тойтару барысында тұйықтаушы 3 бастиек қалыптасатын металл білік ретінде көрсетілген. Тойтармалардағы төсейтін бастиектер жарты шеңбер, жасырын, жартылай жасырын немесе тегіс болуы мүмкін, ал тойтармалар құбырлы, тұтас және т.б. тойтарма қосылысты құрастыру операциясы келесі ауысулардан тұрады: тойтару тетіктерін жинау, тойтармаға арналған саңылауды орындау, тойтарманы саңылауға қондыру, тойтарма қосылысты бақылау.

Тойтару кезінде тойтарманың тұйықтаушы бастиегін, төсейтін бастиек жағынан тойтарманы қаттылап тіреу кезінде болат балғамен соғумен тойтармының бос шетінің деформациялануы жолымен қалыптастырады.

Тойтарма үдерісін механикаландыру үшін түрлі механизмдерді қолданады, мысалы тойтару балғасы және жеңілдетілген инерциялық тіреулер.

Тойтарма қосылысты дефектоскопты пайдаланумен көзбен шолып бақылайды, мысалы рентгенді және бұзылуға дейін таңдалған механикалық сынақ.

Бұл ретте, тойтарманың тұйықтайтын бастиегінің 3 биіктігін бақылау үшін, арнайы калибрлерді 4 (3.32 сурет), 5 сызбаүлгілік сызғышты және басқа өлшеу аспаптарын пайдаланады.


Құбыр желісінің қосылыстарын құрастыру. Машина жасау бұйымдарында құбырларды майлайтын және отындық жүйелерде, салқындату жүйелерінде және т.б. қолданады. Монтаждауды жүргізу қолайлығы үшін құбырларды, жалпы магистральдің жеке бөліктерінің қосылыстарының саңылаусыз орындарымен ажырамалы етіп орындайды. Құбыр желісінің ажырамалы қосылыстары төмендегідей болады.

- тығыздау арматурасы конус- конус немесе конус- сфера сызбасы бойынша орындалған кезде ниппельді;
- қосылыстың саңылаусыздығы тегіс беттер бойынша қамтамасыз етілген кезде штуцерлік;
- жапсарланатын құбырлардың әрқайсысына, бұрынғы операцияларда фланец жалғасқанда фланецтік, ал саңылаусыздық, фланецтерді бекітетін төсемдер және бұрандалармен қамтамасыз етіледі;
- құбырларды бекіту мен жапсардың саңылаусыздығы дәнекерлеу жапсарларымен қамтамасыз етілгенде, дәнекер;
- жалпы магистральдің жалғасатын бөліктері ұштықтармен бір-біріне енуі кезінде, ал саңылаусыздыққа арнайы таңдап алынған тығыздайтын сақинамен қамтамасыз етілгенде телескопиялық;

Құбырлардың негізгі бөлшектерінің бірі жұмыс денесі, мысалы отын тасымалданатын түтіктер болып табылады. Түтіктерді өндіру кұрастыру алдында орындалады және келесі кезеңдерден тұрады:

Материалдар қоймасынан цехке келіп түсетін құбырларды кіріс бақылауды, пайдалану кезінде бұйым жүйесінің саңылаусыздығына зақым келтіруі мүмкін жарықтары, қалдық деформациясы немесе жасырын ақаулықтары бар құбырлар немесе олардың жеке телімдерін браққа шығарып тастау мақсатында орындайды.

Құбырларды қалыпты бөліктерге бөлуді дискті ара немесе кеспелі білдектерде қажақтаспен орындайды. Кесілген дайындамалар механикалық, гидроабразивтік немесе ультратрадыбыстық әдіспен ластанулар қылаулардан тазартылады.



3.32 сурет. Тойтармалы қосылысты бақылау сызбасы

**а** — тұйықтаушы бастиектің биіктігін бақылау; **б** — жасырын жапсар бетін бақылау; **1, 2** — бекітілетін тетіктер; **3** — тойтарма; **4** — арнайы калибр; **5** — сызбаулілік сызғыш


Құбырлардың ұштарын өңдеу (шырайналдыру немесе көмкеру) білдекте аунақшалармен немесе конустармен орындалады.

Құбырлардың иілісі құбырларды ию білдектерінде, қалыптармен немесе қолмен, жалпаю, қатпарлар немесе гофралар, жарықтар сияқты ақауларды болдырмайтын арнайы құрылғылармен жүргізіледі. Иілудің формасын қадағалау үшін эталондық құбырлар қолданылады.

Аппаратураның ниппель, штуцер, фланец секілді элементтерін құбырлардың ұштарына пісіру газбен пісіру немесе имектеп пісірумен жинау-пісіру құрылғыларында орындалады.

Пісіру немесе дәнекерлеу сапасын қадағалау форманың дұрыстығын, пісіру немесе дәнекерлі тігістің сапасын, пісіру орындарының саңылаусыздығын тексеруден тұрады. Тексеруден кейін жинақ бірліктерін (трубкалар) тиянақтап жуады және барлық саңылауларына технологиялық бітеуіштер қойылады.


**Құбырлардың штуцерлік қосылыстарын жинау.** Штуцерлік қосылыстарды жинау реттілігі келесідей. Жіктің саңылаусыздығына ықпал ететін бөлшектерін мұқият қарап шығып, қисайтпай және ширатпай төлкенің цилиндрлік бетіне 5 төсем 4 (3.33-сурет) кигізеді. Сосын штуцері 2 бар басқа құбырды алып, төлкенің 5 цилиндрлік бөлігін штуцердің саңылауына 2 енгізіп, екі бөлікті жалғастырады. Қосылған құбырларды бір сызық бойымен қояды және штуцердің бұрандасына салмалы сомынды 3 бұрап кигізеді, салмалы сомын құбырға ұштықтарды пісірудің алдында кигізіледі. Бұрандалы қосылысты белгіленген күшті салып бұрайды, құбырлардың бұралмауы үшін штуцерді 2 басқа кілтпен жайлап ұстап тұру керек.



3.33-сурет. Құбырлардың штуцерлік қосылысының құрылымдық схемасы:


1, 6 — жалғанатын құбырлар; 2, 5 — арматура бөлшектері; 3 — салмалы сомын; 4 — тығыздаушы төсем

3.34-сурет. Құбырлардың ниппельдік қосылыстарының құрылымдық схемасы :  
 1, 5 — біріктірілетін құбырлар ; 2, 4 — арматура бөлшектері ; 3 — салмалы сомын



Құбырлардың ниппельдік қосылыстарын жинау. Ниппельдік қосылыстарда тығыздаушы төсемдер жоқ. Салмалы сомынды бұрауда 3 (3.34-сурет) 2 және 4 бөлшектер тартылады және қосылыс осы бөлшектердің конустық беттер бойынша тығыздалады. Сомынды бұрауға салынатын күші міндетті түрде қадағаланады, ал қосылыстың саңылаулылығы жағдайында сомынды көп күш салып бұрап бекітеді. Құбырларды бұралмауы үшін басқа кілтпен 2-бөлшекті бұрылыстан жайлап ұстап тұру керек.

Құбырлардың фланецтік қосылыстарын жинау. Фланецтік қосылыстарды жинау реттілігі келесідей. Алдыңғы операцияда корпусқа 7 бұрап кигізілген шпилькаларға 6 (3.35-сурет) тығыздаушы төсем 5 кигізіледі. Сосын фланец 4 пісіріп жабыстырылған құбырды корпусқа жақындатып, фланецті шпилькаларға 6 кигізеді. Шпилькаларға шайбалар 3 кигізіледі және сомындар 2 қойылады. Фланеці бар құбырды қолмен ұстап тұрып, сомындарды белгілі бір ретпен үш қайтара бұрайды. Үшінші ретте сомындарды берілген тарту күшімен бұрайды. Жинап болғаннан кейін фланецтің дұрыс орнатылуын және



3.35-сурет. Құбырлардың фланецтік қосылысуының конструктивтік схемасы:

1 — жалғастырылатын құбыр; 2 — сомын; 3 — шайба; 4 — фланец; 5 — тығыздаушы төсем; 6 — шпилька; 7 — корпус


қосылыстың саңылаусыздығын тексереді. Қажет болған жағдайда сомындарды 2 бекітеді.

**Құбырлардың телескоптық қосылыстарын жинау.** Телескоптық қосылыстарды жинау реттілігі келесідей. Құбырға 4 пісіріп жалғанған ұштыққа 3 (3.36-сурет) тығыздаушы сақинаны 2 ол ұштықтың канавкасында бұрамай-ақ тығыз отыратындай кигізеді Одан кейін ұштықты салмақ салмай, корпусстың саңылауына 1 берілген тереңдікке немесе фланец корпусқа тірелгенше енгізіледі. Бұл ретте тығыздаушы сақина канавкада қалуы керек және бұралмауы тиіс. Тығыздаушы сақина өзінің канавкасынан ығыстырылған жағдайда жинау операциясын қайталайды. Жинауды жеңілдету үшін жалғанатын бөлшектерді майлайды.

**Құрастырымдық бірліктерді жинау технологиясы.** Машиналарды жинау ретін схема түрінде көрсеткен ыңғайлы. Бірақ оның алдында жиынтықтар, тораптар, бірінші, екінші ретті тораптар және т.б. құрастырылымдық бірліктердің (3.37, а-сурет) бар болуын анықтау қажет. Жинау схемасын келесідей құрады (3.37, б-сурет): схема бойынша бар екендігі анықталған құрастырымдық бірліктердің атауларына сәйкес келетін зоналарды тігінен анықтайды. Әрбір құрастырымдық бірлік үш бұрышпен немесе тік төртбұрышпен белгіленеді. Әрбір бөлшек немесе жиынтық құрастырылымдық бірлік тік төртбұрышпен белгіленеді, онда схема бойынша атауы және бөлшек номері көрсетіледі. Құрастырымдық бірлікті білдіретін тік төртбұрышпен белгіленетін схеманы құруда кейде оны жинаудың еңбек сыйымдылығын көрсетеді.

**1-мысал.** Шпиндельдің айналу жиілігі  $12... 2\ 000\ \text{мин}^{-1}$  диапазонында шпиндельге айналу кезін үстейтін жылдамдық қорабын жинау (3.38, а-сур.).

Алдыңғы бабканы жинау реттілігі келесідей (3.38, б-сурет): алдыңғы басша (бабка) корпусына 5 тісті доңғалақ 10,




Р3.36-сурет. Құбырлардың телескоптық қосылыстарының құрылымдық схемасы:

1 — корпус; 2 — тығыздаушы сақина; 3 — ұштық; 4 — жалғастырылатын құбыр



тісті доңғалақ 13 және күпшек 12 жиынтығы орналасқан, фланецті бұрайды. Шпindelді 20 II кешенмен біріктіреді, бұл кешен сақиналардан 16 және 21, тығыздау 17, мойынтіректерден 14 және 15 және шпонкалардан 7 және 11 тұрады. II жиынтықты алдыңғы басша корпусына орнатады, қақпақты 19 фланецқа қарай 18 бұрандамалармен 56 бұрайды. Шпindelге сомындарды 8 және 9, тісті доңғалақты 6, мойынтіректі 4 және II, сомынды 1. орнатады. Алдыңғы басша корпусына қақпақты 3 бұрандамалармен 56 бұрайды.


III жиынтықты негіздеуші бөліктен 26 (тісті доңғалақ), сақина 55, мойынтірек 24 және тісті доңғалақтан жинайды 23. Алдыңғы басша корпусына 22 және 54 тісті доңғалақтарды орнатады. IV жиынтықты негізгі бөлшектер 28 (вал), сақиналардан 29 және 30 және мойынтіректен 25 жинайды.



3.38-сурет. 1Б732 (а) мод жонғыш білдектің жылдамдық қорабы және жылдамдық қорабын жинау (б) схемасы



3.38 суреттің соңы




IV жиынтықты алдыңғы басша корпусына енгізеді, білікке тісті доңғалақ 22, III жиынтық және тісті доңғалақты 54 орнатады, сосын алдыңғы басша корпусына бұрандалармен 56 қақпақты 27 бұрайды.

Білікке 28 сақиналарды 49 және 52 мойынтіректерді 50 және 53, кигізеді, бұл бөлшектерді шайбамен 51 және болттармен 56 бекітеді. Алдыңғы басша корпусына 3 қақпақты 48 бұрандалармен бұрайды, алдыңғы басша корпусына тісті доңғалақтарды 36 және 35 орнатады. V жиынтықты базалық бөлшектен 37 (білік), сақиналардан 32 және 34, мойынтіректен 33 жинайды, сосын оны алдыңғы басша корпусына енгізеді, бұл ретте білікке 37 тісті доңғалақтар 36 және 35 жалғанады. Қақпақты 31 бұрандалармен 56. бұрайды. Білікке 37 сақина 38, мойынтіректер 39 және 47, сақиналар 41 және 40 және тығыздауыш 43 кигізеді. Алдыңғы басша корпусына бұрандалармен 56 қалпақты бұрайды. 42. Білікке 37 шпонканы 46 тығыздайды, сосын жартылай жалғастырғышты 44, кигізіп, оны сомынмен 45 бекітеді.

Алдыңғы басшаны жинап біткеннен кейін майлау жүйесін монтаждайды, алдыңғы басшыны стендте тегістейді, бұл ретте шпиндельді қызу температурасына және саңылауларға қарай шпиндельдің мойынтіректерін реттеу дұрыстығы анықталады.

Жылдамдық қораптарын жинау үшін құрылғылар, манипуляторлар және өнеркәсіптік жұмыстар қолданылады. 3.39-суретте шпиндель мойынтірегінің алдыңғы қақпағын бекітуде бұрандаларды орауды жүзеге асыратын үш манипулятордың жұмыс схемасы берілген. Манипулятор 1 бұранданы 2 алып, оның саңылауына бөлшектерді енгізуі тиіс 3. Манипулятор 6 сомынды алып, оны бұрау керек. 5. Датчиктер сомынды тарту күшін анықтайды. Бөлшекті қажетті қалыпта манипулятор ұстайды.




3.39-сурет. Құрастыру кешені жұмысының

**2-мысал.** 16К20 мод. жонғыш білдегі күймешесінде суппортты жинау


3.40, *a*-суретте супорттық топтың схемасы келтірілген, оны жинау реті төмендегідей. Бастапқыда планкаларды 1 ысып жалтыратады, сосын күймешені жинауға дайындайды, әрі қарай көлденең суппорттың үстінгі бетін, бүйірлік жақтарын және күймешенің 2 көлденең бағыттауышын, көлденең суппорттың 5 бағыттауышын күймешенің көлденең бағыттауыштары ысып жалтыратады, реттеу клині 14 қиюластырылады. Күймешенің сабына тұтқа кигізіледі.

Бұрандаға 3 шпонканы 19 қиюластырылады және автоматты көлденең жіберудің тісті доңғалағын кигізеді. Күймешенің бұрандасына 3 каретки нониус 18 монтаждалады. Күймешенің бұрандасынан тұтқа 17, шпонка 19, тісті доңғалақ 20 шешіледі. Бұрандаға 3 сақина 4 кигізіледі, оны бұрандамен бірге бұрғылап тесіледі және конустық ұңғымен жайылады. Сақинаны 4 шешеді және бұранданы күймешеге енгізеді.

Бұрандаға шпонка 19 және тісті доңғалақ 20, төлке 16, нониус 18 және тұтқа 17 кигізіледі, оны штифтеген жөн. Көлденең суппорттың 5 қорғаныс қалқаншаларын ысып жалтыратады. Көлденең суппортқа 5 бұрандалармен сомынды 321 бұрайды. Құрастырылған көлденең суппортты бұранданы сомынға 21 бұрап кіргізу арқылы күймешеге орнатады. Бұранданың бос ұшына сақина 4 кигізеді. Реттеу бұрандасымен 13 жылжытылатын клинның 14 көмегімен күймеше мен көлденең суппорттың бағдарлауыштарындағы саңылауларды реттейді. Көлденең суппорттың қалқаншаларын бұрап қояды. Сосын суппорттың бұрылыс бөлігінің 6 төменгі бағдарлауыштарын көлденең суппорттың жоғарғы жазықтығы бойынша ысып жалтыратады, көлденең суппорттың шеңбер Т-тәрізді ойығына екі Т-тәрізді бұрандаларды 8 және 15 енгізеді. Т-тәрізді бұрандалардың бұрандалы бөлігіне бұрылу суппорт 6 кигізеді және оны сомындармен 7 бекітеді. Реттеу клинін 12 келістіре отырып, бұрылмалы бұрандалы күймешенің 9 суппорттың бұру бөлігінің жоғарғы бағдарлауыштары бойынша қалыпқа келтіріледі. Суппорттың бұрандалы күймешігінің сабына тұтқаны орнатады. Бұрандалы күймешіктің бұрандасына сапты кигізеді және алдын ала нониус қойып, оны штифттейді. Суппорттың бұрандалы күймешесінде бұранда орнатылады. Сақинаны бұрғылап теседі және штифттейді. Бұрандалы күймешенің қалқаншалары ысып жалтыратады, ол үшін суппорттың бұрылу бөлігіне бұрады. Суппорттың бұрандалы күймешесінің бұрандасын суппорттың бұрылмалы бөлігінің сомынына бұрап кіргізу арқылы бұрандалы күймешені суппорттың бұрылмалы бөлігіне орнатады және



a



б

3.40.-сурет. Жону-бұрама кескіш білдегінің суппорттық тобы (а) және оны жинау схемасы (б)



реттеу бұрандасымен жылжытылатын клиннің 12 көмегімен реттейді. Бұрандалы күймешенің қалқаншаларын бұрайды, бұрандаұстағышты 10 монтаждайды, бұрандаұстағышты 10 бұрандалы күймешенің білікшесіне кигізеді және оны саппен 11 бекітеді.

**3-мысал.** Артқы басшаны жинау.

Артқы басшаны жинауды алдын ала жинау және түпкілікті жинау деп бөледі. Алдын ала жинау барысында басша 20 корпусының жазықтықтарын және плата бағдарлаушыын 18 (3.41-сурет) ысып жалтыратады. Бағыттаушы платада 18 сомынды 19 бекітеді және корпусты бағыттаушы платаға бұрандалармен 14 және 15 бұрады. Бағыттаушы плитаны артқы басша корпусымен бірге орнатады, ол үшін алдын ала бағыттаушы плата мен артқы басша корпусының саңылауларына бекіту бұрандаларын енгізеді. Бұрандалардың шығып тұрған ұштарына шайбаларды 13 кигізеді және оларға сомындарды 21 бұрап бекітеді. Алдын ала жинаудан кейін артқы басшаны саңылауды күпшелі (пиноль) жонып өңдеуге жібереді.

Саңылауды күпшелі (пиноль) жонып өңдеуден кейін түпкілікті жинау жүзеге асырылады. Сухарьларды 22 және 23 корпустың тиісті саңылауына орналастырады және сухарьді 23 сапқа 3 бұрап кіргізеді, ол үшін оған алдын ала 2 шайба кигізіледі. Майсауытты 4 корпусты сығымдалады. Сермерге 9 сапты 10 аударды. Бұрандаға 6 кілттекті (шпонка) 11 сығымдайды, бұрандаға 8 қақпақ кигізеді және сапты сомынмен 12 бекітеді. Бұранданы 7 күпшеге 5. сығымдайды. Күпшені корпусты енгізеді және бұранда 6 мен сомынды 7 бұрайды. Бұрандалармен 8 қақпақты корпусты 20 бекітеді. Сапты күпше 3 корпусты толығымен қысылғанда, ол жұмысшыға қарай бағытталады етіп, шайбаның көмегімен орнатады. Жинау сапасын қадағалауды эталондық үлгілердің, жақтаулардың, өлшегіш өткелінің және өлшеу плитасындағы индикаторлардың көмегімен жүзеге асырады.

**Жонғыш білдекті жалпы жинау.** Білдекті жалпы жинауды негізгі түйіндер (алдыңғы және артқы басша, суппорттық топ 4 — 7) жиналғаннан кейін жүзеге асырады. Басқару пульті бар жонғыш білдектің табанын (станина) 13 және таблонды 2 деңгей бойынша орнатады (3.42-сурет). Жылдамдық қорабы 1 мен күймешені 18 табанның бағыттаушы 10 бойынша ысып жалтыратады. Бағыттаушы табаны шпинделінің 21 саңылау осінің параллельділігін суппортта 6 бекітілетін индикатормен анықтайды. Шпиндельге 3 ұзындығы 300 мм эталондық жақтау орнатады, оған индикатор жүргізеді. Құрылғының дәлсіздігін күймешені немесе өлшегіш өткелін жақтаудың барлық ұзындығына жылжыту барысында индикатордың көрсеткіші бойынша анықтайды.




3.41-сурет. Артқы қысқы және оны жинау схемасы (б):

1 — орта; 2, 13 — шайбалар; 3, 10 — саптар; 4 — майсауыт; 5 — күпше (пиноль); 6, 14 — бұрандалар; 7, 12, 19, 21 — сомындар; 8 — қақпақ; 9 — сермер; 11 — шпонка; 15 — бұранда; 16 — бағдарлауыш табандар; 17 — тоспа; 18 — бағларлауыш плита; 20 — басша корпусы; 22, 23 — сухарьлар

Күпшеге оның қалпын тиянақтап тұратын артқы планкаларды бекітеді. Табанға берістер қорабын 19 бекітеді. Күпшеге 16 бұрандалармен фартук 17 жалғайды. Қозғалғыш бұрандасын 14 беріліс қорабының 19 төлкесіне орнатып, оны фартуктың 18 негізгі сомынында қысады. Бұранданың 14 табанның бағдарлауыштарына қатысты параллельділігін тексереді және алдын ала берістер қорабын бекітеді. Фартукті күпшемен оңға жылжытады да, қайтадан қозғалғыш бұрандасын фартуктың негізгі сомынында қысады. Қозғалғыш бұранданың көлденең және тік жазықтықтардағы қалпын табан бағдарлауышы бойынша жылжитын платада бекітілген индикатордың көрсеткіші бойынша анықтайды. Жүріс білігін орнатады және бекітеді.

Қозғалғыш бұранданың 12 және білікшенің артқы кронштейнін индикатордың көмегімен шығарады, оны штифттейді және бұрандалармен бекітеді. Фартуктің бойлық күпшеге қатысты қалпын түпкілікті тексергеннен кейін, оны штифттейді және бұрандалармен бекітеді. Рейканы 15 табанға жапсарлайды. Рейканың фартуктың тісті доңғалағына қатысты қалпын тексергеннен кейін, оны штифттейді және бұрандалармен бекітеді. Гитараның 20 корпусын табанға жапсарлайды. Гитараның тісті доңғалақтарымен жылдамдықтар қорабын берістер қорабымен



3.42-сурет. 16К20 мод жону-бұрама кескіш білдегінің құрастырылымдық бірліктері.

Артқы қысқының бағдарлауыш плитасын 10 табанның бағдарлауыштары бойынша ысып жалтыратады.

Білдектер түріне, мақсатына және ауқымына қарай бос жүрісте және жүктемемен жұмыс барысында сынақтан өтеді, сондай-ақ, өнімділік, қаттылық, қуаттылық және дәлділікке де сыналады. Барлық білдектер техникалық жағдайлар белгілейтін белгілі бір режимдерде жүктемемен сынақтан өтеді. Арнайы мақсаттағы білдектер және тәжірибелік үлгілерді ғана өнімділікке сынайды. Әдетте, барлық білдектерді қаттылыққа сынайды. Білдектердің кең ауқымының қаттылық нормалары және сынақ әдістері стандартталған.

Жеке-дара өндірісте шығарылған барлық білдектер және сериялы шығарылатын ішінара білдектер қуаттылыққа сыналады. Сынақ жүргізуде білдектердің дәлділігі өндірілген бөлшектердің дәлдігіне қарай бағалайды.

Жонғыш, фрезерлеу, бұрғылау және білдектердің басқа түрлері үшін дәлділікке сынаудың тәртібі, жасалатын бөлшектердің үлгілері және үлгілерді өңдеу дәлділігі Мемлекеттік стандарттармен регламенттелген. Соны білдектер үшін сынақтардың бағдарламасы мен режимдері олардың мақсатына, конструкциясына және талап етілетін дәлдікке байланысты әзірлейді.

### 3.7. ЖИНАУ ДӘЛДІГІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАЛАУ

Жинау параметрлерінің нақты мәндерінің осы параметрлердің берілген мәндерге сәйкестілігін анықтау мақсатында жинау барысында көптеген өлшемдер жүргізеді. Қадағалауды визуалды қадағалау техникалық өлшеу құралдары қолданылатын қадағалау деп бөледі.

Бөлшектердің беттерінің және шеттерінің жағдайы, бөлшек бетінде көрінетін ластануларды болуы, дәнекерленген жіктің сапасы, бөлшектің бетіндегі бояу дағының формасы және орналасуын және т.б. бойынша визуалды субъективтік сапалы бағалау жасауға болады.

Техникалық өлшеу құралдары талап етілетін дәлдікпен келесі жинау параметрлерінің мәндерін анықтауға болады:

- сыртқы және ішкі өлшемдер;
- бөлшектер мен құрастыру бірліктерінің беттері мен осьтерінің өзара орналасуы;




- осьтік, радиалды және бүйірлі саңылаулар;
- бұрандалы бөлшектердің керуге төзімділігі;
- корпус, ыдыс және басқа бұйымдардың саңылаусыздық дәрежелері;
- ротор массасы центрінің оның айналу осінен ығысу шамасы;
- бөлшектің салмағы;
- серіпшелердің серпімділігі және т.б.

### Сыртқы өлшемдерді индикаторлық аспаптармен өлшеу.

Индикаторлық аспаптар — бұл салыстырмалы өлшеулерге арналған аспаптар. Яғни, өлшер алдында оларды эталон бойынша баптайды. Сыртқы өлшемді өлшеу үшін бөлшектерді 4 (3.43-сур.) индикаторлық тіреуде 1 бекітілген, өлшеу плитасында орнатылған индикаторлық аспапты 2 эталон бойынша 3 нөлдік мәнге келтіреді. Орнату барысында өлшенетін бөлшектің 4 детали ( 3.43-сур. қараңыз) алынып тасталған эталонның орнына индикаторлық аспаптың 2 нұсқары К өлшеміне ауытқуы мүмкін, бұл өлшем бөлшектің нақты 4 өлшемінің эталон 3 өлшемінен ауытқуға сәйкес келеді. Өлшеу дәлдігі негізінен эталонның дәлдігімен және индикатордың дәлдігімен анықталады.

**Ішкі өлшемдерді штангенинаспаптармен өлшеу.** Жинауда өлшенетін ішкі өлшемдерге саңылаулардың диаметрлері, паздың (ойықтың) ені, канавканың ені, саңылау немесе корпусстың тереңдігі және т.б. жатқызылады. Жоғарыда тізілген параметрлерді өлшеу үшін жинаудың салыстырмалы түрде жоғары емес дәлдігі бойынша мысалы, қажетті өлшемдегі компенсаторды таңдағанда немесе өлшем бойынша ұштастырылатын бөлшекті іріктеуде



3.43-сурет. Сыртқы көлемді өлшеу схемасы:


*а* — индикаторлық аспапты эталон бойынша нөлдік қалыпқа баптау; *б* — сыртқы өлшемді өлшеу; *1* — индикаторлық тіреу; *2* — индикаторлық аспап; *3* — өлшем эталоны; *4* — өлшенетін бөлшек

штангенциркульдер қолданылады. Саңылау немесе ойықтың тереңдігін өлшеу үшін штангенереңдік өлшеуіш номерлер қолданылады, өнеркәсіп оларды өлшеудің жоғары шектері 200; 250; 300; 400 және 500 мм, бөлік бағамдары 0,1; 0,05; 0,02 мм параметрлерімен шығарады. Құрастырылымдық бірлікте ішкі өлшемді А штангенереңдік өлшеуішпен 2 өлшеу схемасы 3.44-суретінде көрсетілген. Көрсеткіштердің есебін екі шкала — негізгі және нониустық шкалалар бойынша жүргізеді.

### Ішкі көлемдерді индикаторлық іш өлшеуішпен өлшеу.


Индикаторлық іш өлшеуіштер, мысалы, дәлдігі жоғары жұмыр қосылыстардың бөлшектерін іріктеуде, саңылау формасының берілген формадан, мысалы, цилиндрлік, ауытқуды ескеру қажеттілігі бар жағдайларда қолданылады. Өлшеудің алдында аспапты тиісті өлшемнің эталоны бойынша нөлдік көрсеткішке баптайды. Индикатор нұсқарының нөлдік қалыптан ауытқу шамасы бойынша өлшеу нәтижесін алады.

Бөлшектегі 2 дәл саңылаудың диаметрін (0А) іш өлшеуішпен өлшеуді өлшенетін саңылаудың осіне перпендикулярлы кем дегенде үш қимада:  $a$  —  $a$ ;  $b$  —  $b$ ;  $b$  —  $b$  (3.45-сур), және әр қимада кем дегенде екі өзара перпендикулярлы бағыттарда  $k$  —  $k$  и  $m$  —  $m$  жүргізеді. Өлшеулер нәтижелері бойынша саңылаудың конустылығы немесе сопақтығы анықталады және ұштастырылатын бөлшектің ішкі беті параметрлерінің нақты мәндерін ескере отырып, қосылыстың нақты параметрлерін есептейді.



3.44-сурет. Штангенереңдік өлшеуішпен өлшеу схемасы: 1 — тексерілетін құрастырылымдық бірлік; 2 — штангенереңдік өлшеуіш


3.45-сурет. Ішкі өлшемді индикаторлық іш өлшеуішпен өлшеу:  
 1 — индикаторлық іш өлшеуіш; 2 — тексеру бөлшегі



Бөлшектер мен құрастырымдық бірліктердің беттері мен осьтерінің өзара орналасуын өлшеу. Бұйымдарды жинау барысында бөлшектердің беттері мен элементтерінің өлшемдері ғана өлшенбейді, олардың өзара орналасуы және бірқатар басқа параметрлерді анықтайды. Ол үшін төмендегілерді өлшейді:

- айналу беттерінің (цилиндр, конус, сфера) басқа айналу беттерінің осьтеріне қатысты радиалды соғу;
- айналу беттерінің (цилиндр, конус, сфера) басқа айналу беттерінің осьтеріне қатысты қапталды соғу;
- жазық беттері және айналу беттері осьтері параллельділігінен ауытқу;
- жазық беттері және айналу беттері осьтері перпендикулярлығынан ауытқу;
- корпустық бөлшектерде базалық саңылаулардың өстестігі;
- бөлшектердің өзіндік ауытқуларының жиілігі;
- жеке буындардың ілгерілемелі және айналмалы қозғалыстардың жеңілдігі және т.б.

Айнарудың кез келген бетінің басқа айналу бетінің осіне қатысты **радиалды соғуын** өлшеу үшін индикаторлық құрылғылар қолданылады, олардың құрылымына индикаторлық аспаптар кіреді, мысалы, сағаттық типтегі индикаторлар немесе миниметрлер. А және Б беттерінің С бетінің осіне қатысты радиалды соғуын өлшеу 3.46-суретте көрсетілген. Бұл ретте тексерілетін құрылымдық бірлік 2 С цилиндрлік бетімен призмаларға б орнатылған. Индикаторлық аспаптың 1 өлшеу ұштығы А бетімен тікелей байланысқа шығады, ал индикаторлық аспаптың 3 өлшеу ұштығы Б бетімен тетік 5 арқылы байланысады. Екі индикаторлық аспап та 1 және 3 өлшеудің алдында нөлдік қалыпқа қойылған. Тексерілетін құрылымдық бірлікті 2 бір толық айналымға бұрған жағдайда индикаторлық аспаптар А және Б беттерінің тексерілетін бұйымның




3.46-сурет. Радиалды соғуды өлшеу схемасы:

1, 3 — индикаторлық аспап; 2 — тексерілетін құрылымдық бірлік; 4 — негіз; 5 — өлшеу ұштығы бар тетік; 6 — орнату призмалары

бұрылу осіне (С бетінің осі) қатысты радиалды соғуының шамасы жоғарылағанын көрсетеді. Қосымша дәлсіздіктің жоқтығына көз жеткізу үшін құрылғыны қатты негізде 4 жинайды, ал индикаторлық аспаптарды жақсылап индикаторлық тіреулерде бекітеді.

**Қапталдық соғуды** өлшеу үшін негізінен индикаторлық құрылғылар қолданылады. А бетінің (3.47-сурет) құрылымдық бірліктің 2 Б беті осіне қатысты қапталдық соғуды өлшеуде осьтік тіреу 1 қажет, ол қадағаланатын бұйымның өлшеу бағытында, яғни осьтік бағытта жылжуына мүмкіндік бермейді.



3.47-сурет. Қапталды соғуды өлшеу схемасы:

1 — тіреу; 2 — тексерілетін құрылымдық бірлік; 3 — индикаторлық аспап; 4 — негіз; 5 — орнату призмалары


Тексерілетін бұйымды призмаларға 5 орнатады, оны тіреуге 1 тығыздап қысып, базалық негіздің осінен тағы бір айналымға бірқалыпты бұрады. Қапталдық соғудың шамасы тексерілетін бұйымды толық айналымға айналдырғанда индикаторлық аспап 3 нұсқарының нөлдік қалыптан максималды ауытқуына тең болады. Индикатордың өлшеу ұштығы бұйымды бұру кезінде қапталдық бетпен сенімді түйісіп тұруы керек.

Беттер немесе осьтердің параллельділігінен ауытқуды өлшеу үшін негізінде индикаторлық құрылғылар қолданылады. 3.48-суретте құрылымдық бірліктің 4 А және Б беттерінің параллельділігінен ауытқуды өлшеу схемасы ұсынылған. Индикаторлық құрылғы оның негізі 1 А бетіне тығыз жанасып тұратындай, ал индикаторлық аспаптың 2 өлшеу ұштығы басқа Б бетіне тығыз түйісетіндей етіп орналасқан. Құрылғының негізін А беті бойынша жылжыта отырып (индикатор нұсқарын нөлдік қалыпқа орнатқаннан кейін) нұсқардың ең көп ауытқуы шамасы бойынша екі беттің параллельділігінен ауытқуды анықтайды.

Бөлшектердің жазық беттері немесе осьтері перпендикулярлығынан ауытқуды өлшеу. Бөлшектердің беттері немесе осьтері перпендикулярлығынан ауытқуды өлшеу үшін қатты эталондық бұрыштықтар немесе индикаторлық құрылғылар қолданылады. Бұрыштықты оның бір жағы базалық бетке тығыз қабысып тұратындай, ал бұрыштықтың екінші жағы перпендикуляр еместігі тексеріліп жатқан екінші бетке жанасып тұратындай етіп орнатады. Бұрыштықтың жағы мен құрастырылымдық бірліктің жазықтығының арасындағы бос аралықтың шамасы бойынша перпендикуляр еместіктің шамасын анықтайды. 3.49, а – сур. қатты эталондық бұрыштықтық 3 көмегімен құрастырылымдық бірліктің А және Б беттерінің перпендикулярлығынан ауытқуды өлшеу схемасы ұсынылған. Аспаптық платаға тексерілетін құрастырылымдық бірлік орнатылған.

3.48-сурет. А және Б беттерінің параллельді өлшеу схемасы:


1 — индикаторлық құрылғының негізі; 2 — индикаторлық аспап; 3 — өлшеу ұштығы; 4 — тексерілетін құрастырылымдық бірлік



Бұрыштықты 3 бір жағымен плитаға, екінші жағымен Б бетімен жанасуға алып келеді. Бұрыштықтың қабырғасы мен Б бетінің арасында пайда болған саңылауға енгізілетін қуыс бұрғының қалыңдығы және бұрыштық қабырғасының ұзындығы бойынша, тригонометриялық функциялардың бірін қолдана отырып, перпендикулярлықтан бұрыштық ауытқу анықталады.

Бөлшектердің беттері немесе осьтері перпендикулярлығынан ауытқуды өлшеу үшін индикаторлық аспаптарды пайдалануда өлшеудің әртүрлі схемалары болуы мүмкін (3.49, б-сурет). 3.49, в сур. өлшеу құралын қатты эталондық бұрыш 3 бойынша бастапқы қалыпқа баптаудың нұсқасы ұсынылған. Перпендикуляр еместіктің бұрыштық шамасын анықтау үшін өлшеу ұштығы мен қатты тіреу 7 арасындағы қашықтықты С, сонымен қатар, индикаторлық аспаптың 5 көрсеткіштерін білу керек. Алдын ала нөлдік қалыпқа бапталған құрылғыны Б бетіне оған тіреу тығыз жанасқанша тақау кезінде индикаторлық аспап белгілі бір шаманы көрсетеді, ол бойынша С қашықтығын ескере отырып, А және Б беттерінің арасындағы бұрышты табу қиынға соқпайды.

3.50-суретінде құрастырылымдық бірліктің 3 А бетінің және білік осінің 1 перпендикулярлығынан ауытқуды өлшеу схемасы ұсынылған. Индикаторлық құрылғы 2 білікке дәл цилиндрлік бетімен орнатылады және оны бір айналымға айналады. Өлшеу құрылғысын орнатып болғаннан кейін біліктің шығып тұрған ұшына индикатордың өлшеу ұштығын А бетіне тірелгенше жібереді, индикатордың нұсқарын нольге қояды және құрылғыны бір айналымға бірқалыпты бұрайды.




3.49-сурет. Жазық беттердің перпендикулярлықтан ауытқуын өлшеу: *а* — эталондық бұрыштық; *б* — индикаторлық құрылғы; *в* — индикаторлық аспапты нөлдік қалыпқа баптау; 1 — тексерілетін бұйым; 2 — қуыс бұрғы; 3 — эталондық бұрыштық; 4 — индикаторлық тіреу; 5 — индикаторлық аспап; 6 — плита; 7 — қатты тіреу

Индикатор нұсқарының максималды ауытқу шамасы мен индикаторлық құрылғының өлшемі бойынша, тригонометриялық функцияны пайдалана отырып,  $A$  жазықтығының перпендикуляр еместігінің бұрыштық шамасын анықтайды.


Осьтік, радиалды және бүйірлік саңылауларды өлшеу. Жинауда өлшенетін саңылаулар осьтік (жиналатын бұйым осінің бағытында), радиалды (жиналатын бұйым радиусының бағытында) және бүйірлік (кез келген бағытта, мысалы, жанамалап). Қуыс бұрғы саңылауларды өлшеуге арналған әмбебап құрал болып табылады. Стандартталған қуыс бұрғылар жиынтығы қалыңдығы әртүрлі қуыс бұрғылардан тұрады, саңылауларды  $0,01$  мм-ге дәлдікпен қолжетімділігі жақсы жерлерде өлшеуге болады. Қолжетімділігі қиын жерлерде саңылауларды өлшеу үшін арнайы қуыс бұрғыларды қолданады. Олар стандарттық қуыс бұрғылардан геометриялық пішінімен ерекшеленеді, ол саңылауды өлшеу мақсатында бұйымның ішіне ену үшін керек. Калибрлер түрінде арнайы өтпелі және өтуге болмайтын қуыс бұрғыларды жасайды. 3.51-сурет.  $A_1$ ,  $A_2$  осьтік саңылауларды иілген қуыс бұрғы-калибрмен 2 және  $B_1$ ,  $B_2$  радиалды саңылауларды пластиналы қуыс бұрғылар жиынтығымен 1 өлшеу схемасы ұсынылған.

Бұйымның саңылау өлшеуге арналған арнайы қуыс бұрғының өзімен ену мүмкін емес жерлерінде қорғасын сымдар қолданылады. Бұл әдістің мәні: диаметрі болжамды саңылаудан да көп қорғасын сымды жинау процесінде тиісті орындарға қояды. Сосын бұйымды құрастырады, құрастырым схемасының талаптарына сәйкес берілген күш сала отырып, барлық бекіту бөлшектерін бұрап бекітеді. Жорамалды саңылаудың жерінде жұмсақ қорғасын сымдар жалпаяды. Қосылысты бөлшектенгеннен кейін жалпайған жерлердегі сымның қалыңдығын өлшейді, ол қосылыстағы нақты саңылауға тең.



3.50-сурет. Жазық бет пен білік осінің перпендикулярлығын ауытқуды өлшеу схемасы:

1 — білік; 2 — индикаторлық құрылғы; 3 — тексерілетін құрастырылымдық бірлік



3.51-сурет. Қолжетімділігі қиын жерлерде саңылауларды қадағалау  
 1 — әмбебап қуыс бұрғы; 2 — арнайы қуыс бұрғы-калибр; А-ь Да, Б-і, Ба — тексерілетін саңылаулар

Сонымен қатар, саңылауларды өлшеу үшін индикаторлық құрылғылар немесе сыйымдылық, индуктивтік немесе оптикалық датчиктері бар құрылғылар қолданылады.

Жинау өлшемдік тізбектерді қолдана отырып, есептеу жолымен қосылыстағы саңылауды анықтауға болады. Ол үшін тізбек буындарының нақты өлшемдерін, яғни құрастырылатын бөлшектердің нақты өлшемдерін білу керек.

**Корпустық бөлшектерде базалық саңылаулардың өстілігін қадағалау.**

Машина соғуда роторлары бірнеше мойынтіректерге сүйенетін бұйымдар көп. Мұндай ұйымдардың ұзақ мерзімді жұмысы барлық осы мойынтіректер бір осьте орналасқандығын талап етеді. Бұл жағдайларда мойынтіректер асты отырғызу орындарының өстілігі немесе біліктердің өстілігі туралы айтады. Осындай бұйымдарды құрастыруда көп жағдайларда әртүрлі корпустық бөлшектерде орналасқан мойынтірек асты орындарды қадағалау және өстілігін қамтамасыз еткен жөн.


Алдын ала құрастыру кезеңінде, өлшенетін беттерге қолжетімділік бар кезде, әртүрлі әдістер мен құрылғыларды қолданады. Ең қарапайым әдістердің қатарына қатты калибрлерді, индикаторлық құрылғыларды, пневматикалық құрылғыларды қолдану және т.б. жатқызылады.



Егер құрастыру процесінде талап етілетін өстілік қамтамасыз етілмесе, бұйымды пайдалануда біліктің иілуі, мойынтірек бөлшектерінің біркелкі емес тозуы орын алады, жоғарылатылған діріл және бекіткіш бөлшектерге жүктеме пайда болады, яғни бұйымның ресурсы мен сенімділігі төмендейді.

Өстілікті **қатты калибрлермен** қадағалау барысында тек корпусық бөлшектер құрастырылады, ал сосын мойынтірекасты отырғызу орындарының саңылауларына қатты калибр орнатылады. Калибр қадағаланатын саңылаулардың диаметрлеріне қарай сатылы немесе жұмыр бола алады. Әртүрлі диаметрлі саңылауларды белгілі бір тіркестіруде сатылы калибр 4 (3.52, а-сурет) қолдануға болады, 1, 2, 3 бұйымның алдын ала жиналған корпусық бөлшектердің саңылауларына енгізіледі. Егер калибр мардымсыз күш салып, барлық саңылаулардан өте алса, бұл саңылаулар өстілік болып есептеледі.

Ішкі диаметрлері бірдей жоғары дәлдікті өтпелі төлкелер жиынтығымен тіркесе отырып, жұмыр калибрді қолдану өте әмбебап әдіс болып табылады. Корпусық бөлшектерді 1, 2, 3 алдын ала жинау кезеңінде 5, 6, 7 төлкелерді (3.52, б-сурет) мойынтіректердің орнына тиісті саңылауларға орнатады. Берілген күшпен бекіткіш құралдарды бұрап бекіткеннен кейін 1, 2, 3 бұйымның алдын ала жиналған тік тұрған корпусық бөлшектердің төлке саңылауларына жұмыр калибр енгізіледі. Егер машина майымен сәл майланған калибр аз ғана күш салуда барлық төлкелердің саңылауларынан өтсе, өстілік қанағаттанарлық болып есептеледі.



3.52-сурет. Өстілікті қатты калибрмен қадағалау схемасы:  
 а — сатылы калибрмен; б — жұмыр калибрмен; 1—3 — корпусық бөлшектер; 4 — калибр; 5—7 — өтпелі төлкелер




Теңестіруді бақылау әдісінің нақтылығы көбінесе калибр дәлдігі және өткел втулкамен анықталады, сонымен қатар саңылау көлемі калибрдің ұштастыру бетінің өткел втулкаларына және корпустық бөлшектердегі саңылауларда. Ірі габаритті бұйымдарда және қатты калибрлерде иілгіштік теңестіруін бақылауда бұл әдіс аз іске асады.

**Индикаторлы құралдардың** теңестіруін бақылауда, мысалға үш саңылау, құралды А және Б екі саңылауға негіздейді (3.53-сурет) 6 және 7 цилиндрлік беттері, үшінші саңылау С бетінен 2 өлшегіш ұшты байланысады, индикаторлы 3 құралымен тұтқыш жүйесімен байланысқан.


Индикаторлы құралды нөлдік күйіне орнатқаннан кейін индикаторлы құралды 4 сабы бойынша айналдырады. Индикаторлы құралдың көрсеткіштерін санайды 3 және С саңылауы белағашының теңестіру көлемін басқа А және Б екі тесігінің белағашына қатысты анықтайды. Өлшеулердің нәтижелері бойынша өтемдеуіштер өлшемдерін сұрытайды 5, бұл сәтте подшипниктерге арналған орналасу орындарының қажетті теңестірілуі қамтамасыз етіледі.

Бөлшектердің меншікті құбылысының жиілігін бақылау. Машина жасау бұйымдарының жұмысында пайда болатын кейбір бөлшектер резонанс құбылысы бұл бөлшектердің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Резонанс бөлшектердің ауытқу күшінің өзіндік тербелістері жиілігінің сәйкес келуінде пайда болады. Осындай сәйкестікті шығарып тастау үшін бұйымдарды пайдалануда ауытқу күшінің жиілігін және аса жауапты бөлшектердің өздік жиілігін білу қажет.



3.53-сурет. Индикаторлы құралмен беттік теңестіруді бақылау схемасы:

1 – құрал негізі; 2 – өлшеу ұшы; 3 – индикаторлы құрал; 4 – тұтқыш; 5 – компенсатор; 6, 7 – негізгі цилиндрлік беттер.




3.54 сур. Бөлшектердің өзіндік тербелісі жиілігін анықтау схемасы:

1 – дірілдеткіш; 2 – қоздыру шарғысы; 3 – дабыл генераторы; 4 – дабыл күшейткіш; 5 – тексеру бөлшегін бекітуге арналған құрал; 6 – тексеру бөлшегі; 7 – осциллограф; 8 – электронды күзеткіш; 9 – жиілік өлшегіш; 10 – сыйымдылықты бастапқы сигнал түрлендіргіші

Электромагнитті дірілдеткіштерді қолдану арқылы бөлшектердің жеке ауытқу жиілігін анықтау әдісі кең таралған. Тексерілетін бөлшек 6 (3.54-суретте) дірілдеткіштің қозғалғыш бөлігіне 1 арнайы қыстырғышпен 5 бекітіледі. Дірілдеткіштің қозу орауышына генератордан 3 күшейткіш арқылы дабыл береді 4. Генератор жиілігі өзгерген жағдайда, бөлшегімен қоса дірілдеткіш қозғалмалы бөлігінің ауытқу жиілігі өзгереді. Бөлшектің жеке ауытқу жиілігіне тең дірілдеу жиілігінде, бөлшек резонансы пайда болады, осыны бастапқы сыйымды түрлендіргіш белгілейді 10. Резонанс жиілігін жиілік өлшеуішімен санайды 9.

Айналу жатықтығы мен жеңілдігін бақылау. Тісті және бұрамдықты берілістерді құрастырудың техникалық талаптарында, байланыс тығыздағыштары, сырғанау және жылжымалы мойынтіректі орнынан жылжып кетпеуі үшін қозғалыс бөлігін тіркеу қажет, сүгілеу сәті деп аталатын сәтте, сонымен қатар тиісті бөліктерді бір айналыммен бұру кезіндегі жатықтық.

Белсендеткіштің кіріс белінің «жоңғыш сәтін» анықтау үшін жүкті тасымалдайтын тұтқыштан тұратын бақылаушы құралды қолдануға болады (3.55-сурет) 4. Тұтқышты белдікте бекітеді 2, редуктор корпусынан шығатын 1. Тұтқышты көлденең орнатады және белдік орталығынан бастап белдік бұрылысының басына дейін тұтқыш бойымен жүкті жылжытады.



3.55-сурет. Белдіктің «жону сәтін» бақылау схемасы:

1 – редуктор; 2 – белдік; 3 – тұтқыш; 4 – жүк


Жүктің салмағын білу және білікшенің «жоспарлау сәтінде» жүктеме болатын  $L$  қашықтығын білу үшін  $L$ -дің жүктемесінің ауырлық күшінің өнімі ретінде минутты есептеңіз.

Белдіктің «жону сәтін» сәтінде жүктің болатын аралығы мен жүк салмағын біліп  $L$ , жүктің иыққа әсер ететін ауырлық күшінің сәтін санайды  $L$ . Белдіктің әртүрлі орналасу бұрышымен бірнеше өлшемдер қайталайды, содан кейін «жону сәтінің» орташа мәнін табады.

Үдемелі қозғалысы жеңілдігін бақылау. Гидравликалық және пневматикалық жүйелерді құрастырғанда тек цилиндрмен піспектің ұштасу периметрі бойымен саңылаусыздығын ғана емес, сондай-ақ цилиндр ішінде піспектің қозғалысы кезінде жеңіл жылжуын қамтамасыз ету қажет. Піспекті ауыстыру жеңілдігін тексеру үшін екі әдіс кең қолданылады.

**Қысым арқылы сұйықтық көмегімен тексеру.** Бұл жағдайда цилиндрге 2 (3.56-сурет) қысыммен сұйықтық жібереді  $p$  және де қысымды манометрмен өлшейді 1. Піспектің орнынан ауысу  $P_0$ , жігерлігі 3 манометрмен піспектің белгілі аумағының сұйықтығын қысымын өлшеу нәтижесінен табады.

Технологиялық құжаттаманы дайындау	<p>Кесетін құрал қозғалысының траекториясымен ЕСК құру  Цехқа арналған операциялық технологияны құру.  Кесетін құралды жобалауға ТТ құру  Құрылғыларды жоспарлауға ТТ құру  Бақылау – өлшеу жабдықтарын жобалауға ТТ құру  Басқару бағдарламасын есептеуге техникалық тапсырма құру  Дайындаманы жеткізуге ТТ құру  Бөлшектерді жеткізуге ТТ құру</p>
Конструкторлық құжаттаманы дайындау	<p>Кесетін аспаптың жұмыс сызбаларын құру (шифр)  Құрылғының жұмыс сызбаларын құру  Бақылау-өлшеу жабдығының жұмыс сызбасын құру</p>
Аспаптың қозғалу траекториясын есептеу	<p>Есептеуге соңғы деректерді құру  Траекторияны есептеу (колмен немесе ЭСМ)  Есептеуді бақылау</p>
ББ жазу	<p>Басқарушы ақпаратты бақылау (аралық)  Координатографта ББ бақылау</p>
Бағдарламалық қамтамасыз етуді басқару арқылы өңдеу технологиясын енгізу	<p>Білгекте ББ бақылау  Құрылғыларды жетілдіру  Білгекті жөндеу. Сыналатын бөлшекті дайындау. Құралдың геометриясын және кесу параметрін түзету Жоңғарлардың пайда болу процесін сынау  ББ редакциялау  Бөлшектердің бақылау тобын дайындау  Негізгі және қосымша уақытты белгілеу  СББ білдегінен бөлшектердің өңделуін ауыстыру туралы акті құру</p>
Білдекті жөндеу және пайдалану	<p>СББ жаңа білдектерді іске қосу және ретке келтіру  ЖЕЖ білдектерін және басқару құрылғыларын қадағалау  Кесте бойынша жөндеу-реттеу жұмыстары</p>

Кезеңдер	Жұмыстардың мазмұны
	Кесте бойынша білдектердің дәлдігін бақылау Жарамсыз ББ қалпына келтіру СББ білектерін өңдеуге арналған деректерді жинау, есепке алу және

Ескерту. ЕТК — есептік-технологиялық карта; ТТ — технологиялық шарттар; ББ — басқару бағдарламасы; ЖЕЖ — жоспарлы-ескертпелі жөндеу.

Басқару бағдарламасының енгізу жүйелерінің негізгі деңгейлерін тұжырымдауға мүмкіндік береді (6.1-кесте):

- бөлшек сызбасын технологиялық анықтау және өндірісті дайындау;
- аспаптың қозғалу траекториясын есептеу;
- өңдеу бағдарламасын жазу;
- бағдарламаны ретке келтіру және СББ білдекте бөлшектерді өңдеу технологиясын енгізу;
- СББ білдектерін ретке келтіру және пайдалану.

Өндірістің нақты шартында функционалдық схеманы түзетуге болады.

## 6.2. СББ БІЛДЕКТЕРІНДЕ Орындалатын Операцияларға арналған технологиялық құжатаманы дайындау

СББ білдектерінде орындалатын операцияларға құжаттарды жобалау кезінде, «Технологиялық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Технологиялық процестерге және кесумен өңдеу операцияларына арналған үлгілер мен құжаттарды рәсімдеу қағидалары» 3.1404 МС сәйкес – 86 құжаттардың келесі түрлерін пайдаланады:

- технологиялық процесс картасы;
- операциялық карта;
- аспапты ретке келтіру картасы;
- ақпаратты кодтау картасы.

Өзірлеушінің қалауына бойынша келесі қосымша құжаттарды пайдалануға болады:

- ББ әзірлеуге тапсырыс картасы;
- өңделетін бөлшектердің тізімдемесі.

**Технологиялық процесс картасын** бірыңғай, стандартты және топтық технологиялық процестерді әзірлеу кезінде операциялық сипаттама үшін пайдаланады.

**Операциялық картаны** жеке-дара технологиялық операцияларды сипаттау үшін пайдаланады (үлгілік және топтық), оны технологиялық операцияны жобалау нәтижесі бойынша құрады. Бұл алғашқы құжатта операциялық эскизді келтіреді, операцияның барлық ауысуын, пайдаланатын білдекті, құрылғы мен аспаптың шифрын, аспаптың қозғалу траекториясының соңғы нүктелерінің координаттарын және өңдеу уақытын көрсетеді.

Операциялық карта талап етілетін материалдарды, жабдықты, жұмыс күшін анықтайтын, өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау мәселелерін шешетін негізгі құжат болып табылады.

ОК негізінде СББ білдектерінде және әдеттегі қолмен басқарылатын білдектерде бөлшектерді өңдеуді негізге ала отырып, оған жылу өңдеу мен жабудың арнайы операцияларын қосу арқылы соңғы технологиялық маршрутын қалыптастырылады. Маршруттың схемасын жобалау бойынша алдын ала жұмысты технологиялық процесті әзірлеудің бастапқы сатысында орындайды. Аяқталу кезеңінде, операцияларды жүргізу және ауысу шарты анықталған кезде, негізгі және бірлік уақыт есептеледі, және әр операцияның құрамы мен олардың маршруттағы оңтайлы жүйелілігі ақыр соңында реттеледі. Қажет болса, қолданыстағы технологияға түзетулер енгізуге, содан кейін қалған технологиялық құжаттарды рәсімдеуге болады.

СББ білдегі үшін ОК рәсімдеу мысалы 6.1-суретте көрсетілген.

**Құралды жөндеу картасы (ҚЖК)** операциялық сипаттаманы қамтитын құжатпен (ОК, маршрут картасы) бірге қосалқы және кескіш құралдың толық құрамын технологиялық дәйектілікпен көрсету үшін пайдаланады. Карта құралды машинадан тыс реттеу кезінде және оны таңдап алған жөндеуге сәйкес орнату кезінде қолданылады.

ҚЖК барлық жөндеу аспаптар ұшының координаттары мен оларды білдектен тыс жөндеу үшін құралдың көрсеткіштерін жазады. ҚЖК рәсімдеу мысалы 6.2-суретте көрсетілген.

**Ақпаратты кодтау картасын** ББ әзірлеу кезінде ақпаратты кодтау үшін қолданады.


**ББ әзірлеуге тапсырыс картасын** СББ білдектері үшін ББ әзірлеуге қажет соңғы деректерді көрсету үшін пайдаланады (6.3-сурет). ББ/ТК негізінде ЕТК әзірлейді, ол өз орнында

				ГОСТ 3.1404—86		Форма 2		
Дубль.								
Взам.								
Поис.								
Разраб.		10.12.99					2 1	
Норевр.		11.12.99	ИПТО	АВНГ XXXXXX.XXX	XXXXXX.XXXXXXXX	К XXXXX.XXXXXX		
Н. контр.		12.12.99	Плита			02	05 — 010	
				Наименование операции		Материал		
				Фрезерная		30ХГСА		
				Твердость	ВВ	МД	Профиль, разн. заготов.	
				кг	2,650	Лист 200 × 160 × 30		
				Оборудование, устройство ЧПУ		Облачиение программа		
				6Т 12 К-1; ИЗ2-1М		XXXXX.XXXXXX СОЗЖ		
				$r_{\text{вн}}$	$r_{\text{вн}}$	$r_{\text{вн}}$	$r_{\text{вн}}$	
				5,04	2,38	3,15	8,27	
				Элеумык				
P			ВН	Диам P	l	l	l	
O 021	1. Фрезеровать полки по всей длине, выдерживая размеры 1 и 2.						1,52	3,4
T 022	АВНГ XXXXX.XXX тиски;	АВНГ XXXXX.XXX шулка;	АВНГ XXXXX.XXX фрезь BK8					
023	АВНГ XXXXX.XXX шаблон; АВНГ XXXXX.XXX контрольное приспособление							
P 024			021	40	21			
029								
10								
OK								

1. 1 және 2 мөлшерді шыдай, табақтарды барық ұзындығы бойынша фрезерлеу; Операцияның аталуы Қаттылығы, Дайынд., көлемі, пішіні, Табақ, Жабдық, құрылғы СБББағдарламаны белгілеу

6.1-сурет. СББ білдегінде орындалатын технологиялық операцияға операциялық картаны рәсімдеу





6.3-сурет. СББ білдегіне басқару бағдарламасын әзірлеу үшін тапсырыс картасын рәсімдеу



маршруттық және операциялық технологияны жобалау деңгейлерінде қабылданған барлық шешім туралы толық ақпаратты қамтиды, оны тиісті жүйелілікте рәсімдейді.

**Өңделетін бөлшектердің тізімдемесін** СББ білдектерінде жабдықтың бір бірлігінің жүктелуін есептеуге қажет соңғы деректерді көрсету үшін пайдаланады.

**ББ енгізу акті** СББ білдегінде ББ бойынша дайындалған бір немесе бірнеше дайындаманың сынамалы өңдеуінің нәтижесі көрсетілген қорытынды құжат болып табылады. Актіде өңделген беттердің олардың дәлдігі мен кемшілігіне деген талаптарға, кесу режимінің онтайлығы, хронометраж көрсеткіштері келтіріледі.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

---

1. Назовите последовательность работ по освоению и промышленной эксплуатации станков с ЧПУ.
2. Какие виды документов следует использовать при проектировании операций на станках с ЧПУ?
3. В каких случаях необходимо использовать карту технологического процесса, операционную карту, карту наладки инструмента, карту кодирования информации, ведомость обрабатываемых деталей?

# КӘСІПОРЫН ЦЕХТАРЫНДА ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН

### 7.1.

## КӘСІПОРЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Машина жасау өндірісі кәсіпорындары, цехтары және учаскелері әкімшілігінің негізгі қызметтік міндеттері:

- технологиялық процестер мен операцияларды жүзеге асыру барысында жұмыс қауіпсіздігі талаптарын құру қажет;
- ауыр әрі адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін және қауіпті жұмыстарды механикаландыру және автоматтандыру бойыншы іс-шараларды уақтылы жүзеге асыруға;
- қызметкерлер мен қызметкерлер жұмыс істейтін үй-жайларда қалыпты температура мен ылғалдылық жағдайларын және таза ауаны қамтамасыз ету;
- жұмысшылар мен қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі әдістеріне үйрету;
- жұмысшыларды қажетті арнайы киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

Кәсіпорынның жалпы аумағында еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды директор мен бас инженер, цехтар мен учаскелерде – цех басшылары ұйымдастырады. Олар еңбекті қорғау бойынша шаралардың өтуіне, барлық жұмысшылар тарапынан қауіпсіздік техникасын және өндірістік санитария ережелерінің орындалуына жауап береді.

Сапалы нұсқаулықсыз және жұмысшыларға қауіпсіздік техникасы ережелерін үйретпей, апаттардың және қайғылы оқиғалардың алдын алу мүмкін емес. Қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті

нұсқаулықты өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмеуі тиіс. Сондықтан кәсіпорынның барлық жұмысшылары өтуі тиіс нұсқаулықтардың толық кешені бар.

Кәсіпорынға келген әр жаңа жұмысшы үшін кәсіпорындағы денсаулыққа зиянды және қауіпті жұмыстармен таныстыру мақсатында **кіріспе нұсқаулық** шаралары жүргізіледі. Нұсқаулықты кәсіпорынның қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері өткізеді.

**Жұмыс орнындағы нұсқаулық (алғашқы)** жұмысқа жаңа келген, немесе бір жұмыс орнынан екінші жұмыс орнына ауыстырылған әр жұмысшымен өткізіледі. Нұсқаулықты нақты жұмыс орнында шебер немесе учаске басшысы өткізеді. Аса қауіпті жағдайда жұмыс жасау барысында қауіпсіздік нұсқаулығы алғашқы 6-10 ауысымда күнделікті өткізіледі.

Жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері бойынша **мерзімді қайталау нұсқаулығы** аталған мамандық бойынша еңбек өтіліне және санатына қарамастан барлық жұмысшылармен тоқсанына бір рет өткізіледі.

**Кезектен тыс нұсқаулық** келесі жағдайларда өткізіледі:

- технологиялық процесс немесе жабдықтар ауысқан жағдайда;
- қайғылы оқиға кезінде;
- кәсіби аурулар кезінде;
- қауіпсіздік техникасы ережелері мен нұсқаулықтары өрескел бұзылған жағдайда.

Әрбір жүргізілген нұсқаулық нұсқаулықты өткізген қызметкер мен нұсқаушы тұлғаның тиісті қолхаты бар міндетті құжаттама негізінде рәсімделеді. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты өтпеген жұмысшылар жұмысқа жіберілмеуі тиіс.

Қайғылы оқиғалар қауіпсіздік техникасы өрескел бұзылған жұмыс орындарында орын алуы мүмкін. **Қайғылы оқиға** деп жұмысшыларға қауіпті өндірістік фактор әсерінен болатын жағдайды айтуға болады.

**Жарақат** деп кенеттен орын алған жазатайым оқиға салдарынан адам ағзасының сыртқы зақымдануы немесе оның дұрыс жұмыс істеу функциясының бұзылуын айтады. Өндірістік жарақаттар былайша бөлінеді:

- механикалық – соғылу, жаралану, сүйектердің сынуы, тіндердің үзілуі;
- термиялық – жылу тию, күйу, үсік шалу;
- электрлік – электр тоғының соғуынан пайда болған адам ағзасының зақымдануы;

- сәулелік;
- құрама.

*Кәсіби аурулар деп* адам ағзасында жұмыстың зиянды әсерінен пайда болған ауруды айтады.

Өндірісте орын алған барлық жазатайым оқиғалар 24 сағатың ішінде тексеріліп, міндетті түрде акті жасалуы тиіс. Болашақта кәсіпорында жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында оқиғаның салдары талданып, қатаң түрде есеп жүргізілуі қажет.

## 7.2. МЕТАЛЛ КЕСУ БІЛДЕКТЕРІНДЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Металл кесу білдектерінде жұмыс істеу кезінде алдын алу шараларының орындалмауынан немесе жеткіліксіздігінен орын алған зақымданудың себептері мыналар:

- Айналмалы біліктер, муфтаалар, шпиндельдер, шпалдар, тісті дөңгелектер, білдектің шығыңқы бөлшектері, білдектің айналмалы бөліктері аралығындағы саңылаулар, кинематикалық жүйенің құрастырма бірліктері мен кез келген жылжымалы және жылжымайтын бөліктері және басқа бөлшектер мен жетектен бастап кесу аймағына берілетін білдектер аралығындағы саңылаулар;
- айналмалы құралдар (бұрғылар, фрезалар, тегістеу шарық және т.с.с.), қайтымды ілгерілеме қозғалыс аспаптары (сүргілеу және қашауыш кескіштер, қол арасы және т.б.), құралдардың сынықтары және оларды орнатқан және түсірген кездегі орнатқыш-қысқыш құрылғылар;
- орнату, жою және кесу кезіндегі жылжымалы және жылжымайтын өңделген бұйымдар, сондай-ақ өңдеу мен тазалау кезіндегі жонғыш және басқа да қалдықтар.

Білдектегі жұмыс қауіпсіздігі жұмысшыларды ұшқан жоңқалардан болатын зақымданудан сенімді қорғайтын құрылғылар мен электр қозғалтқышынан (белдікті, тісті және т.б.) қатты металл қақпақшаларымен қозғалыс тетіктерін қоршау қамтамасыз етіледі. Патрондар мен планшайбалар сүмбінің кері айналуы кезінде өздігінен бұралып шығуға қарсы құлыптайтын құрылғылар мен құралдарға ие болуы тиіс.

Білдектердің табаны жерлендіруге арналған «Жер» белгісі бар арнайы бұрандалармен қамтылады. Егер білдектің электр жабдықтау

корпусы жерлендірілген табанмен сенімді металл жалғасы болмаса, оны дербес шинамен жерлендіреді. Электр сымдардың жылжымалы учаскелері ССЖ мен майдың енуіне қарсы тығыздықпен қамтылған икемді металл жеңдерде болуы қажет.

Металл кесетін білдектердегі жұмыс нақты көру жұмыстардың тобына жататын болғандықтан, білдектерде жарықтандыру жүйесі құрастырылған болуы тиіс (жалпы және жергілікті жарықтандыру).

Білдектер санитарлық нормаларға сәйкес, жұмыс аумақтарын жарықтандыру үшін жергілікті жарықтану шамдарымен қамтылуы қажет (өңдеу орындары, лимбтерді беру, білдекті реттеу кестелері). Білдектерді жергілікті жарықтандыру құрылғысы қауіпсіз болуы керек, сондықтан жергілікті жарықтандыру желісінің кернеуі 36 В аспауы керек, электр сымдарының шамға қосылуы жасырын болуы тиіс, сондықтан шамның құрылғысы сымдардың қайта бұралуын және қажауын және оларды өңдеу кезінде пайдаланатын сұйықтықтардың түсуін келтірмеу қажет (майлар, эмульсиялар және т.б.).

**Шапшаң жону** негізінде қатты құймадан жасалған табақшалармен жабдықталған кескіштерді кәсіби пайдалану (көп жағдайларда механикалық табақшаларды бекіту) білдек бөлшектері қозғалысының және өңделетін бұйымның жоғары айналуымен, өңделуші бұйымнан жоңқалардың көп көлемде ұшуымен сипатталады.

Білдекке тек ақаусыз кескішті ғана орнату қажет. Орнату алдында қатты қорытынды пластинаның бекіту сенімділігін (әсіресе, оны механикалық бекіту кезінде), кетігі, жарығы, торы және күйгені жоқ қатты қорытындыдан пластинаның тұтастығын тексеру қажет. Кесетін жиек жеткізілуі тиіс. Кескішті қатаң түрде білдектің орталық биіктігі бойынша орнату қажет. Егер кескіштер орталық осіне биік немесе төмен, бұйым осінен перпендикуляр немесе параллельді орнатылмаса, кесу бұрыштары қашау бұруыштарына сәйкес келмейді де, пластинаның үтілуіне және кескіштің сынуына әкеліп соғады. Кескішті орталық осьтері бойынша орналастыру үшін арнайы төсемдерді ғана пайдалану қажет. Барлық жағдайларда кескіштердің кескішұстағыштан минималды ұшуын қадағалау қажет. Сондай-ақ, жақсы сапада өңделген бетті алу үшін кескішұстағыштан кескіштің ұшуы кескішұстағыштың биіктігінен 1,5 аспау керек. Кескішті кескішұстағыштың екі бұрандамасымен нықтап бекіту қажет.

Өңделетін бұйымды ортада немесе патронда дұрыс бекіту қажет. Ортаңғы бөлшектерді дұрыс өңдеу үшін алдын ала өңделетін бөлшектерді орталықтандырудың дұрыстығын тексеру қажет. Айналмалы орталықтарды қолданған жағдайда, артқы қысқышты бағыттауыш тұғырға сенімді бекіту қажет. Жоғары жылдамдықта ұзын бөлшектерді қашау кезінде (осьтер, біліктер) роликтік люнеттерді пайдалану қажет. Жұдырықшалы патронда (артқы қысқышты орталықпен тіремей) тым қысқа салмақты бөліктерді ғана бекітеді (ұзындығы диаметрі 2 кем емес). Басқа жағдайда тіреу үшін артқы қысқышты пайдаланады. Бұл талаптарды сақтамау артқы қысқыштың қалдықтарына орталықтың жану себептеріне сәйкес өңдеу кезінде бөлшектің ұшып шығуына, т.б. әкеліп соқтыруы мүмкін.

Жеделдетіп жону кезінде жоңқамен зақымданудан қорғайтын құрылғылармен пайдаланады. Егер араластырылған жоңқаны беретін металдарды өңдесе (болат және т.б.), жоңқаларды қашау кезінде үгітетін немесе бұйралайтын алдыңғы кеңістікте жырашықты немесе қондырма шектерді пайдаланады. Ұсақ ұшып кететін жоңқаларды беретін нәзік металдарды өңдеу кезінде (қола, шойын және т.б.) және, болат жоңқаны ұсақтау кезінде, қашау кезінде қорғану құралдарын пайдаланады: жұмыс экрандарына тез орнатылатын мөлдір немесе арнайы жоңқа бұратын жеке қалқаншалар.

**Жедел фрезерлеу** процесін қауіпсіз жүргізу үшін фрезаны орнатқан кезде радиалды және тік қойылған соғуға тексеру өткізу қажет, алыстан соғу 0,03 мм аспау қажет, ал тігінен өңдеу сипатына байланысты (қаралтым немесе таза) – 0,04...0,08 мм кем емес болуы тиіс.

Құрылғыдағы фрезерленетін бөлшек бекітілген тіректердегі кесу күштерінің бағытымен қауіпсіз бекітілуі керек. Бөлшек, өңделетін бетіне мүмкіндігінше жақын орнатылуы тиіс. Бөліктерді қысым тақтайшаларымен бекітіп болған кезде, бөлікті тек қана арнайы жобаланған төсеу арқылы орналастыру керек. Беттері өңделмеген бөлшектерді (әсіресе құйылған және мөрленген еңістері бар) ойылған еріншесі бар құрылғылар мен қысқыштар арқылы бекіту қажет.

Бөлшектерді бекіту үшін пневматикалық, гидравликалық және электрмагниттік құрылғыларды пайдалану үшін механикалық бұзылудан ауа мен сұйықтықты беру тұтқаларын және электр сымдарды қорғау қажет. Пневматикалық немесе гидравликалық желіде немесе токпен қоректенуде күтпеген үзілісте қысым түскен жағдайда, бұйым шешіледі де, білдек тиісті автобұғаттауышпен қамтамасыз етілмесе, өңделетін бөлшек құрылғыдан ұшып шығады.

Қазіргі заманғы конструкциялардың пневматикалық, гидравликалық, электромагниттік қысқыш құрылғыларын пайдалану қауіпсіздігі тиісті автобұғаттауыштарды немесе шектеулерді енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Жеделдетіп фрезерлеу кезінде ұшып жатқан жоңқалардан қорғайтын және оны жұмыс орны бойынша шашырауды ескертетін құрал пайдалану қажет. Жоңқаның ұшу және шашылу бағытына байланысты, жеке қорғану құралдарымен пайдалану қажет (көзілдіріктер, жеке қалқаншалар), жоңқалардың шашылуына кедергі жасайтын мөлдір экрандар немесе жоңқаны жинап, жоңқажинағышқа жіберетін, арнайы жоңқа бұрушыға ие болуы керек.

*Тегістеу білдектерінде* жұмыс жасау кезінде тегістеу, шеңберінің дұрыс орналасуы мен бекітілуіне, кесу тәртібінің таңдалуы мен жұмыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуына ерекше назар аудару қажет.

Тегістеу шеңберінің қызмет ұзақтығы оның біркелкілігіне байланысты, сондықтан дәл және тыныш жұмыс жасау үшін тегістеу шеңберін теңдестіруден өткізу қажет (теңгеру). Тегістеу шеңберлерінің теңгерімсіздігінің себептері материалдың біркелкі емес тығыздығы, саңылаудың шеңбердің үстіңгі бетіне қатысты эксцентрлі орналасуы және шеңбердің шпиндель немесе фланцтарда эксцентрлі орналасуы. Теңгерілген тегістеу шеңбері деп салмақ орталығы айналу осінің геометриялық орталығымен сәйкес келетін шеңберді айтуға болады.

Тегістеу шеңберлері бір-бірінен жақтауларды орнатуға арналған бағандардың сипаттамасымен ерекшеленетін арнайы қондырғыларға теңгеріледі. Призмалар, дискілер, цилиндрлік білікшелер, т.б. тірек бола алады.

Міндетті теңгерілімге диаметрі 1 090 мм және одан жоғары барлық тегістеу шеңберлері жатады. Диаметрі 150 мм және одан жоғары, кесу жылдамдығы 10 м/м артық емес жұмыстарына арналған тегістеу шеңберлері, сыртқы тексерістен және тықылдатудан басқа, арнайы сынақ стендтерінде немесе арнайы білдектерде, айналу жиілігі шеңбер таңбалауында көрсетілген 50% асатын жиілікте сыналуы тиіс. Сынақ жылдамдығы кезіндегі шеңбердің айналу ұзақтығы сыртқы диаметрі 475 мм дейін арналған тегістеу шеңберлері үшін – 5 мин, 500 мм және одан артық – 7 мин құру қажет.

Сынақ стенді тестілеу үшін талап етілетін тиісті шеңберге біртіндеп және байсалды жылдамдықты арттыру керек. Сонымен қатар, шеңбердің айналу жиілігін бақылау үшін стационарлық тахометрмен жабдықталуы керек.

Сынақтан өткен шеңберлерді, ерекше үлгіде арнайы кітапқа жазады да, шеңбердің өзінде тиісті таңба жасайды (баяумен немесе арнайы таңбашамен) – сынақ кітабы бойынша шеңбердің реттік нөмерін және сынаққа жауапты тұлға мен сынақ күнін көрсетеді.

Орнату кезіндегі шеңберлерді бекіту тәсілдері шеңберді шпиндельде бекіту сенімділігін қамтамасыз етуі қажет; шеңбердің ішінде ішкі кернеулер пайда болмауы керек, ол үшін фланец пен шеңбер арасында екі жақтан қалыңдығы шеңбер диаметріне байланысты 0,5 мм бастап 3 мм дейін, икемді материалдардан төсем қояды (тығыз қағаз, картон, резеңке және т.б.). Төсемдер фланецтердің барлық қысқыш бетін жабуы және бүкіл шеңбер бойымен сыртқа шығуы керек.

Фланецтердің, төсемдердің және тегістеу шеңберлерінің байланыс беттерін толығымен тазалануы қажет, ал фланецтің қысу беті шеңбердің диаметрінен кем дегенде 1/16 құрауға тиіс. Шеңбердегі саңылау шпиндель диаметрінен 0,2 ...0,4 мм үлкен болуы керек.

Тегістеу шеңберлері жұмыс кезінде болаттан немесе құйылған шойыннан жасалған және білдектерге тығыз бекітілетін қорғаныс қаптамаларымен қоршанылуы тиіс. Шеңбердің айналу жиілігі үлкен болған жағдайда, қаптама іргелерінің қалыңдығы есеп бойынша көбейеді. Шеңбер мен қорғаныс қаптамасының цилиндрлік бетінің арасындағы саңылау 20 мм бастап 30 мм дейін болуы қажет, ал шеңбер мен қаптаманың бүйір іргесі 10.15 мм. Қорғаныс қаптамасының ашылу 60 бастап 180° дейін теңселуі мүмкін.

Жалпақ тегістегіш білдектерінің үстелдері мен магниттік тақталары бөлшектердің ұшу жағдайында қоршаулы болуы тиіс.

### **7.3. МЕХАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАУ ЦЕХТАРЫНДАҒЫ ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ**

---

Машина жасау өндірісінің соңғы үлгідегі технологиялық жабдығы электр қозғалтқыштармен және басқа да электр техникалық құрылғыларға толы. Цехтарда қол электр аспаптарын пайдаланады



Бұдан бөлек, электр энергиясын жарықтандыру, дәнекерлеу, дайындау пештерін қыздыру және т.б. жағдайларға пайдаланады. Бұл жабдықтарды дұрыс пайдаланбаған немесе белгіленген ережелерді сақтамаған жағдайда, электр тоғы адам денсаулығына қауіп тудырады.

Электр тоғының адам ағзасына әсері жан-жақты сипатқа ие. Адам денесі арқылы өткен электр тоғы оның түрлі органдарына термиялық, электрлитикалық және биологиялық әсерін тигізеді. Онымен қатар, жүрек, ми, өкпе қызметі бұзылуы мүмкін. Электр тоғының әсерінен болған жарақаттардың ауырлық дәрежесіне қарай былайша жіктеуге болады:

- I – ес-түстен айырылмай, бұлшық еттердің тырысып, жиырылуы;
- II – ес-түстен айырылу, бұлшық еттердің тырысып, жиырылуы, бірақ демалу мен жүректің қалыпты жұмыс жасауы;
- III – естен тану және жүрек қызметі мен демалудың бұзылуы;
- IV — демалу мен қанайналысының тоқтауымен сипатталатын клиникалық өлім.

**Клиникалық өлім** – жүрек пен өкпе қызметінің жұмысы тоқтаған сәттен басталатын өмір мен өлім арасындағы өтпелі кезең. Клиникалық өлім кезінде адамның ешқандай өмір сүру белгілері болмайды, адам демалмайды, жүрегі жұмысын тоқтатады, көзінің қарашықтары үлкейіп, жарықты елемейді, ауыруға тітіркену реакциялары туындамайды. Сонымен қатар, осы кезеңде адам ағзасындағы өмір толығымен жойылмайды. Адам жарақаттанудың түрі мен ауырлығына және адам организмінің жеке ерекшеліктеріне байланысты клиникалық өлім жағдайында 4-тен 10 минутқа дейін болуы мүмкін.

Электр тоғының соғуынан зақымданушы адамға алғашқы көмек жедел және ұқыпты көрсетілуі тиіс. Сондықтан әр жұмыс істейтін ауысымда алғашқы көмек көрсетуге үйренген арнайы адамдар болуы тиіс.

Электр тоғынан зақымданушы адамды тоқ өткізуші сымдардан жедел түрде ажырату қажет. Бірақ зақымданушы электр кернеуінің болуы мүмкін екенін және оған сақтық шараларысыз жақындау қауіпті болуы мүмкін екенін есте сақтау қажет.

Егер зақымданушы сымдарды дірілдене қысылған саусақтарында ұстап жатса, біріншіден, мысалы, ажыратқышпен не қосқыш түймешегімен электр қондырғыны тоқтан ажырату қажет. Зақымданушыны құрғақ киімінен немесе құрғақ ажыратқыш құралдар арқылы тарту қажет.

Зардап шегушіні электр сымдарынан ажыратқан соң, оған сауатты алғашқы медициналық көмек көрсету қажет. Таза ауаның түсуін, толық тыныштық пен дәрігердің келуін қамтамасыз ету қажет. Зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету ережелерін кәсіпорында жұмыс істейтін әр қызметкер білуі қажет, ол үшін жүйелі дайындық түрінде оқулар мен дайындықтар жүргізіледі.

Электр аспаптармен жұмыс жасауға тек қана арнайы оқу мен аттестацияны өткен қызметкерлер ғана жіберіледі. Жанар-жағармай булары бар жайларда және химиялық белсенді ортада, сондай-ақ жаңбыр немесе қар кезінде ашық алаңдарда электр құралдарымен жұмыс жасауға тыйым салынады. Электр құралды тиісті нұсқаулыққа сәйкес және оның конструкцияларында қарастырылған клемдер мен сымдар арқылы жерге тұйықтау қажет.

Электр аспаптармен жұмыс бастар алдында оның түзулігін тексеріп, электр сымдардың изоляциясы мен аспаптың басқа бөлшектерінің зақымдалмағанына көз жеткізу қажет. Жұмыс кезінде тоқ өткізуші сымдардың жабдықтың ыстық бөлшектерімен, жанармай материалдарымен, сулы немесе майлы беттерімен жанасуын алып тастау керек. Кері жағдайда, тоқ өткізетін сымдарда изоляциялық материалдардың бұзылуы мүмкін, ол қысқа тұйықталуға, немесе, жұмыс істеушіні электр тоғыммен зақымдалуына әкеледі. Егер электр аспаптың (не білдектің) шпинделі белгісіз себептерден, айналмай қалса, аспапты (не білдекті) электр желіден ажырату қажет.

Электр аспапты жөндеу (әр қиындықтағы) кәсіпорынның арнайы құрылымдарында жоғары санатты жұмысшылармен өткізілуі қажет.

## **7.4. ПНЕВМАТИКАЛЫҚ АСПАПТАРМЕН ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРІЛГЕН БІЛДЕКТЕРДЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ**

*Пневматикалық аспап* қысылған ауа энергиясымен қозғалысқа (айналымға) әкелетін қозғалтқышты пайданбауымен ерекшеленеді. Ондай аспапты цехтың қысылған ауа жүйесіне ауа құбыршегі арқылы қыстырылады. Құбыршекті қысылған ауа жүйесіне қосу кезіндегі пневматикалық аспапқа ауа жолын ашатын шүмек жабық

болуы тиіс. Құбыршекті жүйеден ажырату алдында, ауа шүмегін жауып, құбыршектен қысылған ауаны шығару қажет, мысалы, пневматикалық аспапқа кіреберісте шүмек жабық болған жағдайда, аспапты қысқа уақытқа қосу арқылы. Пневматикалық аспапты осы бағыттың мамандары бөлшектеу және жөндеу қажет.

Белгілі болғандай, роторларды теңдестіру үшін монтаждық цехтарда *теңдестірілген білдектер* қолданылады. Ротор теңдестіру кезінде теңдестірілген айналымдарында электр жетегінен бұрылады. Білдек тіректері жылжымалы, ал роторды технологиялық құрылғылармен бекітеді. Теңдестіруге арналған білдектерде жұмыс істеу кезінде барлық электр қауіпсіздігі ережелерін сақтау керек. Сонымен қатар, жылдам айналатын ротордың қаупі жоғары. Сол себепті, теңдестіру білдектері роторды іске қосудан бұрын жабылатын қорғаныш қақпақшалармен жабдықталуы керек және ол толық тоқтағаннан кейін ғана ашылуы керек. Айналмалы роторды қолмен тоқтатуға қатаң тыйым салынады

Есіңізде болсын, теңгерімсіз ротордың айналуы кезінде күштер мен сәттер пайда болады, бұл ротордың бекіту нүктелерінен үзілуі соншалықты үлкен болуы мүмкін. Сондықтан 1-ден 3-ке дейінгі сынақтардан кейін ротордың бекітілу сенімділігін қайта тексеру қажет.

Ауыр роторларды теңдестіру кезінде жүк көтеру механизмдері қолданылады. Сондықтан осы механизмдерді пайдалану ережелерін қатаң сақтау керек.

Кейбір жағдайларда массаны түзету үшін, яғни, металл қабатын алып тастау үшін қолмен қыратын құралды қолданады. Сонымен қатар абразивтік құралмен жұмыс істеу кезінде, қауіпсіздік шараларын сақтау қажет. Құрал қорғаныш қақпақтарымен жабдықталуы керек, ал жұмысшының көздері арнайы көзілдіріктерімен қорғалуы керек.

## 7.5. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ

Өрт қауіпсіздігі өрттің пайда болуын толығымен жойылып кететін өндірістік жағдайды (шеберхана, алаң) қамтамасыз етеді, ал оның пайда болу жағдайында, адамдарға әсер тиюі келтірілмейді және материалдық құндылықтар қорғалады.

Өндірісте өрт әртүрлі себептерден пайда бола алады:

- жанармай материалдарына түскен кездейсоқ шоқтан;
- тоқ өткізетін сымдардың қысқа тұйықталуынан;
- қалдықтар мен жанармай материалдарының дұрыс сақталмауына байланысты өздігінен жану себебінен;
- өрт қауіпсіздігі ережелерінің өрескел бұзылуынан.

Өртті ескерту үшін, өрт қауіпсіздігінің ережелерін қатаң сақтау қажет. Машина жасау өндірісі барлық аумақ бойынша өрт қауіпі бар:

- механикалық цехтарда магний жоңқалары мен шаңның тұтануы мүмкін;
- жинақтау цехтарында бөлшектерді жуу учаскелерінде жанармай жуу сұйықтықтары бар;
- сынақ цехтарында жанармай мен басқа да ыстық-майлау сұйықтықтары бар;
- сүртілетін майланған материалдардың жиналуы кез келген жайда өздігінен тұтануға әкеледі.

Сол себептен, шылым шегу тек қана арнайы ортанытлған жерлерде ғана мүмкін.

Әдетте, өндірістік цехтар жанбайтын ғимараттарда орналасады. Цехтардың жоспары адамдарды эвакуациялық шыға беріс арқылы қауіпсіз эвакуациялауды қарастыруы тиіс, олардың саны кемінде 2 болуы тиіс. Сатылардың салмақ түсетін элементтері және олардың ені өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуі қажет.

Цехтарда тиісті құрал-саймандар және өрт пайда болған жағдайда өз міндеттерін білетін және жүйелі түрде оқулар мен дайындықтарға қатысатын цех қызметкерлерінен құралған өрт сөндіру жасағы болуы қажет.

Цехтарда ашық қыздыру құралдарымен және түзетілмеген электр аспаптарымен пайдалануға рұқсат берілмейді. Тұтанатын сұйықтықтарды, оларды болат бөлшектермен жанасу кезінде тұтанудан сақтайтын, жұмсақ материалдан жасалған ыдыстарда сақтау қажет.

Статикалық электр өзіне үлкен қауіпті жасырады, себебі оның разряды үлкен шоқ тудырады, ол өртке әкелуі мүмкін. Сондықтан барлық жабдықты, онда барлық статикалық электрдің зарядтары жиналмау мақсатында, жерлендіреді. Майлықтар мен арнайы киімді бензинге жууға рұқсат берілмейді, себебі статикалық электрден түскен кездейсоқ шоқ өртке әкеліп соғуы мүмкін.

Майланған сүлгілер мен басқа да пайдаланған шүберектерді арнайы металл ыдысқа жнап, күнделікті жұмыс ауысымынан соң шығару қажет. Кері жағдайда, бұл материалдар өздігінен тұтануға қабілеті бар.

Қәсіпорынның кез келген қызметкері өрт сөндіру дабылының орналасу жерін және өрт сөндіруге қажетті көмекші құралдарды пайдалана білуі қажет. Тұтануды көрген сәттен бастап, өрт сөндіру бөліміне жедел түрде хабар етіп, қолда бар өрт сөндіру құралдарымен өртті жою бойынша шараларды қабылдау қажет.

## 7.6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қазіргі кезде, халықаралық қоғам қоршаған ортаны қорғау үшін көптеген шаралар қолданып отыр, ол үшін бұл бағытта халықаралық сериялар стандартын құрып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстарды өткізу үшін максималды тиімділікпен:

- әрекеттегі қәсіпорынның қоршаған ортаға әкелетін зиянын анықтау;
- қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендету мақсатында барлық өндірісті жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу;
- жаңа технологиялық әзірлемелердің экологиялық сараптамасын өткізу қажет.

Машина жасау қәсіпорындарында қоршаған ортаны қорғау бойынша келесі іс-шараларды өткізеді:

- атомсфераға төгілетін газдарды тазалау;
- шумен күрес;
- өндірістік ағын суларды тазалау;
- электромагнит өрісінен қорғау.

Онымен қоймай, әр іс-шара бойынша орындалып отырған жұмыстарды бақылау үшін өлшеу жүйелерін орнаады.

Қоршаған ортаны қорғауда ерекше назар авиақұрылыс қәсіпорындарына қойылады. Мұнай өнімдерінде жұмыс істейтін авиациялық қозғалтқыштардың сынағы, игерілген газдармен қоршаған ортаға көптеген уытты компоненттердің келіп түсуіне әкеледі.

Қоршаған ортаға зиянды ықпалдар әсерінің деңгейін төмендетудің үш бағыты белгілі:

1. Өрекеттегі өндірісті игерілген технологиясын сақтай отыра, тазалау құрылғыларымен жабдықтау.

2. Қоршаған ортаға зиянды ықпалды төмендету мақсатында қолданыстағы технологиялық процестерді жетілдіру.

3. Қоршаған ортаға зиянды ықпал етпейтін жаңа технологиялық процестерді әзірлеу.

Алайда жұмыс істеп тұрған кәсіпорында қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешудің басты бағыты осы нысандарды атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын азайтатын қосымша құрылыстар мен құрылғылармен жабдықтау болып табылады. Онымен қатар, сүзгілеу және басқа тазалау әдістері пайдаланылады.

Сүзгілеу газды немесе сұйықтық өтетін сұйықтықтың немесе газ сүзгісінің ағымында болатын зиянды компоненттерді жоятын сүзгі материалы арқылы тазаланады. Сүзгі материалы ретінде нанотехнология бойынша жасалған түрлі торлар, маталар, талшықты материалдар, керамика және мембраналар қолданылады.

Тазалаудың механикаландырылған түрінен басқа, химиялық реакцияларға негізделген, химиялық тәсілдерді және, зиянды заттардың қышқылдануына негізделген термикалық тәсілдерді пайдаланады, мысалы жағу, жағып бітіру немесе буландыру.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

---

1. Кәсіпорынға жаңадан келген қызметкер нұсқаулықтардың қандай түрлерінен өтеді?
2. Тегістеу білдегінде жұмыс істеген кезде қандай қауіптер бар?
3. Токарлық білдектердегі жұмыс немен қауіпті?
4. Электрқауіпсіздік деп нені түсінуге болады?
5. Өндірістік жайда тұтану пайда болғандағы сіздің әрекеттеріңіз қандай болады?
6. Өндірістегі қайғылы оқиға қандай құжаттармен рәсімделеді?

## 1 қосымша. СЫРТҚЫ ДӨНГЕЛЕК ТЕГІСТЕУГЕ АРНАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ДӘНЕ ШЕКТЕР

Диаметрлер интервалы, мм	1- нұсқа	2- нұсқа		3-нұсқа		Шектер, мм	
	Жылулық өңдеуден кейінгі соңғы тегістеу	Жылумен өңдеуден кейін ажарлау		Жылулық өңдеуге дейінгі қаралтым тегістеу	Жылулық өңдеуден кейінгі таза тегістеу	Жылулық өңдеусіз тегістеуге таза кашау	Жылулық өңдеуден кейінгі таза тегістеу
		қаралтым	таза				
Диаметрге рұқсатнама, мм							
3 тен 6-ға дейін	0,2	0,15	0,05	-	-	-0,08	-0,025
6-дан жоғары 10-ға дейін	0,3	0,2	0,1	0,2	0,3	-0,10	-0,03
10-нан жоғары 18-ге дейін	0,3	0,2	0,1	0,2	0,3	-0,12	-0,035
18-ден жоғары 30-ға дейін	0,3	0,2	0,1	0,3	0,4	-0,14	-0,045
30-дан жоғары 50-ге дейін	0,4	0,3	0,1	0,3	0,4	-0,17	-0,05
50-ден жоғары 80-ге дейін	0,5	0,3	0,2	0,3	0,5	-0,20	-0,06
80-нен жоғары 120-ға дейін	0,5	0,3	0,2	0,3	0,5	-0,23	-0,07
120-дан жоғары 180-ге дейін	0,8	0,5	0,3	0,5	0,8	-0,26	-0,08
180-нен жоғары 260-қа дейін	0,8	0,5	0,3	0,5	0,8	-0,30	-0,09
260-тан жоғары 360-қа дейін	0,8	0,5	0,3	0,5	0,8	-0,34	-0,10

## 2 қосымша. ЖІҢШКЕ ҚАШАУ ТӘРТІБІ

Өңделетін материал	Алмаздан кесу құралы			Қатты құймадан кесу құралы		
	Кесу жылдамдығы,	Бойлық беріс, мм/айн	Кесу тереңдігі,	Кесу жылдамдығы,	Бойлық беріс, мм/айн	Кесу тереңдігі, мм
Силумин	350...500	0,02.0,08	0,06.0,30	200.400	0,02.0,08	0,05.0,45
Баббит	380...600	0,02.0,03	0,18.0,25	250.600	0,02.0,10	0,05.0,35
Қола	330.500	0,02.0,05	0,10.0,25	250.500	0,02.0,10	0,05.0,25
Сұр шойын	—	—	—	100.200	0,03.0,18	0,10.0,35
Көміртекті болат				150.300	0,03.0,14	0,10.0,35

## 3 қосымша. БҰРҒЫЛАУМЕН АЛЫНАТЫН САҢЫЛАУЛАР ДӘЛДІГІ

Диаметрлер арасалмағы, мм	Кондукторсыз бұрғылау	Кондуктор бойынша бұрғылау
	Саңылау диаметріне шектер, мм	
3 бастап 6 дейін	+0,16	+0,08
Бр. 6 бастап 10	+0,20	+0,10
Бр. 10 бастап 18	+0,24	+ 0,12
Бр. 18 бастап 30	+ 0,28	+0,14
Бр. 30 бастап 50	+0,34	+0,17
Бр. 50 бастап 80	+0,40	—



## 4 қосымша. ҚАШАУҒА АРНАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІПТЕР ЖӘНЕ ШЕКТЕР

Диаметрлер интервалы, мм	Қашау	Таза қашау	Таза қашау	Таза қашау
	Диаметрге әдіп, мм		Диаметрге әдіп, мм	
3 бастап 6	-	-	-	-
Бр. 6 бастап 10 дейін	-	-	+0,10	-
Бр. 10 бастап 18 дейін	0,8	0,5	+0,12	+0,070
Бр. 18 бастап 30 дейін	1,2	0,8	+0,14	+0,084
Бр. 30 бастап 50 дейін	1,5	1,0	+0,17	+0,10
Бр. 50 бастап 80 дейін	2,0	1,0	+0,20	+0,12
Бр. 80 бастап 120	2,0	1,3	+0,20	+0,14
Бр. 120 бастап 180	2,0	1,5	+0,26	+0,16

## 5 қосымша. ІШКІ ТЕГІСТЕУГЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІПТЕР ЖІНЕ ШЕКТЕР

Диаметрлер интервалы, мм	1 нұсқа	2 нұсқа		3 нұсқа		Жылулық өңдеуге дейінгі қаралтым тегістеу
	Софит тегістеу	Жылулық өңдеуден кейінгі тегістеу		Жылулық өңдеудің алдында қаралтым тегістеу	Жылулық өңдеуден кейінгі тегістеу	
		қаралтым	қаралтым			
Диаметрге әдіп, мм						Шектер
3 бастап 6 лейін	0,2	—	0,1	0,2	—	—
Бр. 6 бастап 10	0,3	0,2	0,1	0,2	0,3	0,035
Бр. 10 бастап 18	0,3	0,2	0,1	0,3	0,3	0,045
Бр. 18 бастап 30	0,3	0,2	0,1	0,3	0,4	0,05
Бр. 30 бастап 50	0,4	0,3	0,1	0,3	0,4	0,06
Бр. 50 бастап 80	0,5	0,3	0,2	0,3	0,5	0,07
Бр. 80 бастап 120	0,5	0,3	0,2	0,3	0,5	0,08

## 6 қосымша. ҮҢГІЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ШЕКТЕР

Диаметрлер арасалмағы, мм	Үңгілеуге әдіп, мм	Саңылау диаметріне шек, мм
Бр. 10 бастап 18	0,8	+0,12
Бр. 18 бастап 30	1,2	+0,14
Бр. 30 бастап 50	1,5	+0,17

## 7 қосымша. КҮШЕЙТУГЕ АРНАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ШЕКТЕР

Диаметрлер аралықтары, мм	Диаметрге жіберілетін әдіп, мм			Диаметрге шек, мм
	Шектер	Қаралтым шектеу	Таза шектеу	Қаралтым шектеу
3 бастап 6	-	0,15	0,05	+ 0,025
Бр. 6 бастап 10	0,2	0,2	0,1	+0,030
Бр. 10 бастап 18	0,2	0,2	0,1	+0,035
Бр. 18 бастап 30	0,3	0,2	0,1	+0,045

## 8 қосымша. ЖІҢІШКЕ ҚАШАУҒА ҰСЫНЫЛҒАН ӘДІСТЕР

Өндеудің соңғы диаметрі, мм	Жіңішке қашау кезіндегі диаметрге әдіп, мм								Алдыңғы операциядағы өңдеу дәлдігі (шек), мм	
	алюмин ий		баббит		Қола және шойын		болат			
	алғашқы	соңғы	алғашқы	соңғы	алғашқы	соңғы	алғашқы	соңғы	Жіңішкелеп жону алдындағы дайындап жону	Аяқтау алдындағы алдын ала таза жону
30 дейін	0,2	0,1	0,3	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1	+0,084	+0,04
Бр. 30 бастап 50	0,3	0,1	0,4	0,1	0,3	0,1	0,2	0,1	+0,10	+ 0,05
Бр. 50 бастап 80	0,4	0,1	0,5	0,1	0,3	0,1	0,2	0,1	+0,12	+0,06
Бр.80 бастап 120	0,4	0,1	0,5	0,1	0,3	0,1	0,3	0,1	+0,14	+0,07
Бр.120 бастап180	0,5	0,1	0,6	0,1	0,4	0,1	0,3	0,1	+0,15	+0,08

## 9-қосымша. КЕҢІСТІКТЕРДІ ФРЕЗЕРЛЕУ АРНАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Толщина заготовки, мм	Дөрөкіден кейінгі қаралтым фрезерлеу						Қаралтымнан кейінгі таза фрезерлеу											
	Фрезерлеудің ені 200 мм-ге дейін		Фрезерлеудің ені 200 бастап 400 мм-ге дейін бр.		Фрезерлеудің ені 200 мм-ге дейін		Фрезерлеудің ені 200 бастап 400 мм-ге дейін бр.		Фрезерлеудің ені 200 бастап 400 мм-ге дейін бр.		Фрезерлеудің ені 200 бастап 400 мм-ге дейін бр.							
	Өдіп , мм, фрезерлеу ұзындығы кезінде қалыңдыққа,мм																	
	100 ге дейін		бр. 100 бастап 250		бр. 250 бастап 400 дейін		100 ге дейін		бр. 100 бастап 250 дейін		бр. 250 бастап 400 дейін		100 ге дейін		бр. 100 бастап 250 дейін		бр. 250 бастап 400 дейін	
бр. 6 бастап 30	1,0	1,2	1,5	1,2	1,5	1,7	1,7	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0			
бр. 30 бастап 50	1,0	1,5	1,7	1,5	1,5	2,0	1,0	1,0	1,2	1,0	1,2	1,2	1,0	1,2	1,2			
бр. 50	1,5	1,7	2,0	1,7	2,0	2,5	1,0	1,3	1,5	1,3	1,5	1,5	1,3	1,5	1,5			

## 10-қосымша. КЕҢІСТІКТЕРДІ ТЕГІСТЕУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІПТЕР

Дайын дау қалыңдығы, мм	Дөңгелек шеттігін тегістеу						Дөңгелектің қапталын тегістеу																	
	Соңғы тегістеу						Жылулық өңдеуден кейінгі тегістеу																	
							қараптым						таза											
	Ені 200 мм дейін		Ені бр. 200 бастап 400 мм дейін				200 мм дейін ені			Ені бр. 200 бастап 400 мм дейін			200 мм дейін ені			Ені бр. 200 до 400 мм дейін								
Әдіп, мм, тегістеу ұзындығының қазіндегі тегістеу, мм																								
	100-ге дейін		бр. 100 бастап 250 дейін		бр. 250 бастап 400 дейін		100-ге дейін		бр. 100 бастап 250 дейін		бр. 250 бастап 400 дейін		100-ге дейін		бр. 100 бастап 250 дейін		бр. 250 бастап 400 дейін		100-ге дейін		бр. 100 бастап 250 дейін		бр. 250 бастап 400 дейін	
Бр. 6 бастап 30 дейін	0,3	0,3	—	0,3	—	—	0,2	0,2	—	0,2	—	—	0,1	0,1	—	0,1	—	—						
Бр. 30 бастап 50 дейін	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2						
Бр. 50	0,5	0,5	—	0,5	—	—	0,3	0,3	—	0,3	—	—	0,2	0,2	—	0,2	—	—						

## Әдебиет тізімі

1. Колесов И. М. Машинажасау технологиясы негіздері: оқулық / И.М. Колесов. — М. : Машинажасау, 1997. — 592 б.
2. Новиков В. Ю. Білдек жасау технологиясы : оқу құралы / В. Ю. Новиков, А.Г. Схиртладзе. — М. : Машинажасау, 1990. — 256 б.
3. Білдектерді және өнәркәсіптік жұмыстарды бағдарламалық басқару / [В.Л.Косовский, А. Н. Козырев, В.А. Ковшов және басқалар]. — М. : Жоғары мектеп, 1986. — 287 б.
4. Жобалық технологиялар: оқулық / [И. М. Баранчукова, А. А. Гусев, Ю.Б. Крамаренко және басқалар] ; Ю.М. Соломенцевтің жалпы ред. — М. : Машинажасау, 1990. — 416 б.
5. Технолог-машина жасаушының анықтамалығы / А. Г. Косилованың жалпы ред, Р. К.Мещерякова. — М. : Машинажасау, 1985. — Т. 1. — 656 б.
6. Технолог-машина жасаушының анықтамалығы / А. Г. ред — 496 б.
7. Шишмарёв В. Ю. Машина жасау өндірісі : оқулық / В. Ю. Шишмарёв, Т.И.Каспина. — 2-ші бас., стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2006. — 352 б.

Алғы сөз .....	4
<b>1-бөлім. Машиналардың негізгі беттерін өңдеу әдістері.....</b>	<b>6</b>
1.1. Айналу денелерінің сыртқы беттерін өңдеу (біліктердің).....	6
1.2. Айналу денелерінің ішкі бетін өңдеу (саңылаулар) .....	42
1.3. Бұрандалы беттің пайда болуы.....	63
1.4. Тегіс беттерді өңдеу.....	77
1.5. Күрделі беттерді өңдеу.....	89
1.6. Тісті беттерді өңдеу .....	95
1.7. Оймакілтекті беттерді өңдеу .....	124
1.8. Өңдеудің ерекші әдстері.....	131
1.9. Машиналардың бөлшектерін теңдестіру.....	148
<b>2-бөлім. Машиналардың үлгілік бөлшектерін дайындаудың технологиялық процестері .....</b>	<b>152</b>
2.1. Корпустық бөлшектерді дайындау.....	152
2.2. Біліктерді дайындау.....	167
2.3. Тісті доңғалақты дайындау .....	198
<b>3-бөлім. Машиналарды құрастыру технологиясы .....</b>	<b>217</b>
3.1. Машиналардың сапасы туралы жалпы мәлімет .....	217
3.2. Жинақтау процесінің жалпы түсініктері .....	221
3.3. Біріктіру түрлері және жинақтау дәлдігі .....	224
3.4. Жиналмалы өлшемдік тізбектер.....	233
3.5. Машинаны құрастырудың технологиялық процесін әзірлеу .....	239
3.6. Машинаның үлгілік құрамалары мен құрастыру бөлшектерін жинақтау ерекшеліктері.....	250
3.7. Жинақтау дәлдігін технологиялық бақылау .....	296
3.8. Өнімнің автоматтық жинақталуы туралы жалпы мәліметтер .....	317
<b>4-бөлім. Технологиялық процестерді автоматтандырылған жобалау .....</b>	<b>327</b>
4.1. Автоматтандырылған технолоиялық жобалаудың негізгі ережелері мен ұйымдастырылуы.....	327
4.2. Технологиялық процестерді автоматтандырылған жобалау жүйелерінің құрамы мен мақсаты .....	330

<b>5-бөлім. Әр-түрлі топтағы СББ білдектерінде бөлшектер беттерін өңдеуді бағдарламалау .....</b>	<b>340</b>
5.1. Әр-түрлі топтағы СББ білдектерінде бөлшектер беттерін өңдеу кезіндегі жұмыстардың жалпы реттілігі .....	340
5.2. Саңылауларды өңдеу процестері.....	346
5.3. Токарлық операциялар .....	356
5.4. Фрезерлік операциялар.....	384
5.5. Көпмақсатты білдектерде бөлшектерді өңдеу процестерінің ерекшеліктері.....	395
<b>6-бөлім.СББ білдектерінде жұмысты ұйымдастыру .....</b>	<b>401</b>
6.1. СББ білдектерін игеру және өнеркісіптік пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру .....	401
6.2. СББ білдектерінде орындалатын операцияларға технологиялық құжаттаманы дайындау .....	403
<b>7-бөлім. Кәсіпорын цехтарында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау ....</b>	<b>409</b>
7.1. Кәсіпорында еңбекті қорғау қызметін ұйымдастыру..	409
7.2. Металл кесетін білдектерде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.....	411
7.3. Механикалық және жинақтау цехтарындағы электр қауіпсіздігі .....	415
7.4. Пневматикалық аспаптармен теңгерілген білдектерде жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік шаралары .....	417
7.5. Өрт қауіпсіздігі шаралары .....	418
7.6. Қоршаған ортаны қорғау.....	420
<b>Қосымшалар .....</b>	<b>422</b>
1-қосымша. Сыртқы дөңгелек тегістеуге операциялық әдіптер және шектер .....	422
2-қосымша. Жіңішке қашау тәртібі .....	423
3-қосымша. Бұрғылаумен алынатын саңылаулар дәлдігі... ..	423
4-қосымша. Қашауға арналған операциялық әдіптер және шектер .....	424
5-қосымша. Ішкі тегістеуге операциялық әдіптер мен шектер .....	424
6-қосымша. Үңгілеуге арналған әдіптер мен шектер.....	425
7-қосымша. Күшейтуге арналған операциялық әдіптер мен шектер.....	425
8-қосымша. Жіңішке қашауға ұсынылған әдіптер .....	425
9-қосымша. Кеңістіктерді фрезерлеуге арналған операциялық әдіптер .....	426
10-қосымша. Кеңістіктерді тегістеуге ұсынылған әдіптер .....	427
Әдебиет тізімі.....	428

*Оқу басылымы*

Владимир Юрьевич Новиков,  
Александр Иосифович Ильянков

**Машина жасау технологиясы**

2-бөлім

Оқулық

4-і басылым, стереотиптік

Редакторлары *И.Акимбаева, С. И. Зубкова, О. В. Попова*

Техникалық редактор *О.Н.Крайнова*

Компьютерлік беттеу: *С. Ф. Федорова*

Корректор *С. Ю. Свиридова*

Бас. № 104114245. Басып шығарылды 02.09.2014. Пішімі 60 x 90/16.

«Балтика» гарнитурасы. Офсеттік қағаз. Офсеттік басу.  
шарт.бас .п. 27,0. Тираж 1 000 дана. Тапсырыс №

«Издательский центр «Академия» АҚБ. [www.academia-moscow.ru](http://www.academia-moscow.ru) 129085, Москва, Бейбітшілік даңғылы, 101в, 1 кұр.

Тел./факс: (495) 648-0507, 616-0029.

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды № РОСС RU. АЕ51.

Н 16592 от 29.04.2014. Баспаның электрондық тасымалдауышынан басылды.

«Тверской полиграфический комбинат» ААҚ, 170024, Тверь қ., Ленин д-лы, 5.

Телефон: (4822) 44-52-03, 44-50-34. Телефон/факс: (4822) 44-42-15.

Home page — [www.tverpk.ru](http://www.tverpk.ru) Электрондық пошта (E-mail) — [sales@tverpk.ru](mailto:sales@tverpk.ru)